

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

# ҚАЗАҚ КӨШІ- ҚАЗАҚТЫҢ ҚАУЫМДАСУЫ

*Қазақстан Республикасы  
Президенті Мұрағатының қорынан  
құжаттар жинағы*

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының  
20 жылдығына арналған*

*Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы  
Алматы - 2012*

УДК 325  
ББК 66.3 (5 Қаз)  
Қ 17

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің қолдауы бойынша шығарылды*

**Жауапты редактор:**  
**Ответственный редактор:**  
Т.А. Мамашев

**Рецензент:** т.ғ.д. (д.и.н.) М.Қ. Әбусейітова (М.Х. Абусейітова)

Қ 17 **Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы:** Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының қорынан құжаттар жинағы (Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдығына арналған) = **Репатриация казахов – консолидация народа.** Сборник докум. Архива Президента Республики Казахстан к 20-летию Всемирной Ассоциации казахов / Құраст. К.Н. Балтабаева. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы “Атажұрт” баспа орталығы, 2012. – 352 б. қазақша, орысша

ISBN 978-601-7023-48-5

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғаны және қызметі туралы, қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының мәселелері, этникалық көші-қон, оралмандардың қазақстандық қоғамда бейімделуі мен ықпалдасуы туралы 1991–2012 жылдардағы құжаттары негізінде жарияланады.

Қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыстың өркендеуі, шетелдердегі этникалық қазақтардың тарихи отанына көшуі және халықтың бірігуі жолындағы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атқарған рөлі Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты қорындағы құжаттар көмегімен ашып көрсетілді.

О создании и деятельности Всемирной Ассоциации казахов, проблемах социально-экономического и культурного развития казахской диаспоры, этнической репатриации, адаптации и интеграции оралманов в казахстанское общество на основе документов 1991–2012 годов.

С помощью документов Архива Президента Республики Казахстан показана выдающаяся роль Президента Казахстана Нурсултана Абишевича Назарбаева в развитии всесторонних связей с казахской диаспорой, репатриации этнических казахов зарубежных стран на историческую родину и консолидации народа.

ISBN 978-601-7023-48-5

УДК 325  
ББК 66.3 (5 Қаз)

© Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы  
“Атажұрт” баспа орталығы, 2012

## ОҚЫРМАНҒА

Қазақстанда Тәуелсіздік таңы ағысымен-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайы өткізілді. 1992 жылдың 28 қыркүйегінде Алматыда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Бұдан кейін де Елбасының тікелей атсалысуымен, әлемнің 35 елінен қандастарымыз қатынасқан үш Құрылтай – Түркістанда (2002 ж.) және Астанада (2005, 2011 жж.) болып өтті. Төрт құрылтайда да Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы болып Елбасымыз, Ұлт Көшбасшысы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

Үстіміздегі 2012 жылы Қауымдастықтың құрылғанына 20 жыл толып отыр. Бұл ұйымның негізгі мақсаты – шетел қазақтарымен рухани-мәдени жақындастық, білім беру және іскерлік салаларында берік байланыс орнату. Қауымдастықтың ықпал етуімен Қытайдан, Сауд Арабиясынан, Ираннан, Түркиядан және басқа да елдерден қазақтар Қазақстанға көптеп көшіп келді. Сондықтан, мереке құрметіне арнап шығарылған осынау жинақты құрастырушылардың мына бір жайтты мықтап ескеруі заңды тәрізді. Қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыстың өркендеуіне, шетелдердегі этникалық қазақтардың тарихи отанына көшуі және халықтың бірігуі жолындағы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айтулы рөлін Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты қорындағы құжаттар көмегімен ашып көрсетуге тырыстық.

Тәуелсіздік жылдарындағы көші-қон қорытындылары оралмандардың жаңа жағдайға бейімделуі мен бірігуінің мемлекеттік және жергілікті органдар үшін теориялық қана емес, практикалық та мәні бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ, шетелдердегі қандастарымызбен және қазақ диаспорасы өкілдерімен Қазақстанның мәдени-ағартушылық, экономикалық ынтымақтастығының тиімді жолдарын белгілеу, жинақталған іс-тәжірибелерді ой-елегінен өткізу мемлекет басшысы ұдайы көңіл бөліп отырған маңызды міндет болып табылады.

Отандық ғылым тарихында тұңғыш рет Қазақ диаспорасы мен этникалық көші-қон жағдайы туралы 1991–2012 жылдар аралығындағы деректер жинағы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында даярланды. Кітаптың жарық көруі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты, Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер мен Білім және ғылым министрліктерінің қолдауы арқасында іске асты.

Жарияланған деректер көп қырлы, әрі күрделі тақырыпты түгел қамтиды дей алмаймыз, сондықтан, мұрағатшылар мен ғалымдар ғылыми зерттеуге қайнар көз боп табылатын осынау құжаттардың маңыздылығын ескере отырып, алдағы кезде іздену жұмыстарын жалғастырып, тұтас деректемелік жинақтар топтамасын ұсынады, қазақ диаспорасы бар елдерде де зерттеу жүргізуді тереңдете түседі деген сенімдеміз.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетіне алғыс білдіреді.

*Талғат МАМАШЕВ,  
Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы  
Төрағасының бірінші орынбасары*

## К ЧИТАТЕЛЮ

Еще на заре Независимости Казахстана, по инициативе Президента Республики Казахстан состоялся I Всемирный Курултай казахов, на котором 29 сентября 1992 года в Алматы была создана Всемирная Ассоциация казахов. С участием Главы государства проведены еще три Курултая в Туркестане (2002) и Астане (2005, 2011) с представительством соотечественников от 35 стран мира. Единогласно Председателем Всемирной Ассоциации казахов на четырех курултаях избран Лидер Нации – Нурсултан Абишевич Назарбаев.

В 2012 году исполняется 20 лет деятельности Ассоциации. Ее основная цель – наладить прочные связи с зарубежными казахами в духовно-культурной сфере, образовании и бизнесе. При содействии Ассоциации состоялся переезд казахов из Китая, Саудовской Аравии, Ирана, Турции и других стран в Казахстан. Поэтому закономерно: в юбилейном сборнике мы стремились с помощью архивных документов показать выдающуюся роль Президента Казахстана в установлении и развитии всесторонних связей с казахской диаспорой, репатриации этнических казахов зарубежных стран на историческую родину и консолидации народа.

Итоги репатриационного процесса за годы Независимости Казахстана, адаптация и интеграция оралманов представляют не только теоретический, но и практический интерес для государственных и местных органов. К тому же, осмысление накопленного опыта и выработка эффективных подходов в культурно-образовательном и экономическом взаимодействии Казахстана с казахской диаспорой и соотечественниками за рубежом остается важнейшей задачей, на которую постоянно обращает внимание Глава государства.

Сборник документов за 1991-2012 годы по казахской диаспоре и этнической репатриации впервые в истории отечественной науки подготовлен Всемирной Ассоциацией казахов при поддержке Администрации Президента Республики Казахстан, Архива Президента Республики Казахстан, Министерства иностранных дел Республики Казахстан, Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Публикуемые документы не исчерпывают столь сложную и многогранную тему и мы уверены, что архивисты и ученые, понимая важность источниковой базы для научного исследования, продолжат поисковую работу и в будущем представят целую серию документальных сборников, в том числе, в разрезе стран проживания казахской диаспоры.

Всемирная Ассоциация казахов выражает также благодарность Комитету по языкам Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

*Талгат МАМАШЕВ,  
Первый заместитель Председателя  
Всемирной Ассоциации казахов*

## АЛҒЫ СӨЗ

Қоғамды тануда тарихи құжаттар мен сенімді деректер ерекше орынға ие. Оқырманға ұсынылып отырған жинақ Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты құжаттарының негізінде дайындалды. Талапты зерттеуші әрі қарай керекті бағытта жұмысын жалғастыруы үшін, көлемі үлкен құжаттар Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Актілері жинағынан алынды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатындағы құжаттардың атауы оның мазмұнын толық түрде ашатындықтан, тақырыпты құжаттарды іздеуді жеңілдетеді. Мұрағат жетекшілері мен қызметкерлері, әсіресе, құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру басқармасының бастығы Бөлеген Әбікейұлы Қасенов пен осы басқарманың қызметкері Әйгерім Нағашыбайқызы Бактыбаева өздерінің баға жетпес көмектері мен кеңестерін берді.

1991 жылы жабылған «Қазақ КСР Президенті» 7 қоры және 1992 жылы ашылған жаңа 5–Н «Қазақстан Республикасы Президенті» қорының құжаттары ғылыми тұрғыдан қызығушылық туғызады.

Бұл жерде Қазақстан Республикасы Президентінің қаулылары мен жарғыларының түпнұсқалары қазақ және орыс тілдерінде, Үкіметтің көші-қон саясатының барлық бағыттарын қамтитын қаулылары, шетел қазақтарының Қазақстан Республикасы азаматтығын алу туралы үндеуі, шет елдерде басқа ұлттық ортада қазақтың мәдениеті мен ана тілінің сақталуының орындалу барысы баяндалады. Қабылданған құжаттардың орындалу жөніндегі ай сайынғы және тоқсан сайынғы есеп беру салдарынан, мұрағаттық деректер өте мол жинақталған, сондықтан оларды іріктеу жұмысы жүргізілді.

1998 жылы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің рұқсаты негізінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатының деректерді сұрыптау тізіміне енген болатын. Жобада 75–Н-қорында шоғырланған «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен қабылданған істер пайдаланылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатында 210 қорда «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құжаттары шоғырланған. Қауымдастықтың елге оралудың алғашқы кезеңінде оралмандарға жеке куәліктерін беру үшін шетелдік қазақтардың қазақ екендіктерін растағанын, көшіп келушілерге Қазақстан азаматтығы мен тұрғылықты бір жерде тұруға өтініш еткенін ескеру қажет. Сондықтан да, Қауымдастықтың Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен, шетел қазақтары өздерінің тарихи отанына оралуына байланысты, Қазақстанның азаматтығын алуға өтініш білдірулері ғылыми және практикалық жағынан өзекті болып табылады. Сонымен қатар, Қауымдастықтың ресми құжаттары алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Жинақтың хронологиялық шегі мен мұрағат құжаттарының мерзімдік қалыптасуын ескере отырып, 2005-2012 жылдардағы құжаттардың бір бөлігі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тікелей араласуымен, Астанадан алынды. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында жарық көрген шежірелерден, «Туған тіл» альманағы

мен «Алтын бесік» журналында жарияланған біздің қызметкерлердің мақалаларынан және Қауымдастықтың ағымдағы мұрағатының деректері, Қаз. Ақпараттың кейінгі жылдардағы мәліметтері пайдаланылды.

Жинаққа 1991 жылдың наурызынан 2012 жылдың қазаны аралығында қазақ және орыс тілдерінде 213 құжат, олардың ішінде мемлекеттік тілде – 117 құжат, Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы, Өкімі, Жолдауы, баяндамалары – 29, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары және Премьер-Министрдің Өкімі – 42 құжат.

ҚР Президентіне, Президенті Әкімшілігінің жетекшісіне, ҚР Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясына Премьер-Министрдің, мемлекеттік органдарының жетекшілерінің хаттары, баяндамалары және есебі – 42 құжат. Құжаттарда Мемлекет басшысының көші-қон саясаты мәселелері жөніндегі тапсырмалары, қоныс аударушылардың бейімделуі мен орналасуы жағдайы туралы көрсетілген.

Шетелдегі қазақ мәдени орталықтарының құрылтайларының қарарлары, хаттары, үндеулері 11 құжат, 25 кесте көші-қон квотасы және оның орындалуы, қоныстандыру шараларын қаржыландыру туралы, сонымен қатар, Қазақстан Республикасына Моңғолиядан жүктер мен адамдар тасымалданған жолдар сұлбасы енгізілді.

Мұрағат құжаттарын жариялаудың қабылданған ережелеріне сәйкес, көшірме орфографиялық және стилистикалық дәлсіздіктерін жөндегеннен кейін, түпнұсқа калпына келтірілді.

Құжаттар нөмірленіп, хронологиялық тәртіппен орналастырылып, кейбірі түсініктермен қамтылды. Құжаттың төл аты тырнақшаға алынған. Алайда, барлық құжаттарға атау берілмегендіктен, олардың мазмұнына сәйкес, қосымша қысқаша атаулар берілді. Мәтіннің тақырыпқа қатысы жоқ бөлігі енгізілмеді. Бұл жағдайда құжаттың тақырыбы «дан», «нан» деген жұрнақтардан басталады, ал мәтіннің қалып кеткен бөлігін көп нүкте қойылып квадрат жақшаға алынды.

Қысқартылған квадрат жақшаның ішіндегі сөздердің жетіспей тұрған бөлігі жазылды. Анықтауды қажет ететін жағдайлардың барлығы жұлдызшамен белгіленіп, құжаттың соңында түсіндірілген. Мәтіннің ерекше көрсетілген жері түпнұсқадан алынды.

Жинақтың ғылыми-анықтамалық негізі алғы сөзден, құжаттарға түсініктемеден, мұрағат қорларының тізімінен және қысқартылған сөздерден, жеке мәліметтерге сүйенген атаулар көрсеткішінен, географиялық көрсеткіштер мен құжаттар тізімінен тұрады. Сонымен қатар, қосымшада Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы баспасының тізімі, олардың ішінде тарихшылар, философтар мен әлеуметтанушылар, тілшілер мен әдебиетшілердің үлкен ғылыми қызығушылығын тудырып отырған шетел қазақтарының кітаптары бар.

Құжаттарда көрсетілген көптеген өмірбаяндық мәліметтер, олардың сол кездегі атқарған қызмет жылдары ғана алынды, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Орталық Ғылыми кітапханасының қорынан (директоры – Қарлығаш Ескендірқызы Қаймақбаева), Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, мемлекеттік органдардың сайтынан анықталды.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ағымдағы мұрағатының құжаттарын жобаға енгізуде Бөтагөз Уатқанның көмегі зор болды. Ал, техникалық жұмыстарға философия ғылымдарының кандидаты Күлсия Коңырбаева, Гүлсім Омарова,

Серік Рәсілов, Мадина Ертай, Ерлан Бертай, Айгүл Омаровалар қатысты. Біздің Қауымдастықта шығатын «Алтын бесік» журналынан және «Туған тіл» альманағының материалдарын Жанар Жанәпиянова мен Салтанат Балғабаевалар ұсынды.

Құрастырушы жинақпен жұмыс істеу кезінде, бір кітап көлемінде мемлекеттік органдардың ресми құжаттарын, олар екі тілде қабылданғандықтан да болар, толық қамту мүмкін еместігіне көз жеткізді. Болашақта тақырыпты жеке мемлекеттік органдарының жұмыстары мен Қазақстанның шетелдік ұйымдарының, аймақтық тәжірибелер, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмыстары тоғысында ашуға болады.

Шетелдік қазақтардың өмірі жайлы сындарлы жарияланымдар мен оралмандардың бейімделуінің тәжірибелері оларды қабылдап отырған қоғамның рухани-адамгершіліктік жағынан жаңаруына оңды әсер етіп, диаспоралар мен отандастар арасындағы мәдениаралық байланыстардың нығайғандығына сенімдіміз. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұжымы оқырмандарға олардың ұсыныстары мен ескертулерін, келесі ғылыми және іздену жұмыстарымызды жазуда қанаттандырады деген үмітпен алғысымызды білдіреміз.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен жеткен жетістіктерімізді бағалай отырып, халқымыздың бірігуі мен болашағы жолында тек қана алға ұмтыламыз.

*Күлгазира БАЛТАБАЕВА,  
тарих ғылымдарының кандидаты*

## ПРЕДИСЛОВИЕ

В познании общества, важное место занимают исторические документы и достоверность источников. Предлагаемый читателю сборник подготовлен на основе документов Архива Президента Республики Казахстан. Некоторые документы большого объема извлечены из Собрании Актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан, чтобы пытливый исследователь продолжил поиски в нужном направлении.

В Архиве Президента Республики Казахстан заголовки дел достаточно полно раскрывают их содержание, что существенно облегчает поиск тематических документов. К тому же неоценимую помощь и консультации дали руководители и сотрудники Архива, в их числе начальник управления организации использования документов Болеген Абикеевич Касенов и сотрудник этого же управления Айгерим Нагашибаевна Бактибаева.

Научный интерес представляют документы фонда 7 «Президент Казахской ССР», который был завершен в 1991 году и с 1992 года открыт новый фонд 5–Н «Президент Республики Казахстан».

Здесь представлены оригиналы постановлений и указов Президента Республики Казахстан на казахском и русском языках, постановления Правительства по всем спектрам миграционной политики, обращения зарубежных казахов по вопросам получения гражданства РК, сохранения казахской культуры и родного языка в инонациональной среде. Ежемесячная и квартальная отчетность по исполнению принятых документов, привела к формированию огромного массива архивных источников, что потребовало селективного подхода в его обработке.

На основании разрешения Администрации Президента Республики Казахстан от 2 апреля 1998 года Министерство иностранных дел Республики Казахстан было включено в список источников комплектования Архива Президента Республики Казахстан. В проекте использованы принятые от МИД РК дела, сосредоточенные в фонде 75–Н «Министерство иностранных дел Республики Казахстан».

Документы Всемирной Ассоциации казахов в Архиве Президента РК сосредоточены в фонде 210 «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы». Необходимо иметь в виду, что Ассоциация в начальный период репатриации зарубежных казахов подтверждала казахское происхождение, для выдачи удостоверения оралмана, вносила ходатайство для получения переселенцами вида на жительство и гражданства Казахстана. Поэтому переписка Ассоциации с государственными органами РК, ходатайства и обращения зарубежных казахов по поводу возвращения на историческую родину и получения гражданства Казахстана, представляют научный и практический интерес. К тому же, официальные документы Ассоциации впервые вводятся в научный оборот.

Учитывая хронологические рамки сборника и поэтапное формирование архивных фондов, часть документов за 2005–2012 годы получена в Астане при непосредственной поддержке Администрации Президента Республики Казахстан и Министерства иностранных дел Республики Казахстан. Кроме того, в изданных летописях (шежи-ре) Всемирной Ассоциации казахов, текущем архиве нашей организации, публикациях альманаха «Туған тіл», журнала «Алтын бесік» и КазИнформа также отражены сведения, представленные Ассоциацией, за последние годы.



В сборник внесено 213 документов, за период с марта 1991 г. по октябрь 2012 г. на казахском и русском языках, в том числе, на государственном языке – 117. Среди них постановления, указы, выступления и приветствия Президента РК – 29 документов, постановления Правительства РК и распоряжения Премьер-Министра РК – 33, письма, доклады и отчеты Премьер-Министра РК, руководителей государственных органов Н.А. Назарбаеву, Руководителю Администрации Президента РК, Главной контрольной инспекции при Президенте РК о ходе выполнения поручений Главы государства по проблемам миграционной политики, о состоянии обустройства и адаптации переселенцев – 42 документа. В сборник включены 11 писем, обращений, резолюций курултаев казахских культурных центров зарубежных стран, 25 таблиц по квоте иммиграции и ее исполнению, финансированию переселенческих мероприятий, а также Схема провоза грузов и пассажиров из Монголии в Республику Казахстан.

В соответствии с принятыми правилами издания архивных документов, переписка приведена в оригинальной редакции, с небольшой правкой орфографических и стилистических неточностей.

Документы пронумерованы, расположены в хронологическом порядке, некоторые снабжены комментариями. Собственные заголовки документов обозначены кавычками. Однако, не все документы озаглавлены, поэтому им даны дополнительные краткие заголовки, исходя из содержания. Опускались части текста, не имеющие отношения к теме. В таких случаях, заголовки документов начинаются с предлога «Из», а пропуск текста обозначается многоточием, заключенным в квадратные скобки.

При расшифровке кратко написанных слов в квадратных скобках дописаны недостающие части слов. Все моменты, требующие уточнения, отражены звездочками и пояснены в конце документа. Выделенные фрагменты текста даны по оригиналу.

Научно-справочный аппарат сборника состоит из предисловия, комментариев к документам, списков использованных архивных фондов и публикаций, сокращенных слов, именного указателя с пояснением личных данных, географического указателя и перечня документов. Кроме того, в приложении дан список изданий Всемирной Ассоциации казахов, в том числе, книг зарубежных казахов, которые представляют большой интерес для научной работы историков, философов, социологов, лингвистов, литературоведов.

Краткие биографические сведения по большинству лиц, упоминаемых в документах, восстановлены по занимаемым ими на данный отрезок времени должностям, а также уточнялись на основе изданных энциклопедий, в фондах Центральной научной библиотеки Комитета науки Министерства образования и науки РК (директор – Карлыгаш Ескендиrowна Каймакбаева), публикаций Всемирной Ассоциации казахов, а также материалов сайтов государственных органов.

В выявлении документов из текущего архива Всемирной Ассоциации казахов помощь оказала Ботагоз Уаткан, в технической работе принимали участие кандидат философских наук Кульсия Конырбаева, Гульсим Омарова, Серик Расилов, Мадина Ертай, Ерлан Бертай, Айгуль Омарова. Материалы нашей Ассоциации из альманаха «Туған тіл» и журнала «Алтын бесік» предоставили Жанар Жанапьянова и Салтанат Балгабаева.

Составитель, работая над сборником, убедилась, что не сможет в одной книге полностью охватить даже официальные документы государственных органов, тем

более, что они, как правило, принимались на двух языках. В будущем, тему можно осветить и в разрезе деятельности отдельных государственных органов, зарубежных учреждений Казахстана, регионального опыта, сотрудничества государственных и общественных организаций и т.п.

Мы уверены, что конструктивные публикации о жизни зарубежных казахов и опыте адаптации оралманов позитивно влияют на духовно-нравственное обновление самого принимающего общества, укрепление межкультурных связей с диаспорой и соотечественниками. Мы будем благодарны читателям за предложения и замечания, которые вдохновят коллектив Всемирной Ассоциации казахов для последующей поисковой и научной работы.

Признавая достижения страны во главе с Президентом Казахстана Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым за годы Независимости, мы нацелены двигаться только вперед во имя консолидации народа и его будущего.

*Кулгазира БАЛТАБАЕВА,  
кандидат исторических наук*

ein zur Unterstützung  
d Förderung der sozialen  
Kulturellen Solidarität  
akischen Türken  
ach: 10 19 48, 5000 Köln I / Deutschland • Tel: 0221/ 70

Многоуважаемый Нурсултан Абишевич!

Мы, представители казахского народа, находясь вдали от исторической Родины, волею судьбы став невестами и зятями народа Саха живем в Республике Саха (Якутия). Но мы не ощущаем оторванности от своего народа, так как политика Президента Республики Саха (Якутия) Николаева М.Е. построена на консолидацию и единение всех народов.

Мы не забыли свой язык, обычаи, обряды, традиции и стремимся воскресить казахскую школу, перенести ее в Якутию. Мы благодарим Омархановича Ауэзова за то, что он не забыл о нас, казахской диаспоре.

LERI



ТҮРКИЯ КАЗАҚТАРЫ  
Әлеуметтік Қолдау Мәдениет Қоғамы

1998 жылғы "28" сәуір

Mongolia, index 211049  
Ulaanbaator  
P.O. Box 49-427

Мәдірі  
Президенті Н. Ә. Назарбаевтің астананың Ақмола облысының Ақтөбе қаласындағы Қазіретінің қолымен берілгеніне байланысты.

КЫРГЫЗСКАЯ РЕСПУБЛИКА  
Общество культуры  
«ОТАН»

Администрация  
№: 104/110  
Республика  
№: 1352  
№: 02  
№: 04  
№: 1

ПРЕЗИДЕНТУ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАЗАРБАЕВУ Н.А.

Уважаемый Нурсултан Абишевич!  
Вашей признательности восприняли мы, казахи, проживающие в Республике Саха (Якутия). Этот документ свидетельствует о нашей благодарности за рубежом. Он также оставляет нам право обратиться к вам за помощью.

более сорока тысяч казахов. Мы благодарим вас за то, что вы не забыли о нас, казахской диаспоре. Мы благодарим вас за то, что вы не забыли о нас, казахской диаспоре.

ШЕТ ЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАРМЕН МӘДЕНИ  
БАЙЛАНЫС ЖАСАЙТЫН ҚОҒАМ

КАЗАҚСТАН

ОБЩЕСТВО КУЛЬТУРНЫХ СВЯЗЕЙ С  
КАЗАХАМИ ЗА РУБЕЖОМ

инд. 480100  
Алма-Ата, Пролетарская ул. 104/110  
Р/с 000126436  
жилсойбан

шығ. №149  
4.6.1992ж.

ҚАЗАҚСТАН  
Республикасының  
«Алаш» қоғамдық бірлестігі



АЛАШ

Қырғыз Республикасындағы  
«Алаш» қоғамдық бірлестігі

Р/сч 15820012840327  
1660 230607237  
БНН АКБ "Нөсе - Күн"

Чрезвычайному и полномочному  
Послу Республики Казахстан  
в Кыргызской Республике  
госп. Узбекиону Умуррак Узбековичу

Уважаемый Умуррак Узбекович!  
Общественное объединение казахов Кыргызской Республики «Алаш» выражает признательность за неустанную поддержку и всемерное содействие в совместном проведении мероприятий проводимых в Кыргызстане. Пример тому, организация концерта народной артистки Казахстана Розы Рымбаевой в честь Дня Республики Казахстан, которое показывается, как воплощается в жизнь те мысли, которые мы вынашиваем. Мы благодарим вас за то, что вы не забыли о нас, казахской диаспоре. Мы благодарим вас за то, что вы не забыли о нас, казахской диаспоре.

КЕЛІН КАЗАК  
МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ Е.В.  
Alshovs Ring 14, B-50766 Köln  
Tel: 0221 / 70 26 29  
Fax: 0221 / 70 26 29  
Internet: kazak@de

КЕЛІН КАЗАК МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ Е.В.  
KASACHISCHES KULTURZENTRUM KÖLN e.V.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КАЗАҚТАР  
ТОРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ  
ҚАЙМАҚБАҒЫ

Аса қайыр! Қалдарбек Найманбайұлының аяқ-қолымен берілгеніне байланысты. Бұл құжаттың мақсаты - қазақтардың өзара байланысын нығайту және олардың мәдениетін сақтау. Бұл құжаттың мақсаты - қазақтардың өзара байланысын нығайту және олардың мәдениетін сақтау.

54 №1  
1113

58

12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МІНІСТЕРЛІК КАБІНЕТИ  
1992ж. 08.06.  
№ 5

59

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МІНІСТЕРЛІК КАБІНЕТИ  
№ 40  
№ 4  
№ 88

КӨШІРМЕ

№ 10

# ҚҰЖАТТАР ДОКУМЕНТЫ

61

болуға  
елуге  
ек. Соны-  
ініп,  
жол ашу  
уақыт қазақтармен  
әрекеті де жатады.  
қызметін тоқта-  
рамастан Қытайдың  
іктену сыңайын бай-  
ндағы қазақтар ара-

№ 1

**Письмо Исполнительного Комитета Семипалатинского областного Совета народных депутатов в Кабинет Министров Казахской ССР о приглашении на постоянное место жительства граждан казахской национальности из Монголии**

*г. Семипалатинск*

*25 марта 1991 г.*

В связи с необеспеченностью трудовыми ресурсами животноводческих районов области и слабым притоком кадров в животноводство, многие хозяйства Абайского, Маканчинского, Таскескенского, Чубартауского районов испытывают дополнительную потребность в чабанах, скотниках, табунщиках, механизаторах.

Исполком областного Совета народных депутатов просит рассмотреть возможность приглашения на постоянное место жительства в указанные районы Семипалатинской области граждан Монгольской Народной Республики из числа населения казахской национальности, изъявивших желание выехать за пределы МНР.

Возможности обеспечения жильем и создания бытовых условий для семей имеются. В настоящее время область может принять 300 семей.

**Первый заместитель председателя  
исполкома Семипалатинского областного  
Совета народных депутатов<sup>1</sup>  
А. ЛОМТЕВ**

*Ф. 7. Оп. 1. Д. 911. Л. 2.*

№ 2

**Из письма Государственного Комитета Казахской ССР по труду и социальным вопросам в Кабинет Министров Казахской ССР об удовлетворении просьбы Семипалатинского облисполкома по переселению казахских семей из Монголии**

*г. Алма-Ата*

*22 апреля 1991 г.*

Министерством труда Казахской ССР совместно с Семипалатинским облисполкомом проработан вопрос о возможности приглашения на постоянное место жительства лиц казахской национальности из МНР в хозяйства Абайского, Маканчинского, Таскескенского и Чубартауского районов области.

В настоящее время, по данным оперативного учета в колхозах и совхозах области, недостаток в животноводческих кадрах составляет только в чабанах и скотниках свыше 1500 человек, в том числе в Абайском районе – 615, Маканчинском – 224, Таскескенском – 97, Чубартауском – 121 человек. В то же время, в сельской местности

отмечается тенденция постоянного оттока населения в среднем ежегодно до 4,5 тыс. человек, в том числе около одной тысячи из указанных сельских районов.

Учитывая сложившееся положение с обеспеченностью хозяйств рабочей силой, министерство труда республики в соответствии с распоряжением Премьер-Министра Кабинета Министров Казахской ССР от 27 марта 1991 г. № 47-р (п. II) вносит предложение удовлетворить просьбу Семипалатинского облисполкома по переселению 300 семей казахской национальности из МНР для работы и постоянного проживания в хозяйствах Абайского, Маканчинского, Таскескенского и Чубартауского районов Семипалатинской области. [...]

**Заместитель председателя  
Госкомитета  
Ю. РОМАНОВ**

*Ф. 7. Оп. 1. Д. 911. Л. 4.*

**№ 3**

**Из письма Министерства труда Казахской ССР  
Премьер-Министру Казахской ССР Караманову У.К.  
«О приеме и трудоустройстве монгольских граждан»**

*[г. Алма-Ата]*

*[30 июля 1991 г.]\**

По состоянию на 10 июля 1991 года прибыло 893 семьи. Из них 572 семьи – в Талды-Курганскую область, 221 – в Абралинский район Семипалатинской области, 47 – в Ленинский район Кустанайской области и 53 семьи в хозяйства Нарынкольского и Кегенского районов Алма-Атинской области.

Все трудоспособные члены семей, в основном, трудоустроены. Так, в Талды-Курганской области из 1247 трудоспособных членов семей трудоустроены 783 человека, в Кустанайской области трудоустроены 105 человек из 115 трудоспособных, в Семипалатинской трудоустроены 398 из 443 трудоспособных членов семей.

Большинство семей обеспечены жильем. Так, в Талды-Курганской области получили жилье 254 семьи, в Кустанайской – 34. Многие семьи переселенцев обеспечиваются скотом, им выделяют отдельные участки для строительства дома.

Вместе с тем, в Абралинском районе Семипалатинской области, жилье выделено только 17 семьям из 221 прибывших. В Талды-Курганской области 234 семьи проживают в юртах. [...]

**С. БЕЙСЕНОВ**

*Ф. 7. Оп. 1. Д. 911. Л. 21.*

\* дата регистрации в Аппарате Президента КазССР

**Из письма Министерства труда Казахской ССР  
Премьер-Министру Казахской ССР Караманову У.К.  
об организации провоза казахов из Монголии**

г. Алма-Ата

11 сентября 1991 г.

Уважаемый Узакбай Караманович!

В соответствии с Вашим поручением [...] создана рабочая группа в составе представителей министерств труда, сельского хозяйства и продовольствия, иностранных дел Казахской ССР, концерна «Казавтотранс», КУГА во главе с первым заместителем Министра труда Романовым Ю.А.

С выездом на место рабочей группой проделана следующая работа.

1. Открыт погранпереход для временного пропуска людей на Монголо-Советской границе через контрольно-пропускной пункт Цаганнур – Ташанта.

2. Организовано совместное с Монгольской стороной проведение таможенного досмотра граждан МНР на территории аэропорта Кош-Агач Горно-Алтайской ССР, в целях ускорения их проезда. Для обеспечения этой работы привлечены четыре работника Казахской государственной таможни.

3. Организован провоз граждан МНР из г. Ульгей (центр Баян-Ульгейского аймака) до аэропорта Кош-Агач (175 км) автобусами Восточно-Казахстанского объединения транспорта. В этих целях привлечено 8 автомобилей, в т [ом] ч [исле] 5 автобусов, 13 чел [овек] водителей. Частично вывоз осуществлялся и автобусами Монгольской стороны.

4. Организован провоз монгольских граждан самолетами КУГА ЯК-40 из аэропорта Кош-Агач до г. Усть-Каменогорска (ежедневно от 4 до 9 рейсов). В дальнейшем от Усть-Каменогорска, указанные граждане перемещались автобусами и частично также самолетами до мест вселения.

Всего за период с 24 сентября по 2 октября т[екущего] г[ода] перевезено 1348 человек. Они размещены, в основном, в хозяйствах Восточно-Казахстанской, Семипалатинской, Карагандинской областей.

Перевозки могли бы быть закончены еще 29 сентября. Их задержка до 2 октября вызвана просьбой руководства Баян-Ульгейского аймака в связи с подготовкой и оформлением выездных документов (загранпаспортов).

Претензий к организации перевозок не имеется, монгольская сторона выразила свою признательность по этому поводу.

По согласованию с руководством Баян-Ульгейского аймака с 3 октября т[екущего] г[ода] организованные перевозки людей через аэропорт Кош-Агач прекращены.

**Министр  
С. БЕЙСЕНОВ**

Ф. 7. Он. 1. Д. 911. Лл. 34–35.

**Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің «Басқа республикалардан және шет елдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақ КСР-інде қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» қаулысы**

Алматы қ.

1991 жыл 18 қараша

«Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және агроөнеркәсіп кешенін басым дамыту туралы» Қазақ КСР-інің Заңын күшіне енгізу туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 13-ақпандағы қаулысына сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Басқа республикалардан және шет елдерден республиканың селолық жерлерінде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын қоныстандыру, оның ішінде оларды тасымалдауды, келген жерлерінде қабылдау мен орналастыруды ұйымдастыру халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттеріне, агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарына жүктелсін. Бұл мәселе жөніндегі үйлестіру жұмыстары Қазақ КСР Еңбек министрлігіне тапсырылсын.

2. Қазақ КСР Еңбек министрлігі Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесе отырып, басқа республикалар мен шет елдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақ КСР-інде қоныстандыру мәселелері жөніндегі құжаттардың жобасын белгіленген тәртіп бойынша әзірлейтін болсын.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі мен Қазақ КСР Еңбек министрлігі мүдделі ведомстволармен бірлесе отырып, азаматтары Қазақ КСР-іне еңбек шарты бойынша келуге тілек білдірген басқа республикалар мен шет елдердің тиісті органдарымен келіссөз жүргізсін және соның қорытындысы бойынша мұндай қоныстанудың тәртібі мен шарттары туралы келісімге қол қоятын болсын.

3. Совхоздар мен колхоздарға, агроөнеркәсіп кешенінің басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарына басқа республикалардан және шет елдерден келген байырғы ұлт адамдарына «Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және агроөнеркәсіп кешенін басым дамыту туралы» Қазақ КСР Заңында көзделген жеңілдіктер қолданылады.

4. Көшіп келген жерлердегі еңбек жөніндегі органдар берген арнайы үлгідегі қоныстану билеті мемлекет белгілеген жеңілдіктерді алу правосын растайтын құжат болып табылады. Қоныстану билеттерінің бланктерін жасап шығару жөніндегі шығындар республикалық бюджеттен төленсін.

5. Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттеріне, агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарына басқа республикалардан және шет елдерден қоныс аударған байырғы ұлт адамдарын тұрғын-жаймен қамтамасыз ету мақсатында жекелеген азаматтардың республикадан кетуі нәтижесінде босаған үйлерді немесе пәтерлерді сатып алу ұсынылсын.

6. Басқа республикалардан және шет елдерден қоныс аударушылардың көшіп-қонуына байланысты шығындар, атап айтқанда:

а) қоныстанушылар мен олардың семья мүшелерінің тұрған жерінен қоныстанатын жеріне дейін темір жолмен плацкартты (купелі) вагондарда, тас жолмен және қара

жолмен жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортымен (таксиден басқа), әуе транспортымен келуі кәдуілгі кластағы тарифтер бойынша;

б) мүлікті темір жол және автомобиль (жалпы пайдаланудағы) транспортымен тасымалдауы, әрбір семьяға;

ел ішінде 10 тонналық төрт білікті бір вагон немесе автомобиль (автопоезд);

шет елдерден – үкіметаралық келісімдермен белгіленген шарттар бойынша республикалық бюджеттен өтеледі.

7. Қазақ КСР Транспорт министрлігі халық депутаттары жергілікті Кеңестері атқару комитеттерінің өтінімдері бойынша қоныстанушылардың семьялары мен жүгі бірінші кезекте тасымалдануын қамтамасыз етсін.

8. Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттері қоныс аударушылардың кеткен жерінде тапсырған малының айырбастау квитанциясы табыс етілгеннен кейін оларға көшіп келген жерлерінде сол мөлшерде мал берілуін қамтамасыз етсін.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі мен Қазақ КСР Еңбек министрлігі Қазақ КСР-іне қоныс аударушы отандастарымыздың жылжымалы және жылжымайтын меншіктерінің мәселелерін басқа республикалардың және шет елдердің тиісті органдарымен бірлесе отырып пысықтайтын болсын.

9. Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігі мен Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі Қазақ КСР-іне көшіп келген семьялардағы студенттердің республиканың тиісті профиліндегі жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептеріне қабылдануын, сондай-ақ олардың балаларына мектеп жасына дейінгі мекемелерден орын берілуін қамтамасыз етсін. Қажет болған жағдайда халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитетімен бірлесе отырып, ана тілінде оқытатын қосымша кластар, мектептер және мектепке дейінгі мекемелер ашатын болсын.

10. Қазақ КСР Еңбек министрлігі халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің өтінімдеріне сәйкес жыл сайын белгіленген тәртіп бойынша басқа республикалар мен шет елдерден қоныс аударатын семьялардың санын және осы мақсатқа қажетті материалдық, қаржы ресурстарды анықтасын. Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қарауына тиісті ұсыныстар енгізісін.

11. Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі шет елдерден келген қоныс аударушыларды қабылдайтын жерлерде қоғамдық тәртіпті, олардың жеке басы мен мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

Олардың уақытылы тіркелуі және мекендеуі мен жүріп-тұруына арналған құжаттар берілуі ұйымдастырылсын. Шаруашылықтардың, кәсіпорындардың өтінімі бойынша қоныс аударушылардың семьяларына мекендейтін жеріне дейін жолсерік болып баратын милиция қызметкерлері бөлінсін.

12. Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі мен оның жергілікті органдары, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттері, колхоздардың, совхоздардың және республиканың агроөнеркәсіп кешенінің басқа да кәсіпорындарының басшылары уақытша немесе тұрақты тұруға келген адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде пенсия және жәрдемақы тағайындау



мәселелерін Қазақ КСР-інің заңдарына, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шешетін болсын.

Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі мен Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігі республиканың мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, көшіп келген отандастарымызға көмек көрсету жөніндегі шараларды әзірлесін, оларды жинақы қоныстандыру, мамандығы бойынша жұмысқа орналастыру, қазіргі қазақ алфавитіне үйрету, білімі, жұмысқа орналасуы және семья мүшелерінің оқуы, кәсіптік даярлығы және т.б. туралы құжаттарды бірдей деп тану көзделетін болсын.

13. Басқа республикалардан және шет елдерден келген селолық жерлерде жұмыс істеуді қалайтын байырғы ұлт адамдарын халық тұтынатын товарлармен (балалар ассортиментіндегі товарларды және құрылыс материалдарын қоса) қамтамасыз ету жөніндегі ұсынысты Қазақ КСР Сауда министрлігі бір ай мерзім ішінде әзірлесін, ал халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттері нақ осы мерзім ішінде оларды сату тәртібін анықтайтын болсын. Қажет болған жағдайда Қазақ КСР Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныстар енгізісін.

14. Облыстық атқару комитеттері, Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі, Қазақ КСР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті республикалық «Қазагроөнеркәсіптехника» бірлестігі, Қазақ КСР Тұтыну қоғамдары одағы 1992 жылдан бастап басқа республикалардан және шет елдерден көшіп келген байырғы ұлт адамдарына тұрғын үйлер, оның ішінде жеке тұрғын үй салу, жұмыс орындарын құру үшін тиісті номенклатура бойынша материалдық ресурстар бөліп отырсын.

15. Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі мен оның жергілікті органдары, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттері басқа республикалар мен шет елдерден көшіп келген семья мүшелеріне уақтылы медициналық және емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

Шет елдерден көшіп келген адамдардың медициналық білімдері туралы құжаттарын тануды бағалау шарттары белгіленсін.

16. Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігі, Қазақ КСР Еңбек министрлігі, облыстық атқару комитеттері, Алматы және Ленинск қалалық атқару комитеттері басқа республикалардан және шет елдерден көшіп келген адамдарға медициналық қызмет көрсетіп, оларды оқыту үшін қажетті қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

17. Қазақ КСР Еңбек министрлігі байырғы ұлт адамдарының басқа республикалардан және шет елдерден Қазақ КСР-іне қоныс аударуына байланысты мәселелер жөнінде дұрыс, толық және жедел хабарлама берілуін, сондай-ақ семьяның жұмысқа орналасуда қиындықтарға ұшырап жүрген еңбекке жарамды мүшелерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру ісі ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

18. Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттері басқа республикалар мен шет елдерден қоныс аударушыларды келген жерінде қабылдауды ұйымдастыруға жәрдемдесу жөніндегі үйлестіру кеңестерін (комитеттерін) құратын болсын.

19. Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттері мен Қазақ

КСР Еңбек министрлігіне басқа республикалардан және шет елдерден көшіп келушілердің праволары мен мүдделерін қорғау жөніндегі, ал Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігіне – Қазақ КСР-іне еңбек келісімі бойынша келген адамдарға қатысты халықаралық шарттардың сақталуы жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру жүктелсін.

20. Қазақ КСР Еңбек министрлігі Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге қайтып оралуды тілейтін байырғы ұлт адамдарын ұйымдасқан түрде қабылдау жөнінде 1992 жылға арналған мақсатты кешенді бағдарламаны әзірлесін және оны 1991 жылдың аяғына дейін Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қарауына енгізсін.

**Қазақ КСР  
Премьер-министрі  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

*7-қ. 1-т. 203-іс. 55–60-пп.*

---

\* № 15,16,17,18-құжаттарды қараңыз

**№ 6**

**Постановление Кабинета Министров Казахской ССР  
от 18 ноября 1991 года № 711 «О порядке и условиях переселения  
в Казахскую ССР лиц коренной национальности,  
изъявивших желание работать в сельской местности,  
из других республик и зарубежных стран»**

*г. Алма-Ата*

*18 ноября 1991 г.*

В соответствии с постановлением Верховного Совета Казахской ССР от 13 февраля 1991 г. «О введении в действие Закона Казахской ССР «О приоритетности развития аула, села и агропромышленного комплекса в Казахской ССР» Кабинет Министров Казахской ССР ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Проведение переселения лиц коренной национальности из других республик и зарубежных стран, изъявивших желание работать в сельской местности республики, включая организацию их перевозки, прием и размещение в местах вселения, возложить на исполкомы местных Советов народных депутатов, предприятия и организации агропромышленного комплекса. Координацию работы по данному вопросу возложить на Министерство труда Казахской ССР.

2. Министерству труда Казахской ССР совместно с Министерством иностранных дел Казахской ССР и другими заинтересованными министерствами, ведомствами и организациями в установленном порядке разработать проекты документов по вопросам переселения в Казахскую ССР лиц коренной национальности, изъявивших желание работать в сельской местности, из других республик и зарубежных стран.

Министерству иностранных дел Казахской ССР и Министерству труда Казахской ССР совместно с заинтересованными ведомствами провести переговоры с соответствующими органами других республик и зарубежных стран, граждане которых изъявили желание выехать в Казахскую ССР по трудовым договорам, и по итогам подписать соглашения о порядке и условиях такого переселения.

3. На лиц коренной национальности, прибывших в совхозы и колхозы, другие предприятия и организации агропромышленного комплекса из других республик и зарубежных стран, распространяются льготы, предусмотренные Законом Казахской ССР «О приоритетности развития аула, села и агропромышленного комплекса в Казахской ССР».

4. Документом, удостоверяющим право на получение установленных государством льгот, является переселенческий билет установленного образца, выданный в местах вселения органами по труду. Расходы по изготовлению бланков переселенческих билетов произвести за счет средств республиканского бюджета.

5. Рекомендовать исполкомам местных Советов народных депутатов, предприятиям и организациям агропромышленного комплекса в целях обеспечения жилой площадью переселенцев коренной национальности, прибывших из других республик и зарубежных стран, выкупать жилые дома или квартиры, высвобождающиеся в результате выезда из республики отдельных граждан.

6. Возмещение расходов, связанных с переездом переселенцев из других республик и зарубежных стран, производить из республиканского бюджета, в том числе:

а) проезд переселенцев и членов их семей из мест выезда до места вселения по железной дороге в плацкартном (купейном) вагоне, по шоссейным и грунтовым дорогам на автомобильном транспорте общего пользования (кроме такси), воздушным транспортом по тарифу обычного класса;

б) провоз имущества железнодорожным и автомобильным транспортом (общего пользования) на каждую семью:

внутри страны – одного четырехосного вагона или автомобиля (автопоезда) грузоподъемностью 10 тонн;

из зарубежных стран – по условиям, определенным межправительственными соглашениями.

7. Министерству транспорта Казахской ССР обеспечить перевозку семей переселенцев и провоз их багажа в первоочередном порядке по заявкам исполкомов местных Советов народных депутатов.

8. Исполкомам местных Советов народных депутатов обеспечить выдачу скота переселенцам в местах вселения по предъявлении ими именных квитанций на сданное ими количество скота в местах выезда.

Министерству иностранных дел Казахской ССР и Министерству труда Казахской ССР прорабатывать с соответствующими органами других республик и зарубежных стран вопросы движимой и недвижимой собственности переселяющихся соотечественников в Казахскую ССР.

9. Министерству народного образования Казахской ССР и Министерству сельского хозяйства и продовольствия Казахской ССР обеспечить зачисление студентов из числа членов семей, прибывших в Казахстан, в высшие, средние специальные и профессионально-технические учебные заведения республики соответствующего

профиля и общеобразовательные школы, а также предоставление мест детям в дошкольных учреждениях. Открывать при необходимости совместно с исполкомами местных Советов народных депутатов дополнительные классы, школы и дошкольные учреждения с обучением на родном языке.

10. Министерству труда Казахской ССР в соответствии с заявками местных Советов народных депутатов ежегодно в установленном порядке определять количество переселяемых семей из других республик и зарубежных стран и необходимые на эти цели материальные и финансовые ресурсы. По согласованию с Министерством сельского хозяйства и продовольствия Казахской ССР и другими заинтересованными министерствами и ведомствами республики вносить на рассмотрение Кабинета Министров Казахской ССР соответствующие предложения.

11. Министерству внутренних дел Казахской ССР обеспечить в местах приема переселенцев, прибывающих из зарубежных стран, общественный порядок, личную и имущественную безопасность.

Организовать своевременную регистрацию и выдачу документов на их проживание и перемещение. По заявкам хозяйств и предприятий выделять сотрудников милиции для сопровождения семей переселенцев до места прибытия.

12. Министерству социального обеспечения Казахской ССР и его органам на местах, исполкомам местных Советов народных депутатов, руководителям колхозов, совхозов и других предприятий агропромышленного комплекса республики решать вопросы социального обеспечения, в том числе установления пенсии и пособий лицам, прибывшим на временное или постоянное жительство, в соответствии с законодательством Казахской ССР, а также международными соглашениями.

Министерству сельского хозяйства и продовольствия Казахской ССР и Министерству народного образования Казахской ССР совместно с заинтересованными министерствами, ведомствами Казахской ССР, исполкомами местных Советов народных депутатов разработать меры по оказанию помощи прибывшим соотечественникам, предусматривая в них компактное расселение, трудоустройство по профессии, обучение современному казахскому алфавиту, признание равноценности документов об образовании, трудоустройстве и обучении членов семей, профессиональной подготовке и др.

13. Министерству торговли Казахской ССР, Казпотребсоюзу в месячный срок подготовить рекомендации, а исполкомам местных Советов народных депутатов в такой же срок определить порядок реализации товаров народного потребления (включая товары детского ассортимента и строительные материалы) лицам коренной национальности, изъявившим желание работать в сельской местности, прибывшим из других республик и зарубежных стран. При необходимости внести в Кабинет Министров Казахской ССР соответствующие предложения.

14. Облсполкомам, Государственному комитету Казахской ССР по экономике, Министерству сельского хозяйства и продовольствия Казахской ССР, Государственному комитету Казахской ССР по материально-техническому снабжению, Республиканскому объединению «Казагропромтехника», Казпотребсоюзу выделять начиная с 1992 года по соответствующей номенклатуре материальные ресурсы для строительства жилья, в том числе индивидуального, и создания рабочих мест для лиц коренной национальности, прибывших из других республик и зарубежных стран.

15. Министерству здравоохранения Казахской ССР и его органам на местах, исполкомам местных Советов народных депутатов обеспечить своевременное медицинское и лечебно-профилактическое обслуживание членов семей переселенцев, прибывающих из других республик и зарубежных стран.

Определить условия для оценки признания документов о медицинском образовании лиц, прибывающих из зарубежных стран.

16. Министерству здравоохранения Казахской ССР, Министерству народного образования Казахской ССР, Министерству труда Казахской ССР, облисполкомам, Алма-Атинскому и Ленинскому горисполкомам предусматривать необходимые ассигнования на медицинское обслуживание и обучение лиц, прибывших из других республик и зарубежных стран.

17. Министерству труда Казахской ССР обеспечить достоверную, полную и оперативную информацию по вопросам, связанным с переселением в Казахскую ССР лиц коренной национальности из других республик и зарубежных стран, а также организацию подготовки, переподготовки и повышения квалификации трудоспособных членов семей, испытывающих затруднения в устройстве на работу.

18. Исполкомам местных Советов народных депутатов образовать на местах координационные советы (комитеты) содействия организации приема переселенцев, прибывающих из других республик и зарубежных стран.

19. Возложить на исполкомы местных Советов народных депутатов и Министерство труда Казахской ССР осуществление необходимых мер по защите прав и интересов прибывающих из других республик и стран лиц коренной национальности, а на Министерство иностранных дел Казахской ССР – осуществление мер по соблюдению международных договоров, касающихся лиц, въехавших в Казахскую ССР по трудовому соглашению.

20. Министерству труда Казахской ССР совместно с Государственным комитетом Казахской ССР по экономике и другими заинтересованными министерствами и ведомствами разработать и до конца 1991 года внести на рассмотрение Кабинета Министров Казахской ССР целевую комплексную программу на 1992 год по организованному приему лиц коренной национальности, желающих возвратиться на свою историческую родину, в том числе в городскую местность.

**Премьер-министр  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

*Ф. 7. Оп. 1. Д. 203. Лл. 50–54.*

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
1991 жылы 31 желтоқсандағы радиодан сөйлеген сөзі**

*Алматы қ.*

*1991 жыл 31 желтоқсан*

**Қымбатты отандастар! Қандас бауырлар! Ағайындар!**

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, еліміздің ішкі, сыртқы саясатына ұлы өзгерістер алып келген, барлығымыз үшін үлкен сын болған 1991 қой жылы тарихта қалып, үміт пен күдігі мол жаңа – 1992 жыл келді. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, жер бетіне тарыдай шашырап кеткен отандастар, қандас бауырлар, Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, әрқайсыңыздың отбастарыңызға мол бақыт, қуаныш тілеймін! Аспанымыз әрқашан ашық болсын! Сіздермен атамекенде табысатын, емін-еркін қауышатын күнге тезірек жетейік!

1991 жыл қазақ елі үшін тарихта алтын әріппен жазылып қалатын жыл болды. Қазақстандықтар бүкіл ел болып, өздерінің тұңғыш Президентін сайлады. Ғарышқа тұңғыш рет алаш азаматы самғады. Елдігіміз бен ерлігімізді дәріптеген тарихи тұлғаларымыз – Абылайға<sup>1</sup>, Қабанбайға<sup>2</sup>, Бөгенбайға<sup>3</sup>, Төле биге<sup>4</sup>, Исатайға<sup>5</sup>, Махамбетке<sup>6</sup>, Сыпатайға<sup>7</sup> ас беріліп, бүкілхалықтық құрмет көрсетілді. Бауыржан Момышұлы<sup>8</sup> өзіне тиісті Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Жоғалып бара жатқан салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып келеді. Жыл сайын Наурыз мейрамы аталып өтеді, жастарымыз имандылық жолына түсіп, ата дәстүріне адалдықтарын байқатуда.

Қазақ елі – ежелден еркіндікті аңсаған ел. Өз алдына дербес мемлекет құру – қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы еді. Құдайға шүкір, өз билігіміз өз қолымызға тиді. Қазақстан Республикасы бұдан былай тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің қатарына жатады. Өз территориямызда өкімет билігін толық өз қолымызға алдық. Ішкі, сыртқы саясатымызды дербес жүргіземіз, әрі қарай қалай өмір сүру керек екенін ешкімнің нұсқауын күтпей-ақ өзіміз шешетін боламыз. Қазір көптеген елдер, оның ішінде Америка Құрама Штаттары, Түркия, Қытай секілді іргелі елдер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін танып отыр.

Қымбатты отандастар! Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған Сіздерді кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба деген сұрақтың аландатып келгенін мен жақсы білемін. Туған жердің түтіні де ыстық дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы ата қонысына тарту мақсатында адам правосы туралы еларалық ережелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Үкіметі «Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда\* қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы»\*\* арнайы қаулы қабылдады. Сондықтан ата-мекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Ата-баба әруағы алдарыңыздан жарылқасын!

Қымбатты бауырлар!

Сіздерді тағы да Жаңа 1992 жылдарыңызбен құттықтап, баршаңызға туған жердің

ыстық сәлемін жолдаймын! Бақытты, үбірлі–шүбірлі болыңыздар! Биылғы жыл ақжарылқап жыл болсын!

*Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек // Егемен Қазақстан. 1992. 1 қаңтар. 1 б.*

\* мәтінде \*“Қазақ КСР-інде”

\*\* № 5-құжатты қараңыз

## № 8

### **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа шетелдегі қазақтармен мәдени байланыс жасайтын «Қазақстан» қоғамының Иран қазақтары туралы хатынан**

*Алматы қ.*

*1992 жыл 15 қаңтар*

#### **ҚҰРМЕТТІ НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ!**

Иран Республикасының Сыртқы істер министрі Әли Әкпар Велаяти Алматыда болған кезінде өз үкіметі атынан Сізді ресми сапармен еліне барып қайтуға шақырғаны белгілі. Осыған байланысты бұл сапарда Сізге қажет болар деп, Иран жеріндегі қандас бауырларымыз туралы мына деректерді хабарлаймыз.

Иран жерінде шамамен 20 мыңнан астам қазақ бар. Оның 15 мыңға жуығы 1928–1933 жылдары елімізде белең алған күштеп коллективтендіру, қуғын-сүргін және жаппай ашаршылық салдарынан Қазақстаннан, әсіресе Маңғыстау өңірінен ауып барғандар мен олардың ұрпақтары, қалғандары Ауғанстандағы әділетсіз соғыс кесірінен амалсыз көрші елге ығысқандар. Қазақтар негізінен Горган, Бендер-Түркмен, Күнбет-Каус қалаларын мекендейді. Тегеранның өзінде медицина қызметкері Әзим Адай, почта қызметкері Масхут Жари семьяларымен тұрады. Қазақтардың басым көпшілігі қолөнер кәсібі және ұсақ саудамен айналысады. Едәуір бөлігі жалданып машинамен жүк тасиды. Жеке өндіріс орны бар, ірі кәсіппен шұғылданатындар некен-саяк. Мәселен, Мұхаммет Көрпе мен Ақмұрат Чаманидің өздерінің шағын фабрикалары бар екені бізге мәлім.

Жастар көбінесе орта мектептен кейін оқуын жалғастырмай, кәсіп соңына түседі. Қыздардың басым көпшілігі хат таныған соң оқымай, үй шаруасы, қолөнер төңірегінде қалады. Жоғары оқу орындарында оқып жүрген жастар санаулы ғана. Қазақтар ішінен лауазымды қызметке араласатындар да жоқтың қасы. Заң саласында, педагогика, техникалық қызметте істеп жүрген Хажы Мұхаммет Шадкам, Казип М.К., Нияз Тобыш, Мұқиятдин Жеменей, Тойжан Бабық сияқты азаматтар, Зухра Қаратоқа секілді қыз балалар бар. Иранда университет бітіріп, біраз жылдар ұстаздық еткен, сонынан Стамбул университетінде аспирантурада оқыған, қазір Әл-Фараби<sup>1</sup> атындағы Қазақ Университетінің шығыстану факультетінде дәріс беріп жүрген Ислам Чамани да зиялы қауымның көрнекті өкілдерінің бірі. Қазір Алматыда

Иранның қазақ жастарынан 3 бала жоғары білім алуда. Олар, арнайы шақырумен келген «Қазақстан» қоғамының степендияттары.

Бұл елдегі қазақтардың мәдени дамуы, ұлттық тәлім-тәрбие алу ісіне мемлекет тарапынан қамқорлық жоқ деп айтуға болады. Қазақ тілінде оқытатын бірде-бір мектеп жоқ, газет-журнал, кітап шықпайды, радио-теледидар хабарлары берілмейді. Соған қарамастан отандастарымыз ана тілін, салт-санасын, ұлттық өнерін ұмытпауға тырысқан. [...]

Соңғы жылдардағы республикадағы игі өзгерістер, әсіресе мемлекеттік тәуелсіздік алуымыз, тіл мәртебесінің өсуі, сырттағы бауырластарға оң көзқарастың орнауы Ирандық қазақтар арасында зор серпіліс туғызды. Әсіресе жастар атамекенге қайта оралу, осында түбегейлі қоныстану мәселесіне орай арман-тілектерін жазып, бізден оларды ел басшыларына жеткізуді сұрайды. [...]

Сонымен, қорыта айтқанда, бауырластарымыз Сіздің Иран Ислам Республикасының басшыларымен кездесуіңізде төмендегі мәселелер қаралып, оң шешімін тапса деп үміттенеді:

1. Атамекен – Қазақстанға келіп-қайту мәселесін жеңілдету. Бұл үшін Түркменстандағы Гасан-Құли бақылау-тексеру пункті немесе Ашхабад арқылы ары-бері өтуді жүзеге асыру мәселесі шешілсе (Баку арқылы келіп-кету шығыны көп, әрі қатерлі деп есептелінеді);

2. Екі ел қазақ жастарының Қазақстанға келіп жоғары білім алуына қамқорлық жасап, оның жүйесі мен тәртібі белгіленсе;

3. Арнайы келісім арқылы қазақ өнерпаздары мен тіл мамандарының Иранға барып, қысқа мерзімді курстар арқылы жастарға ұлттық өнер мен ана тілін үйретуге қамқорлық жасау мәселесі жолға қойылса;

4. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға сәйкес отандастарымыз арасында республика азаматтығын алуды қалайтындардың болуы әбден мүмкін нәрсе. Осыған орай, Сіз Иран үкіметінің бұл мәселе бойынша ризашылығын алып берсеңіз тіпті жақсы болар еді.

Иран қазақтары бұрынғы Совет Елшілігіне барудан жасқанатын. Сондықтан, Тегеранда Қазақстанның өз өкілдігі болғаны дұрыс. Өкілдік бұл мәселелердің жүйелі түрде шешім табуына септігін тигізер еді деп, санайды ондағы бауырластарымыз.

«Қазақстан» қоғамы<sup>2</sup> да Ирандағы қазақ ағайындардың талап-тілектерін қолдай отырып, аталмыш мәселелердің тиімді әрі тезірек шешім табуына мүдделі екендігін білдіреді.

**«Қазақстан» қоғамы  
Президиумының төрағасы  
Ш. ЖӘНІБЕКОВ**



**Из отчета об итогах IV конференции Общества по культурным  
связям и сотрудничеству с соотечественниками (общество «Казakhstan»)  
и работы Общества за 1991 год**

*г. Алма-Ата*

*22 января 1992 г.*

До сих пор мы исходили из того, что зарубежная казахская диаспора насчитывает свыше 1 млн. 300 тыс. человек, из которых свыше 1 млн. 100 тыс. находится в Синьцзян-Уйгурском автономном районе КНР, около 137 тысяч – в Монголии, 23 тыс. – в Турции, 20 тыс. – в Иране и Афганистане. [...]

Теперь к ней мы обязаны отнести еще 1 млн. 700 тыс. этнических казахов, проживающих в бывших республиках Союза, ныне объявивших себя суверенными государствами.<sup>1</sup> Таким образом получается, что приблизительно, 3 миллиона казахов, или 1/3 всей казахской нации располагается за пределами национально-государственной территории Республики Казахстан. В Декларации о государственном суверенитете<sup>2</sup> республика твердо заявила, что будет проявлять постоянную заботу об удовлетворении национально-культурных, языковых и духовных потребностей своих соотечественников.

20 ноября 1991 года состоялась IV конференция Общества по культурным связям с казахами за рубежом [...].

Конференция высказалась за дальнейшее расширение связей и всестороннего сотрудничества с зарубежными соотечественниками, за продолжение начатого диалога со всеми слоями казахской диаспоры, основанного на этнических и гуманистических ценностях. [...]

В данное время поддерживаются контакты путем переписки и обмена делегациями с соотечественниками, проживающими в 20 странах мира. Заметно активизировались связи с казахами, проживающими в Турции, Иране, Монголии и некоторых странах Западной Европы. В прошлом году впервые нами были приняты казахи, проживающие в Дании, Швейцарии и Норвегии. Возобновились контакты и с соотечественниками из Афганистана. В то же время была высказана определенная озабоченность в связи с тем, что наши усилия по налаживанию деловых контактов с общественностью и органами печати китайских казахов пока не дают должных результатов, хотя китайские граждане нередко обращаются в Общество по своим личным проблемам.

Об интенсивности посещения республики по приглашениям Общества можно судить по следующим данным: в 1987 году было принято из-за рубежа 9 человек, в 1988 году – 15, в 1989 году – 37, в 1990 году – 122 и в 1991 году – 44.

[...] 25 представителей казахских общин из 8 иностранных государств приняли участие на торжествах, посвященных 70-летию республики. Многие побывали на айтысах акынов, праздновании «Наурыза», на юбилеях славных сынов казахского народа – Аблай-хана<sup>3</sup>, Кабанбай-батыра<sup>4</sup>, Толе-бия<sup>5</sup>, акына Суйынбая<sup>6</sup>.

За отчетный период было принято на летний отдых в пионерских лагерях – в 1987 году 7 школьников из Афганистана и в 1990 году – 22 школьника из Баян-Ульгийского аймака Монголии<sup>7</sup>. В Госуниверситете им. аль-Фараби<sup>8</sup> и Алма-

Атинском мединституте обучается 7 стипендиатов Общества, среди них 3 человека из Афганистана, 3 – из Ирана и 1 – из Иордании. В прошлом году одна соотечественница из Афганистана закончила пединститут иностранных языков. В 1990 году делегации Общества побывали в Турции и Монголии, провели многочисленные встречи с соотечественниками, знакомили их с самобытным искусством казахского народа. В гор [оде] Стамбуле около 2-х месяцев находились 2 наших специалиста, которые помогли казахской общине сформировать молодежную группу художественной самодеятельности.

Издаваемая Обществом еженедельная газета «Шалкар», радиостанция «Атамекен» доводят до соотечественников вести из Казахстана, дают ответы на интересующие их вопросы. Население Или-Казахской области СУАР КНР<sup>9</sup> и Баян-Ульгийского аймака Монголии смотрит телевизионную программу «Алатау».

В своих письмах, выступлениях по радио и телевидению, на встречах с представителями общественности, соотечественники приветствуют происходящие у нас перемены, особенно, по укреплению политического и экономического суверенитета республики, повышению роли казахского языка как государственного, меры по возрождению народных традиций и нравственных устоев общества. [...]

Конференция одобрила предложение о проведении Всемирного конгресса (курултая) казахов в гор [оде] Алма-Ате, высказанное Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым, во время встречи с представителями казахской эмиграции в гор[оде] Стамбуле. [...]

Президиум Общества считает, что вслед за принятым Верховным Советом республики Закона «О гражданстве Республики Казахстан»,<sup>10</sup> должны последовать государственные акты о полной реабилитации всех казахов, вынужденно покинувших в прошлом свою Родину и их потомков, [которые] будут регулировать в последующие сложные миграционные процессы. [...]

[...] Так, например, известно, что в прошлом году в соответствии с соглашением между Министерством труда Республики Казахстан и Монголии по трудовым контрактам к нам переселились около 2500 семей казахов (12 тыс [яч] душ). В этом году и в последующий период, этот процесс будет нарастать. Участились обращения казахов, проживающих в КНР, с просьбой помочь в решении проблемы с воссоединением семей, поступления на учебу и т[ак] д [алее].

Часть казахов, оказавшаяся в Иране, особенно молодежь, усиленно интересуется тем, как и когда они могут возвратиться на землю предков. После установления дипломатических отношений с Афганистаном наше Правительство должно прежде всего из гуманных соображений поставить вопрос о репатриации проживающих там казахов, так как они обитают в очень сложных условиях и нуждаются в реальной помощи с нашей стороны.

Соотечественники из Турции и в европейских странах проявляют повышенный интерес к законам о гражданстве и миграции, по экономическому сотрудничеству, но среди них, пока, особых реэмиграционных настроений не наблюдается, многие занимают выжидательную позицию.

В прошлом году Общество продолжало работу по налаживанию деловых контактов с зарубежными соотечественниками, более активного привлечения их к решению некоторых народно-хозяйственных проблем в республике, путем их вывода

на заинтересованные учреждения и ведомства. Продолжалось взаимовыгодное сотрудничество между «Казах-инторгом» и торговой фирмой «Казах» из Афганистана. Соотечественники Каби Сумер и Фазыл Кая из ФРГ, Нусрет Жаналтай, Кызырбек Гайретуллах из Турции, Молдаби Шарафалыбек из Афганистана и некоторые другие ведут активные переговоры по экономическому сотрудничеству, но пока на этом пути у них много сложностей.

В 1991 году Общество установило связи с некоторыми молодыми соотечественниками, которые получили высшее образование за рубежом. Среди них Расим Софу из Турции, владеющий турецким, китайским, английским языками, Уыз Шагатай, программист, банковский работник из Швеции, Кайрат Карабай, экономист, служащий одной из фирм Нью-Йорка. Их профессиональная подготовка и опыт, безусловно, будут полезны республике, если мы сумеем привлечь их на службу.

В июле 1991 года у нас побывал соотечественник из Швейцарии Ибрагим Гулер. Посетил Зайсанский и Тарбагатайский районы Восточно-Казахстанской области, пострадавшие от землетрясения. После возвращения домой, он по своей инициативе активно занялся организацией благотворительной помощи жителям, пострадавшим от экономических и стихийных бедствий. [...]

**Председатель Президиума  
общества «Казахстан»  
Ш. ЖАНЫБЕКОВ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 338. Лл. 98–103.*

## № 10

### Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевқа Моңғолия қазақтарынан хат

*Өлгий қ.*

*1992 жыл 26 қаңтар*

Ассалаумағалайкум Нұреке!

Қазақстан халқының ғана қамын ойлап қоймай жер-жердегі қандастарыңыздың мұң-мүддесі жолында қажыр қайрат жұмсап, жарғақ құлағыңыз жастыққа тимей, ұлағатты іс тындырып жатқан қызыметіңізді баспадан оқып, теледидардан көріп риза болып отырамыз.

Алла ісіңізді оңғарып алған бағытыңыз бүкіл қазақтарға шуақ болып тарап, бауырластардың бақыты мен бірлігінің, ынтасы мен ықыласының ақ туындай аспанымызда желбірей беруіне шын жүректен тілектеспіз.

Атамекеннен шалғайда Моңғолияда тұратын азғантай қазақ халқы еңбек шартымен ата жұртына қоныс аудара бастағанына Сіздің толық мағлұматты екеніңізді айта келіп, төмендегі өтінішімізді өзіңізге жолдауды жөн көрдік.

Ресей Президенті Борис Ельцин<sup>1</sup> жолдаспен келісу арқылы іргесі тиісіп тұрған Ташанты таможнайын ашып, бұдан былай біздің көшіп барушылармен жүргінші жолаушы, студенттердің еркін барып келуіне мүмкіндік жасап беруге қолғабыс

көрсетуіңізді сұраймыз және олар өзінің азғантай меншік мал дәулетімен баруға құштар екенін де есіңізге сала кетеміз.

Сізден жауап күтіп сәлем жолдаған, Монғолиядағы қазақ бауырларыңыздың атынан:

Монғолия Халық Республикасына еңбегі сіңген артис А. ҚАБЫКЕЙ

МХР Еңбек Ері шопан БАЙСОЛТАН

МХР Еңбек Ері шофер С. ЧОЯ

МХР-ға еңбегі сіңген зоотехник А. ЖҰМАҒАЛЫЙ

Аймағымыздағы\* Ардагерлер комитетінің төрағасы Н. ИВКЕ

Зейнеткер мұғалима М. ЗУКАР

Еңбек және соғыс ардагері А. ШАКЕЙ

5-Н-қ. 1-т. 1224-іс. 38-п.

---

\* Баян-Өлгий аймағы

## № 11

### Германияда тұратын қазақтардың мәдени орталығынан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа хат

*Köln\**

[1992 жыл 24 наурыз]\*\*

Аса мәртебелі Қазақстан Республикасының  
Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мырза!

Сіздің болашақта Германия Үкіметінің шақыруымен ресми сапармен неміс жеріне келетіндігіңізден хабардармыз. Мүмкіндігіңіз болса, Түркия мен Англиядағы сияқты Германияға келгенде осында тұратын қазақ бауырларыңызбен кездесуге арнайы уақыт бөлсеңіз. Егер біз мұндай мүмкіндіктің болатынына оң жауап алсақ, Сізді Боннан 35 шақырым жердегі Кельн қаласында қарсы алуға дайындық жасар едік. Қазақ елінің Президенті өтінішімізді қабыл алады деп сенеміз.

**Германияда тұратын қазақтардың  
мәдени орталығы**

Резолюция: В дело «ФРГ»

*Г. Касымов (подпись)*

06.04.1992 г.

5-Н-қ. 1-т. 1375-іс. 6-п.

---

\*Кельн қ.

\*\*құжаттың Қазақстанда тіркелген күні

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа шет елдегі қазақтармен мәдени байланыс жасайтын «Қазақстан» қоғамының хаты***Алматы қ.**1992 жыл 9 сәуір***ҚҰРМЕТТІ НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ!**

Германияның Кельн қаласындағы қазақ қоғамының төрағасы Лияхат Шакардың Сіздің атыңызға биылғы қаңтардың 19-ыншы жұлдызында жазған хатына байланысты тапсырмаға орай, төмендегі жайларды хабарлаймыз:

«Қазақстан» қоғамы Германияның Кельн қаласындағы қазақ ағайындармен 1977 жылдан бері мәдени байланыс жасап келеді. [...]

Кельндегі қазақ қоғамы бүгінде жүзге жуық отбасының басын қосып отыр. Жергілікті жерде ресми тіркелген бұл қоғамның мақсаты, ұлттық тіл, салт-сананы сақтай отырып, қажетті жағдайларда өзара селбесу. Сонымен қатар олар бала оқыту, ұлттық өнерді дәріптеу сияқты істермен шұғылданады. Мысалы, қоғам жанынан құрылған ойын-сауық үйірмесі, «Қазақспорт» футбол командасы бар.

Алайда, халқымыздың салт-дәстүрін насихаттау, ана тілін көркейту саяқты сауапты іс-шараларды жүргізуге ол жақта мүмкіндік шамалы көрінеді. Басты себеп, ұлттық-мәдени ошақтардың жоқтығы. Оны құруға қаржы тапшылығы қол байлап отырған көрінеді. Сондықтан, Сіз Германия басшыларымен кездескеніңізде осы мәселе жөнінде сөз қозғауыңызды өтінеді, неміс жерінде тұратын бауырлар.

Германиядағы отандастарды орынды аландатып отырған екінші көкейтесті мәселе – Қазақстан республикасының азаматтығын алу. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңды үлкен қуанышпен қабылдап отырған қазақтарға азаматтық алуды іске асыру қазіргі уақытта қиынға түсетін тәрізді. Өйткені, олар азаматтық алуға қажетті құжаттарын Ресей елшілігі арқылы біздің республикамызға жіберу керек екен. Отандастарымыздың айтуынша, Қазақстанның мүддесін Германияда қорғап отырған Ресей елшілігі ол елдегі қазақтарға үнемі жылы қабақ таныта бермейтін сияқты. [...]

Лияхат Шакардың айтуына қарағанда, Кельн қазақтарының арасында Қазақстанда үй сатып алып, жер жалдағысы келетіндер де бар көрінеді. Олардың республика кәсіпкерлерімен бірлесіп іс жүргізу, мешіттерге жәрдем беру ниеттері де бар. Отандастар осы баяндалған мәселелерді тиімді шешу үшін Сіздің болашақтағы Германияға сапарыңызда, қазақ өкілдерімен кездесуге уақыт бөлуіңізді сұрайды.

Осы мазмұндас тілек-өтініштерді Берлин, Гамбург қалаларындағы ағайындар және «Қазақстан» қоғамына көптен таныс Хаби Сумер басқарып отырған Мюнхен қаласындағы қазақ қоғамының мүшелері де айтып отыр.

Германия жеріндегі қазақ ағайындар негізінен соңғы 20-30 жылда Түркиядан кәсіп іздеп барғандар мен солардың ұрпақтары. Ол елде тұратын 2 мыңға жуық отандастарымыздың басым көпшілігі түрлі кәсіпорындарда жұмысшы болып істейді. Студенттер, оқушы жастар да бар. Кельн қаласындағы «Европа ұлттық көзқарас» ұйымдары халықаралық бөлімінің меңгерушісі Мұртаза Бұлытай мен атақты тәэк-

вондошы Мұстафа Өзтүрік есімдері Сізге белгілі. Бұлардан басқа, Ыдырыс Ербол зейнеткер, Фазыл Қая (кәсіпкер), Абдрахман Шетин (ақын), Арстан Тосын (коммерсант), Жүнісбай Тораман (журналист), Әліби Рахимов (кәсіпкер) сияқты беделді азаматтар бар. Зиялы қазақ эмигранттарының біразы Мюнхендегі «Азаттық» радиостанциясында<sup>1</sup> қызмет істейді.

Германиядағы қазақ ағайындар Түркия, Франция, Америка, Швеция т [ағы] б [асқа] елдерде тұратын отандастарымызбен тығыз байланыста.

«Қазақстан» қоғамы Лияхат Шакармен жүргізілген келіссөзді Сізге баяндай отырып, отандастарымыздың көкейтесті талап-тілектерінің жүйелі де тиімді шешілуіне мүдделі екендігін білдіреді.

**«Қазақстан» қоғамы  
Президиумының төрағасы  
Ш. ЖӘНІБЕКОВ**

75–Н-қ. 1-т. 1274-іс. 2-3-тп.

**№ 13**

**Қазақстан Республикасының елтөресі (Президенті)  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа Моңғолиядағы  
қазақ жұртының атынан өтініш хат**

[Алматы қ. ]\*

1992 жыл 13 сәуір

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Соңғы екі ғасырдағы тарихи зобалаңның қазақ халқына үлкен қасіреттер әкелгені белгілі. Сол қасіреттердің ең ауыры тарихтың өз толғағы дүниеге әкелген біртұтас қазақ ұлтының бірнеше бөлікке бөлінуі болды. 1881 жылы Қытай мен Ресей арасында қазақ халқының еркінен тыс болған С-Петербург келісімінде қазақтардың үлкен бір бөлігі шекара сыртында қалып қойды. Кейін шекара сыртындағы қазақтарды тағы да екіге бөліп, Қытай мен Моңғолия үкіметі иеленді. Бүгінгі Баян-Өлгей аймағындағы<sup>1</sup> қазақтар 1915 жылдан бастап ресімі түрде Моңғолияның қарамағында. 1932 жылға дейін атажұртымыз Қазақстаннан қазақ бауырларымыз толассыз көшіп келіп отырған.

Алғашқыда Моңғолия үкіметінің қарауына ресімі қараған кезде (1915) қазақтардың саны 10 мыңдай болса, қазір 130 мыңға жеттік. Біз бұлайша өсіп-өнгеніміз үшін туысқан моңғол халқына мәңгілік қарыздармыз. Әсіресе, біздің тілімізді, дәстүрлі мәдениетімізді еркін дамытып, моңғолдардың өзі не көрсе, бізге де соны көрсеткен ұлы мейірбандығын есте ұмытпауға тиіспіз.

Алайда, заман өзгерді, Қазақстан тәуелсіз ел болды. Енді, Моңғолия біздің өмір сүруіміз үшін қаншалықты қолайлы болғанымен, қазақтар біртұтас ел болып, бас қосуымыз керек. Қазақ халқының тарихқа кеткен есесін қайтару үшін, сөйтіп

Қазақстанды әрі азат, әрі іргелі елге айналдыру үшін барлық қазақтың бас біріктіруі қажет. Монғолиядағы 130 мың қазақтың бір пәтуға келген мақсат-мүддесі осы.

Енді, нақтылы өтінішті айтпас бұрын, Монғолиядағы қазақтар туралы кейбір деректерді қысқаша келтіре кету қажет:

– Бүкіл Монғолиядағы ауыр өндіріс саласындағы жұмысшылардың 50-60 проценті қазақтар.

– Монғолияның өндіріс орындарындағы бас инженерлердің 30 проценті қазақтар.

– Баян-Өлгей аймағындағы 1500 қазақ жұмысшысы бар Құрылыс тресі бүкіл Монғолиядағы ең озық кәсіпорын саналады.

– Бүкіл жоғары білімді мамандарымыздың 60 проценті Совет мектебінің тәрбиесінен өткен. Ал, мал дәрігерлерінің 90 проценті Совет мектебінің тәрбиесінен өткен. Сонымен бірге, Жапония, Корея, Вьетнам, Қытай, Англия, Германия, Америка, Венгрия сияқты елдерден білім алып, еңбек тәжірибесінен өткен қазақтар да баршылық. Бұлар ұшқыш, кенші, офицер, инженер, дәрігер сияқты әр түрлі мамандық иелері.

– Монғолиядағы қазақтардың басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысады. Олардың қолында 770 мың бас меншік мал бар. Бұлар өте ерте заманнан бері қазақ даласына бейімделген, сұрыпталған асыл тұқымды малдар. Ондай тұқымдар, өкінішке орай, қазір Қазақстанда жоқ.

– Соңғы бір ғасырдай уақыт аясында Монғолия қазақтары да қазақ халқының рухани байлығының еселеп өсуіне өз үлесін қосты. Бұған Баян-Өлгей аймағында жазылған жүздеген кітаптар, ғылыми зерттеу еңбектері, тұрақты жарық көрген ондаған газет-журналдар, өнердің әр түрінде туындаған мұраларымыз жарқын айғақ.

– Ең соңында, арнайы айтуды қажет ететін жағдай, бүгінгі таңда бес-алты ірі бөлікке бөлініп өмір сүріп жатқан қазақ қауымының ішінде ассимиляцияға түспей, дәстүрлі мәдениетін таза күйінде сақтаған бірден-бір бөлігі Баян-Өлгей қазақтары болып отыр. Бұл қасиет олардың артықтығынан немесе артта қалғандығынан емес. Мұның екі-ақ себебі бар. Біріншіден, біз идеялық-саяси репрессияны бастан кешкеміз жоқ. Екіншіден, туысқан Монғолия халқының өмір салты қазақ халқына жақын болғандықтан.

Баян-Өлгей қазақтарының дәстүрлі мәдениетті таза сақтауын арнайы айтуымызда үлкен мән бар. Мұның өзі бүкіл халқымыздың төл мәдениетін, рухани болмысын танып-түсінудің және дамытып-жетілдірудің тарихи қисыны (шансы) деп білеміз.

– Соңғы бірер жылдың аясында Монғолиядан 12 мыңдай адам атажұрты Қазақстанға көшіп келді. Биыл Баян-Өлгейдің қазақтары, дәлірек айтсақ, 10 мыңдай жанұя (семья) жаз шығысымен түріле көшуге ықылас білдіріп отыр. Әрине, бұл қуанышты жағдай. Сонымен бірге, ел азаматтарына үлкен жауапкершілік жүктейтін шаруа. Ертеңгі күні халықтың обалына қалмас үшін және халқымыздың келешегіне шапағаты тиер іске қолдау көрсету үшін, ақыл тоғыстыру мақсатында осы хат жазылып отыр. Біздің тарапымыздан мынандай өтініш-ұсыныстар бар:

1. Саяси қуғын, ашаршылық, сталиндік репрессия сияқты нәубеттерге ұшыраған қазақтарға және қазақстандықтарға реабилитация жасау, компенсация беру туралы қаулы-қарар қажет. Мұның өзі шеттегі қазақтардың атамекенге шоғырлануына жол ашумен бірге, өзге ұлттың наразылығын тудырмаудың тетігі болмақ. Бүкіл Қазақ-

стан территориясы репрессиялық аймақ болғандықтан бұл проблеманы алдымен қазақстандықтар көтеруге міндетті.

2. Монғолия қазақтарының көші-қонына қатысты Қазақстан мен Монғолия үкіметінің арасында ресми әңгіме кешікпей басталса жақсы болар еді.

3. Монғол халқы мен үкіметі Қазақстанға әрі туысқандық сезіммен, әрі үлкен үмітпен қарайды. Монғолия сияқты қанағатшыл, сұранымы шағын елге Қазақстан болмашы ғана көңіл бөлсе, елдің көш-қонына қатысты көп мәселе оңай шешілер еді.

4. Біз, Монғолия қазақтары төл мекенімізді тастап, ғасырлар бойы мандай терімізбен тұрғызған қалаларымыз бен елді мекендерімізді және ата-бабамыздың бейіт-қорымын қалдырып, кіндік жұртымыз – Қазақстанға көшуге бел будық. Ендігі өтініш-талабымыз, біздің өзімізге тиесілі мал-мүліктерімізді, рухани мұраларымызды өзімізбен бірге алып көшу үшін Қазақстан үкіметінің ресми араласуына зәруміз. Біздің әрбір жанұямыздың киіз үйлері бар. Құрастырмалы тұрғын үйлері бар және төрт түлік малы бар. Осы мал-мүлікімізбен жетсек ешкімге ешқандай салмақ түсірмес едік.

5. Бізді әрісі түркі тілдес халықтардың, берісі қазақтардың бастау тегінің айғағы болып табылатын Күлтегін<sup>2</sup>, Тоңұқық<sup>3</sup> сияқты дүниежүзілік мәні бар тарихи ескерткіштеріміздің қалып бара жатқаны алаңдатады. Монғолия үкіметімен тіл табысып, оралымдылық таныта алсақ, осынау ұлы ескерткіштерді ұлттың игілігі етудің тарихи қолайлы сәті туып тұрғанын ескерткіміз келеді. Бұл орайда, Қазақстанда Шыңғыс хан<sup>4</sup> рухына қатысты мол белгілердің бар екені екі жақтың тіл табысуына сәтті қисын болар еді деп ойлаймыз.

6. Монғолия қазақтарын Қазақстанға көшіру, қоныстандыру және әлеуметтік-рухани жағдайын қанағаттандыру жөнінде Қазақстан үкіметінің арнайы комиссия құруын өтінеміз. Мұндай комиссия құрамына Қазақстанның 19 облысының бас әкімдері қамтылса дұрыс болар еді. Сонымен бірге, көшіп келгендердің барлық жағдайына жауап беріп отыратын бас әкім тағайындауыңызды өтінеміз. Әрине, ондай міндет Монғолиядан келген азаматтардың біріне жүктелсе дұрыс болар еді.

7. Монғолиядан келген қазақтарды шашыратпай, шоғырландырып, мүмкіндігінше бір облысқа қоныстандырудың мәні зор. Біріншіден, қазақ халқының әбден өшіп-бітуге айналған дәстүрлі мәдениетінің жандануына игі ықпал етер еді. Екіншіден, бір-бірімен ағайын ел шоғыр отырса, тез орнығады ғой. Онымен қатар сол облыстағы жергілікті ұлттың санын көтеруге ықпал етеді.

8. Біз, Монғолия қазақтары Шығыс Қазақстан облысына толық, Семей облысының Ақсуат аудандарына орналасуды қолайлы көреміз. Бұл мекен, көшіп келуші ағайындардың кәсіби сұранымына қолайлы, ауа райы, табиғаты бізбен ұқсас екенін байқадық. Яғни, әрі малмен, әрі кеншілікпен, өндіріспен әрі құрылыспен айналысуға мүмкіндік бар, әрі біздің байырғы ата мекеніміз.

9. Көшіп келушілер ішінде білікті ғалымдар, жазушылар, өнер адамдары, әскери мамандар бар. Олар үшін астанамыз Алматыдан қоныс сайлау қажет болар деп ойлаймыз.

Құрметті елтөресі Нұреке!

Біз азат отанымыздың, дербес қазақ елінің бақыты үшін бас қосуға бел будық. Бұл жолда Сіздің қамқорлық-көмегіңізге сенеміз!



Монғол Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағында тұратын қазақтардың атынан келген арнайы өкілеттері:

САРТҚОЖАҰЛЫ Қаржаубай, Моңғол Халық Ұлы Құралының депутаты  
Парламент мүшесі, түрколог ғалым; ҚАБАТҰЛЫ Байдолда, Моңғолиядағы  
Баян-Өлгей аймақтық Демократиялық партиясының төрағасы;  
ӘБШЕҰЛЫ Иван, Моңғолиядағы Баян-Өлгей аймақтық Атқару орнының  
жауапты қызметкері

5-Н- қ. 1-т. 1270-ic.160–164-тн.

\* Құжаттың мазмұнына сәйкес

## № 14

### Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа шет елдегі қазақтармен мәдени байланыс жасайтын «Қазақстан» қоғамының хаты

Алматы қ.

1992 жыл 4 маусым

#### ҚҰРМЕТТІ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ !

Дүниежүзілік қауымдастыққа тәуелсіз демократиялық мемлекет ретінде қабылданып жатқан Қазақстанның Азия-Тынық Мұхит бағытындағы саясатында Қытай Халық Республикасы, сөз жоқ, шешуші мәнге ие. Бұл ерекшелік екі елдің бір-бірімен көрші болуымен әрі тамырын ғасырлар қойнауына жіберген тарихи-мәдени, экономикалық қарым-қатынастардың сабақтасуымен де байланысты болса керек. Әлемге әйгілі ұлы «Жібек жолы» Қытай жерінен шығып алдымен қазақ жеріне бет түзеген. Бүгінде сол тарихи байланыс қайта түлеуде. Қазақ топырағын қанға бояған жоңғар мемлекетінің кебін кие жаздаған тұста, Абылай ханның Қытай империясымен және Ресей патшалығымен дипломатиялық қарым-қатынастарда кемеңгерлік көрсетіп, ұлтымызды тұтастай жоқ болып кетуден құтқарғаны тарихтан белгілі. Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстың аса маңызды болатынының, біздіңше, тағы бір үлкен себебі бар. Бұл ел – сырттағы қазақ жұртының ең мол шоғырланған жері. Бұған дейін бірнеше елдегі отандастарымыздың тағдыры мен тіршілігін, тілек-өтініштерін Сізге баяндаған едік. «Қазақстан» қоғамы бұл жолы көрші мемлекеттегі ағайындарымыз туралы ақпарат беруді жөн деп тапты.

Қытай Халық Республикасында, белгілі деректер бойынша, қазір 1 млн. 200 мың қазақ бар деп есептелінеді. Ал архивтік мәліметтер бұл елде ХІХ ғасырдың аяғында 100 мыңдай қазақ болғанын дәлелдейді. Қазақтардың негізгі қонысы – Шинжаң-Ұйғыр автономиялық районының Іле-Қазақ автономиялы облысы (Алтай, Тарбағатай, Құлжа аймақтары). Баркөл және Құмыл аймақтарында, Үрімжі қаласында, Гансу провинциясының Ақсай, Алтын шоқы елді мекендері мен Пекинде де қазақтар бар.

Тарихқа Шығыс Түркстан деген атпен кірген осы өлкенің қазақтары өздерін жат топырақта емес, қайта өз жерімізде жүрміз деп есептейді. Бұл тұжырым тарихи шындыққа жатады. Осы аймақ ежелгі түрік тайпаларының, соңынан қазақ ұлыстарының атамекені болғанын қытай деректері де жоққа шығармайды.

Қытай билеушілерінің ұлы қорғаннан асып, бұл өлкеге көз сала бастағаны он сегізінші ғасырға тұспа-тұс келеді. Бұл қазақтардың жоңғар шапқыншылығын тойтарып, өзі де әлсіреген кезі. Шиңжаң Қытай империясының қарауына 1759 жылы ресми өтті деп саналғанымен, олардың іс жүзінде ықпал жүргізуі XIX ғасырдың аяғына тура келеді. 1881 жылғы Санкт-Петербург шарты бойынша Қытай мен Ресейдің келісімімен ауылы аралас, қойы қоралас қазақ елі шекара сызықтары арқылы екіге бөлінді. Бұл ажырау қазаққа да, жергілікті бөтен ұлт өкілдеріне де (ұйғыр, сібе, т [ағы] б [асқалар]) оңайға тимегені белгілі. Осы атыраптың байлығы мен жерінің табиғи қолайлылығы орыс патшалығын да қызықтырған. Ресей консулдықтары Үрімжі, Құлжа, Шәуешек, Сарысүмбе (Алтай) қалаларында болып, патша үкіметінің ықпалын жергілікті халыққа тигізуге тырысқан. Ал, 1944–47 жылдар аралығындағы Гоминдан үкіметіне қарсы қарулы үш аймақ төңкерісінің нәтижесінде Алтай, Тарбағатай, Құлжа өңірлерінде Шығыс Түркстан уақытша үкіметі құрылған. Бұл қозғалысқа бұрынғы Кеңес Одағы үлкен қолдау жасаған. Жергілікті халықтың арасында ССРО азаматы болғысы келетіндерге совет паспорты таратылған. Оған ежелден сонда тұратын қазақтар ыңғай таныта қоймаса да, Қазақстаннан ауып барған отандастардың басым көпшілігі паспорт алыпты. Олар 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен азамат соғысы кезінде және 30-жылдардағы аштық пен күштеп коллективтендіру нәубеттерінен үдере көшкен қазақтар болатын. Сол жылдарда Алматыда олар үшін арнаулы «Қазақ елі» (1949 жылдан кейін «Жаңа өмір») атты журнал басылып, тегін жіберіліп тұрған. Он жылдық (орыс, қазақ, татар, өзбек тілдерінде) совет мектептері ашылып, оның барлық шығынын Қазақстан үкіметі көтерген.

1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін Кеңес Одағы жағынан қазақтарға жәрдем бәсеңдеп, 1953 жылдан соң мүлде тоқтапты. 1955 жылы екі ел арасындағы келісім бойынша қолында совет азаматы екенін білдіретін паспорты бар мыңдаған адамдар Кеңес Одағына, соның ішінде Қазақстанға қайта оралыпты.

Жаңа үкімет тұсында белең алған солшыл саясат пен дүмшеліктің салдарынан, бұл елдегі ағайындар көп қиыншылықты бастан кешіргені белгілі. Халық тарығып, тапшылыққа ұшырады. Әсіресе, «Мәдениет революциясы» басталғаннан кейін зорлық-зомбылық тіпті, үдегені мәлім. Осындай қысымдардың салдарынан, 1962 жылы 60 мыңнан астам қазақ, ұйғыр және басқа халық өкілдері шекараны бұзып өтуге мәжбүр болыпты. Сол кезеңде жақын туыстар бір-бірінен көз жазып қалып, барыс-келіс былай тұрсын, хат-хабар алмасу мұңға айналған. Тек жетпісінші жылдардың аяғында Қытайда басталған Дэн Сяопиннің<sup>1</sup> экономикалық реформасы, кейінгі жылдардағы «ашық есік саясаты» екі ел халқының бір-бірімен араласуына мүмкіндік берді. Өзара экономикалық байланыстар қалпына келтіріліп, екі ортада әуе, теміржол қатынастары ашылды, шекара маңындағы сауда-саттық та жандана бастады. Бұған бұрынғы Кеңес Одағының қайта құру саясаты да көп септігін тигізді.

Шиңжаң қазақтарының дені қазір де мал шаруашылығы мен егіншілік сала-

сында. Өндіріс ошақтарында қызмет ететін қазақтар сирек кездеседі. Ондағы ағайындардың айтуына қарағанда, біздерден ертерек қолға алынған жекешелендіру мен жалгерлік әдіс ауқаттылыққа, әркімнің өз қабілетін барынша көрсетуіне кең жол ашқан. Ел тұрмысы түзеле бастапты. Қазақ зиялыларының қатары жоғарыда ауызға алынған науқандар мен мәдени төңкеріс жылдары біраз селдірегеніне қарамай, соңғы жылдары қайта молая бастапты. Әсіресе, әдебиет пен мәдениет саласының өкілдері халқымыздың ұлттық мұраларын жинап, зерттеулерде едәуір еңбек сіңіріп жүрген көрінеді. Балалардың ана тілінде мектепте, жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіншіліктері бар. Шиңжаңда оқытудың екі жолы бар екен. Бірі үкімет тарапынан, екіншісі оқушының өз қаражатынан. Жапония, АҚШ, Швейцария қатарлы елдерде оқып жатқан қазақ жастары да бар деседі. Талапкерлердің біразы қаражаты жоқ болғандықтан, әрі оқуға түсу шартының ауырлығынан Қазақстанда білім алғысы келетіндіктерін білдіріп, өтініштерін жолдауда. Жәнәбіл (Қытай қомпартиясының Шиңжаң комитеті хатшысының орынбасары), Дияр (саяси кеңес бастығының орынбасары), Қыдырбай (халық үкіметі төрағасының орынбасары), генерал Ботай («Нункнь» өндіріс-құрылыс армиясы бастығының бірінші орынбасары), С. Жанболатов (оқу министрінің орынбасары) сияқты азаматтар бүкіл өлкеге танымал. Сонымен қабат, қазақ тарихына қатысты құнды зерттеулерімен тек қазақтарға ғана емес, күллі түрік жұртшылығына белгілі бола бастаған профессор Нығмет Мыңжанұлы, жазушылар А.Татанаев, Қ. Шабданұлы, ақындар Ш. Оңалбаев, А. Оспанұлы, О. Айтанұлы, атақты әнші Хамит Ысқақов, композитор Б. Естемісов секілді көптеген қазақ қайраткерлері бар. Отызға жуық қазақ тілінде басылымдар жарық көреді. Халқымыздың ерте заманнан бергі ұлттық мәдени байлығы жайынан сыр шертетін арнайы «Мұра» журналы шығады. Ана тілінде кітап, оқулықтар басытын біраз баспалар бар. Пекиндегі «Ұлттар» баспасы да қазақ тілінде басылымдар шығарады. Өлке қазақтары А. Байтұрсынов<sup>2</sup> жасаған араб емлесі негізіндегі жазуды қолданады. Сондықтан да, олар Қазақстанда жарық көретін басылымдар мен көркем шығармаларды оқуға ділгер. Ерекше атап өтерлік жәйіт, өлкеде қазақ тілі қаймағы бұзылмаған таза қалпында тұр. Айтыс өнері де жоғары, суырып салма деңгейінде екен. Оған қоса қазақтың қолөнері де кешегі мен бүгінгіні ұштастырып отыр. Халық емшілігінен – өсімдіктен дәрі дайындау, оташылық сақталған көрінеді, арнаулы емханалар да бар екен. Бір ескерте кететін жағдай мынау, Іле-Қазақ автономиялы облысында қазақтар бүгінде халықтың үштен бірін құрайды. Елдің ішкі аймақтарынан Шиңжаңға бет алған көшіп келушілер ағыны толастамай жатса керек. Бұл жағдай келешекте қазақ ағайындар үшін біраз қиындықтар тудыруы мүмкін.

Республикамыздың тұрғындарының Шиңжаңдағы бауырларымен өтпелі кезеңдерде байланыстарының үзіліп қалғанын ауызға алып өттік. Бұл жылдар ішінде, тіпті қазір де, «Қазақстан» қоғамы ол өлкедегі ағайындармен қою қарым-қатынасқа бара алған жоқ. Мұның өзіндік себептері де бар. Бұған бұрынғы Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы идеологиялық текетірес өз ызғарын тигізгені, сонымен қатар, біздің қоғамның біршама уақыт қазақтармен қатар ондағы қалың ұйғыр жұртына ықпал етуге жасаған әрекеті де жатады. Сондықтан да, қоғам 1989 жылы ұйғыр халқына қатысты өз қызметін тоқтатып, газеттің ұйғыр тіліндегі нұсқасын жапты.

Осыған қарамастан Қытайдың ресми орындары бүгінге дейін қоғамның қызметінен күдіктену сыңайын байқатады. Соның салдарынан қоғамның газеті «Шалқар» Шинжаңдағы қазақтар арасына кең таралмай отыр. Бұл, Қазақстандағы өзге басылымдарға тән қиындық. Бірақ, Қазақстандағы жақын туыстарына «Шалқарды» жаздырып, газетті почта арқылы не қатысқан кісілерден алдырып жатқан ағайындар да бар сияқты. Қазақстандық мерзімді басылымдарға сұраныс көп.

Қытай Халық Республикасындағы қазақ жұрты туралы баяндай отырып, Сізден бұл елдегі бауырларымызды және республика жұртшылығын алаңдатып отырған мәселелерді тиісті дәрежеде шешуде өз тарапыңыздан қолдау көрсетуіңізді сұраймыз. Қоғам мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет деп санайды:

1. Бұқаралық ақпарат құралдары мен кейбір басқосуларда Қытайдағы қазақтарды республикамызға түп қотара көшіріп алу жөнінде пікірлер айтылуда. Мұны ондағы ресми орындар түгілі, өз атажұртымызда жүрміз деп есептейтін ағайындар да жайсыз қабылдайтын көрінеді. Сол себепті осы тақылеттес ұшқары пікірлерді бәсеңдетіп, қазіргі барыс-келісті, мәдени-ғылыми, экономикалық қатынастарды мұнан да сапалы деңгейге көтеру әлдеқайда тиімдірек болатыны даусыз. Осыған орай, екі ел ортасындағы дипломатиялық қатынастарды пайдалана отырып, Шинжаң қазақтарына қатысты мәселелерді үкіметаралық келісімдермен шешу аса қажет сияқты.

Мұның бір қадамы – Қытай қазақтарының Қазақстанға келіп қайтуын жеңілдетуге ықпал жасау. Өйткені, олар біздің жақтан барған шақыру қағазына рұқсатты (визаны) қашықтағы Пекиннен алады екен. Жол қаражатының ауырлығын былай қойғанда, қияндағы кейбір малшылар үшін тіл білмеу қиындығы да бар. Сол себепті, Пекинде Қазақстан елшілігі ашылған жағдайда көп мәселені жергілікті орында шешу үшін, Шинжаң қазақтарына орталық болып саналатын Құлжа не Үрімжіде консулдық ашылса тиімді болар еді.

2. Үстіміздегі ғасырдың орта шенінде біраз жұрт совет азаматы деп саналуға мүмкіндік беретін құжаттар алғанын және олардың бірқатарының елге оралғанын Сізге баяндадақ. «Мәдениет революциясы» жылдары қалған азаматтардың біразы қырсық тиеді деген түсінікпен паспорттарынан айрылып қалыпты. Үкіметаралық келісімдер арқылы, қолында совет паспорты болғандар мен олардың ұрпақтары арасынан Қазақстанға түбегейлі келуге тілек білдірушілерді атамекенге қайтару мәселесін шешу керек. Сонымен қабат, халықаралық адам құқықтарын қорғау құжаттарына сүйеніп, бір-бірінен көз жазған ағайындардың табысуына ресми түрде жол ашу қажет.

3. Қытайдағы дарынды қазақ жастарының Қазақстанда білім алуға деген ұмтылысы – заңды талап. Осыған байланысты, бұлардың біздің еліміздегі кәсіптік-техникалық, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында білім алуы жүйесін белгілеп, үкімет қамқорлығына алса құба-құп болар еді. Олардың іштерінде қытай тілін жетік меңгергендердің көптігін де ескерген жөн. Ондай мамандарға деген қажеттілік бүгіннің өзінде көрініп тұр.

4. Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран және басқа бірқатар елдердегі қазақтар араб емлесі негізіндегі төте қазақ жазуын қолданатынын ескеріп, республика Баспасөз және ақпарат құралдары министрлігінің қарауында арнайы баспа құрылып, Қазақстандық авторлардың көркем шығармаларын, ғылыми еңбектерін,

оқулықтарын сол графикамен шығаруды қолға алатын уақыт жеткен секілді. Әсіресе, кезек күттірмейтін бір мәселе – екі елде қазақ тілінде жарық көретін газет-журналдарды жаздырып алуды іске асыру. Бұл екі елдегі қазақтар арасындағы рухани-этникалық байланыстарды және экономикалық қатынастарды нығайтуға дәнекер болатыны сөзсіз.

**«Қазақстан» қоғамының  
Президиумының төрағасы  
Ш. ЖӘНІБЕКОВ**

Қарар: Джолдасбеков М.  
Бұл мәселелерді қарауыңызды  
сұраймын.  
**Н. Назарбаев (қолы)**  
4.VI.92.

5–Н-қ. 1-т. 1224-іс. 56–61-пп.

## № 15

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 шілдедегі  
№ 578 «Өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге қайтып келуге  
тілек білдірген байырғы ұлт адамдарын ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі  
1992 жылға арналған бағдарлама туралы» қаулысы**

*Алматы қ.*

*1992 жыл 3 шілде*

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге қайтып келуге тілек білдірген байырғы ұлт адамдарын ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі 1992 жылға арналған бағдарлама бекітілсін (№ 1 қосымша).\*
2. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары және Облыстардың әкімдері осы бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ететін болсын.
3. Өзінің тарихи отанына қайтып келуге тілек білдірген адамдарды қабылдауға байланысты мәселелерді оралымды шешу жөніндегі Республикалық жұмыс тобының құрамы (№ 2 қосымша)\*\* бекітілсін. Облыстардың әкімдері облыстарда осындай жұмыс тобын құратын болсын.
4. Облыс әкімдеріне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Еңбек министрлігімен бірлесіп, бұрынғы жасасылған шарттарға қосымша Монғолиядан 1,5–2,0 мың отбасын қабылдауды қамтамасыз ету тапсырылсын,
5. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Қазақ азаматтық авиация басқармасы облыс әкімдерімен және Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Еңбек

министрлігімен келісіп, 1992 жылы Монғолиядан Қазақстанға келушілердің отбасылары мен мүліктерін (жүктерін) тасып әкелуді қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі қоныстанушы отбасыларының жеке малын айдап әкелу тәртібін анықтайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық салалар арқылы Қазақстан Республикасына келуге байланысты қажетті шарттар мен рәсімдерді жүзеге асыруда азаматтар мен олардың отбасы мүшелеріне жәрдем мен көмек көрсетсін.

7. Шығыс шекара округінің басқармасы мен Қазақстан Республикасының Кеден комитеті шекарадан отбасыларын, олардың мүлігі мен малын өткізуді қамтамасыз етсін және Монғолиядан Қазақстанға қоныс аударушы адамдарға шекара мен кеден бақылауын ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі отбасыларын тасымалдау үшін Қазақ азаматтық авиация басқармасына қосымша 5 мың тонна авиациялық отын бөлсін.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан республикасы Еңбек министрлігінің өтінімдері бойынша қоса берілген есептерге (№ 3, № 4, № 5, № 6 қосымшалар)\*\*\* сәйкес бағдарламаның жүзеге асырылуын қаржыландыруды қамтамасыз етсін. Осы мақсатқа 1992 жылға республика бюджетінен қажетті қаржы бөлінуін қарастырсын.

10. Бағдарлама жөніндегі оралымды жұмысты үйлестіру және оның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне жүктелсін.

11. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі 1992 жылдың желтоқсан айында осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне ақпар беретін болсын.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

*5–Н-қ. 1-т. 96-іс. 159–160-нн.*

---

\* № 16-құжатты қараңыз

\*\* № 18-құжатты қараңыз

\*\*\* Құрастырушы қосымшаларды көрсетпейді

## № 16

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 3 шілдедегі  
№ 578 қаулысына  
№ 1 қосымша

**Өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге  
қайтып келуге тілек білдірген байырғы ұлт адамдарын  
ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі 1992 жылға арналған  
БАҒДАРЛАМА**

р/с №№	Мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Ескерту
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан территориясына қоныстанатын отбасылардың қосымша санын көшіру мен орналастыру жөнінде 1992 жылға шарттар жасасу жұмысы ұйымдастырылсын	шілде айының 10-ына дейін	Еңбекмині, Ауылшармині, облыстардың әкімдері	
2.	Қазақстан Республикасына көшіп келуге тілек білдірген 10 мыңнан аса отбасыға, оның ішінде Монғолиядан 5 мыңдай отбасыны қоныстандыруға жәрдем жасалсын	жыл бойына	Еңбекмині, Ауылмині, облыстардың әкімдері	
3.	Монғолия Еңбек министрлігінің келісімімен: маусым тәртібі анықталсын – азаматтар мен олардың отбасы мүшелерін тасымалдау; – үй мүлігін (жүгін) тасымалдау; – Баян-Өлгей аймағынан мал айдап өткізу тәртібі анықталсын	шілде айының 10-на дейін	Еңбекмині, Ауылшармині, Көлікмині, ҚААБ	
4.	Монғолиядан және ТМД республикаларынан қоныс аударушы отбасыларын көшіруге және мүлігін (жүгін) тасымалдауға малын айдап әкелуге шығатын шығынның жалпы сметасы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етілетін болсын	шілде	Қаржымині, Еңбекмині, Ауылшармині, Көлікмині, ҚААБ	
5.	Шет елдер мен ТМД республикалары тиісті органдарымен кеден-өткізу пункттерінен шекара өткелдерінен өтуге, мүлік пен малды өткізуге рұқсат алуға байланысты мәселелерді қарасын	шілде айының 10-на дейін	Сыртқы істер министрлігі, Кеден комитеті, Шығыс шекара округі	

1	2	3	4	5
6.	Әуе жайларда (жиналу пункттерінде) қосымша бақылау-өткізу пункттері ұйымдастырылсын	қажеттігіне қарай	Кеден комитеті, Шығыс шекара округінің басқармасы	Монғолиядан қоныс аударушылар үшін Семей, Өскемен қалаларының әуе жайларында
7.	Қоныстанушы отбасыларының мамандығы жоқ жұмысқа жарамды мүшелерін даярлықтан және қайта даярлықтан өткізу бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылсын; қосымша жұмыс орындарын құру жұмысы жүргізілсін	жыл бойына	Еңбекмині, Ауылшармині	
8.	Ұлтмем банктің келісімімен басқа мемлекеттерден келетін азаматтар үшін жиналу пункттерінде ұлттық валюталарды сомға немесе келісілген валютаға айырбастау тәртібі анықталсын	1-і тамыз	Еңбекмині, Ұлтмем. банкісінің келісімімен	
9.	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 қарашадағы № 711 қаулысына сәйкес уақтылы зейнетақы мен жәрдемдер тағайындап, төлеу ұйымдастырылсын	ұдайы	Әлеуметтік қорғау министрлігі	
10.	1993 жылы отандастырымызды ұйымдасқан түрде қабылдау жөніндегі жұмыс қолға алынсын	1992 жылғы қыркүйек – желтоқсан	Облыс әкімдері, Еңбекмині	

5–Н-қ. 1-т. 96-іс. 161–162-пп.

№ 17

**Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 3 июля 1992 года  
№ 578 «О программе по организованному приему лиц коренной  
национальности, желающих возвратиться на свою историческую родину,  
в том числе в городскую местность, на 1992 год»**

г. Алма-Ата

3 июля 1992 г.

Кабинет Министров Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить программу по организованному приему лиц коренной национальности, желающих возвратиться на свою историческую родину, в том числе в городскую местность, на 1992 год (приложение №1).\*

2. Руководителям министерств и ведомств, Главам областных администраций обеспечить выполнение этой программы.



3. Утвердить состав республиканской рабочей группы по оперативному решению вопросов, связанных с приемом лиц, желающих возвратиться на свою историческую родину (приложение № 2).\*\* Главам областных администраций образовать аналогичные рабочие группы в областях.

4. Поручить главам областных администраций совместно с Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан и Министерством труда Республики Казахстан, обеспечить дополнительно к ранее заключенным договорам прием 1,5–2 тысяч семей из Монголии.

5. Министерству транспорта Республики Казахстан, Казахскому управлению гражданской авиации обеспечить в 1992 году, по согласованию с Главами областных администраций, Министерством сельского хозяйства и Министерством труда перевоз семей и провоз домашнего имущества (багажа) граждан, прибывающих из Монголии в Казахстан. Министерству сельского хозяйства Республики Казахстан определить порядок осуществления перегона личного скота семей.

6. Министерству иностранных дел Республики Казахстан по дипломатическим каналам оказать содействие и помощь гражданам и членам их семей в осуществлении требуемых формальностей и процедур, связанных с въездом в Республику Казахстан.

7. Управлению Восточного пограничного округа и Таможенному комитету Республики Казахстан обеспечить пропуск семей, имущества и скота через границу, организовать пограничный и таможенный контроль за лицами, переселяющимися из Монголии в Казахстан.

8. Министерству энергетики и топливных ресурсов Республики Казахстан выделить дополнительно Казахскому управлению гражданской авиации 5 тысяч тонн авиационного топлива для перевоза семей.

9. Министерству финансов Республики Казахстан по заявкам Министерства труда Республики Казахстан обеспечить финансирование реализации программы согласно прилагаемым расчетам (приложения № 3, 4, 5, 6).\*\*\* Предусмотреть выделение на эти цели необходимых средств из республиканского бюджета на 1992 год.

10. Координацию оперативной работы и контроль за выполнением программы возложить на Министерство труда Республики Казахстан.

11. Министерству труда Республики Казахстан представить в Кабинет Министров Республики Казахстан информацию о ходе выполнения настоящего постановления в декабре 1992 года.

**Премьер-министр  
Республики Казахстан  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 96. Лл. 169–170.*

\* См.: док. № 16.

\*\* См.: док. № 18.

\*\*\* Не приведены составителем

Приложение № 2  
к постановлению  
Кабинета Министров  
Республики Казахстан  
от 3 июля 1992 года № 578

**Состав**  
**рабочей группы по оперативному решению вопросов, связанных с переселением лиц, желающих возвратиться на свою историческую родину**

- Турсумбаев Б. М. – заместитель Премьер-министра, Министр сельского хозяйства Республики Казахстан (председатель)
- Бейсенов С. Д. – Министр труда Республики Казахстан (заместитель председателя)
- Рахимжанов Н. Т. – начальник отдела миграции и переселения Министерства труда Республики Казахстан (ответственный секретарь)

Члены рабочей группы:

- Абылкасимов С. С. – начальник Главного управления занятости Министерства труда Республики Казахстан
- Алиакпаров Е. К. – заместитель председателя правления Казпотребсоюза
- Алпысбеков К. М. – заместитель Министра транспорта Республики Казахстан
- Бегахметов Т. К. – заместитель Министра труда Республики Казахстан
- Бекбергенов С. Б. – старший референт Отдела внешних связей Аппарата Президента и Кабинета Министров Республики Казахстан
- Ботов А.Н. – председатель Республиканского объединения «Казагропромтехника»
- Браташев В.Г. – заместитель Министра финансов Республики Казахстан
- Есмуканов Г.Е. – заместитель Министра сельского хозяйства Республики Казахстан
- Искаков Б. Г. – заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан
- Мадигожин Т.М. – начальник производственно-диспетчерской службы Казахского управления гражданской авиации
- Нурумова Р.Е. – заместитель Министра торговли Республики Казахстан
- Таджияков Б. Ш. – заместитель председателя правления Национального государственного банка Республики Казахстан
- Турарбеков Б. Ш. – начальник консульского управления Министерства иностранных дел Республики Казахстан
- Шкляр В. В. – первый заместитель председателя Таможенного комитета Республики Казахстан

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 96. Лл. 174–175.*

№ 19

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 27 тамыздағы № 709 «Дүниежүзі қазақтарының  
құрылтайына әзірлену мен оны өткізу туралы» қаулысынан**

Алматы қ.

1992 жыл 27 тамыз

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Жазушылар одағының, республикалық «Қазақстан», «Қазақ тілі» қоғамдары мен бірқатар басқа қоғамдық ұйымдардың 1992 жылғы 28 қыркүйек пен 3 қазан аралығында Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу туралы ұсынысы мақұлданды. Құрылтайға әзірлену мен оны өткізудің жоспары бекітілсін. (№ 1 қосымша)\*

Құрылтайға лайықты түрде әзірліктер жүргізу үшін әрі бекітілген шараларды жүзеге асыруда мәселелерді жедел түрде шешу мақсатында Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының ұйымдастыру комитеті құрылсын. (№ 2 қосымша)\*

Дүниежүзі қазақтары құрылтайының ұйымдастыру комитеті Алматы, Жезқазған, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Алматы қаласының әкімдері Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы шараларын жоғары ұйымдық-шығармашылық деңгейде әзірлеп, өткізуді қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы және бөлімдері форумды әзірлеу мен өткізуде ұйымдастыру комитетіне жан-жақты жәрдем мен көмек көрсетсін. Облыс әкімдері құрылтайға делегациялар жіберетін болсын. [...]

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

---

\* «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы: 15 жыл». – Алматы, 2007. – 5–7 бб. кітабында толық шыққан

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің**  
**1992 жылғы 23 қыркүйектегі**  
**№ 791 «Шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдерін Қазақстан**  
**Республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен**  
**қамтамасыз ету туралы» Қ А У Л Ы С Ы**

Алматы қ.

1992 жыл 23 қыркүйек

Қазақстанмен танысу үшін сапарда жүрген, еңбек контракттары бойынша жұмысқа, экономикалық қарым-қатынастарды жолға қою мен қайырымдылық істері бойынша, туған-туыскандарымен дидарласып қайтуға, сондай-ақ, оқуға түсу үшін келген шетелдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің республика территориясында жүріп-тұруына қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і:

1. Шетелдік қазақ диаспорасының өкілдеріне Қазақстан территориясында болған кезінде, ведомстволық бағынысына қарамастан мейманханалардағы жамбаспұл үшін, республикалық әуе жолдары ұшақтары мен республика ішіндегі темір жол көлігіне алынған билет үшін республика азаматтарына белгіленген төлеу тәртібі қолданылатын болсын.

2. Басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын қазақ жігіттері мен қыздарына кәсіптік-техникалық, орта арнаулы және жоғары оқу орындарына, аспирантураға оқуға түсулеріне, сондай-ақ тағылымдамадан өтулеріне Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей хұқық берілсін, олар стипендиямен, басқа да қажетті материалдық жағдайлармен мемлекет есебінен қамтамасыз етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бір ай мерзім ішінде басқа мемлекеттердің азаматтары саналатын қазақ жастарын біліми және кәсіби бейімдеудің, оларды әлеуметтік-экономикалық қолдаудың бағдарламасын және ведомстволық бағынысына қарамастан орта арнаулы және жоғары оқу орындарына оқуға қабылдау шарттарын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне, облыстардың әкімдеріне, Алматы қаласының әкіміне басқа елдерде тұратын қазақ ұлтының адамдарына өндірістік ғимараттар, тұрғын үйлер салуға жер учаскелерін бөлуде, тұрғын үй құрылысы кооперациясына қатысуда, асханаларды, дүкендерді тұрмыстық қызмет шеберханаларын жалға алуда, бірлескен кәсіпорындар құруда, мемлекеттік меншіктің барлық нысандарын жекешелендіру жөніндегі аукциондарға қатысуда белгілі бір жеңілдіктер мен басымдықтар беру жөнінде шаралар қолдану ұсынылсын.

5. Мыналар:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі – шетелдік қазақ диаспорасы өкілдерінің республикамызда болған кезінде олардың емдеу-сауықтыру жәрдемін пайдалануының тәртібін белгілесін, республика азаматтарына ортақ негізде санаторийлік-курорттық емделулерін қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі-мүдделі ұйымдармен бірлесіп, шетелдік отандастардың ұлттық-этникалық мүддесін ескере отырып, республикамыздың аймақтары бойынша таныстық сапарлары үшін арнайы туристік маршруттар белгілесін;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі – шетелдік қазақ диаспорасы өкілдеріне белгіленген тәртіп бойынша республикамызға келу визасын беру және «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға сәйкес республика азаматтығын алуға қатысты құжаттарды ресімдеу шараларын белгілесін;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі – шетелдік қазақ диаспорасының келген өкілдерінің уақтылы тіркелуі мен олардың республика территориясында жүріп-тұруына қажетті құжаттарды әзірлеу жөнінде тиісті шаралар қолдансын. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға ниет білдірген әрі түпкілікті тұруға рұқсат алған азаматтардың қажетті іс қағаздарын рәсімдеуді қамтамасыз етсін.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

*5-Н-қ.1-т. 2568-іс. 2-п., 2-қайырма бет. Рассталған көшірмесі.*

## **№ 21**

### **Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 23 сентября 1992 года № 791 «Об обеспечении социально-экономических льгот представителям зарубежной казахской диаспоры в период пребывания в Республике Казахстан»**

В целях создания благоприятных условий для пребывания на территории республики представителей зарубежной казахской диаспоры, совершающих ознакомительную поездку, прибывших на работу по трудовым контрактам, для налаживания экономического сотрудничества и благотворительной деятельности, посещения родственников и поступления на учебу, Кабинет Министров Республики Казахстан **п о с т а н о в л я е т**:

1. Распространить на представителей зарубежной казахской диаспоры, в период их пребывания на территории Казахстана, установленный для граждан республики порядок оплаты за проживание в гостиницах, независимо от ведомственной принадлежности, приобретения билетов на самолеты республиканских авиалиний и на железнодорожный транспорт внутри республики.

2. Предоставить юношам и девушкам казахской национальности, являющимся гражданами других государств, право поступления на учебу в профессионально-технические, средние специальные и высшие учебные заведения, в аспирантуру и стажировку, наравне с гражданами Республики Казахстан, обеспечить их стипендией и необходимыми материальными условиями за счет государства.

3. Министерству образования Республики Казахстан в месячный срок разработать программу образовательной и профессиональной адаптации, социально-экономической поддержки и условия приема, независимо от ведомственной подчиненности, в средние специальные и высшие учебные заведения молодежи казахской национальности – граждан других государств и внести в Кабинет Министров Республики Казахстан.

4. Рекомендовать Государственному комитету Республики Казахстан по государственному имуществу, главам областных, Алма-Атинской городской администраций принять меры по предоставлению лицам казахской национальности, проживающим в других странах, определенных льгот и приоритетов в отводе земельных участков под застройку производственных зданий, жилья, участия в жилищно-строительной кооперации, получения в аренду столовых, магазинов, мастерских бытового обслуживания, создания совместных предприятий, участия на аукционах по приватизации всех форм собственности.

5. Поручить:

Министерству здравоохранения Республики Казахстан определить порядок пользования представителями зарубежной казахской диаспоры лечебно-профилактической помощью в период пребывания их на территории республики, обеспечения санаторно-курортным лечением на общих основаниях с гражданами республики;

Министерству туризма, физической культуры и спорта Республики Казахстан совместно с заинтересованными организациями разработать специальные туристические маршруты для ознакомительных поездок зарубежных соотечественников по регионам республики с учетом национально-этнических интересов;

Министерству иностранных дел Республики Казахстан разработать меры по выдаче в установленном порядке представителям зарубежной казахской диаспоры виз для въезда на территорию республики и оформлению документов для получения гражданства республики в соответствии с Законом «О гражданстве Республики Казахстан»;

Министерству внутренних дел Республики Казахстан принять соответствующие меры по своевременной регистрации прибывших представителей зарубежной казахской диаспоры и оформлению документов на проживание и передвижение по территории республики. Обеспечить оформление необходимых документов лицам, получившим разрешение на постоянное жительство и изъявившим желание принять гражданство Республики Казахстан в соответствии с Законом «О гражданстве Республики Казахстан».

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

*Ф. 5–Н. Он. 1. Д. 2568. Л.1, 1 об.*

## Справка МИД Республики Казахстан о казахской диаспоре в ФРГ

[до 28 сентября 1992 г.]\*

Казахская диаспора в ФРГ, насчитывающая около 2 тысяч человек, намерена принять активное участие в установлении и развитии деловых и культурных связей между Казахстаном и Германией. В этих целях ее представители готовы тесно сотрудничать как с казахской, так и с немецкой стороной, а также с немцами, переселившимися в ФРГ из Казахстана и сохранившими родственные и иные связи на своей бывшей родине.

Опора на эти круги создает хорошую основу для развития прямых связей между мелкими и средними предпринимателями двух государств.

Представители общества германских казахов «Казахстан» предлагают свое содействие в вопросе о создании сети городов-побратимов, имея в виду, такие места компактного проживания казахов в ФРГ как Кельн, Мюнхен, Гамбург и Берлин, в расширении казахско-германского сотрудничества в области образования (направление казахской молодежи на учебу в ФРГ), туризма (совместные туристические бюро, комплексы, турбизнес), торговли (открытие магазинов, ресторанов, филиалов торговых фирм).

Большие надежды казахская диаспора в ФРГ возлагает на всемирный курултай казахов, проведение которого намечено на конец сентября т [екущего] г [ода] в Алма-Ате.

Встречи с представителями общества «Казахстан» в ФРГ явились бы для участников предстоящего слета казахов, проживающих за рубежом, ощутимым импульсом к активизации связей с Казахстаном и создали бы дополнительные возможности для развития экономики и культуры республики.

В ходе визита в ФРГ можно было бы договориться с немецкой стороной о взаимном оказании помощи немцам, проживающим в Казахстане и казахской диаспоре в Германии, и о широкомасштабном сотрудничестве в этой области, в интересах углубления двусторонних казахско-германских отношений.

Аналогичную работу целесообразно провести и во Франции, где также существует значительная по численности казахская диаспора.

Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 1345. Л. 102.

---

\* Датируется по косвенным данным

### Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы

Алматы қ.

1992 жыл 29 қыркүйек

Алматыда, Абай<sup>1</sup> атындағы академиялық опера және балет театрында дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы 1992 жылы 29 қыркүйекте жұмысын бастады.

Құрылтайға Түркия, Германия, Франция, Швеция, Норвегия, Монғолия, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және басқа елдерден, барлығы – 33 елден<sup>2</sup>, сондай-ақ Қазақстан облыстарынан келген өкілдер – 800-ден астам кісі қатысты.

Мәжілісті Дүниежүзі қазақтары Құрылтайын ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков ашты.

Мәжілісте сөз кезегіне шыққан Дәлелхан Жаналтайдың (Түркия) көзіне жас алып, еңкілдеп тұрып айтқаны:

– Мен бұл күнді көрем деп ойлаған жоқ едім. Құдайға шүкір, өшкенім жанды, өлгенім тірілді! Енді арман жоқ!

Осы сөз құрылтайдың өзегіне айналды.

Құрылтай күн тәртібіндегі мәселелерді (Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау) талқылады.

Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы етіп сайлау туралы ұсыныс бір ауыздан қабылданды. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының бірінші хатшысы, белгілі жазушы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары болып сайланды. Дәлелхан Жаналтай (Түркия), Мырзатай Жолдасбеков, Алтынбек Сәрсенбаев – Төралқа мүшелері.

Кешкілік Республика сарайында құрылтайдың салтанатты мәжілісі өтті. Мәжілісте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халқымыздың тарихы мен тағдырын тебірене толғаған баяндама жасады\*.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі. – Алматы, 2002. – 4–5 бб.*

---

\* 24-құжатты қараңыз



**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзі қазақтарының бірінші Құрылтайында сөйлеген сөзінен***Алматы қ.**1992 жыл 29 қыркүйек*

[...] Бүгінгі құрылтайдың басты мақсаты – бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрлейтінін талқылау. Қазақ диаспорасының қалыптасуы – зерделі жанды таң қалдыратын құбылыс. Әрбір үш адамның біреуі атамекеннен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қиын шығар. Қазір әлемнің 40-тан астам елінде төрт жарым миллиондай қазақ өмір сүріп жатыр. Қытайда, Моңғолияда қазақ ұйысып отыр, ағайындарымыз Түркияда, Иранда, Ауғанстанда көп, Еуропада да аз емес. Америкада, Канадада, тіпті алыстағы Австралияда да бар. Әрқайсысының тағдыры, тұрмыс халі әртүрлі. Құбатөбел күн кешіп жүргендері де баршылық, дәулеті асып тұрғандары да табылады. Бірақ, бәріне тән, бәріне ортақ нәрсе – сағыныш, атамекенді аңсау. Шетелдік сапарларға шаққанда отандастарымыз іздеп келіп, ой-арманын, мұң-мұқтажын айтып жатады. Сырласа қалсаң, сай-сүйегің сырқырайды, арман-тілектерін тыңдасаң, жан-жүрегің елжірейді.

Шеттегі қазақтардың халықтың дәстүрді сақтауы сүйсінтеді, тәнті етеді. Өткен жылы Түркияға сапар кезінде Стамбул әуежайында жиналған ағайындардың «Ақсарбас!», «Ақсарбас!» – деп қол жайып, бірден үш ақсарбас шалғаны бізді қатты тебірентті. Мұндай ықылас-пейілді мен күні кеше Германия мен Францияға барған сапарым кезінде де көрдім.

Атамекеннен алыстағы бауырларымыздың ана тілін қадірлеуі, қандай жағдайда да ұмытпағаны – біздің ұлт болып мақтан тұтар нәрсеміз. Не мектебі, не кітабы, не теледидары, не радиосы тіпті, кейде қазақ көршілері де жоқ жердің өзінде ұлқызымен қазақша сөйлесетіні қуантады. [...]

...Біз қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы республикаларда тұратын бауырларымызды да отандастар деп санаймыз. Қазір «таяу шетелдер» деп аталып жүрген бұрынғы Кеңес Одағы республикаларында 1989 жылғы санақ бойынша 1 миллион 600 мыңнан астам қазақ тұрады.

Өзбекстандағы, Түркіменстандағы, Қырғызстандағы қазақтар ана тілін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы сақтаған.

...Көптеген қалаларда қазақ мәдени орталықтары құрылып, талай-талай игілікті шаруа атқаруда. Атамекеннен алыста, туған жерден жырақта ұлтының болашағын ойлап, қазақ мәдени орталықтарын ұйымдастырып, бауырларымызға қанатымен су сепкен қарлығаштай, рухани қазына жеткізіп жүрген абзал азаматтардың талайы, олардың игілікті ісіне түсіністікпен қарап, қазіргідей қиын кезде тиісінше қолдау көрсетіп отырған туыстас елдер үкіметтерінің, жергілікті әкімшіліктер басшыларының біразы осы Құрылтайдың қадірменді қонақтары болып отыр. Орайлы сәтті пайдаланып, біз сіздерге шынайы ризашылығымызды білдіреміз, ақ алғысымызды айтамыз.

Қадірлі отандастарымызға басын ашып айтар тілектің бірі – халқымыздың

«Кісідегінің кілгі аспанда» деген даналық сөзін ұмытпау. Бұл сөз Қазақстан мен қазақ диаспорасы арасындағы қарым-қатынасқа тікелей қатысты. Халықаралық уағдаластықтарды мойындап, мемлекеттердің бір-бірінің ішкі ісіне араласпау саясатын қолдайтын өркениетті ел ретінде Қазақстан да отандастарының мұң-мұқтажын олар тұрып жатқан елдердің басшылығымен екі жақты келісім арқылы ғана қанағаттандыра алатынын түсінуге тиіссіздер.

Қазір біздің ұлтымыздың алдында тұрған ең басты міндет, ең қиын міндет – Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыт-бағдарын дәл айқындап, сол мақсатқа неғұрлым тезірек жетудің жолында аянбай еңбек ету. Экономикалық дәулетіміз артпайынша, рухани сәулетіміз де артпайтынын анық ұғынуымыз қажет. [...]

Бүгінгі қиыншылығы мол заманда көңілімізге медеу болар бір жай – қазақтардың өз атамекенінде бас тоғыстыруы, әртүрлі себептерге байланысты туған жерден үдере көшіп кеткен туыскандарымыздың өз еліне қайта орала бастауы. Біздің бәріміз сарыла күткен ұлы көштің алды атамекенге жетті. Мен бұл арада алдымен көршілес елдерден соңғы жылдарда көшіп келіп жатқан туыскандарымызды айтып тұрмын.

Баспасөз бетінде республиканың Министрлер Кабинетінің шетелдердегі отандастарымызға қосымша жеңілдіктер жасау жөнінде қабылдаған қаулысы жарияланды. Оның бұлжытпай орындалуын назарда ұстайтын боламыз.

Республикамыздың Парламенті «Көшіп келу туралы» Заң қабылдады. Мемлекетіміздің егемендігі мен өзіндік сипатына нұқсан келтірмеу мақсатында жаңа заңда сырттан көшіп келу тәртібі бұрынғыдан әлдеқайда қатайтыла түсті. Сонымен қатар, ол Заңда сыртта жүрген отандастарымыздың елге оралуына байланысты көптеген жеңілдіктер жасау көзделген. Мұндай артықшылық «Азаматтық туралы» Заңда да айрықша ескерілген. Егер өздеріңіз тұратын елдің заңы бойынша қос азаматтыққа рұқсат етілген болса, ендігі жерде сіздер республикаға көшіп келмей-ақ, Қазақстанның азаматтығын ала аласыздар.

Алдағы қабылданатын бірқатар заңдарда да шетелдік отандастарымыздың мүдделері жан-жақты ескерілетін болады. Қысқасы, тәуелсіз Қазақстанның кең құшағы сіздерге әрқашан ашық, бауырлар!

Қазақ үшін басқа елге көшу тұрмақ, басқа ауылға көшудің өзі қиын. Оның үстіне шетелдегі ағайындардың басым көпшілігі Қазақстанда тумаған, өскен ортасы, алған тәрбиесі басқаша. Оның бәрін жақсы түсінеміз. Сондықтан да, дүниежүзіндегі қазақтар қай елде жүрсе де, өзін Қазақстанның өкілі сезінетіндей, қазақ азаматы сезінетіндей жағдай жасау – біздің болашақтағы мәртебелі міндетіміздің бірі. Қазақ азаматы қай жерде де өз ұлтының озық дәстүрлерін, тілін сақтаса, асыл қасиеттерін ардақ тұтса, атамекенге деген сезімін әлпештей білсе, туған халқы алдындағы перзенттік парызын өтеп жүр деп білеміз. Сіздердің рухани талап-тілектеріңізді қанағаттандыруға, қазақ мәдениетінің хал-ахуалынан хабардар болуыңызға, ұлқыздарыңыздың ана тілін үйренуіне қолдан келгенше қамқорлық жасауды республика үкіметі алдағы кезде назарда ұстамақ.

Осы Құрылтайдың барысында құрылған әлем қазақтарының орталығында бұл орайда көп міндет жүктелмекші. Ол ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі ең өзекті деген мәселелерді терең талқылай отырып, тиісті орындарға нақты ұсыныстар жасауы

керек. Ұлт бірлігін нығайтудың ұйытқысы болуы керек. Шетелдердегі қазақтардың өзіндік ерекшеліктері, талайғы тарихы арнайы зерттеуді қажет етеді. Бізде жер бетіндегі қазақ ұлтының тарихы кешенді түрде зерттеу арқауы болып көрген емес. Жалпы, бізде қоғамды дамытудағы тап күресінің орны тым асыра бағаланатын да, ұлт идеясының мән-маңызы кемітіліп көрсетілген.

Қазіргі Қазақстанның жан-жағында ежелден қазақтар мекендеген өңірлер көп екені бәрімізге белгілі. Қазақ диаспорасы тек эмиграция негізінде жасалған емес, оның өзгелерден түбірлі айырмашылығы да осында. Бүгінгі орайлы сәтті пайдаланып, мен біздің халқымыздың атынан шетелдердегі отандастарымызды қиын кезде бауырына тартқан, қамқорлық көрсеткен барша елдердің басшыларына шын жүректен шыққан алғысымды айтқым келеді.

Қазақстан Республикасы буыны жаңа беки бастаған жас мемлекет. [...] Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлдеп-көркейгеніне таяу жылдарда ақ куә болады деп кәміл сенеміз.

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – тәуелсіздіктің көк туы, елтаңбамызда – бас халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.

Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүре берсін!

*«Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы: 15 жыл». – Алматы, 2007. – 53–59, 66 б. кітабында толық басылып шыққан*

## № 25

### Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бірінші орынбасарының 1992 жылғы 25 қарашадағы № 7-23-ө өкімі

*Алматы қ.*

*1992 жыл 25 қараша*

1. Қазақстан Республикасына қайтуға ниет білдірген отандастарымызды Тәжікстаннан<sup>1</sup> аман-есен алып шығу мақсатында оларды қабылдау, орналастыру және республиканың облыстарына таратып жайғастыру жөнінде мына құрамда жедел жұмыс тобы құрылсын:

- |                 |   |
|-----------------|---|
| Бегахметов Т.Қ. | – Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары, топ басшысы; |
| Ауанов М.       | – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары;              |
| Бекбосынов С.А. | – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары;            |
| Жолдыбаев А.М.  | – Қазақ азаматтық авиация басқармасы бастығының бірінші орынбасары; |

- Бижанов Н.К. – Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары;
- Шампиев М.Д. – Қорғаныс министрінің көмекшісі – тәрбие жұмысы және әскери қызметшілердің әлеуметтік-хұқылық қорғау басқармасының бастығы
- Рақымжанов Н.Т. – Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің көші-қон және қоныс аудару бөлімінің бастығы

Жұмыс тобы көшіп-қонудың реті мен тәртібін қарастыру үшін Душанбе қаласына өз өкілдерін жіберетін болсын.

2. Қаржы министрлігі (Дербісов Е.Ж.) Қазақстан Республикасына қайтуға ниет білдірген қазақтардың көшіп келуіне байланысты шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз ететін болсын.

**Премьер-министрдің  
бірінші орынбасары  
Д. СЕМБАЕВ**

*5-Н-қ. 1-т. 1224-іс. 85 қайырма бет.*

## № 26

### **Письмо Министерства труда Республики Казахстан Президенту Республики Казахстан Назарбаеву Н.А. «О проведенной работе по организованному вывозу соотечественников из Таджикистана»**

*г. Алма-Ата*

*5 марта 1993 г.*

В соответствии с Вашим поручением и согласно Распоряжению Кабинета Министров Республики Казахстан рабочая группа Министерства труда в феврале–марте текущего года выезжала в Таджикистан\* для организованной эвакуации соотечественников, изъявивших желание возвратиться на историческую родину.

Для этого был сформирован специальный эшелон и 46 семей (311 человек) были вывезены из Таджикистана<sup>1</sup> в Южно-Казахстанскую область. Все вывезенные семьи размещены в хозяйствах шести районов Южно-Казахстанской области. В настоящее время проводится работа по обустройству и трудоустройству прибывших беженцев.

Вместе с тем, во время эвакуации соотечественников были большие трудности и сложности. Среди них вопросы безопасности, медицинской помощи, питания в поезде и другие. Как показывает опыт, вся эта работа крайне сложна, и требует усилия со стороны многих министерств и ведомств, глав местных администраций, руководителей предприятий и хозяйств.

В связи с этим, считаем целесообразным принять документ на уровне правительства по этим вопросам. Министерство труда в настоящее время готовит проект этого Постановления Кабинета Министров.

Прошу поддержать.

**Министр  
С. БЕЙСЕНОВ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 2266. Л. 16.*

\* См.: док. № 25.

**№ 27**

**Письмо Главы Мангистауской областной администрации Президенту  
Республики Казахстан Назарбаеву Н.А. о репатриации казахов**

*г. Актау*

*25 марта 1993 года*

Уважаемый Нурсултан Абишевич!

В результате принимаемых мер правительством Республики, продолжается процесс возвращения на свою историческую родину лиц коренной национальности, проживающих в зарубежных странах. Только в 1991–92 годах в нашу область из республик СНГ прибыли на постоянное место жительства 3200 семей, в т.ч. из Туркменистана 2300. Нами принимаются необходимые меры по устройству жизни переселенцев. В прошлом году им выплачены единовременные пособия, проездные расходы на сумму 9,4 млн.рублей<sup>1</sup>. Выделены земельные участки, по льготным ценам – стеновые материалы. Принимаются меры по их трудоустройству, получению профессии через службы занятости. Вопросами миграции населения занимается специальная комиссия областной администрации, меры по организованному переселению лиц коренной национальности обсуждены в феврале текущего года на XIII сессии областного Совета народных депутатов.

На 1993 год нами представлены предложения по приему переселенцев в область в количестве 1000 семей, в т.ч. 150 семей из Исламской Республики Иран.

Однако, по предварительным данным, в текущем году из Туркменистана в нашу область переселятся около 2000 семей. Регулировать этот процесс не представляется возможным, поскольку границы не существует, а также 90 процентов проживающих в Туркменистане<sup>2</sup> казахов, являются выходцами из Мангистау и почти у каждого из них у нас живут родные или близкие родственники.

Такая иммиграция приведет к большим трудностям в решении их жилищно–бытовых условий в местах размещения. Положение усугубляется еще и тем, что существующие размеры единовременного пособия переселенцам, установленные Правительством Республики в июле 1992 года (10,0 тыс. рублей – главе, 2,5 тыс. – членам семьи) в настоящее время обесценились, выделяемая ссуда на индивиду–

альное жилищное строительство – 200,0 тыс. рублей, хватает лишь на заливку фундамента.

Областная администрация оказывает дополнительную материальную помощь малоимущим переселенцам, однако при большом дефиците местного бюджета мы не в состоянии финансировать переселенческие мероприятия.

В связи с вышеизложенным, полагали бы необходимым увеличить размеры единовременного пособия в 3–4 раза, ссуды на индивидуальное жилищное строительство до 500,0 тыс. рублей.

Эти меры, уважаемый Нурсултан Абишевич, позволили бы, на наш взгляд, облегчить устройство жизни семей, прибывающих из других стран.

**С уважением,  
Ф. НОВИКОВ**

*Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 2266. Лл. 18–19.*

Резолюция: Терещенко С.А.  
Для рассмотрения.  
**Н. Назарбаев (подпись)**  
12. IV.93.

*Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 2266. Л. 13.*

## № 28

### Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы «Қазақстан» қоғамының заңды мұрагері

*Алматы қ.*

*1993 жыл 18 наурыз*

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының қаулысымен «Қазақстан» қоғамын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына қосу туралы «Қазақстан» қоғамы конференциясының шешімі мақұлданды. Сол шешімге сәйкес Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Қазақстан» қоғамының заңды мұрагері болып табылатыны, бұл жөнінде Әділет министрлігіне арнайы хабарлау, Қауымдастық жарғысының тиісті бабына (10.1) толықтыру енгізу, «Қазақстан» қоғамының дүние-мүлкі мен құжаттарын қабылдап алу, иелік ету реті айқындалған.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі. – Алматы, 2002. – 6 б.*

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа  
шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінен хат***1993 жыл 8 маусым***Құрметті НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ!**

Біз кезінде әртүрлі қуғын-сүргіннің салдарынан ата-бабамыздың жері – Қазақстаннан қол үзіп қалған қазақтардың ұрпағымыз. Кезінде бастан кешкен қиындығымыз бен тауқыметімізде шек жоқ. Біз Қытайдың, Пәкістанның, Ауғаныстанның, Иранның дәм-тұзын таттық. Қазір көпшілігіміз Түркияда тұрамыз. Европаның көптеген елдерінде жүрген қазақтар да баршылық. Тұрмысымыз өзімізге де, бала-шағамызға да жетеді. Бірақ «Ер туған жеріне» деген сөз қайда жүрсек те есімізден бір сәт шыққан емес. Біз өмір бойы Қазақстанды көрсек деп армандадық. Қазақстан тәуелсіз ел болғанда төбеміз көкке жетті. Қазақ елінің тұңғыш президенті ретінде Сізге деген алғыс пен ризашылығымыз шексіз. Сізді арқа сүйер асқар тауымыз деп есептейміз. Соған орай шетелдерде тұратын қазақ диаспорасының атынан Сізге төмендегідей өтініш-тілектерімізді білдіргіміз келеді.

1. Қазақстанның азаматтығын алу мәселесі. Шетелдегі қазақтардың көбісі Қазақстанның азаматы болғысы келеді. Қос азаматтық алу туралы Түркиямен келісім жасалады деп естідік. Қазақстанның азаматтығын сұрап, тиісті құжаттарды толтырып беріп қойғандар да баршылық. Бірақ, бұл салада әлі күнге ешқандай алға жылжу жоқ. Біреу біреуге сілтейді. Осы мәселе тезірек шешілсе дейміз.

2. Шетелдегі Қазақтардың Қазақстанға келу, виза алу, уақытша тұруға рұқсат алу, тіркелу мәселелерінде көптеген түсініксіз жағдайлар бар. Ішкі істер министрлігінің жергілікті жердегі паспорт және тіркеу бөлімдерінен, Сыртқы істер министрлігінің Консулдық басқармасынан, тағы да басқа тиісті орындардан шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдеріне қамқорлық, жанашырлық көрсетілсе дейміз.

3. Қазақстанға келіп әртүрлі кәсіпорындар салу, дүкен ашу, сауда, бизнеспен айналысу мәселесі. Қазір бұл салада жер жүзінің түкпір-түкпірінен әртүрлі ұлт өкілдері көптеп келіп жатыр. Бірақ, бұдан шетелдегі қазақтар көбіне шет қалып жүр. Талаптанып келіп жатқан қазақтар жергілікті орындардың басшы қызметкерлердің ұшан-теңіз кедергілеріне ұшырап, тауы шағылады. Өткен жылы қазақ диаспорасының өкілдеріне бұл салада Қазақстан азаматтарымен тең жеңілдік берілсін деген қаулы да шығып еді. (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 23 қыркүйек 1992 жылғы № 791 қаулысы). Бірақ бұл қаулыны тиісті орындардың көбі әлі білмейді, не білсе де орындаудан бас тартады. Осы мәселе бір жүйеге түссе.

4. Шетелдегі қазақтардың арасында Қазақстанға келіп, үй сатып алғандар да бар. Бірақ, олар өз қаржыларына сатып алған үйлерін өз аттарына аудара алмай толып жатқан әуре-сарсаңға түсіп жүр. Осы мәселе шешілсе.

5. Сырттан келетін қазақтардың арасында Қазақстанға келіп жер алып, өз

күштерімен үй салып алатындар да аз емес. Міне, осыларға жер, ұзақ мерзімге кредит берілсе.

6. Қазір Қазақстанда жаппай жекешелендіру басталды. Бірақ, бұдан шетелдегі қазақтар мүлдем құр қалатын түрі бар. Тіпті, Қазақстанға көшіп келгендердің өзі жекешелендіруден үлес алмауға айналып отыр. Осы мәселе ескерілсе.

7. Шетелдегі қазақтардың арасында жоғары білімді, әлденеше тіл білетін мамандар, білімді азаматтар да аз емес. Осыларды Қазақстанға шақырып, егеменді еліміздің өркендеуіне пайдаланса.

8. Шетелдегі қазақ жастары Қазақстанға келіп оқығысы, білім алғысы, жұмыс істегісі келеді. Осы мәселе де бір жүйеге түссе.

Құрметті НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ!

Сізден осы айтылған мәселелердің оң шешім табуға көмектесуіңізді өтінеміз. Өтінішіміздің жауабын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы арқылы алсақ дейміз.

Құрметпен, Мәжит ЖАНАЛТАЙ (Түркия)  
Мұхамед ҚЫЛЫШ (Түркия)  
Дәуіт АШЫҚКӨЗ (Түркия)  
Зейнел РҮСТЕМҰЛЫ (Түркия)  
Ғұлам АЙДАР (Түркия)  
Өмір ЖІГІТ (Түркия)  
Жәлел ПОЛАТ (Түркия)  
Көшенай ЕРМИШ (Швеция)  
Азизолла ПОЛАД (Түркия)

Қарар: Қ. Сұлтановқа,  
Т. Сүлейменовке  
Мәселелерді қарап,  
жауабын беріңіздер.  
**Н. Назарбаев (қолы)**  
22.IX.

5–Н-қ. 1-т. 2987-іс. 150–152-нн.



№ 30

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 мамырдағы № 437 «Қазақстан Республикасы Президентінің «Иран Ислам Республикасынан және басқа мемлекеттерден отандастардың көшіп келу квотасы және қоныс аударуын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» 1993 жылғы 15 сәуірдегі № 1184 қаулысын орындау жөніндегі Шаралар туралы» Қаулысынан**

*Алматы қ.*

*1993 жыл 27 мамыр*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 15 сәуірдегі № 1184 қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і:

1. 1993 жылғы көшіп келу квотасын облыстар бойынша қосымшаға сәйкес бөлу бекітілсін.

2. Облыстардың әкімдері:

отандастардың отбасыларын қабылдап, орналастыруға байланысты мәселелерді шұғыл қарау жөнінде облыстық комиссиялар құратын болсын;

отандастардың отбасыларын қабылдау үшін тұрғын үй және басқа да әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар әзірлеу жөнінде шаралар қабылдасын;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Тұрғын үй шаралары үшін халыққа берілетін несиелердің мөлшерін өсіру туралы» 1993 жылғы 21 сәуірдегі № 322 қаулысына сәйкес келіп жатқан отандастарға жеке және кооперативтік тұрғын үй салуға несие бөлу жөнінде жәрдем көрсетсін;

қоныс аударушылар жағдайға бейімделіп, уақытша тұруға облыстық пункттер құратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тарихи отанына қайтып келуге тілек білдірген отандастардың құқықтары мен бостандығын қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары және шет мемлекеттер арасында шарттар жасау шараларын жүзеге асыратын болсын;

қоныс аудару кезінде аумақтары арқылы өтетін қоныс аударушыларға жәрдем көрсету жөнінде тиісті мемлекеттердің Сыртқы істер министрліктеріне дипломатиялық жолмен хабарласатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Еңбек министрлігімен бірлесе отырып, қоныс аударатын адамдарды, олардың жеке мүліктерін көшетін мемлекеттің аумағынан баратын жерлеріне дейін тасымалдау тәртібін белгілейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі қоныс аударушылардың отбасы мүшелерінің білім берудің барлық түрлерінде оқуын жалғастыруына, балаларын мектепке дейінгі мекемелерге орналастыруға жәрдем көрсету жөнінде шаралар қабылдайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі өзінің тарихи отанына қайтып келуге тілек білдірген қазақтардың отбасыларына тұрғын үй салу және орналастыру үшін 1993 жылдан бастап қаржы бөлуді көздейтін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі көшу үстінде қоныс аударушылардың жеке бастары мен мүліктерінің сақталуын қамтамасыз ететін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кеден басқармасы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара әскерлерінің бас басқармасы мемлекеттердің тиісті органдарымен адамдар және олардың жеке мүліктерін шекарадағы бақылау-өткізу пункттерінен жедел өткізу мәселелерін пысықтайтын болсын.

9. Қоныс аудару шараларын қаржыландыру «1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Халықты жұмыспен қамтуға және көшіп-қонуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының қаржысы есебінен жүзеге асырылсын.

10. Біржолғы жәрдемақының мөлшері мынадай болып белгіленсін:  
жер ауған босқын отбасы иесіне – ең төменгі жалақының 15 есе мөлшерінде;  
жер ауған босқын отбасының әрбір мүшесіне – ең төменгі жалақының 7 есе мөлшерінде;

босқын отбасы иесіне – ең төменгі жалақының 20 есе мөлшерінде;

босқын отбасының әрбір мүшесіне – ең төменгі жалақының 10 есе мөлшерінде.

[...] 12. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып, қоныс аударушылардың жеке меншігіндегі малын айдап келуді қамтамасыз етсін.

13. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі қоныс аударушылар отбасының еңбекке жарамды мүшелерін өнеркәсіп орындарына жұмысқа тарту мүмкіндіктерін қарастырсын.

14. Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті отандастардың отбасыларын орналастыруға көмек көрсету үшін жастар мен студенттерден мүмкіндігіне қарай ынталы топтар ұйымдастыратын болсын.

15. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі:

осы қаулыны орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді және бақылау орнатуды қамтамасыз етсін, отандастардың қоныс аударуы жөніндегі жұмыстардың барысы туралы ай сайын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне хабарлап отыратын болсын;

қоныс аударушыларды жұмыспен тиімді қамтуды қамтамасыз ету мақсатында олардың еңбекке жарамды отбасы мүшелерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қолданатын болсын;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне осы қаулының орындалуы жөнінде тоқсан сайын ақпарат беріп отыратын болсын.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

## № 31

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 27 мамырдағы  
№ 437 қаулысымен бекітілген

## 1993 жылы көшіп келу квотасын облыстар бойынша Бөлу

Облыстар	Монғолия	Иран	Ресей	Тәжікстан	Өзбекстан	Түрікменстан	Барлығы
1. Ақмола	200		200				400
2. Ақтөбе	250	250	100		50		650
3. Алматы	100	250	50	50	50		500
4. Атырау		100	50		100		250
5. Батыс Қазақстан		200	300				500
6. Жамбыл		250		200	100		550
7. Жезқазған	200		100	50	50		400
8. Көкшетау	350		350				700
9. Қарағанды	400		200				600
10. Қостанай	200		300				500
11. Қызылора		150			50	50	250
12. Манғыстау		300				750	1050
13. Оңтүстік Қазақстан		250		200	300		750
14. Павлодар	200		400				600
15. Семей	200		150				350
16. Солтүстік Қазақстан	200		250				450
17. Талдықорған	200	250	50		50		550
18. Торғай	150		200				350
19. Шығыс Қазақстан	350		250				600
Барлығы	3000	2000	2950	500	750	800	10000

75–Н-қ. 1-т. 1280-іс. 2-н.

**Из постановления Кабинета Министров Республики Казахстан от 27 мая 1993 г. № 437 «О мерах по реализации Постановления Президента Республики Казахстан от 15 апреля 1993 г. № 1184 «О квоте иммиграции и мерах по организации переселения соотечественников из Исламской Республики Иран и других государств»**

Во исполнение постановления Президента Республики Казахстан от 15 апреля 1993 г. № 1184 Кабинет Министров Республики Казахстан постановляет:

1. Утвердить распределение квоты иммиграции на 1993 год по областям согласно приложению\*.
2. Главам областных администраций:
  - создать областные комиссии по оперативному рассмотрению вопросов, связанных с приемом и обустройством семей соотечественников;
  - принять меры по подготовке жилья и других социально-бытовых условий для приема семей соотечественников;
  - оказать содействие в выделении кредитов прибывающим соотечественникам на индивидуальное и кооперативное жилищное строительство в соответствии с постановлением Кабинета Министров Республики Казахстан от 21 апреля 1993 г. № 322 «Об увеличении размеров кредитов населению на жилищные мероприятия»;
  - создать областные пункты адаптации и временного размещения переселенцев.
3. Министерству иностранных дел Республики Казахстан:
  - осуществить меры по заключению договоров между министерствами, ведомствами Республики Казахстан и соответствующих государств по вопросам защиты прав и свобод соотечественников, изъявивших желание возвратиться на историческую родину;
  - уведомить по дипломатическим каналам министерства иностранных дел соответствующих государств об оказании содействия при транзитном пересечении их территории в период проведения переселения.
4. Министерству транспорта совместно с Министерством иностранных дел Республики Казахстан определить порядок переселения и перевоза личного имущества от территории государств пересечения до конечного пункта назначения.
5. Министерству образования Республики Казахстан принять меры по оказанию содействия в продолжении обучения во всех видах образования членов семей переселенцев, определении в дошкольные учреждения.
6. Министерству экономики и Министерству финансов Республики Казахстан начиная с 1993 года предусмотреть выделение финансовых ресурсов для строительства жилья и обустройства лиц казахской национальности, изъявивших желание вернуться на свою историческую родину.
7. Министерству внутренних дел Республики Казахстан обеспечить личную безопасность и сохранность имущества переселенцев в пути следования.
8. Главному таможенному управлению Министерства финансов, Главному управлению пограничных войск Комитета национальной безопасности Республики Казахстан проработать с соответствующими органами государств оперативный пропуск

людей и их личного имущества через пограничные контрольно-пропускные пункты. При необходимости организовать дополнительные контрольно-пропускные посты.

9. Осуществлять финансирование переселенческих мероприятий в соответствии с Законом Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 1993 год» за счет средств Государственного фонда содействия занятости и миграции населения Республики Казахстан.

10. Установить следующие размеры единовременного пособия:

главе семьи беженца-репатрианта – 15-кратной величины минимальной заработной платы;

каждому члену семьи беженца-репатрианта – 7-кратной величины минимальной заработной платы;

главе семьи беженца – 20-кратной величины минимальной заработной платы;

каждому члену семьи беженца – 10-кратной величины минимальной заработной платы.

[...] 12. Министерству сельского хозяйства Республики Казахстан совместно с главами областных администраций обеспечить перегон личного скота переселенцев.

13. Министерству промышленности Республики Казахстан предусмотреть возможность привлечения трудоспособных членов семей переселенцев на промышленные предприятия.

14. Государственному комитету Республики Казахстан по делам молодежи организовать по возможности инициативные группы из числа молодежи и студентов для оказания помощи по обустройству семьям переселенцев.

15. Министерству труда Республики Казахстан:

обеспечить координацию работ и контроль за ходом выполнения настоящего постановления, ежемесячно информировать Кабинет Министров Республики Казахстан о проведении работ по переселению соотечественников;

в целях обеспечения рациональной занятости переселенцев принять меры по подготовке, переподготовке и повышению квалификации трудоспособных членов семей;

ежеквартально представлять в Кабинет Министров Республики Казахстан информацию по выполнению данного постановления.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан  
С. ТЕРЕЩЕНКО**

*Ф. 75–Н. Оп. 1. Д. 1280. Лл. 3–4. Заверенная копия.*

---

\* См.: док. № 33.

Утверждено  
Постановлением  
Кабинета Министров  
Республики Казахстан  
от 27 мая 1993 г. № 437

**Распределение квоты иммиграции на 1993 год по областям**

Области	Монголия	Иран	Российская Федерация	Таджикистан	Узбекистан	Туркменистан	Всего
1. Акмолинская	200		200				400
2. Актыубинская	250	250	100		50		650
3. Алматинская	100	250	50	50	50		500
4. Атырауская		100	50		100		250
5. Восточно-Казахстанская	350		250				600
6. Жамбылская		250		200	100		550
7. Жезказганская	200		100	50	50		400
8. Западно-Казахстанская		200	300				500
9. Карагандинская	400		200				600
10. Кызылординская		150			50	50	250
11. Кокчетавская	350		350				700
12. Костанайская	200		300				500
13. Мангистауская		300				750	1050
14. Павлодарская	200		400				600
15. Северо-Казахстанская	200		250				450
16. Семипалатинская	200		150				350
17. Талдыкорганская	200	250	50		50		550
18. Тургайская	150		200				350
19. Южно-Казахстанская		250		200	300		750
Итого	3000	2000	2950	500	750	800	10000

Ф.75–Н. Оп.1. Д.1280. Л.4 об.

## № 34

**Из информации Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан  
в Главную Контрольную инспекцию при Президенте Республики Казахстан  
«О приеме и переработке импортного скота, поступающего от граждан  
казахской национальности, переезжающих из МНР  
в Республику Казахстан в 1993 году»**

г. Алма-Ата

13 августа 1993 г.

[...] В 1993 году намечен переезд из МНР в Казахстан 3000 семей граждан казахской национальности, которым разрешено перевести на семью 2 головы лошадей с приплодом и на каждого члена семьи по 8 голов овец.

Приказом министерства от 29 июня 1993 года № 124 поручено управлениям сельского хозяйства Восточно-Казахстанской и Семипалатинской областей обеспечить приемку через Семипалатинское малое частное предприятие «Скотоимпорт» располагающее базой, штатами и скотопрогонной трассой, предназначенное к сдаче переселенцами поголовье скота, максимально переработав его на Зырянском мясокомбинате, а неразмещенное поголовье переработать на Семипалатинском мясоконсервном комбинате (акционерное общество «Сары-Арка»).

Данным приказом поручено также областным управлениям сельского хозяйства, агропромышленным комитетам, руководителям хозяйств, где будут проживать переселенцы из МНР в Республике Казахстан, выдавать им, согласно предъявляемых приемных квитанций, равноценный по видам, упитанности, живому весу и стоимости скот, независимо от изменения цен, а расчеты за выданных животных производить через Семипалатинское малое частное предприятие «Скотоимпорт».

В своем выступлении К. Найманбаев сообщил об актуальных проблемах казахской диаспоры за рубежом, особое внимание уделив при этом казахам, проживающим в КНР. По неофициальным данным, в КНР проживает около 2 миллионов казахов. Среди них есть известные писатели и деятели искусств, поэты, историки, талантливые певцы и танцоры. Воссоединение таких людей со своей исторической Родиной, со своим народом, стало бы важным событием для Казахстана, обогатило бы историю, культуру и науку казахского народа.

Выступающий заметил, что в отдельных европейских странах проживают казахистарики, которые в годы Отечественной войны попали в плен, а после ее окончания осели на Западе. Некоторые из них, теперь хотят вернуться в Казахстан. Необходимо оказать им посильную помощь.

Далее К. Найманбаев выразил просьбу об оказании более теплого приема зарубежным казахам в Посольствах и других представительствах РК.

Совещание продолжил второй заместитель [председателя] Ассоциации Султанали Балгабаев. Он обратился с конкретными просьбами и предложениями к представителям всех министерств и ведомств, присутствовавшим на совещании.

В адрес МИД РК были высказаны следующие просьбы:

– Направить в Ассоциацию перечень необходимых документов для

оформления выезда на постоянное проживание в Казахстан казахам, проживающим в КНР.

– Ускорить сроки выдачи свидетельств на льготы в ГКУ МИД. Многие люди приезжают в Алматы из областей только за свидетельством. Срок получения свидетельств – 7 дней, установленный ГКУ для них, создает большие неудобства.

– Решить вопрос о переселении казахов из Афганистана, о получении ими виз в РК в Генконсульстве РФ в Мазари-Шарифе.

– По дипломатическим каналам обратиться к властям Узбекистана и Туркменистана об оказании содействия переселенцам-казахам из Ирана, Афганистана в прохождении таможенных досмотров. [...]

– Рассмотреть вопрос об освобождении зарубежных казахов от уплаты консульских сборов за консульские действия в Посольствах РК за рубежом.

– Совместно с МВД проработать вопрос об освобождении представителей казахской диаспоры от уплаты госпошлин за регистрацию в органах ОП и ВР и ее продление. (Как сообщил представитель МВД, в настоящее время с них, как с иностранцев, в каждом случае взимается госпошлина, составляющая сумму 10-кратного размера минимальной зарплаты.)

Сообщается в порядке информации.

**Атгаше**  
**ГКУ МИД РК**  
**М. КАРЫБАЕВ**

Резолюция: Сейтбатталову Б.Ж.

Пр[ошу] составить план мероприятий по решению поставленных вопросов. Срок выдачи свидетельств сократить до 2-х дней.

***А. Мусинов (подпись)***

10.4.95.

*Ф.75–Н. Он. 1. Д. 2093. Лл. 25–26.*

**Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы  
төралқасының кеңейтілген мәжілісі**

*Алматы қ.*

*1995 жыл 22 сәуір*

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төралқасының кеңейтілген мәжілісі болды. Оған алыс және жақын шетелдердегі қазақ мәдени орталықтарының жетекшілері мен өкілдері (15 елден) шақырылды. Мәжілістің күн тәртібі: алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспорасына рухани-мәдени тұрғыдан көмек көрсетудің жай-жапсары. Мәжіліске Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысып, сөз сөйледі. Онда Елбасы Республикадан тысқары тұрып жатқан қандастардың қазіргі жай-күйіне тереңірек тоқталып, кейбір түйіні шешілмей жүрген мәселелердің мәнін ашып берді. Ішінара өтініштерін білдірген сырттағы ағайындар өкілдерінің сұрақтарына жан-жақты жауап қайтарды.

Елбасы Қауымдастық жұмысына тоқталып, игі істерді атап өтті.

Әділет министрлігінің үлкен залында өткен осы бас қосуға барлығы 350 адам қатысты. Олардың 180-і шетелдегі туысқандардың өкілдері болатын. Қазақ диаспорасы өкілдері атынан Халифа Алтай (Түркия), Мәлік Малабақан (Германия), Никита Ысқақов (Ресей), Қабылаш Әбікейұлы (Моңғолия), Керім Елемес (Қытай) сөз сөйледі. Мәжілісте айтылған көптеген ұсыныстар қорытылып, Қазақстан Үкіметіне жеткізілді.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі. – Алматы, 2002. – 12–13 бб.*

**Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төралқасының кеңейтілген  
мәжілісінде ҚХР азаматы Керім Елеместің сөйлеген сөзі**

*Алматы қ.*

*1995 жыл 22 сәуір*

**Құрметті қауым!  
Құрметті Президент мырза!**

Адамзат ықылымнан бергі қаншалаған қанды балақ ғасырлар ағысында мың өліп мың тірілген қазақ сынды қайсар елдің басына тағдыр-ана дәл бүгінгідей мәңгі бейбіт тәуелсіздікті және оның тұтқасын ұстап, тұғырын биіктете алатын Н.Ә. Назарбаевтай ұлы тұлға, кемеңгер қолбасшы сыйлады. Ел болғанымыздың ертеңінде-ақ Токтар Әубәкіров<sup>1</sup>, Талғат Мұсабаевтай<sup>2</sup> хас батырларымыз ғалам жетпес ғарышқа ұшты. Көк туымыз көгімізде желбіресе, ел таңбамыз төрімізде жарқырады. Өз ұлттық армиямыз шебімізді қорғаса, алтын ақшамыз айналымға түсті. Өзінің барлық мүмкіндігімен әлдеқашан әлем алыптарының қатарынан орын алуға тиісті ұлы Абай тек қана қазақтық-ұлттық деңгейден аса алмай, тұп-тура бір жарым ғасыр тұншығып жатып, күні кеше, әрең дегенде қолымыз жеткен тәуелсіздіктің, кемеңгер



ел басшымыз Н. Назарбаевтың арқасында ғана дүние жүзілік деңгейге көтерілді. Әлемдік өз орнын алды. Пейіл бұзар пендешілікке бармай, ардай таза ақиқаттан нәр алған ата заңымыз өмірге келіп, елдік еңсемізді тік көтерді.

Елбасымыз Назарбаев елді кешегі бауырын жаздырмас бұғалық іспетті социализмнің жоспарлы шаруашылық саясатынан алып шығып, жалпы адамзаттық ортақ даму жолы саналатын жекешелену реформасына бұрды. Демократия деңгейін ұлғайтты. Ала қойды бөле қырықпағандықтан 120 ұлт бір анадан туғандай етене ынтымаққа келді. Мәйегі жақсы болғандықтан да халық сүттей ұйыды.

Ал, енді Елбасымыздың сыртқы саясатына көз жүгіртер болсақ – Қазақстанды аз ғана уақыт ішінде күллі дүние таныды. Бірлескен елдер ұйымына мүше болдық. Америка, Ресей, Англия, Қытай қатарлы әлемдегі алып мемлекеттер Қазақстанның бейбіт тәуелсіздігі үшін кепілдік берді. Ел аралық аса маңызы бар экономикалық, стратегиялық құжаттарға қол қойылды. Міне, мұның бәрі ел басының жүргізіп отырған сара саясатының, даналығының кепілі.

Халқымызда сырт көз сыншыл деген сөз бар. Мен Қазақстанға қоныс аударғалы бері бұл елдің ішкі, сыртқы саясатымен танысқалы, қазіргі қазақ елінің басындағы уақыттық, экономикалық тығырықтан бір ғана жолдың алып шығарына әбден сенемін. Ол жол – ел басы жүргізіп отырған жекешелендіру жолы. Жалпы алғанда, бір жас мемлекет үшін оның алғашқы он да он бес жылы сол мемлекеттің мемлекет болып қалыптасу кезеңі саналады. Бұл тұста бірінші болып сайланған Президент негізінен өзгермегені жөн. Себебі, ел басы жаңаланды деген сөз – ел саясаты да, реформасы да бет бұрысқа тап болды деген сөз. Мұндай қайта-қайта құру тырнақша ішіндегі жаңару онсыз да экономикалық жақтан сансырап отырған, енді-енді ғана оңалуға бет алған халыққа өте ауыр тиеді. Ел тағдырының насырға шабуы да ғажап емес. Біз міне осы түйінді жете түсінгенде ғана қазіргі кемеңгер басшымыз Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттік уақытын ұзартудың не үшін керек болып отырғанын білеміз.

Қытай Халық Республикасының «Пайдалану хабары» атты апталық газеттің 1993 жылы мамырдағы 3 нөмірінде қатарынан жарияланған «Н. Назарбаев» атты ұзақ шолуындағы «Назарбаев тек қана Қазақстанның Президенті емес, ол әлдеқашан әлемдік деңгейдегі үлкен саясаткерге айналып кеткен дипломат. Еуропаға тән батылдықты, Азияға тән саясаткерлікті ұштастыра біледі. Оның кереметі эне сонда. Тіпті ол саптастары Ресейдің аты шулы В. Ельцинімен де, Өзбекстанның Ислам Кәрімовінен де, ақырын жүргенсіп, асып түсті» – деп жазды. Мұның өзі ел басымыздың беделінің аса биік деңгейін көрсетеді.

Сіздің сара саясатыңыздың арқасында достық, тату көршілік тамыры өте тереңде жатқан, Шығыстағы үлкен көрші ел Қытаймен жылы байланыс орын алды. Өне соның арқасында, мына біздер тарихи отанымыз саналатын Қазақстанға кеп алдық. Бұл татулық тек сіз елбасында тұра берсеңіз ғана үздіксіз жалғасын тауып, біз аңсаған армандардың сөзсіз орындаларында күмән жоқ.

Президент мырза!

Егер Қазақстан Ата Заңы<sup>3</sup> жол қояр болса, сіздің таяуда өткелі жатқан Президенттік құқық мерзіміңізді 2000 жылға дейін созуға өз басым нағыз қазақ азаматы ретінде дауыс беруге дайынмын.

**Дүниежүзі қазақтардың қауымдастығы төралқасының мәжілісінде  
Моңғолия азаматы Қабылаш Әбікейұлының сөйлеген сөзі**

*Алматы қ.*

*1995 жыл 22 сәуір*

**Құрметті Елбасы! Құрметті ағайын-бауырлар!**

Қазақ халқы көп тұратын жерлердің бірі – Моңғол елі. Өзім де сол жақта туып өстім, оқып-ержеттім. Ата-бабамыздың кіндік қаны тамған туған жері – Қазақстан жайлы бала кезімізден естіп-біліп, ел жаққа қарай елеңдеп өстік. Қазақстан дегенде жүрегімізге: «Ол – біздің Ел, біздің Отанымыз» – деген мақтаныш толатын. Сол мақтаныш еліміз егемендік алып, тәуелсіз ел болғанда одан әрі асқақтап, атажұртқа тезірек жетуге асықтық.

Әсіресе, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтуі біздер үшін аса маңызды оқиға болды. Сол Құрылтайда сырттағы қазақтармен жан-жақты байланыс орнатып, оларға қол ұшын беріп, демеу көрсететін Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі төраға болып сайланғанда, қуанышымызда шек болған жоқ. Мұның өзі Елбасының жан-жақтағы қандас бауырларына деген тікелей көмегінің нәтижесі деп түсінеміз.

Қазақ диаспорасында, атамекенге оралған ағайындардың ішінде Қауымдастықты білмейтін адам жоқ. Біздің әртүрлі жағдайларымызға байланысты Қауымдастық тиісті орындармен байланысып, мүмкіндігінше жәрдемдесіп тұрады. Сондықтан да, шет қазақтары өздерінің жанашыр ұйымы – Қауымдастықтың аясы бұдан да кеңейіп, өрлей беруіне ерекше тілектес.

Бір айта кететін жағдай, Моңғолиядан көшіп келген қазақтардың мәселесі. Олардың ішінде оқыған, білімді азаматтар өте көп. Бір қиыны, солардың көбісі, әсіресе, ауылдық жерлерде орналасқандар, өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай, қой бағып жүр. Қой баққан дұрыс та шығар, алайда, ой бағуға тиіс азамат қой соңында жүріп, бір жағынан тұрмыс ауыртпалығын тартып, өз бағытынан айрылып, адасып қалмай ма?

Осы мәселеге Үкімет тарапынан назар аударылса дұрыс болар еді.

Сондай-ақ, біздің арамызда танымал мәдениет және өнер қайраткерлері бар. Олардың көбі астанамыз Алматыға шоғырланған. Және бірталайы қазір баспанасыз, жұмыссыз қиналып жүрген жайы бар. Тіпті болмаса үй сатып алу үшін белгілі бір жеңілдіктермен несие алуға бола ма, тиісті орындар бір жолын қарастырып, жәрдем берсе дейміз. Мәдениет, өнер деген қашанда мәңгілік нәрсе ғой. Өнер адамына әсіресе осындай қысылтаяң шақта демеу қажет-ақ. Қасиетті өнерді мұрат еткен жандар өз атажұртына келгенде орны толмас өкінішке қалмаса екен дейміз.

Мен өзім Болгариядан білім алып, жиырма жылдай Моңғол елінде өнерге қызмет еттім. Моңғол Халық Республикасының Халық әртісі деген құрметті атағым бар. Осында, Алматыға келісім-шартпен келіп, Абай атындағы опера және балет театрында табысты еңбек етіп жүрмін. Үкімет қамқорлығы арқасында баспаналы болдым. Ол үшін мың да бір рахмет.

Алыста туып-өсіп, аңсап көріскендер үшін атамекен ерекше ыстық. «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» дейді ғой қазақ. Біз осында өз еліміз, өз жеріміз, ендігі ұрпағымыз ата-бабасының мекенінде өсіп-жетілсін деп келдік. Шет жерлердегі қазақ бауырларын Қазақстанға тартып, бүгінгідей қиын заманның өзінде қамқорлық жасауға көңіл бөліп отырған қазақтың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа шексіз рахмет айтамыз.

Өз ұлтын, өз бауырын қадірлеген адам ғана өзге халықты құрметтей алатына анық. Біздер, Нұрекенді осындай, қазақ халқының бағына туған азамат ретінде бағалаймыз.

Ел болу қашан да оңай болмаған. Ол үшін ең алдымен, бірлік керек. Бабаларымыз: «Бірліксіз – тірлік жоқ» – деп бекер айтпаған ғой.

Жақында болатын Бүкілодақтық Референдумда<sup>1</sup> – Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылдың аяғына дейін ұзарту барысында да Қазақстан халқы бірауыздылық танытып, қолдау көрсетері анық.

Біз Моңғолиядан келген қазақтар, тайлы-тұяғымызбен Елбасы үшін дауыс береміз.

210-қ. 1-т. 6-іс. 23–25-тт.

## № 58

### **Из служебной записки Руководителю Аппарата Президента Республики Казахстан Абыкаеву Н. А. о выполнении поручения Президента Республики Казахстан касательно гражданства**

*г. Алматы*

*[позже 22 апреля 1995 г.]*

#### **Уважаемый Нуртай Абыкаевич!**

На пленуме Всемирной Ассоциации казахов, прошедшем 22 апреля текущего года\* в г. Алматы, к Президенту Республики Казахстан Назарбаеву Нурсултану Абишевичу обратился гражданин Монголии Абекейулы Каблаш с просьбой принять его в гражданство Республики Казахстан. [...]

Глава государства поручил присутствовавшим в зале представителям соответствующих органов и служб обратить внимание на эту проблему.

В соответствии с соглашением «О сотрудничестве в области рынка труда и регулировании миграционных процессов», подписанным 30 июня 1992 года Министерствами труда Республики Казахстан и Монголии, в нашу страну въехала с 1992 года по 1994 год 1231 семья, то есть 60772 человека, являющихся монгольскими гражданами, в том числе Абекейулы Каблаш.

Для принятия в гражданство Республики Казахстан, им необходимо вначале выйти из гражданства Монголии, так как, по действующим законам Монголии двойное гражданство не допускается.

Для выхода из гражданства Монголии, им необходимо через Посольство Монголии в Республике Казахстан обратиться к Президенту Монголии с ходатайством о выходе из монгольского гражданства, приложив соответствующие документы, заполненные

на монгольском языке [...]. Как правило, ходатайства о выходе из гражданства Монголии Президентом Монголии рассматриваются в течение шести месяцев.

Сотрудниками Департамента миграции Министерства труда Республики Казахстан и Посольства Монголии в Республике Казахстан ведется разъяснение среди монгольских граждан, проживающих в Республике Казахстан, о порядке выхода из гражданства Монголии, которые решили остаться на своей исторической Родине.

По сведениям Департамента миграции, 10 человек уже оформили свой выход из гражданства Монголии, которые теперь могут обратиться к Президенту нашей страны с ходатайством о принятии их в гражданство Республики Казахстан.

Мною дано поручение Управлению визовой и паспортной работы Министерства внутренних дел Республики Казахстан о незамедлительном оформлении материалов указанных лиц для рассмотрения Комиссией при Президенте Республики Казахстан по вопросам гражданства.

**Заместитель Заведующего  
Отделом гражданства  
К. УТЕТЛЕУОВ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 5514. Лл. 3–4.*

\* См.: док. № 55.

## № 59

### **Записка Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву об обустройстве репатриантов**

*г. Алматы*

*29 мая 1995 года*

**Одной из проблем**, которая сегодня особенно волнует общественность республики, широко дебатруется в средствах массовой информации и используется отдельными общественными партиями и движениями как аргумент ущемления прав представителей этнических казахов, **стало обустройство соотечественников, прибывших в Казахстан из дальнего зарубежья.**

В этой сфере работы, наряду со значительными достижениями, допущено не мало **существенных недостатков и упущений.**

Адаптация и обустройство возвратившихся соотечественников, совпавшие с переходным периодом в экономике, всеобщим падением уровня жизни населения, происходят весьма болезненно. Положение усугубляется еще и тем, что их массовый переезд начался без должного учета финансовых и материальных возможностей приема.

За 1991–1994 гг. в Казахстан переселилось 27,1 тыс. семей соотечественников – 123,5 тыс. человек. Из них 12,3 тыс. семей (60,8 тыс. чел.) – из Монголии, 700 семей (3700 чел.) – из Ирана, 400 семей (1000 чел.) – из Турции и 13,6 тыс. семей (56,9 тыс. чел.) из стран СНГ.

Почти все они расселены в сельской местности, многие во временные помещения старых школ, библиотек, клубов и другом приспособленном жилье.

Намеченные сроки (1–2 года) улучшения их жилищных условий сорваны проводимыми приватизацией жилья и разгосударствлением совхозов и колхозов. Новоявленные хозяева, в большинстве, отказались от обязательств прежних руководителей колхозов и совхозов по обеспечению переселенцев жильем и трудоустройством.

Не выдержало испытание временем и обязательство правительства. Из намеченных на 1993 г. 8 млрд. руб. на строительство жилья, только половина поступила лишь к концу года. А из определенных на 1994 г. 95 млн. тенге, фактически выделено 16,5 млн. [тенге]. В 1995 г. жилищное строительство для переселенцев вообще осталось без финансирования.

**Таким образом, проблема жилья осталась не решенной, и сегодня около 4-х тысяч семей находятся в ожидании,** в т.ч. в Южно-Казахстанской области – 1300, Талдыкорганской – 500 семей.

Отсутствие жилья и необустроенность прибывших соотечественников, вынуждает их к переезду в другие регионы, что заметно усиливает внутриреспубликанскую миграцию. Так, из Талдыкорганской области, из 2164 семей прибывших, в другие области переехало 696 семей, Восточно-Казахстанской – из 1150 семей переехало 343, Северо-Казахстанской – из 380 семей – 91 и т.д.

Сегодня **остро стоит вопрос** о переселении 175 семей казахов из Ирана, о переезде которых, вот уже второй год, ведутся переговоры. По сообщению иранской стороны на 50 семей документы оформлены, они ждут выезда. Однако Мангистауская и Жамбылская области, где предполагалось их разместить, к приему еще не готовы.

Трудоустроенность, в целом по республике, этой части населения ежегодно составляет лишь около 60 процентов, в т.ч. женщин – 50.

Крайне недостаточно ведется работа по подготовке и переподготовке трудоспособных членов семей на казахском языке и созданию дополнительных рабочих мест.

В нынешних сложных ситуациях из-за отсутствия своевременного анализа многие переселенцы не смогли трудоустроиться по своим специальностям, поскольку их распределяли не туда, где бы они смогли бы найти работу по имеющимся профессиям, а в те районы и хозяйства, которые со своего согласия могли предоставить какое-то жилье и земельный участок. Никто не брал во внимание наличие у многих дипломов, специальности и профессиональной подготовки. Правда, по мере возможности, им старались помочь.

Как правило, всех направляли в животноводство, полеводство и другие отрасли сельского хозяйства, переживающие и без того отнюдь не лучшие времена. Вернувшихся соотечественников расселили в отделениях хозяйств, нередко на отшибе, даже на зимовьях.

Ограниченные возможности руководителей колхозов и совхозов, не обеспечили удовлетворение всех запросов прибывших.

К примеру, по данным Департамента по миграции, только среди переселенцев из Монголии около 10 процентов владеет различными специальностями. Так, в Талдыкорганской области в колхозе им. Жансугурова из 8 чел., имеющих высшее

образование, трудоустроен лишь 1, в колхозе им. Белялова 12 чел. с высшим образованием (кинодраматург, инженер-гидротехник, геофизик и др.) не охвачены работой по профессии. Среди неохваченных работой по специальности в Павлодарской области 11 чел. (физик-атомщик, инженер-механик, врач), в Костанайской – летчик. Все они вынуждены работать разнорабочими или в животноводстве.

Не полностью отрегулированы вопросы пенсионного обеспечения, нетерпимым для них становится задержка выдачи пенсий, пособий на детей, заработной платы, отсутствие в сельских магазинах продуктов питания и товаров первой необходимости. Многие прибывшие соотечественники оказались в нищенском положении без средств существования, встречаются факты (в Акмолинской, Восточно-Казахстанской областях), когда из-за отсутствия одежды, дети не посещают школы.

Одними из сложных вопросов, создающих много неудобств и трудностей, стали проблемы приобретения гражданства и документирование прибывших соотечественников (имеющих на это право, количество необходимых документов, процедура и сроки оформления).

Много трудностей испытывают переселенцы из-за незнания русского языка, нашей письменности. В обучении нуждаются не только дети, но и взрослое население. Немало и других проблем.

**Все это порождает среди значительной части возвратившихся соотечественников чувство разочарования в надеждах, многолетних чаяниях.**

Из-за ущемления интересов соотечественников, возвратившихся на землю предков, сегодня перед многими из них остро стоит вопрос остаться в республике, или перебороть свои чувства и вернуться в места прежнего проживания. Только в 1994 г. из них обратно в Монголию уже возвратилась 71 семья, в Турцию – 3 семьи. Уже в текущем году в Департамент миграции поступили заявления от 68 семей об обратном выезде в Монголию (из Талдыкорганской – 30, Семипалатинской – 26, Жезказганской – 4, Алматинской – 7, Кокшетауской области – 1), имеются заявления и в местных органах власти. Главная причина – отсутствие жилья и работы, ухудшение общего благосостояния.

С начала переселенческих процессов прошло уже более трех лет. Несмотря на крайне тяжелые условия обустройства, абсолютное большинство из них покорно надеется на будущее. И сегодня видно какой любовью к родной земле и верой в Отечество обладают казахи, жившие многие десятки лет за границей. Разве это не пример сыновней любви к Родине, проявления высшего чувства преданности и патриотизма? И Родина обязана ответить им тем же.

**В связи с изложенным, полагал бы целесообразным Кабинету Министров:**

– глубоко проанализировать создающуюся ситуацию в обустройстве соотечественников, возвратившихся на историческую родину, рассмотреть и выработать организационно и финансово обоснованный комплекс мер по устранению выявленных недостатков и реализации, предусмотренных Законом «Об иммиграции» и другими нормативными актами положений и требований, кадровому и материальному укреплению миграционных служб всех уровней;

– в целях своевременного разрешения проблем социальной поддержки, финансирования переселенческих мероприятий, аккумулирования финансовых и материаль-

ных средств, земельных и жилищных ресурсов, принять меры по созданию предусмотренного Законом «Об иммиграции» (ст. 13) Государственного иммиграционного фонда, положение о котором утверждено постановлением Кабинета Министров еще 15 декабря 1992 г. ( № 1055), однако в силу различных причин оно до сих пор не реализовано;

– ускорить работу по подготовке проектов законов «О миграции», «О беженцах» и других нормативных актов, регулирующих миграционные процессы и прием возвращающихся соотечественников.

**Вносится на рассмотрение.**

**А. ШТОПЕЛЬ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 5078. Лл. 5–8.*

Резолюция: Кажегельдину А.М.

Прошу внимательно проанализировать ситуацию с обустройством соотечественников, определить конкретные меры по устранению имеющихся недостатков и проблем.

Соболеву В.В.

Поручаю Вам лично быть ответственным за эту проблему. Докладывайте ежемесячно.

**Н. Назарбаев (подпись)**

31 мая 1995 г.

И–197

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 5078. Л. 4.*

## № 60

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа шетелдердегі қазақ диаспорасына қамқорлық жасау және оларды Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатыстыру туралы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұсыныстары**

*Алматы қ.*

*1995 жыл 21 маусым*

Қазір Қазақстаннан тыс жерлерде 4,5 миллионға жуық қазақ тұрады. Олар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосқысы келеді. Бұл – заңды құбылыс. Дамудың белгілі бір шешуші кезеңінде сырт жерлердегі өз диаспорасын ұтымды пайдалану – өркениетті елдердің бәрінде ежелден бар. Өзімізбен көрші Қытай мұны мемлекеттік саясат ретінде іске асыруда. Ресей үкіметі қазір өз диаспорасына айрықша саяси мән беруде. Жақында ғана Ресей Сыртқы істер министрлігінің қолға алуымен жақын шетелдердегі орыстардың мүддесін қорғауға

арналған арнайы бағдарлама жасалынды. Бұл бағдарлама саяси, экономикалық, мәдени бағытта жүзеге асырылуы үшін 3 триллион сом ақша бөлінбек. Ендеше, қазіргі кезеңде Қазақстан да өз диаспорасына айрықша назар аударуы керек. Бұл үшін төмендегідей мәселелер жүзеге асырылса дейміз.

1. Қазақстанға келген немесе келуге ынталы қазақтардың басым көпшілігі халық тұтынатын түрлі өнім өндірумен айналысады. Бірақ, бұл бізде әлі күнге толық ескерілмей отыр. Көшіп келгендерді мамандықтары бойынша жұмысқа орналастыру, өздері меңгерген кәсіппен айналысуына жағдай жасау назардан тыс қалған. Түркиядан, Ираннан келгендердің басым көпшілігінің жұмыссыз жүруі соның бір көрінісі.

Қарақалпақстаннан келгендер де айрықша қиындық көруде. Қытайдан, Монғолиядан келісім-шартпен келіп, ақыр соңында жұмыссыз қалған қазақтар да бар.

Міне, осыларды ескере отырып, Қазақстан үкіметі сырт жерлерден келген қазақ диаспорасы өкілдерінің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына, қызмет істеуіне, пайдалы кәсіппен айналысуына қажетті жағдай туғызуды жедел түрде қолға алуы керек.

2. Қазақ диаспорасын Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатыстыру – тек қана Қауымдастықтың қолынан келетін шаруа емес. Бұл мәселеге облыстық, қалалық, аудандық әкімшіліктердің де кеңінен атсалысуы қажет. Өкінішке орай, бұл мәселе әлі күнге ескерілмей жүр. «Сендерді шақырған мен емес, кім көшіріп келсе, жағдайларыңды сол жасасын», – дейтін басшылар да жиі кездеседі. Сондықтан да облыстық, қалалық, аудандық әкімшіліктерге көшіп келгендерге жан-жақты қамқорлық, көмек жасау жөнінде арнайы құжаттың болғаны абзал.

3. Бұл ретте, Қазақстан үкіметінің Көші-қон туралы қаулы-қарарларының, сондай-ақ, сол саладағы әр түрлі заңдардың орындалуының маңызы зор. Бірақ, ескерілмей жүрген мәселелер де аз емес. Бұған Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 қыркүйектегі № 791 қаулысы дәлел. Бұл қаулының 4-бабында: «Қазақстан Республикасының Мүлік жөніндегі Мемлекеттік комитетіне, облыстың әкімдеріне, Алматы қаласының әкіміне басқа елдерде тұратын қазақ ұлтының адамдарына өндірістік ғимараттар, тұрғын үйлер салуға, жер учаскелерін бөлуде, тұрғын үй кооперациясына қатысуда, асханаларды, дүкендерді, тұрмыстық қызмет шеберханаларын жалға алуда, бірлескен кәсіпорындар құруда, мемлекеттік меншіктің барлық нысандарын жекешелендіру жөніндегі аукциондарға қатысуда белгілі бір жеңілдіктер мен басымдықтар жөнінде шаралар қолдану ұсынылсын», – деп атап көрсетілген еді. Бірақ, бұл ұсыныс қағаз жүзінде қалды.

Міне осындай жағдайларды ескере отырып, қазақ диаспорасы туралы қаулылар мен заңдар қайта қаралса және оның дұрыс орындалуы жоғары орындар тарапынан үнемі бақылауда болса.

4. Биылды айтпағанның өзінде, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінен түскен мәліметке қарағанда 1993 жылы көшіп келгендерге үй сатып әперу және жаңадан салу үшін 8 млрд. сом ақша бөлінген. Бұл аз қаржы емес. Бірақ, бұл қаржы шын мәнінде өз мақсатында тиімді пайдаланылды ма, жоқ па, ол жағы белгісіз. Міне, осы мәселе де үнемі назарда болуға тиіс.

Сондай-ақ, сырттан келген қазақтардың іскерлік шаруамен айналысуына, шағын



кәсіпорын, асхана, т. б. ашуына көмектесу үшін жыл сайын белгілі бір мөлшерде қаржы бөлінуі керек. Несие, салық жөнінде жеңілдік жасалынуы қажет.

5. Алдағы бір-екі жылда экономикамыз сәл көтерілсе Қазақстанға жұмыс қолы көптеп керек болады. Бұл, әсіресе, өндіріс орталықтары тығыз орналасқан орталық, шығыс, солтүстік облыстарға тән. Мұнай, газ шығатын батыс облыстарға да жаңадан жұмыс қолдары қажет. Міне, осындай кезде сырт жерлердегі қазақ диаспорасын, әсіресе, Ресей, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркменстан қазақтарының мүмкіндігін пайдалану қазірден бастап ескерілгені жөн. Және бұл қазақтардың уақытша пайда тауып қайту үшін емес, біржолата тұрақтап қалуға келетіні ескерілуі тиіс.

6. Шетелдердегі қазақ диаспорасының Қазақстанға келіп, ойдағыдай орналасуы – Ішкі істер министрлігіне де тікелей байланысты. Әсіресе, бұл министрліктің паспорт, тіркеу жөніндегі облыстық, аудандық бөлімдері үлкен жұмыс жүргізуі қажет. Ішкі істер министрлігі осы мәселелерді бір жүйеге түсірсе.

7. Қазақ диаспорасының Қазақстанға келуі – республикамыздың Сыртқы істер министрлігіне де тікелей байланысты. Бұл, әсіресе, Қытайдағы қазақтарға қатысты. Қытайдағы қазақтардың мұң-мұқтажы туралы арнайы хат жолдап отырмыз. Сырт жерлердегі қазақтар көп тұратын өңірдің қатарына Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркменстан жатады. Қазір бұл республикалардың бәрі шетелге айналды. Бұл елдерден Қазақстанға қайтқысы келетін қазақтар көп. Бірақ, оларға жергілікті орындар тарапынан әртүрлі кедергілер жасалынууда. Мысалы, жекеменшік үйін сатқызыбау, паспортын тіркеуден шығармау, дүние-мүлкін шекарадан өткізбеу, әр түрлі салық-айып салу, т. б. Міне, осы мәселелерге Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі, Қазақстанның сол елдердегі елшіліктері белсене араласса.

Сондай-ақ, бұл елдермен көші-қон жөнінде арнайы келісім-шарт жасалса.

8. Қазір Ресей Үкіметі, Сыртқы істер министрлігі Қазақстандағы орыстардың мүддесін қорғаймыз дегенді жиі айтып жүр. Ал, Ресейде 1 миллионға жуық қазақ тұрады. Шындыққа жүгінсек, олардың көпшілігі, ең болмаса, балаларын өз ана тілінде оқыту мүмкіндігінен айрылған.

Қазақстан Сыртқы істер министрлігі де, Ресейдегі Қазақстан елшілігі де бұл мәселеге айрықша назар аударып, шын қамқорлық, жанашырлық танытса.

9. Сырт жерлердегі қазақ диаспорасына қамқорлық жасауда Қорғаныс министрлігі де шет қалмауға тиіс. Әсіресе, жоғары білімді әскери мамандарды пайдаланудың жолдарын бір жүйеге түсіру керек. Моңғолиядан көшіп келгендердің арасында Мәскеудің жоғары әскери училищелерін, әскери академияларын бітіргендер қой бағып жүр. Бұл ойландыратын жағдай.

Сондай-ақ, Өзіңіз атап көрсеткендей, босап жатқан әскери қалашықтарға сырттан қоныс аударған қазақтарды орналастыру мәселесін қолға алу қажет. Өткен жылы «Экспресс К» газетінде босаған әскери қалашықты неміс диаспорасы алып жатқаны жазылды. Әрине, бұл дұрыс. Дегенмен, мұндай жаңалықтан қазақтар да құр қалмаса дейміз.

10. Қазақстанның Білім министрлігі сырт жерлердегі қазақ диаспорасына білім берудің кешенді Бағдарламасын жасау керек деген ұсынысымызды бұрыннан айтып келеміз. Алдағы уақытта Білім министрлігі осы мәселені ескерсе.

11. Сырт жерлердегі қазақтардың мәдениеті – жалпы қазақ мәдениетінің құрамдас бір бөлігі. Сондықтан да, сырт жерлердегі қазақ мәдениетінің қайраткерлеріне

Қазақстан тарапынан үнемі көмек, қамқорлық қажет. Бұл жөнінде Қазақстанның Мәдениет министрлігі бас болып, арнайы бағдарлама жасалса.

12. Сыртта жүрген белгілі қазақ ғалымдары, жоғары дәрежелі мамандар да баршылық. Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы, басқа да ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындары осыларға тұрақты түрде көңіл бөліп отырса, оларды Қазақстанға тарту мәселесін ойластырса.

13. Қазіргі кезеңде сырт жерлердегі қазақтардың Қазақстанның газет-журналдарын, кітаптарын алуы, телерадио хабарларын тыңдауы үлкен проблемаға айналды. Соған байланысты Қазақстан Баспасөз және ақпарат құралдары министрлігі, Байланыс министрлігі, Қазақстан Телерадио корпорациясы тарапынан осы мәселелерге айрықша назар аударылса.

14. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге шамасы жеткенше атсалысып келеді. Бұл ретте тындырылған жұмыстар да баршылық, әртүрлі себептермен орындалмай келе жатқан шаруалар да аз емес. Міне, осыларды толық жүзеге асыру үшін, Қауымдастыққа және оның жанынан құрылған «Ерулік» қорына үкіметіміздің, басқа да жоғары орындардың жан-жақты көмегі қажет.

Сырт жерлердегі диаспорамен тікелей жұмыс істейтін Қауымдастықтың мақсаты мен міндеті болашақта қазіргіден де әлдеқайда ұлғая түсетінін осы бастан ескерген жөн. Жалпы, Қазақстан үкіметі қазақ диаспорасына байланысты жан-жақты бағдарлама жасауды қолға алуы қажет.

Егер жоғары орындар тарапынан қолдау болса, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қазақ диаспорасына байланысты мұндай бағдарламаның жобасын жасауға дайын.

**Дүниежүзі қазақтары  
қауымдастығы төрағасының  
бірінші орынбасары  
Қалдарбек НАЙМАНБАЕВ**

5–Н-қ. 1-т. 5078-іс. 23–27- тт.

Қарар: В. Соболевке, И. Тасмағамбетовке,

К.Тоқаевқа

Осы мәселе жөнінде бұдан бұрын да тапсырма берген едім, бірақ оны толығымен шешу ұзаққа созылып барады. Жүйесіздіктің орын алғаны, үкімет пен жергілікті органдар тарапынан нақтылы үйлестірудің жоқтығы білініп отыр. Байыбына барып баян етіңіздер.

А. Штопельге

Бақылауға алынсын.

**Н. Назарбаев (қолы)**

21 маусым 1995 ж.

5–Н-қ. 1-т. 5078-іс. 22-н.

№ 61

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі  
№ 2366 «1995 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» Қаулысы**

Алматы қ.

1995 жыл 18 шілде

«Көшіп келу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттардың көшіп келуін және оларды жайғастыруды ұйымдастыру мақсатында қ а у л ы е т е м і н:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті ұсынған Шетелдерден көшіп келудің 1995 жылға арналған квотасы қосымшаға сәйкес 5 мың отбасы болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

осы қаулыны жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолданылсын;

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорынан босқын-репатрианттардың көшіп келуін, оларды қабылдауды, жайғастыруды және бейімделуін ұйымдастыруға 250000 мың теңге мөлшерінде қаражат бөлінуін қамтамасыз етсін;

босқын-репатрианттардың отбасылары жинақы қоныстандырылатын аудандар мен елді мекендерді, сондай-ақ оларды жұмыспен қамтамасыз ететін шаруашылықтардың тұрпатын айқындасын;

олардың қабылдануын, жайғастырылуын және қажетті әлеуметтік тұрмыстық жағдайлар жасалуын қамтамасыз етсін;

тұрғын үй, отын, электр энергиясы және басқа коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөнінде босқын-репатрианттарға жеңілдіктер көзделсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

5–Н. 1-т. 3890-іс. 10-н.

№ 62

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1995 жылғы 18 шілдедегі  
№ 2366 Жарлығына қосымша

**Шет елдерден көшіп келудің 1995 жылға арналған  
КВОТАСЫ**

(отбасы)

Көшіп келушілер жіберілетін облыс	Ауғанстан Ислам мемлекеті	Иран Ислам Республикасы	Қытай Халық Республикасы	Моңғолия	Ресей Федерациясы	Тәжікстан Республикасы	Түрікменстан	Түрік Республикасы	Өзбекстан Республикасы	Барлығы
Ақмола				100	200	50	50		50	450
Ақтөбе					150				50	200
Алматы			120	40	30	50		40	20	300
Атырау					130	20			50	200
Шығыс Қазақстан			30	20	5					55
Жамбыл	30	30	65		25	50	50		200	450
Жезқазған			20	10	70	30	40		30	200
Батыс Қазақстан					60					60
Қарағанды			50	50	50					150
Қызылорда					10		40			50
Көкшетау			20	30	20					70
Қостанай					400					400
Манғыстау		170			100	50	400		200	920
Павлодар				20	250	10	20			300
Солтүстік Қазақстан					100	20				120
Семей			50		70					120
Талдықорған			100							100
Торғай			5	30	10					45
Оңтүстік Қазақстан						150	80	20	500	750
Алматы қаласы			10	5	35	10				60
<b>Барлығы</b>	<b>30</b>	<b>200</b>	<b>470</b>	<b>305</b>	<b>1715</b>	<b>440</b>	<b>680</b>	<b>60</b>	<b>1100</b>	<b>5000</b>

5–Н-қ. 1-т. 5078-іс. 10-қайырма бет.

№ 63

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ресей Федерациясы,  
Өзбекстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы,  
Түрік Республикасы, Ислам Иран Республикасындағы Қазақстан  
Республикасының Төтенше және Өкілетті елшілеріне хатынан**

Алматы қ.

1995 жыл 4 қыркүйек

Өздеріңізге мәлім, 1992 жылы Алматы қаласында өткен әлем қазақтарының құрылтайы кезінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, оның Төрағасы болып Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сайланды.

Қауымдастық құрылған күнінен бастап шет елдегі қазақтар мәселелерін шешуде пәрменді ат салысып; өмір сүріп жатқан елдеріндегі қазақтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын, олардың рухани және мәдени даму деңгейін, тарихи мирастары мен ана тілін сақтау дәрежесін зерттеумен айналысып жүр.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының мәліметі бойынша, кейбір елдерде жергілікті өкімет тарапынан қазақ мәдени орталықтарына тиісті қаражаттық көмек көрсетілмейтіндігі, қазақ тілінде дәріс беретін орта білімдік мектептердің және жоғарғы оқу орындарында қазақ бөлімшелері санының қысқартылғандығы байқалып отыр. Қазақстанға көшіру мәселесі де өз шешімін таба алмай келеді.

Осы орайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, оның шетелдердегі Дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық бөлімшелеріне үлкен үміт артып отыр.

Осыған байланысты, әр түрлі деңгейде ресми кездесулер кезінде, қазақтардың мәселелерін зерттеп және талқылап отыруды, мәдени дамуы, оқу, білім, ана тілін үйрену, көшіру жұмыстары бойынша қамқорлық жасап отыруды көкейтесті мәселе деп есептейміз. [...]

Құрметпен,

**Министрдің  
бірінші орынбасары  
Нұрлан ДӘНЕНОВ**

75–Н-қ. 1-т. 1971-іс. 61–62-т.

**Из письма Министерства иностранных дел Республики Казахстан  
Чрезвычайным и Полномочным Послам Республики Казахстан в Российской  
Федерации, Республике Узбекистан, Китайской Народной Республике,  
Турецкой Республике, Исламской Республике Иран**

*г. Алматы*

*4 сентября 1995 г.*

Как Вам известно, в 1992 году в г. Алматы, во время первого курултая (съезда) казахов была создана Всемирная ассоциация казахов и ее Председателем был избран Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев.

Со дня основания, Ассоциация принимает действенное участие в решении проблем казахской диаспоры, занимается изучением социально-бытовых условий казахов в стране проживания, вопросов их духовного и культурного развития, степени сохранения исторического наследия и родного языка.

Согласно информации Всемирной ассоциации, в некоторых странах не всегда оказывается должная материальная помощь культурным центрам казахской диаспоры со стороны местных властей, сокращается число общеобразовательных школ на казахском языке и казахских отделений в высших учебных заведениях. Имеются нерешенные проблемы и с переселением в Казахстан.

В этой связи, Всемирная ассоциация казахов возлагает большие надежды на Министерство иностранных дел РК, его дипломатические представительства и консульские учреждения в странах пребывания.

В связи с чем, считаем целесообразным, изучать и обсуждать проблемы казахов во время официальных встреч на различных уровнях; оказывать содействие в вопросах культурного развития, образования, изучения родного языка, переселения. [...]

**Первый  
заместитель министра  
Н. ДАНЕНОВ**

*Ф. 75–Н. Оп. 1. Д. 1971. Лл. 59–60.*

**Из доклада Правительства Республики Казахстан  
Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву  
«О ходе переселения и обустройства соотечественников»**

г. Алматы

13 сентября 1995 г.

**УВАЖАЕМЫЙ НУРСУЛТАН АБИШЕВИЧ!**

Правительство докладывает о выполнении Вашего поручения от 31 мая т.г. № И-197 по данному вопросу.\*

Правительство приняло постановление «О реализации постановления Президента Республики Казахстан от 18 июля 1995 г. № 2366 «О квоте иммиграции на 1995 год» от 5 сентября т.г. № 1226, в котором даны необходимые поручения министерствам и ведомствам, участвующим в переселении.

По состоянию на 1 сентября т.г., в страну прибыло 2530 семей, при квоте на год 5000 семей.

Наибольшее количество приехало в Южно-Казахстанскую область – 300 семей, Мангистаускую – 355 семей, Западно-Казахстанскую – 279 семей. В сентябре ожидается прибытие 170 семей из Ирана, 60 – Монголии и 60 – из Турции.

Переселенцы активно включаются в трудовую деятельность. Так, 190 семей, прибывшие из Газли (Узбекистан), отремонтировали пустовавшие квартиры и разместились в них.

Из 435 млн. тенге, предусмотренные на 1995 г. на переселение, выделено 70 млн.

На местах принимаются меры по формированию трудовых коллективов из новоселов. Так, в селе Еркиндик Тургайской области, отделение совхоза полностью – от управляющего до рабочих – укомплектовано соотечественниками из Монголии.

Решаются вопросы гражданства. Все прибывшие из Ирана и Турции стали гражданами Республики Казахстан. Оформили документы о выходе из гражданства Монголии 300 переселенцев.

Принимаются и другие меры по адаптации переселенцев. [...]

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан  
А. КАЖЕГЕЛЬДИН**

Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 5078. Л. 21.

\*См. док.: № 59.

Резолюция: Согласиться  
**Н. Назарбаев (подпись)**  
25 сентября 1995 г.  
И-197.

Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 5078. Л. 20.

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевқа хаты**

Астана қ.

1995 жыл 20 қыркүйек

Сіздің Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Қ. Найманбаевтың хатына сәйкес берген тапсырмаңызға орай, қажетті министрліктер мен ведомстволар басшыларының қатысуымен жиналыс өткіздім.

Жиналыс барысында шетелдегі отандастарымызға қамқорлық жасауға байланысты барша проблемалар егжей-тегжейлі қарастырылды. Тарихи отанына, алыс, жақын шетелдерден оралған қазақтарды үй-жаймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру сияқты мәселелерге баса назар аударылды. Көші-қон мәселесінің одан әрі кеңейе түсетіні айтылып, келген отандастарды қабылдау, орналастыру, жағдай жақсап, тұрмысқа тез үйреніп кетуіне ықпал ету секілді кезек күттірмейтін сұрақтарды дер кезінде шешіп отыру ескертілді.

Қазақстандағы саяси және ұлтаралық ынтымақтың – әр түрлі соғыс, майдан, ұлтаралық қақтығыстардан қажыған көпшілік үшін қалаулы да, қолайлы мекен болып отырғаны рас. Сондықтан болар, жұмыс іздеп келіп жатқан шетелдіктер де жоқ емес. Қайсыбір экономикалық дағдарыстарға байланысты еліміздің кейбір аймақтарында тұрғын халықтың ішкі миграциялық ағыны күшеюде.

Аталған миграциялық проблемалардың жиынтығы бұл күнде елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, ұлтаралық қатынасқа әсер ете алатын ағымға айналып отыр. Сондықтан, оларды тереңірек зерттеп, қажетті шаралар қолдану, мемлекеттік деңгейде реттеп, бағыттап отыру маңызды.

Алайда, республикамызда әліге дейін көші-қон мәселесін зерттеп, бағыттап, оның себептерін анықтап, үйлестіру мақсатында нақты шаралар қолданылып отыратын үйлестіру органы жоқ.

Осы себептерге байланысты, төмендегі мәселелерді шешкен жөн болар еді:

1. Қазақ диаспорасы мен республикадағы миграциялық мәселелерге байланысты Мемлекеттік бағдарламаны бекіту;
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік иммиграция қорын құру (Министрлер Кабинетінің осы мәселе бойынша Қаулысының жобасы келісім үстінде);
3. Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі Мемлекеттік комитетінің жанынан шетелдердегі этникалық қазақтарды зерттеу және қолдау Орталығын құру.

Қарауыңыз үшін ұсынылып отыр.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің орынбасары  
И. ТАСМАҒАМБЕТОВ**

Қарар: Шешіңіздер.

**Н. Назарбаев (қолы)**

25/IX



**Письмо Посольства Республики Казахстан в Турецкой Республике  
в Министерство иностранных дел Республики Казахстан Токаеву К.К.  
«О переселении представителей казахской диаспоры из Турции»**

*Анкара қ.*

*30 октября 1995 г.*

В соответствии с достигнутой договоренностью между Министерством иностранных дел Республики Казахстан и Министерством иностранных дел Турецкой Республики от 02.09.1993 г. о миграции казахов из Турции в Казахстан посольством проводится работа по практической реализации этого соглашения.

Как нами уже докладывалось в Центр, в период с 19 сентября по 4 октября 1993 года с участием МИД, сотрудников Посольства РК в Турции, Минтруда, Главного управления таможни, НАК «Казахстан Ауе жолы», из Турции в Казахстан, в организованном порядке было осуществлено переселение 1390 человек, в том числе, в Кызыл-Ординскую область – 1010 человек, в Мангистаускую область – 380 человек.

По ряду объективных причин, некоторые семьи и отдельные лица не смогли выехать в Казахстан в указанный период. За ними было оставлено право позднее в индивидуальном порядке выехать в Казахстан. Они, в этом случае, лишались возможности получения льгот (бесплатный проезд, доставка багажа, предоставление временного жилья и материальной помощи по месту нового проживания и т [ак] д [алее], которые предоставлялись переселенцам).

Следует отметить, что многие переселенцы из Турции имеют неплохое материальное положение. Так, они вывезли в Казахстан элементы и составные части малых технологий по переработке сырья, изготовлению товаров широкого потребления, занимаются в настоящее время бизнесом и торговлей. Наиболее обеспеченные приступили к строительству собственного жилья. В поселке Каскелен, Алматинской области, где проживают около 50 приехавших из Турции семей, на их средства строится мечеть.

Работа Посольства в среде диаспоры, организованно проведенное переселение ее представителей на историческую родину, хороший прием их на местах нового проживания, а главное, сохраняющаяся в нашей стране политическая стабильность и развивающийся процесс перехода к рыночной экономике, оказали положительное воздействие на диаспору в целом.

С начала 1995 года заметно возросло число обращающихся в Посольство представителей казахской диаспоры, желающих выехать на постоянное место жительства в Казахстан, для воссоединения с ранее выехавшими родственниками. При этом они готовы были самостоятельно, либо с помощью своих родственников, решить вопросы обеспечения жильем и трудоустройства в Казахстане.

С учетом этого, Посольством были подготовлены и согласованы с Турецкой стороной списки новых переселенцев и информирован МИД РК.

В результате проведенной работы в период с 8 по 10 октября 1995 года с участием представителей Министерства труда Республики Казахстан было организовано переселение представителей казахской диаспоры в количестве 240 человек. Из них спецрейсом национальной авиакомпании выехали в Шымкентскую область – 82 че-

ловека, а в Алматинскую область – 155 человек. Остальные выехали самостоятельно в другие сроки, на регулярных рейсах «Казахстан Ауе Жолы», за свой счет.

Переселенцы были документированы независимо от наличия либо отсутствия у них на руках каких-либо документов, подтверждающих их гражданство Свидетельствами на возвращение в Республику Казахстан серии АЖ.

По имеющимся у нас данным, в Турции остается большая группа казахов – выходцев из Афганистана, ныне являющихся гражданами Турции, которые также желают выехать на постоянное место жительства на их историческую Родину. Однако их пока сдерживает наличие у них в Турции недвижимости и частно-предпринимательского дела, которое они, в силу ряда обстоятельств, не могут перенести в Казахстан.

Сообщается в порядке информации.

**ПОСОЛ  
К. САУДАБАЕВ**

*Ф. 75–Н. Он. 1. Д. 2095. Лл. 22–23.*

**№ 68**

**Из письма Департамента по миграции населения  
Заместителю заведующего отделом гражданства Администрации  
Президента Республики Казахстан Утетлеуову К.Е.**

*г. Алматы*

*1 ноября 1995 г.*

[...] Департаментом миграции Министерства труда в сентябре-октябре т.г. осуществлено организованное переселение 193 семей (872 чел.) репатриантов, в том числе: из Монголии – 37 семей (150 чел.), Исламской Республики Иран – 99 (443 чел.) и Турецкой Республики – 57 семей (279 чел.).

Из прибывших 872 чел. репатриантов, 803 являются лицами без гражданства, а 69 гражданами Монголии.

Помимо указанной категории, на территории Казахстана проживают свыше 50 тыс. граждан Монголии казахской национальности, прибывшие на жительство в 1991–1994 гг., основная масса которых неоднократно обращалась в посольство Монголии о желании выйти из гражданства Монголии, но их просьба, до сегодняшнего дня, не удовлетворена, т. к. процедура выхода из гражданства Монголии очень сложна.

Поэтому, считаем целесообразным, через правительственные органы Монголии решить вопрос об упрощенном варианте выхода из гражданства Монголии, той категории казахов, которые приняли решение остаться на постоянное жительство в Казахстане.

**Председатель Департамента  
Г. ЕСМУКАНОВ**

*Ф. 5–Н. Он. 1. Д. 5514. Л. 16.*

## № 69

## «Туған елдің төрінде атты» студенттер кеші

Алматы қ.

1996 жыл 21 наурыз

М. Өуезов атындағы театрда шетелдерден келіп, Қазақстанда оқып жатқан студенттерге арналған «Туған елдің төрінде атты» кеш өткізілді. Бас қосуға Алматы жоғары оқу орындарындағы студенттермен қатар Талдықорған, Қаратау, Түркістан қалаларында оқып жатқан оқу озаттары да арнайы шақырылды. Осы кешке Қауымдастықтың шетелдердегі бөлімшелерінің өкілдері де қатыстырылды. Олар – Мехмет Зенгин (Париж), Шәріп Найман (Мюнхен), Рамазан Юксел (Кельн), Тұрсымат Қалбаев (Ташкент), Серікбай Тәстенов (Омбы) және тағы басқалар.

Кеште сөз сөйлеген Республика Білім министрінің орынбасары Ш.К. Беркімбаева шетелдегі қандастарымызға министрлік тарапынан жасалып жатқан қамқорлық жайында айта келіп, жастарға өзінің талап-тілектерін де білдірді, оқуда табыс тіледі.

Демеушілер Ибрагим Гулер, Абдулмансур Ахиол студенттерге сый-құрметтерін көрсетті. Қауымдастық жақсы оқыған студенттерге мақтау қағаздарын салтанатты түрде табыс етті. Кеш соңында үлкен концерт болды.

Келесі күні наурыз мейрамында жылдағы дәстүр бойынша Республика сарайының алдына Қауымдастық атынан тігілген екі киіз үйде алыс-жақын шетелдерден мәжіліске келген ағайындар бас қосты.

Осылайша, Қауымдастықта сырттан келіп жатқан қазақ жастарының басы қосылып, тәрбиелік мәні зор тағы бір игілікті іс атқарылды.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі. – Алматы, 2002. – 18 б.*

**Указ Президента Республики Казахстан от 24 апреля 1996 года  
№ 2959 «О квоте иммиграции на 1996 год»**

г. Алматы

24 апреля 1996 г.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об иммиграции» и в целях организации переселения и обустройства беженцев-репатриантов, изъявивших желание возвратиться на историческую родину, ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Установить представленную Правительством Республики Казахстан квоту иммиграции на 1996 год в количестве 4 тыс. семей согласно приложению.

2. Правительству Республики Казахстан:

принять практические меры по реализации настоящего Указа;

обеспечить выделение финансовых средств из Государственного фонда содействия занятости на организацию переселения, приема, обустройства, приобретение и строительство жилья для беженцев-репатриантов в размере 670 млн. тенге;

определить районы для компактного расселения семей беженцев-репатриантов с учетом их родственных и хозяйственно-производственных связей, трудоустройства по специальностям;

обеспечить прием, обустройство и создание для них необходимых социально-бытовых условий;

выделить земельные участки для строительства жилых домов и хозяйственной деятельности беженцев-репатриантов;

распространить на семьи переселенцев установленные законодательством Республики Казахстан льготы по оплате жилья, топлива, электроэнергии, коммунальных и других услуг, предусмотренные для соответствующих категорий населения.

3. Настоящий Указ вступает в силу со дня опубликования.

**Президент  
Республики Казахстан  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 7639. Лл. 1, 1 об.*

## № 71

Приложение  
к Указу Президента  
Республики Казахстан  
от 24 апреля 1996 года № 2959

## Квота иммиграции на 1996 год из зарубежных стран

Область вселения иммигрантов	Исламская Республика Иран	Китайская Народная Республика	Монголия	Российская Федерация	Республика Таджикистан	Туркменистан	Турецкая Республика	Республика Узбекистан	всего
Акмолинская				50				100	150
Актюбинская				85		50		50	185
Алматинская		100		30		70		100	300
Атырауская					50			50	100
Восточно- Казахстанская		40	20	40					100
Жамбылская		50		20		30		250	350
Жезказганская				35				100	135
Западно- Казахстанская				130				20	150
Қарағандинская		50	20	30		20		50	180
Қызыл-Ординская			10				20		20
Кокшетауская								30	40
Құстанайская				140				260	400
Мангистауская	400			50		450		200	1100
Павлодарская			20	40				80	140
Северо- Казахстанская				30	10			30	70
Семипалатинская		50		100					150
Талдықорғанская		60		20				20	100
Түргайская				10				20	30
Южно-Казахстанская					20	40		200	260
г. Алматы	5	10		20	5	5		5	50
ИТОГО	405	360	70	830	85	665	20	1565	4000

Ф. 5-Н. Оп. 1. Д. 7639. Л. 1 об.

№ 72

**Астраханда Құрманғазы кесенесінің ашылуы**

*Астрахань қ.*

*1996 жыл 11 қазан*

Ресейдің Астрахань облысындағы Алтынжар ауылында ұлы композитор Құрманғазы<sup>1</sup> кесенесі салтанатпен ашылды.

Оған қатысуға Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев пен Ресей Үкіметінің төрағасы В. Черномырдин<sup>2</sup> арнайы келді.

Екі елдің басшылары әділет үшін күрескен ұлы күйші-композитор достықтың символы екенін, бұл күн баршаның есінде мәңгі сақталатынын атап айтты.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі. – Алматы, 2002. – 20 б.*

№ 73

**Из доклада Правительства Республики Казахстан  
Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву «О состоянии  
обустройства и адаптации переселенцев»**

*г. Алматы*

*27 ноября 1996 г.*

**Уважаемый  
НУРСУЛТАН АБИШЕВИЧ!**

Правительство докладывает о ходе выполнения Вашего поручения от 8 ноября 1996 г. № К–10225 по обустройству и адаптации соотечественников.

[...] За 1991–1996 (9 месяцев) годы в республику прибыло (с учетом неорганизованного переселения) 33 тысячи семей, или 147 тысяч человек, в составе которых 49 тысяч трудоспособных.

Из стран дальнего зарубежья (Афганистан, Турция, Иран, Монголия, Китай) прибыло 14044 семьи, в составе которых 69126 человек.

Для обустройства соотечественников Правительство ежегодно предусматривает выделение финансовых средств. На 1996 год расходы на эти цели определены в сумме 670 млн. тенге\*.

[...] Для остро нуждающихся в жилье, которых в республике на 1 октября 1996 года было 1975 семей, приобретено в т [екущем] г [оду] 770 домов (квартир) на общую сумму 117 млн. тенге, при средней стоимости жилья 151 тысяча тенге.

Из числа трудоспособных занято в отраслях экономики 16,3 тысячи человек (33 %). Многие из трудоустроенных оставляют работу по причине невыплаты заработной платы в организациях, где они работали, и переходят в сферу бизнеса, в развитии которого им содействуют местные органы.

Наряду с этим, следует отметить, что в обустройстве и адаптации соотечествен-

ников сохраняются проблемы, связанные, главным образом, с ограниченностью финансовых средств.

В Государственный фонд содействия занятости, за счет которого финансируется переселение, за 10 месяцев т [екущего] г [ода] поступило около 2,5 млрд. тенге, при плане 4,3 млрд. тенге. В этой ситуации представилась возможность выделить только 200 млн. тенге или около 30 % от предусмотренных средств на эти цели. Из-за недопоступления средств в Фонд занятости, возникла задолженность по выплате единовременных пособий соотечественникам, составившая на 20 октября т [екущего] г [ода] 73,6 млн. тенге. [...]

Что касается телеграммы Касымбекова Аманали и Абдумаликова Серика, то, по данным Минтрудсоцзащиты, они, в момент прибытия (1992 г.), являлись членами семей беженцев-репатриантов, прибывших из Таджикистана в Казахстан. [...] вышеуказанные соотечественники (по данным Минтрудсоцзащиты, являются гражданами Республики Казахстан) получили необходимый минимум социальных льгот, который определен для переселенцев, независимо от того, имеют они гражданство Республики Казахстан или нет.

В частности, им выдано единовременное пособие. В 1993 году Касымбекову Амантаю (отцу Аманали, участнику Великой Отечественной войны, возраст 80 лет) выделена 2-х комнатная квартира.

Абдумаликову Серику в 1993 году выделены земельный участок 8 соток, ссуда в сумме 1,5 млн. рублей.

В 1996 году Касымбеков Аманали и Абдумаликов Серик создали свои семьи и с тех пор обращаются в вышестоящие инстанции, требуя предоставления отдельных квартир, что должно решаться на общих, а не на льготных основаниях. [...]

Представляется в порядке доклада.

**Первый заместитель  
Премьер-Министра  
А. ЕСИМОВ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 5868. Лл. 54–56.*

\* См.: док. №70.

№ 74

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 3308 «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік  
бағдарламасы туралы» Жарлығы**

*Алматы қ.*

*1996 жыл 31 желтоқсан*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы (қоса беріліп отыр) бекітілсін\*.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзім ішінде шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеп, бекітсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*5-Н-қ. 6-т. 1108-іс. 1-н.*

---

\*№ 75-құжатты қараңыз.

№ 75

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 3308 Жарлығымен бекітілген «Шетелде тұратын отандастарды  
қолдаудың мемлекеттік Бағдарламасы»**

*Алматы қ.*

*1996 жыл 31 желтоқсан*

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Қазақстан Республикасының Үкіметі және басқа мемлекеттік органдар Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясы мен өзге де жаппай танылған халықаралық құқық нормаларында бекітілген адам құқығы мен бас бостандығының басымдығын танып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды басшылыққа ала отырып, шетелде тұратын отандастарымыздың ұлттық мәдени, рухани және тілдік қажеттерін қанағаттандыру жөнінде, тарихи отанына қайтып оралғандарды әлеуметтік-экономикалық қолдауды қамтамасыз ету жөнінде белгілі бір жұмыстар атқаруда.

Қазір алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасы қазақ ұлтының үштен бір бөлігін, немесе 4,3 млн. адамды құрайды. Олардың көпшілік бөлігі, кеңестік кезеңдегі революциялық және азамат соғыстары, зорлап ұжымдастыру, ашаршылық, жаппай



қуғын-сүргін салдарынан өздерінің тарихи отандарынан кетуге мәжбүр болды. КСРО тарағаннан кейін жақын шетелдердегі (ТМД) қазақтар диаспораға айналды.

Аталған елдердегі диаспоралардың мәдени және әлеуметтік-экономикалық өркендеу деңгейі бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Қазақ диаспорасы проблемаларын кешенді зерттеу және шешу, ғылыми-зерттеулер мен практикалық шаралардың бірлігі және өзара байланысына әлі де жете мән берілмей отыр.

Шетелдегі отандастармен жұмысты жан-жақты жетілдіру, оны тек ұдайы және мақсатты мемлекеттік қолдау жағдайында ғана жүзеге асыру мүмкін болады. Қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім алу сұраныстарын барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, тарихи отанына қайта оралғылары келетіндерге мүмкіндік туғызатын ойластырылған шаралардың жүйесін жасау қажет.

Шетелде тұратын отандастармен жұмыс жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асыру тетігінде негізгі құжат болып табылатын Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасына нақ, осы мақсаттар негіз болып отыр.

Бағдарлама кешенді іс-шараларды қамтиды және негізгі алты бөлімнен тұрады: ғылыми қамтамасыз ету; нормативтік-құқықтық негіз; білім беру; мәдениет, туризм және спорт; кітап шығару және бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері; ұйымдастыру шаралары.

Ғылыми қамтамасыз ету саласында шетелдегі отандастардың тыныс-тіршілігі мен ділінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, олардың құқықтық хал-ахуалына, демографиялық, көші-қон процестеріне зерттеулер жүргізу, қазақ диаспорасының жай-күйі туралы ғылыми-ақпараттық база қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті практикалық ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу және беру көзделген.

Шетелдегі отандастарды әлеуметтік, құқықтық қорғау және қолдау саласындағы басты мақсат олардың проблемаларына қатысты мемлекеттік саясаты қалыптастыру болып табылады. Құқықтық мәселелерді реттеу және оларды бір жүйеге келтіру, қазақ диаспорасымен байланысты қалпына келтіру және жүзеге асыру шет мемлекеттердің конституциялары мен заңдарына, халықаралық құқық нормаларына негізделген.

Бұл міндеттерді шешу негіздері Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда, «Көші-қон туралы» Заңда, Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы жасалған шарттар мен келісімдерде жасалған.

Шетелдегі отандастарды қолдау мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шығыстар 1997 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған бюджеттерде көзделген жалпы қаржыландыру шегінде жүзеге асырылады.

**Из служебной записки Президенту Республики Казахстан Назарбаеву Н.А.  
«Об итогах выполнения Указа Президента Республики Казахстан  
«О квоте иммиграции на 1996 год»**

*10 января 1997 года*

[...]

**Финансирование** организации переселения, приема, обустройства, приобретения и строительства жилья для беженцев-репатриантов осуществлялось через Государственный фонд содействия занятости населения.

**Районы** расселения семей беженцев-репатриантов, в основном, определены с учетом их родственных и хозяйственно-производственных связей, трудоустройства по специальностям. **Прием, обустройство и создание необходимых условий находятся под контролем акимов областей.** В областях, исходя из возможностей, решались вопросы выделения земельных участков для строительства жилья, установленные законодательством льготы по оплате жилья, топлива, электроэнергии, коммунальных и других услуг.

Вместе с тем, количественные и качественные характеристики иммиграции за 1996 год, выявили и **ряд серьезных проблем, связанных как с исполнением основных положений Указа**, так и, в целом, проблемы иммиграции и репатриации.

По данным Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, фактически в республику прибыло 3522 семьи. Из них – 725 семей из стран дальнего зарубежья и – 2797 из стран ближнего зарубежья. Организовано переселено 302 семьи, в том числе 269 из Монголии и 33 из Ирана. [...]

**Серьезной проблемой, сдерживающей процесс иммиграции, является проблема полноценного финансирования.** Согласно Указа, на организацию переселения, приема, обустройства, приобретения и строительство жилья для беженцев-репатриантов, предписано из Государственного фонда содействия занятости выделить 670 млн. тенге. Из них по плану, средств для приобретения жилья было предусмотрено в сумме 410 млн. тенге, а для приема и обустройства соотечественников – 260 млн. тенге. **Фактически по первой статье освоено 129,8 млн. тенге средств, или 31 процент, по второй – 80,5 млн. тенге, или 30,9 процентов.**

[...] Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 1997 год» предусматривает, что финансирование расходов по переселенческим мероприятиям, по ежегодно устанавливаемой квоте иммиграции, осуществляется за счет средств местных бюджетов. В этой связи, Министерству труда и социальной защиты населения Республики Казахстан необходимо в срочном порядке **согласовать величину квот по областям и внести проект Указа «О квоте иммиграции на 1997 год» до утверждения местных бюджетов.** [...]

**Вторая проблема** связана с регулированием иммиграционного процесса. Основной поток иммигрантов приходится в южные и западные регионы. Серьезную роль в этом процессе играют родственные связи. В то же время, принимая во внимание политику государства по выравниванию уровня экономического развития страны с учетом уровня безработицы и структурных изменений, регулирующая роль Правительства и местных исполнительных органов в вопросах иммиграции должна возрасти.

Поэтому, при утверждении квоты на 1997 год, **основные потоки иммиграции представляется целесообразным направить в центральные и северные области.**

**Третье.** С учетом опыта последних лет, Министерству труда и социальной защиты населения следует заблаговременно изучить пожелания казахской диаспоры в дальнем зарубежье, используя каналы МИД, и наметить **меры по их организованному переселению.**

**А. БАЙМЕНОВ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 7639. Лл. 9–10.*

Резолюция: Согласиться.

**Кажегельдину А.М.**

Прошу ускорить внесение проекта  
Указа «О квоте иммиграции на 1997 год»  
и проработать поставленные вопросы.  
Необходимо принять меры по обеспечению  
переезда всех желающих вернуться на родину.

**Н. Назарбаев (подпись)**

13.1.97.

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 7639. Л 8.*

## № 77

**Из доклада Премьер-Министра Республики Казахстан Президенту  
Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву о выполнении Указа Президента  
Республики Казахстан от 24 апреля 1996 г. № 2959  
«О квоте иммиграции на 1996 год»**

*6 февраля 1997 г.*

### **Уважаемый НУРСУЛТАН АБИШЕВИЧ!**

[...] Правительство приняло постановление от 3 мая 1998 г. № 554 «О реализации Указа Президента Республики Казахстан от 24 апреля 1996 г. № 2959 «О квоте иммиграции на 1996 год».

[...] В 1996 году в республику прибыло 4636 семей иммигрантов при квоте 4000. Превышение произошло, в основном, за счет прибывших самостоятельно соотечественников из стран СНГ, обустройство которых требует меньше затрат в связи с тем, что многие из них сами покупают или обменивают квартиры, а также размещаются у родственников.

Квота иммиграции выполнена Алматинской, Жамбылской, Жезказганской, Западно-Казахстанской, Кокшетауской, Павлодарской, Южно-Казахстанской областями и г. Алматы.

В основном (89,5%), соотечественники прибыли из стран СНГ. [...]

Из числа прибывших 674 семьи (14,5%) получили отдельный дом или квартиру.

378 семей (8,2%) – временное жилье. 177 семей (3,8%) размещены с подселением, 226 семей (4,9%) получили участки под строительство жилья, 1190 семей (25,7%) купили жилье на собственные средства.

В большинстве областей к нуждам переселенцев относятся с должным вниманием, изыскиваются возможности для улучшения их жизни и быта. В Карагандинской области по решению акима, в областном отделении Нацбанка открыт специальный счет по сбору средств в помощь переселенцам. За счет этого приобретено 27 двухквартирных домов на общую сумму более 1 млн. тенге. В этой же области, отдельные крупные организации оказывают переселенцам помощь одеждой, продуктами питания.

В составе прибывших семей 17026 человек, из них имеют высшее и неполное высшее образование 1050, среднее специальное – 1853, среднее – 3367 человек. В их числе – 8665 трудоспособных, среди которых – 1132 водителя, 850 работников образования, 784 строителя, 572 механизатора, 317 животноводов, 328 медицинских работников.

Свыше 44% трудоспособных были трудоустроены, в основном, в сельском хозяйстве, а также промышленности, торговле, сфере малого бизнеса.

В Талдыкорганской области руководители многих хозяйств оказали практическую помощь переселенцам в организации малых предприятий и частных коммерческих фирм. Так, в Панфиловском районе созданы малые предприятия по выделке кож и изготовлению юрт.

В целях дальнейшего совершенствования миграционных процессов постановлением Правительства от 9 января 1997 г. № 28 внесен на рассмотрение Мажилиса Парламента проект Закона Республики Казахстан «О миграции». [...]

Представляется в порядке доклада.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан  
А. КАЖЕГЕЛЬДИН**

*Ф.5–Н. Он. 1. Д. 7252. Лл. 2–3.*

№ 78

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы  
№ 3432 «1997 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» Жарлығы**

Алматы қ.

1997 жыл 27 наурыз

«Көшіп келу туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 22 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 13–14, 314-құжат) сәйкес және тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттардың қоныс аударуын және оларды жайластыруды ұйыдастыру мақсатында қ а у л ы е т е м і н:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған 1997 жылға арналған көшіп келу квотасы қосымшаға сәйкес 2180 отбасы болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың әкімдері және Алматы қаласының әкімі осы Жарлықты іске асыру жөнінде практикалық шаралар қолдансын.

Осы мақсатта:

босқын репатрианттардың қоныс аударуын, оларды қабылдау мен жайластыруды ұйымдастыруға арналған шығыстарды жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

босқын-репатрианттардың туыстық және шаруашылық өндірістік байланыстарын, мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылуын ескере отырып, олардың отбасылары жинақы қоныстанатын аудандарды айқындасын;

оларды қабылдауды, жайластыруды және олар үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауды қамтамасыз етсін;

белгіленген тәртіппен босқын-репатрианттардың тұрғын үй салуына және шаруашылық қызметіне арналған жер учаскелерін бөлу туралы мәселені шешетін болсын;

қажет болған жағдайда облыстық бейімдеу пункттерін ұстауға қаражат бөлуді қарастырсын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 1997 ж., № 13. 89-құжат.*

№ 79

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1997 жылғы 24 наурыздағы  
№ 3432 Жарлығына  
ҚОСЫМША

**1997 жылға арналған шет елдерден көшіп келу  
КВОТАСЫ**

(отбасылар)

Көшіп келушілер қоныстанатын облыстар	Иран Республика- сынан	Қытай Халық Республикасынан	Моңғолиядан	Ресей Федерациясынан	Тәжікстан Республикасынан	Түркіменстаннан	Түркия Республикасынан	Өзбекстан Республикасынан	Барлығы
Ақмола	-	-	-	120	-	-	-	-	120
Ақтөбе	-	-	-	80	-	30	-	40	150
Алматы	-	10	-	5	-	5	-	5	25
Атырау	-	-	-	50	-	-	-	-	50
Шығыс Қазақстан	-	10	10	10	-	-	-	-	30
Жамбыл	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Жезқазған	-	-	-	20	20	20	-	70	130
Батыс Қазақстан	-	-	-	200	-	-	-	-	200
Қарағанды	-	15	10	10	-	5	-	10	50
Қызылорда	-	-	-	-	-	-	-	5	5
Көкшетау	-	-	10	-	-	-	-	-	10
Қостанай	-	-	25	150	-	-	-	25	200
Маңғыстау	40	-	-	40	-	350	-	70	500
Павлодар	-	-	20	120	-	-	-	-	140
Солтүстік Қазақстан	-	-	20	10	-	-	-	-	30
Семей	-	20	20	140	-	-	-	-	180
Талдықорған	-	10	10	15	5	-	-	10	50
Торғай	-	-	-	10	-	-	-	-	10
Оңтүстік Қазақстан	25	5	-	20	20	10	30	150	260
Алматы қаласы	2	5	3	10	5	-	-	15	40
Барлығы	67	75	128	1010	50	420	30	400	2180

Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 1997 ж., № 17. 89-құжат.

**Из письма национально-культурного центра «Отан» Кыргызстана  
Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву о программе поддержки  
соотечественников, проживающих за рубежом**

[г. Бишкек ]

28 марта 1997 г.

**Уважаемый Нурсултан Абишевич!**

С чувством большой признательности восприняли мы, казахи, проживающие в Кыргызстане, Ваш Указ «О Государственной программе поддержки соотечественников, проживающих за рубежом»\*. Этот документ свидетельствует о том, что Родина нас не забыла, что мы ей нужны. [...]

В Кыргызстане сегодня проживает более сорока тысяч казахов. Большинство из них объединены вокруг национально-культурного центра «Отан»<sup>1</sup>, который занимается как проблемами соотечественников, волею судьбы ставших гражданами Кыргызстана, так и поддержкой связей с Казахстаном, интересы которого для нас не безразличны, более того, они находятся для нас в ряду первоочередных.

Многостороннюю культурно-просветительскую работу центр «Отан» осуществляет в тесном взаимодействии с посольством Казахстана в г. Бишкеке [...].

Мы с большим вниманием следим за реформами, происходящими в Казахстане, понимаем в какое непростое время Вам, Нурсултан Абишевич, выпало быть главой такого большого и древнего государства. Мы понимаем какую ответственность, как политик, Вы взяли на себя, и вместе с Вами рассчитываем на то, что выбранный Вами курс даст ожидаемые результаты, сделает Казахстан одной из самых богатых и процветающих стран в Центральной Азии.

Мы уверены в том, что Казахстан, как это было всегда, будет известен миру, прежде всего, именами своих славных сыновей и дочерей, их делами, людьми высокообразованными, интеллигентными, предприимчивыми, энергичными. [...]

Ваш Указ адресован прежде всего нам, казахам, живущим за пределами Родины, мы внимательно изучили государственную программу поддержки соотечественников и готовы принять посильное участие в выполнении того плана мероприятий, который определен этими документами. [...]

Среди нас немало людей, чье образование и практический опыт могли бы быть отданы на службу Казахстану. Есть среди нас юристы, экономисты, журналисты, политики, предприниматели. Во всем мире практикуется взаимодействие государств с национальными диаспорами, надо, на наш взгляд, использовать этот путь и нам, казахам. [...]

Очень важной нам видится проблема молодого поколения в условиях продвижения рыночной реформы как в стране проживания, так и на исторической Родине. [...] Обучение детей, сотрудничество в сфере культуры, туризма, спорта – все это актуальные для нашей диаспоры проблемы, в решении которых, мы рассчитываем на поддержку государства Казахстан.

Считаем очень важным для нас пункт программы, в котором предусматривается

содействие развитию торгово-экономических связей с представителями бизнеса из казахской диаспоры. Мы готовы к созданию совместных предприятий на основе экономических структур с организацией Казахского торгового дома.

Уважаемый Нурсултан Абишевич!

Кыргызстанская диаспора казахов считает принятый Вами Указ очень своевременной и важной мерой, имеющей историческое значение.

**Председатель Казахского  
национально-культурного центра  
«Отан»  
М. ТУГЕЛОВ**

*Ф.5–Н. Оп. 1. Д. 7904. Лл. 142–143.*

---

\*См.: док. № 75.

## № 81

### **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Халифа Алтай туралы хабарламасы**

*Алматы қ.*

*1997 жыл 5 мамыр*

#### **Құрметті НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ!**

Ислам дінінің белгілі білгірі, жазушы, «Алаш» сыйлығының лауреаты, Түркиядан келген отандасымыз Халифа Алтай биыл тамыз айында 80 жасқа толады.

Сонау зобалаң заманда кісі төзгісіз қиындықтар көрген, сөйтіп жүріп діни сауатын ашып, келе-келе әйгілі исламтанушы атанған Халифа Алтайдың бүкіл саналы өмірі – халқына адал қызмет етудің үлгісі. «Ата жұрттан Анадолыға дейін» атты өмірбаяндық кітабында сол замандардағы шеттегі қазақтардың басынан кешкен қанқазалы жылдары шынайы суреттелген.

Халифа Алтайдың Құранды ана тілімізге алғаш аударғаны, одан соң, ондаған діни кітаптарды қазақша сөйлеткенінің өзі қаншама қыруар еңбек.

Осы кісі қазір Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының жанындағы «Инабат» тәрбие орталығының төрағасы, халықаралық «Түркістан» газетінің белсенді авторы және редколлегия мүшесі, әсіресе, жастарды имандылыққа тәрбиелеуде көп жұмыс жүргізіп келеді.

**Құрметті НҰРЕКЕ!**

Халифа ақсақал елі деп еңіреген ерлердің бірі екені Өзіңізге де мәлім.

Сіздің қамқорлығыңыздың арқасында үйлі-жәйлі, республика азаматы атанғанын да зор мақтан етеді. Сол 80 жылдық мерекесіне байланысты, Қауымдастық пен газет редакциясы өз қамын жасап жатыр.



Осы бір игілікті шаруамыздан Сіз де хабардар болсын дегенді өзімізге парыз санадық.

Құрметпен,  
Қалдарбек НАЙМАНБАЕВ,  
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы  
төрағасының бірінші орынбасары

Қалтай МҰХАМЕДЖАНОВ,  
Қазақстанның Халық жазушысы,  
«Түркістан» газетінің бас редакторы

5–Н-қ. 1-т. 7902-іс. 130-п.

## № 82

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қыркүйектегі № 1388 «Босқын-репатрианттардың қоныс аударуын ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы» қаулысынан**

*Алматы қ.*

*1997 жыл 30 қыркүйек*

[...] Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Сыртқы істер министрлігімен, Ішкі істер Министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Қорғаныс министрлігімен, Мемлекеттік кеден комитетімен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп босқын репатрианттар отбасыларының Монғолия мен Иран Ислам Республикасынан Қазақстан Республикасына ұйымдастырылған түрде қоныс аударуын жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің, қосымшаға сәйкес, босқын-репатрианттарды тасымалдау жөніндегі шығыстарды өтеу үшін 1997 жылғы қоныс аудару шараларына жергілікті бюджеттерде көзделген қаражаттың бір бөлігін аталған министрліктің орталықтандырылған шотына аудару туралы ұсынысы қабылдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тапсырымдар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көлік қызметтеріне төлем жасауы үшін 1997 жылы қоныс аудару шараларына көзделген жергілікті бюджеттерден қаражат аударуына арнап ағымдағы шот ашсын. [...]

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне, олардың аталған министрліктің орталықтандырылған шотына аударған қаражатының тиімді әрі мақсатты пайдаланылуы туралы есеп ұсынсын.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы  
А. ЕСІМОВ**

*Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 1997 ж., № 44. 405-құжат.*

## № 83

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1997 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ 1388 қаулысына Қосымша

**Қазақстан Республикасына Монғолиядан және Иран Ислам  
Республикасынан қоныс аударушы отбасылары мен олардың үй мүлкін  
тасымалдау бойынша көлік қызметіне ақы төлеуге қажетті  
ҚАРАЖАТ**

Рег. №	Көшіп келушілер орналыстыратын облыстар	Монғолия			Иран Ислам Республикасынан			Жиыны		
		отбасы	адам саны	сомасы (млн. теңге)	отбасы	адам саны	сомасы (млн. теңге)	отбасы	адам саны	сомасы (млн. теңге)
1	Алматы (Талдықорған)	10	50	2,0				10	50	2,0
2	Шығыс Қазақстан (Семей)	30	150	5,4				30	150	5,4
3	Қарағанды	10	50	3,0				10	50	3,0
4	Қостанай	25	125	8,0				25	125	8,0
5	Маңғыстау				40	240	18,0	40	240	18,0
6	Павлодар	20	100	5,0				20	100	5,0
7	Солтүстік Қазақстан (Көкшетау)	30	150	8,0				30	150	8,0
8	Оңтүстік Қазақстан				25	150	11,0	25	150	11,0
9	Алматы қаласы	3	15	2,0	2	10	1,0	5	25	3,0
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>128</b>	<b>640</b>	<b>33,4</b>	<b>67</b>	<b>400</b>	<b>30,0</b>	<b>195</b>	<b>1040</b>	<b>63,4</b>

Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 1997 ж., № 44. 405-құжат.

## № 84

**Из постановления Правительства Республики Казахстан от 30 сентября  
1997 года № 1388 «О дополнительных мерах по организации переселения  
беженцев-репатриантов»**

г. Алматы

30 сентября 1997 г.

[...] Правительство Республики Казахстан постановляет:

1. Министерству труда и социальной защиты населения совместно с Министерством иностранных дел, Министерством внутренних дел, Министерством транспорта и коммуникаций, Министерством здравоохранения, Министерством обороны, Государственным таможенным комитетом Республики Казахстан, акимами областей и г. Алматы обеспечить организованное переселение семей беженцев-репатриантов из Монголии и Исламской Республики Иран в Республику Казахстан.

[...] 3. Министерству финансов Республики Казахстан открыть текущий счет по поручениям Министерству труда и социальной защиты населения Республики Казахстан для перечисления средств из местных бюджетов, предусмотренных на переселенческие мероприятия в 1997 году, для оплаты Министерством труда и социальной защиты населения Республики Казахстан транспортных услуг. [...]

**Исполняющий обязанности  
Премьер-Министра  
Республики Казахстан  
А. ЕСИМОВ**

САПП Республики Казахстан. 1997. № 44. Ст. 405.

**№ 85**

ПРИЛОЖЕНИЕ  
к постановлению Правительства  
Республики Казахстан  
от 30 сентября 1997 года № 1388

**СРЕДСТВА,  
необходимые для оплаты транспортных расходов по перевозке  
из Монголии и Исламской Республики Иран семей переселенцев  
и их домашнего имущества в Республику Казахстан**

№ п/п	Области вселения иммигрантов	Монголия			Исламская Республика Иран			Итого		
		семей	человек	сумма (млн. тенге)	семей	человек	сумма (млн. тенге)	семей	человек	сумма (млн. тенге)
1	Алматинская (Талдыкорганская)	10	50	2,0				10	50	2,0
2	Восточно-Казахстанская (Семипалатинская)	30	150	5,4				30	150	5,4
3	Карагандинская	10	50	3,0				10	50	3,0
4	Костанайская	25	125	8,0				25	125	8,0
5	Мангистауская				40	240	18,0	40	240	18,0
6	Павлодарская	20	100	5,0				20	100	5,0
7	Северо-Казахстанская (Кокшетауская)	30	150	8,0				30	150	8,0
8	Южно-Казахстанская				25	150	11,0	25	150	11,0
9	г. Алматы	3	15	2,0	2	10	1,0	5	25	3,0
	ВСЕГО	128	640	33,4	67	400	30,0	195	1040	63,4

САПП Республики Казахстан. 1997. № 44. Ст. 405.

**Өзбекстандағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне «Тәшкен облысындағы қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесу туралы» ақпараттан**

*Ташкент қ.*

*1997 жыл 29 қазан*

Жоспар бойынша егемен еліміздің Республика Күні қарсаңында Өзбекстандағы отандастарымызбен екі дүркін кездесу өткізілді.

Біріншісі, осы жылдың 22 қазан күні Республикалық интернационалдық орталықта Қазақ мәдени орталығымен бірлесіп Тәшкен қаласы мен оның төңірегіндегі аудандарда тұратын қазақ диаспорасының өкілдерімен ұйымдастырылды.

Интернационалдық орталықтың төрағасы К. Расулов өзінің кіріспе сөзінде астанада 24 ұлттық мәдени орталық, ал республика бойынша 23 миллионнан астам ӨР тұрғындарының 1/4-ін құрайтын 6 миллиондай басқа ұлттарын өкілдейтін 80 мәдени орталық бар екенін атап өтіп, баршалығының атынан мемлекетіміздің ұлы мерекесімен құттықтады.

Өз тарапымнан алғысымды білдірген соң, еліміздің тәуелсіздігін алу тарихына, бүгінгі таңдағы Қазақстанның ішкі саясаты мен әлеуметтік-экономикалық әл-ахуалы және жетістіктеріне, сыртқы саясатының барысы, қазақтың астанасының Алматыдан Ақмолаға көшу мәселесі және оны жүзеге асырудың мерекелік іс-шаралары мен салтанатты рәсіміне, қазақстандық-өзбекстандық мемлекетаралық достық қарым-қатынастардың шарттық-құқықтық өрісіне тоқталып баяндама жасадым.

Сонымен қатар тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі табыстарға баға беріп, болашаққа стратегиалық бағдар түзген Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан–2030 жыл. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты республика жұртына жолдауындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты немесе стратегиалық мақсаттармен таныстырдым.

Соңынан қазақ диаспорасының көкейкесті мәселелерін зерттеуге және шешуге арналған Үкіметіміз бен Елшілігіміздің іс-шаралары айтылды. Отандастарымыз өздерінің күй-жайы мен мұң-мұқтажын ортаға салып әңгіме қозғағанда 1991 жылдан бері Өзбекстандағы қазақ мектептерінің ескі бағдарламалармен оқып келе жатқаны, мемлекет көлемінде латын графикасына өтудің басталуына байланысты олардың болашақта хәлдерінің мүшкіл болатыны, мұғалімдердің жетіспеушілігі сияқты қажеттіктердің толып жатқаны айғақталды.

Осы мәселелерді шешуге тиісті ұсыныс пен пікірлер де ортаға салынып, мысалы, Низами пединститутындағы қазақ бөлімдері кеңейтіліп, жаңа мамандықтардан топтар ашылса, өнер саласында Қазақстандағы Өнер Академиясында бір топ талантты жастар қабылданып кадрлар дайындалса, қазақстандық көркем әдебиет, ақпарат басылымдарына жазылу және Елшілік жанынан ана тілін үйрену мен ән-күй ұйшықтары ұйымдастырылса деген өтініштер білдірілді.

Өз жағымнан барлық көтерілген мәселелерді шешуге Елшілік алда сөзсіз ден қоятына кәміл сендірдім.

Қазақ тіліндегі республикалық «Нұрлы жол» газетінде көбінен ресми өзбек басылымдарының мазмұндары көшірілетіні сыналғандықтан, Елшілікке түсетін қазақстандық ақпарат жаңалықтарымен үзбей бөлісіп тұруға келісілді. Кездесу соңында бұдан бұлай әр тоқсандық сайын бас қосып тұру ұйғарылды.

23 қазан күні Тәшкен облысы Бостандық ауданына танысу сапарын шегіп, қазақ диаспорасының өкілдерімен жүздестім. Сапар барысында хәкім Әбдібасықов Әбдіманап бастаған аудан басшыларымен сұхбаттасып, аудан туралы мәліметтер алынды. [...]

Ауданда 21 қазақ мектебі бар екен. Халқының құрамы: 46% – өзбектер, 26% – қазақтар (олардың айтуынша азайтып көрсетілген), 17% – тәжіктер, 8 % – орыстар. Екі қазақ мектебімен танысып, ұжымдарымен және «Жаңа ауыл» колхозындағы қазақ ағайындармен кездесу болды. Абай атындағы колхоздың тұрғыны зейнеткер Ә. Дауылбаев жанұясының әл-ауқаты, үй-тұрмысымен танысып, ауыл ақсақалдарымен әңгіме құрылды. Аудандағы Файзулла ақсақалдың алдыңғы қатарлы фермерлік қожалығына ат басы бұрылды. Алайда, фермердің қиыншылықтары да аз емес екен. Меншігіндегі 9 га жер мен 9 га бау-бақша қолындағы 40 қара мал, 20 жылқы, 300 қойға жем-шөп пен азығын қамтамасыз ете алмай, мал басын әрі қарай көбейтуге мүмкіншілік бермейді. Ал колхоздың 1200 қара малынан 200 ғана, 14000 қойынан 2000-ақ қалған. Колхозшылар екі жылдап жалақыларын алмаған. Айлық мөлшері 1500 сум (700 теңгедей).

Мектептердің шаңырақтары көңіл толарлықтай болғанмен қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы, арнайы методикалық басылымдар келмейді.

Сайып келгенде, бұл іссапардан екі республиканың тиісті министрліктерінің арасында уақыт талабына байланысты келісім-шарттар жасалуы қажет екендігіне көз жетті.

Құрметпен,

**ЕЛШІ**  
**Ө. ӨЗБЕКОВ**

**Из письма Министерства иностранных дел Республики Казахстан  
Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву «О некоторых аспектах  
переселения этнических казахов на историческую Родину»**

*г. Алматы*

*17 декабря 1997 г.*

**Уважаемый Нурсултан Абишевич!**

Процесс переселения этнических казахов на историческую Родину, начавшийся в начале 90-х годов, получил дальнейшее развитие с обретением Казахстаном независимости, началом заметных перемен во всех сферах общественной жизни и ростом его международного авторитета.

Основной поток переселенцев идет из стран, где имеется значительная казахская диаспора, в первую очередь, это – Китайская Народная Республика (СУАР), Монголия, Российская Федерация, Узбекистан, Туркменистан и Иран. При этом, до 1995 г. наблюдался пик переселения казахов из стран дальнего зарубежья, а с 1995 г. – рост количества репатриантов из стран СНГ.

По статистическим данным, 87% иммигрантов прибыло из ближнего зарубежья: России – 60%, Узбекистана – 11%, Кыргызстана – 6%, Украины – 5%, Туркменистана – 3% и Таджикистана – 2%. Среди стран дальнего зарубежья, Монголия занимает первое место по количеству переселенцев казахской национальности (свыше 60 тыс. человек).

Миграция казахов из России, по всей вероятности, будет иметь стабильный характер. Этому призвано способствовать вступившее в силу Соглашение между РК и РФ об упрощенном (регистрационном) порядке приобретения гражданства.

В Узбекистане насчитывается до 1,5 млн. казахов, которые в основной своей массе проживают в районах экологического бедствия Приаралья и пустыне Кызыл-Кум. По информации Посольства РК в г. Ташкенте, около 500 тыс. человек изъявили желание переселиться на историческую Родину. В качестве причин для принятия такого решения, кроме экономических и экологических факторов, называются «нездоровая» политика узбекских властей при подборе кадров и вопрос обучения детей на родном языке.

В Туркменистане проживает ок[оло] 70 тыс. этнических казахов. В связи с резким ухудшением экономического положения в республике, возможен рост потока переселенцев в Казахстан. У них возникают проблемы при прохождении таможенных процедур, обмене жилья и перегоне скота (по туркменскому законодательству вывоз скота из страны запрещен).

Казахская диаспора в Кыргызстане составляет около 48 тыс. человек и ее социальное, экономическое и правовое положение не вызывает каких-либо беспокойств.

В Таджикистане проживает 5 тыс. казахов. Таджикская сторона готова заключить соответствующий договор для решения вопросов, связанных с их переселением в Казахстан.

Переселение граждан КНР казахской национальности затруднено из-за сложных бюрократических процедур при оформлении китайскими властями выездных документов.

В ходе регулярных встреч с китайскими представителями министерством неоднократно поднимался вопрос о целесообразности подписания документа, упрощающего порядок возвращения китайских казахов на историческую Родину. Однако, несмотря на декларируемую готовность пойти на некоторые уступки в этом вопросе, китайские власти на деле уклоняются от заключения подобного соглашения. По их мнению, это может привести к массовому выезду казахов из КНР в РК, что придаст этому процессу негативный политический оттенок.

Стремление монгольских казахов, в большинстве своем, переселиться в Казахстан продолжает сохраняться. Основными вопросами, требующими решения, являются подписание договоров об упрощенном порядке приобретения гражданства (между РК и Монголией) и о транзитном, безвизовом пересечении территории РФ переселенцами из Монголии, следующими в Казахстан (между РК, РФ и Монголией). В этой связи, МИД РК направило проекты соответствующих договоров в МИД РФ и МВС Монголии.

Численность казахов в Иране составляет около 4 тыс. человек. Количество лиц, изъявивших желание переселиться в Казахстан в 1997 г[оду], было значительно ниже установленной квоты. Это, по всей вероятности, обусловлено стабильным экономическим положением казахской диаспоры в Иране. Тем не менее, многие из них готовы переехать в Казахстан, если не сейчас, то в ближайшем будущем.

В целом, переселение этнических казахов из-за рубежа в Республику Казахстан является достаточно сложным процессом, требующим взвешенного подхода, с учетом финансово-экономических возможностей и интересов страны и норм международного права. В этой связи представляется целесообразным совершенствование внутренней законодательной базы для успешной реализации программы приема и обустройства переселенцев и осуществления их прав и законных интересов в соответствии с Конституцией Республики Казахстан.<sup>1</sup>

Как показывает практика, помимо трудностей, с которыми сталкиваются переселенцы при оформлении выездных документов, нередки случаи поражения их в некоторых правах после переезда в Казахстан (например: право на собственность, вопросы трудоустройства, образования, ЗАГС и др.). По имеющимся сведениям, последнее обстоятельство учитывается представителями казахской диаспоры при принятии решения о переселении на историческую Родину. [...]

Таким образом, совершенствование внутреннего законодательства страны явилось бы основой для разработки общей стратегии и комплекса практических мер в этой области. В этой связи, полагали бы целесообразным провести рабочую встречу (а при необходимости серию встреч) представителей заинтересованных министерств и ведомств республики для определения круга проблем и поиска путей их согласованного решения с учетом внутренних и внешних аспектов вопросов, связанных с переселением этнических казахов на историческую Родину.

**МИНИСТР  
К. ТОКАЕВ**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының  
Президенті Н.Ә. Назарбаевқа хатынан**

*1998 жыл 12 қаңтар*

**Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!**

Сіздің тапсырмаңызға орай қазақтардың, оның ішінде Қытай Халық Республикасынан, өзінің тарихи отанына қайтып оралуы жөніндегі істің жай-күйі жан-жақты талқыланды. [...]

Соңғы бес жылда Қазақстанға 36 839 қазақ отбасы немесе 160 мыңнан астам адам келді. Елдер бойынша олар былайша бөлінеді: Монғолиядан 12 660 отбасы (62 мың адам), Ираннан – 931 отбасы (4,6 мың адам), Түркиядан – 483 отбасы (22,4 мың адам), ТМД елдерінен – 22400 отбасы (90 мың адам).

Шетелдегі қазақ диаспорасының ең ауқымдысы Қытайда екендігіне қарамастан 1992 жылдан 1996 жылға дейінгі кезеңде репатрианттардың жалпы санының 5,5 % (4,1 %) құрайтын бар жиыны 194 отбасы ғана отанына оралды. 1997 жылы Қытайдан қоныс аударушылардың квотасы 75 отбасына белгіленді. Іс жүзінде 1997 жылдың 9 айында жиыны 34 отбасы (84 адам) оралды.

Қазақтардың қайтып оралуын жүйелендіру жөніндегі көптеген жұмыстар дипломатиялық арналар бойынша жүргізілуде. ҚХР Сыртқы істер министрлігінің өкілдерімен үнемі кездесулер мен консультациялардың барысында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі этникалық қазақтардың ҚХР-дан Қазақстан Республикасына көшіп келуін ресімдеуге байланысты рәсімдерді оңайлату және жеделдету туралы мәселені бірнеше мәрте көтерді.

1995 жылдың наурызында Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «Қытай Халық Республикасының ұлты қазақ азаматтарының ерікті қоныс аударуы туралы» келісімнің жобасын дайындады және оның Қытай тарабына берді.

Алайда Қазақстан тарапынан ұсынылған ұсыныс қазақтардың қоныс аударуына жаппай сипат беруден қауіптенетін ресми Пекиннен қолдау таппай отыр. ҚХР Сыртқы істер министрлігінің осы мәселедегі позициясының өзгермеушілігі 1997 жылғы 23–26 қыркүйекте Алматыда өткен консульдық мәселелер жөніндегі Қазақстан-Қытай консультацияларында да расталды. Қытай Үкіметі қазақтардың көшу процесі, біріншіден, онда тұратын басқа да шағын халықтардың, ең алдымен ұйғырлардың, тибеттердің және монғолдардың сепаратистік көңіл-күйін күшейтуі, екіншіден, дүниежүзілік қауымдастыққа Қытай шағын ұлттарды елден кетуге мәжбүр етуде деген әсер қалдыруы мүмкін деп қауіптенеді.

Сонымен бірге Қытайдағы қазақ диаспорасының мәселелері Қазақстан тарапынан екіжақты келіссөздердің, оның ішінде жоғары деңгейдегі де, үнемі күн тәртібіне енгізілуінің арқасында белгілі бір ілгерілеуге қол жеткізілді. Екі елдің басшылығы 1997 жылғы сәуірде Москвада кездескен кезде ҚХР ұлты қазақ азаматтарының халықаралық-танылған жеке және ұжымдық құқықтар мен еркіндікке, оның



ішінде өздерінің Қазақстандағы туыстарымен қосылу құқығына нақты ие болуына жәрдемдесу үшін тұрақты консультациялар мен келіссөздер жүргізудің дұрыстығы туралы бірыңғай пікірге келді.

Қытай өкіметі Қазақстан Республикасында туған-туыстары бар ұлты қазақ Қытай азаматтарының өтініштерін, олар белгілеген тәртіппен Қазақстанның Ішкі істер органдары ресімдеген жеке сипатты шақыртулар көрсеткен кезде әуре-сарсаңсыз қарауға дайын екендігін білдіруде.

Қазіргі уақытта біздің тапсырмамыз бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдерінен ұлты қазақ адамдардың ҚХР-дан Қазақстан Республикасына қоныс аударуына байланысты мәселелерді шешу үшін жұмыс тобын құру туралы мәселе қаралуда.

Аталған шара Үрімші қаласындағы «Эйр Қазақстан» ЖАҚ өкілдігінің жанындағы төлқұжат-визалық қызметтің ҚХР-дың Синьцзян-Ұйғыр Автономиялық Ауданының тұрғындарына ғана Қазақстанның визасын беру жөнінде өкілетті екендігіне және өзге консульдық іс-әрекет, оның ішінде азаматтық және Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қоныс аудару мәселелері бойынша өтінімдерді ресімдеу жөнінде өкілеттігі жоқ екендігіне байланысты қажет болып отыр. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Үрімші қаласындағы Төлқұжаттық-визалық қызметтің өкілеттігін кеңейту және оған Қазақстан Республикасының консульдық өкілдігінің мәртебесін беру жөніндегі ұдайы талпынысы Қытай өкіметі тарапынан қолдау таппай отыр.

[...] Хатта сонымен бірге қоныс аударушыларға экономикалық қолдау көрсету мәселесі де қозғалған. Шынында да, Қазақстанға келген отандастарымыздың белгілі бір бөлігінің жағдайы өте күрделі қалпында қалып отыр.

Қазіргі уақытта барлық репатрианттардың төрт мың отбасынан астамының баспанасы жоқ немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуды қажет етеді. Репатрианттардың отбасылары негізінен бұрнағы жылдары оларға кеңшарлар мен ұжымшарлардың есебінен тұрғын үй берілген селолық жерлерге орналасуда. Селода жекешелендіру жүргізілгеннен кейін көшіп келушілерге арнап тұрғын үй үшін соған бейімделген үй-жайларды: мектептерді, кеңселерді, гараждарды, тағы с.с. ұсынуға мәжбүр болуда.

Оның үстіне, 1997 жылы барлық көші-қон шаралары жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылды. Бюджеттің кіріс бөлігін орындаудағы қиын жағдайға орай 1997 жылдың тоғыз айында облыс әкімдері осы мақсатқа небәрі 42,9 млн. теңге немесе жоспарланған 199 млн. теңгенің 21,6 % ғана бөле алды.

Жағдайды түбірінен түзеу мақсатында 1998 жылы осы мақсатқа 1997 жылы жоспарланғаннан 5,4 есе көп, жергілікті бюджеттен 803,2 млн.теңге және республикалық бюджеттен 215 млн.теңге көзделіп отыр. [...]

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Н. БАЛҒЫМБАЕВ**

Қарар: **Н. Назарбаевтың қолы**  
15.01.98.

**Из справки Посольства Республики Казахстан в Исламской Республике Иран для Центра анализа и стратегических исследований Администрации Республики Казахстан «В отношении казахской диаспоры в Иране»**

*Копия: Министру иностранных дел Республики Казахстан Токаеву К.К.*

*Тегеран қ.*

*2 февраля 1998 г.*

Казахская диаспора в Иране насчитывает 2,5–3 тысячи человек, проживающих в городах Горган, Гомбад и Бендер-Туркмен провинции Мазандаран.

Лица казахской национальности в ИРИ лишены элементарных прав на собственную культуру и образование, как и другие национальные меньшинства Ирана. Отсутствие начальных школ с обучением на родном языке, публикаций классиков литературы, газет и журналов ведет к постепенному вымиранию казахского языка в их среде.

Что касается социального статуса казахской диаспоры, то местная власть создает серьезные препятствия для служебного продвижения лиц из числа национальных меньшинств в структурах государственной власти.

В силу указанных причин, среди представителей казахской диаспоры очень мало людей с высшим образованием, за шестьдесят лет проживания в этой стране никто из них не занимал государственные посты, даже районного масштаба.

Следует отметить, что за последние четыре года многие квалифицированные специалисты из числа казахов выехали на постоянное место жительства в Мангистаускую, Южно-Казахстанскую, Жамбылскую, Алматинскую, Кызыл-Ординскую области РК. По имеющимся в Посольстве РК в ИРИ сведениям, фактически все наши соотечественники в Иране вынашивают намерение возвратиться на историческую Родину и, скорее всего, этот процесс завершится в ближайшие 5–8 лет.

У казахской диаспоры имеются неформальные лидеры из числа старейшин, наиболее авторитетным среди них является Хаджи Акмурат, уроженец Мангыстауской области, 1929 года рождения, пенсионер. [...]

В целях обеспечения представительства иранских казахов на сентябрьском Плеуме Всемирного курултая казахов, полагали бы целесообразным пригласить Хаджи Акмурата.

**ПОСОЛ  
В. ГИЗЗАТОВ**

*Ф. 5–Н. Оп. 1. Д. 8984. Лл. 19–20.*

№ 90

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 3894 «1998 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» Жарлығы**

*Ақмола қ.*

*1998 жыл 3 сәуір*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 21-тармақшасына және «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген оралмандардың (репатрианттардың) отбасыларының қоныс аударуын және жайластырылуын ұйымдастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған 1998 жылға арналған көшіп келу квотасы қосымшаға сәйкес 3000 отбасы болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстар мен Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері осы Жарлықты іске асыру жөнінде практикалық шаралар қолдансын.

Осы мақсатта:

Шет мемлекеттерден оралмандардың ұйымдасқан түрде қоныс аударуына арналған шығыстарды республикалық бюджет есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

оралмандардың отбасыларын қабылдау мен жайластыруға арналған шығыстарды (бір жолғы жәрдемақылар, көлік шығыстарын өтеу, тұрғын үй сатып алу, бейімделу пункттерін ұстау және ұйымдастыру шығыстары) жергілікті бюджет есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

оралмандардың отбасыларын олардың туыстық және өндірістік-шаруашылық байланыстарын ескере отырып, жинақы орналастыру аудандарын айқындасын;

Основными направлениями в своей работе считать:

– утверждение идеалов дружбы, добрососедства, сотрудничества, равенства и взаимного уважения ко всем народам России и за его пределами, независимо от пола, расы, национальности, вероисповедования;

– сохранение языка, как основы общения между этносами.

Необходимо открывать в каждом населенном пункте, городе, где компактно проживают лица казахской национальности, изучение казахского языка в школах, дошкольных учреждениях. Основным фактором, сдерживающим развитие национального языка, культуры, традиции является отсутствие книг, методической литературы, словарей, дидактического материала, художественной литературы, живого общения между соотечественниками;

– отсутствие передачи по радио, телевидению, газет, журналов на родном языке привело к утере связи с Республикой Казахстан. В настоящее время большинство казахского населения не имеет возможности читать книги, слушать радио, смотреть телевизор на родном языке. Такая передача отсутствует и на общероссийских каналах.

Поэтому обращаемся к Курултаю казахов, его правлению, лично к Президенту Казахстана Н. Назарбаеву взять на особый контроль вопросы изучения казахского языка, приобретение и установку спутниковой аппаратуры для трансляции казахстанских программ по телевидению и радио, а также централизованного обеспечения учебниками, методической и художественной литературой казахских школ, населения.

По казахстанскому радио и телевидению вести рубрику «Встречи с зарубежными соотечественниками», круглые столы и т.д., открывать корреспондентские пункты.

В условиях перехода России к рыночным отношениям, ярко обозначились негативные социальные болезни общества, такие, как пьянство, наркомания, воровство, безработица, резкое расслоение общества на бедных и богатых.

Остаются незащищенными многодетные, малообеспеченные семьи, особенно сельского населения. В этих условиях [следует] помочь найти дорогу каждому человеку. Для этих целей необходимо развитие малого и среднего бизнеса в сфере услуг, хозяйственной и экономической жизни, объединения их в различные ассоциации, развивать приграничную торговлю, культурные и деловые связи, обмен делегациями.

На Межправительственном уровне Российской Федерации и Республики Казахстан принять документ безвизового перехода границ, упростить порядок въезда и выезда на таможенных пунктах лицам, выезжающим по служебным командировкам, приглашению родственников. Решить вопрос двойного гражданства, сократить сроки получения Гражданства, а также решение вопросов оказания адресной помощи переселенцам.

Все виды производственной, коммерческой, нравственно-культурной деятельности

имеют реальный шанс развития только при наличии высококвалифицированных кадров.

Мы возлагаем глубокую надежду на дальнейшее развитие сотрудничества всех регионов России, Казахстана по подготовке, переподготовке необходимых квалифицированных кадров.

Для координации деятельности и решения всех проблем, стоящих перед соотечественниками необходимо создать Центр Казахской ассоциации в России.

Время неизмеримо, оно не имеет ни начала, ни конца, оно не может быть приостановлено ни на мгновение. Вечные категории, как «мемлекет» – государство, «мекен» – Родина, «туған жер» – земля, «тағдыр» – судьба, заставляют встрепенуться наши сердца, наши думы.

В соответствии с Декларацией между Казахстаном и Российской Федерацией «О вечной дружбе и союзничестве, ориентированном в 21-ое столетие» (06.07.1998 г.), мы, участники Курултая, возлагаем надежду на дальнейшее развитие и углубление делового сотрудничества и партнерства между Россией и Казахстаном.

Мы призываем все органы законодательной и исполнительной власти Российской Федерации, субъектов, органы местного самоуправления, общественные организации и объединения, все народы многонациональной Отчизны, обеспечивать единство и целостность России в новых исторических условиях развития российской государственности, согласования общегосударственных интересов с интересами населяющих ее народов.

*Ф. 210. Оп. 1. Д. 37. Лл. 8–9.*

## № 114

### Справка Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву о гражданстве для репатриантов

*[г. Астана]*

*7 августа 2001 г.*

В настоящее время одной из наиболее важных проблем, требующих особого внимания и контроля, являются вопросы приема и выхода из гражданства Республики Казахстан. Государственно-правовым отделом совместно с Министерством внутренних дел, Агентством по миграции и демографии принимаются меры по ускорению данного процесса. В результате этого в 2000 году **впервые количество принятых в гражданство Казахстана превысило число вышедших из него** и на сегодняшний день принято в казахстанское гражданство **в два с половиной раза больше**, чем выведено.

Приоритетной остается задача решения вопросов гражданства казахов-переселенцев, прибывших из Монголии по трудовым договорам и решившим остаться для постоянного проживания на своей исторической Родине. Благодаря скоординированным действиям Администрации Президента, МИДа, МВД и Агентства по миграции и демографии, на каждом заседании Комиссии по вопросам гражданства **две трети** от числа принимаемых в гражданство лиц, составляют казахи-репатрианты из Мон-



голии. Всего по состоянию на 1 августа 2001 года, приобрели казахстанское гражданство уже **36,0 тыс.** переселенцев из **58,0 тыс.** человек, прибывших в Казахстан на условиях трудового договора из Монголии, что составляет **62 процента**.

Вместе с тем, многие репатрианты воздерживаются от подачи документов на получение нашего гражданства, чему, как правило, способствуют экономические и бытовые причины, а также нежелание терять прежнее гражданство и приобретать новые обязанности. Помимо этого, имеются и объективные причины, такие как длительность процедуры выхода из прежнего гражданства и связанные с этим высокие материальные затраты. Так, в частности, репатрианты из Узбекистана обязаны оплатить 100 долларов США за оформление выхода из гражданства и ожидать этого решения многие месяцы. Как показали проверки, около **9,0 тыс.** оралманов, желающих принять наше гражданство, прибыли в Республику, имея национальные паспорта Узбекистана, т [о] е [сть] являясь иностранными гражданами, что по действующему законодательству лишает их возможности получения гражданства Казахстана, без предварительного выхода из прежнего гражданства. Аналогичные проблемы возникают и с частью оралманов из Монголии, ввиду того **6,0 тыс.** репатриантов продлили сроки действия имеющихся монгольских национальных паспортов, подтвердив тем самым свою принадлежность к гражданству этой страны.

Наиболее оптимальным решением указанных проблем стало бы заключение межгосударственных Соглашений об упрощенном порядке изменения гражданства этническими казахами, возвратившимися на историческую Родину, однако, неоднократные инициативы нашей стороны по этому вопросу, как сообщает МИД, не поддерживаются Монголией и Узбекистаном. Таким образом, затруднения с получением гражданства возникают лишь у оралманов, сохранивших гражданство страны прежнего пребывания, так как наше законодательство запрещает прием в казахстанское гражданство лиц, обладающих гражданством другого государства.

В связи с этим, Государственно-правовой отдел инициировал включение в План законопроектных работ Правительства на текущий год разработку проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О гражданстве Республики Казахстан». Основная суть предлагаемых поправок заключается в том, что они позволят принимать казахов-переселенцев в гражданство Республики, не требуя и не ожидая выхода из гражданства страны прежнего проживания. Единственным условием будет наличие их **письменного отказа от иностранного гражданства и паспорта**. В июле текущего года данный законопроект внесен Министерством юстиции в Правительство. В случае его принятия Парламентом в ближайшее время, будет снят целый ряд существующих, так и возможных будущих проблем, связанных с гражданством оралманов.

Сообщается в порядке информации.

**Б. МУХАМЕДЖАНОВ**

Резолюция: *Согласен.*

*Н. Назарбаев (подпись)*

№ 115

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы № 1371  
«Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға  
арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы» қаулысынан**

*Астана қ.*

*2001 жыл 29 қазан*

Тұрақты демографиялық және экономикалық дамуды қамтамасыз ететін көші-қон саясатын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (бұдан әр – Бағдарлама) бекітілсін.

[...] 4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Қ. ТОҚАЕВ**

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2001 ж., № 36-37. 480-құжат.*

№ 116

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы № 1371  
қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының  
2001–2010 жылдарға арналған Салалық бағдарламасынан**

*Астана қ.*

*2001 жыл 29 қазан*

1. Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін талдау

1.1. Қазақстан Республикасындағы көші-қонның өткен кезеңінің талдамасы және қазіргі жағдайы

[...] Республикаға қазақтардың қайта оралуы дәл қазіргі кезеңге тән. 1991–2000 жылдар аралығындағы кезеңде 43 мыңнан астам қазақ отбасы немесе 183 мың адам көшіп келді. Келушілердің жалпы санының жартысынан астамы дерлік алыс шет елдерден келгендер. Келушілер легі Моңғолиядан (35%-ы), Ираннан (8%-ы), Түркиядан (2%-ы), Қытайдан (1,2%-ы) және Ауғанстаннан (1%-ы) шыққандар есебінен құралады.

Елімізге қоныс аударушылардың келуін реттеу, оларды бірқалыпты қоныстандыру мақсатында жыл сайын көшіп келу квотасы бекітіледі.

Квотаның белгіленуіне талдау жасау жыл сайын олардың біртіндеп азайып келе жатқандығын көрсетеді.

1993 жылы көші-қон квотасы 10 мың отбасын құрады, 1994 жылы 7 мың отбасы, 1995 жылы – 5 мың отбасы, 1996 жылы – 4 мың отбасы, 1997 жылы – 2,18 мың отбасы, 1998 жылы – 3 мың отбасы, 1999 жылы – 2000 жылдары әр жылға 500 отбасы.

1991–2000 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының аумағына қоныс аударушылар мен көшіп келушілерді екінші қайталап орналастыру үрдісі көрініс тапты. [...]

[...] 3. Қазақстан Республикасындағы көші-қон саясатының негізгі бағыттары және оларды реттеу тетігі

### 3.1. Сыртқы көші-қонды реттеу

[...] Жоғарыда айтылған құралдардан басқа Қазақстан Республикасының көшіп келу процестерін реттеу тетіктері мынадай ішкі жүйелер бойынша нысаналы түрде жүзеге асырылатын болады: «Оралмандар» ішкі жүйесі, «Босқындар» ішкі жүйесі, «Еңбекке қатысты көшіп келу» ішкі жүйесі, «Шекаралық-паспорттық бақылау» ішкі жүйесі.

«Оралмандар» ішкі жүйесі бойынша жоғарыда айтылғандардан басқа, көші-қон саясатының қосымша құралдары мыналар болып табылады:

- оралмандарды ұйымдасқан түрде көшіру, қабылдау және әлеуметтік жағынан жайластыру;

- оларды дер кезінде және жинақы орналастыру мен қоныстандыруды қамтамасыз ету;

- өзінің тарихи отанына қайта оралған байырғы ұлт қоныс аударушыларын жаңа тұрғылықты жеріне жайластыру және бейімдеу мақсатында қабылдау, орналастыру, қоныстандыруды ұйымдастыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

- оралмандарды, әсіресе, жастарды кәсіби оқытуды және қайта даярлауды ұйымдастыру мәселелерін шешу;

- оралмандарға Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін үйрету;

- ұлттық кәсіпшілікті қайта жаңғырту жөніндегі жұмыс орындарын көбейтуге жағдай жасау, сондай-ақ оларға республиканың заңнама кесімдері негізінде шағын бизнес және фермерлік қожалық саласында кәсіпкерлік қызметте жәрдемдесу;

- көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрғын үй сатып алу үшін қаражат, жер телімдерін, оның ішінде жинақы тұру үшін жер телімдерін, тұрғын үй салу және шаруашылықтар ұйымдастыру үшін жеңілдікті ұзақ мерзімдік несие бөлуде мемлекеттік қолдау көрсету;

- оралмандардың ерікті негізде қайтып оралуына және әлеуметтік қорғауды (зейнетақымен қамсыздандыруды, жәрдемақыны және басқаларын) қамтамасыз ететін қажетті мемлекетаралық келісімдерді пысықтау негізінде олардың республика өміріне қайта араласуына жәрдемдесу;

- оралмандарды Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау тәртібін оңайлату бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіру;
- жыл сайын «Оралмандарды жұмысқа орналастыру – жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту, өздігінен жұмыспен қамтылу» аймақтық бағдарламасын әзірлеу;
- оралмандарды еліміздің өміріне бейімдеу және араластыру жөнінде социологиялық зерттеу;
- заңнамаға сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету;
- барлық жағдайда, азаматтық істерді, еңбек дауларын және т.б. қоса құқықтық көмек көрсету;
- оралмандар балаларының еліміздің мектептерінде, колледждерінде, жоғары оқу орындарында және т.с.с. оқуына жәрдемдесу;
- жыл сайын Оралмандар күнін өткізу. [...]

#### 4. Қажетті ресурстар және бағдарламаны қаржыландыру көздері

2000 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көші-қон саясаты тұжырымдамасына сәйкес репатрианттар (оралмандар) отбасыларына тұрғын үй сатып алу үшін қайтарымды негізде қаражат бөлу тетігін әзірлеу қажет.

Көші-қон проблемаларын реттеу үшін қосымша қаржы қаражатын тарту мақсатында Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің халықаралық және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастығы:

жебеушілердің, коммерциялық банктердің, кәсіпкерлік құрылымдардың мүмкіндіктерін нысаналы нақты бағдарламалардың, ішкі бағдарламалардың және жобалардың демеушілері ретінде оралмандарды орналастыру және әлеуетті эмигранттарды орнықтыру үшін пайдалануды;

көші-қон проблемаларын шешуге арнап республикаға шет елдерден жіберілген қаржы қаражаттарын бақылау және оларды пайдалануға талдау жасаудың тиімді жүйесін әзірлеуді қамтитын болады.

Қаржы қаражаттары:

а) жәрдемақы, жол жүру мен теңдеме жүктеріне төлем, дәрі-дәрмек сатып алу түрінде оралмандарға алғашқы көмек көрсету;

б) жаңадан тұратын жерінде тұрақты жайластыруға: көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар үшін тұрғын үй сатып алуға, инфрақұрылым құруға, жинақы қоныстандыруға, көшіп келу квотасынан тыс көшіп келген оралмандар үшін тұрғын үй салуға пайызсыз несие беру ісіне;

в) көшіп келушілерді бақылау, алғашқы қабылдау қосындарын, бейімделу орталықтарын құруға және оларда оралмандарды, босқындарды және басқа көшіп-қонушыларды ұстауға арналған шығындарға;

г) жұмыс орындарын құру;

д) оралмандардың, босқындардың, сондай-ақ жасырын көшіп-қонушыларды шығарып жіберу проблемаларымен айналысатын қоғамдық бірлестіктерге көмек көрсету ісіне бөлуге бағытталатын болады. [...]

№ 117

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 шілдедегі № 748  
«Оралмандарға жеке тұрғын үй салу үшін  
жер телімдерін беру ережесін бекіту туралы» қаулысы**

Астана қ.

2002 жыл 9 шілде

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Оралмандарға жеке тұрғын үй салу үшін жер телімдерін беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
И. ТАСМАҒАМБЕТОВ**

*Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2002 ж., № 22. 231-құжат.*

№ 118

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 шілдедегі № 748  
қаулысымен бекітілген «Оралмандарға жеке тұрғын үй салу үшін жер  
телімдерін беру ЕРЕЖЕСІ»**

Астана қ.

2002 жыл 9 шілде

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оралмандарға жеке тұрғын үй салу үшін жер телімдерін (бұдан әрі – жер телімі) беру тәртібі мен шарттарын белгілейді.
2. Оралмандарға жер телімдерін беру уақытша тегін жер пайдалану құқығында жүзеге асырылады.
3. Оралмандарға берілген жер телімдері олар Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда олардың жеке меншігіне көшеді.
4. Оралмандар жер телімін алу үшін жер телімдеріне тиісті құқықтарды беруге өкілеттігі бар тиісті жергілікті атқарушы органға (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) өтініш береді.
5. Жер теліміне құқықтарды беру туралы өтініште мыналар көрсетіледі:
  - 1) оралманның тегі, аты мен әкесінің аты (ол болған ретте);
  - 2) тұрғылықты жері;
  - 3) жер телімі бар немесе жоқ екендігі;

4) ыңғайына қарай сұрап отырған жер телімінің орналасқан жері (елді мекен және оның ауданы, көшесі, квартал нөмірі және басқасы).

6. Өтінішке қоса берілетін қажетті құжаттар:

1) оралман куәлігінің көшірмесі;

2) мемлекеттік жер теліміне құқықтары бар немесе жоқ екендігі туралы жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар беретін анықтама.

Өтінішті қабылдау кезінде оралманнан осы Ережеде көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады.

7. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы сұралып отырған жер телімінің мәлімделген нысаналы мақсатқа пайдаланылуы мүмкіндігін аумақтық өңірлерге бөлуге сәйкес анықтау үшін өтінішті жер ресурстарын басқару жөніндегі тиісті аумақтық органға (елді мекендерде сәулет және қала құрылысы органдарымен бірлесіп) жібереді.

8. Жер телімін беру туралы шешім жергілікті өкілді органның депутаттары, жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың, сәулет және қала құрылысы мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері арасынан жергілікті атқарушы органдар құратын комиссияның қорытындысы негізінде қабылданады.

9. Жергілікті атқарушы органның жер телімдеріне тиісті құқықтар беру туралы шешімі жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданып, өтініш берушіге шешім қабылданған сәттен бастап жеті күн мерзімде жер теліміне меншік немесе жер пайдалану құқығын беру туралы шешімнің көшірмесімен бірге табыс етіледі.

10. Жер теліміне құқықтар беру туралы шешімнің жобасында мыналар көрсетілуге тиіс:

1) оралманның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған ретте) және тұрғылықты жері;

2) жер телімінің нысаналы мақсаты;

3) жер телімінің алаңы және оның орналасқан жерінің сипаттамасы (елді мекен және оның ауданы, көшесі, квартал нөмірі және т.б.);

4) жер телімі алынатын мемлекеттік жер пайдаланушының атауы;

5) жасыл екпелерді, жер асты коммуникацияларын және көркейту жөніндегі құрылыстарды сақтау шарттары;

6) өзге де шарттар.

11. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы өтініш келіп түскен сәттен бастап үш айға дейінгі мерзімде жер теліміне құқықтар беру туралы не мәлімделген мақсат үшін осы жерден жер телімін беру мүмкін болмайтын ретте, оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

12. Жер теліміне құқық беруден бас тарту дәлелді болуға және көшірмесі шешім қабылданғаннан кейін жеті күн мерзімде өтініш берушіге табыс етілуге тиіс, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

13. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының жер телімін беру туралы шешімі жер телімінің нақты шекарасын белгілеу және жер теліміне тиісті құжаттарды рәсімдеу жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау үшін негіздеме болып табылады.

14. Жер телімі кадастрлық нөмірмен белгіленген бөлінбейтін дербес жер телімі ретінде беріледі.

15. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар оралмандармен уақытша тегін жер пайдалану шартын жасасады, онда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіліп, бірдейлендіру сипаттамалары жазылады.

*Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2002 ж., № 22. 231-құжат.*

## № 119

### **Солтүстік Қазақстан облысы оралмандарының II құрылтайының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа үндеуі**

*Петропавл қ.*

*2002 жыл 16 тамыз*

#### **Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы !**

Сіздің көреген саясатыңыз арқасында Қазақстан көптеген ұлт өкілдерінің нағыз Отаны және онда тұрып жатқан барша халықтың татулығы мен бірлігінің жарқын үлгісі болды.

Бүгіндері Ата жұрттан тыс тұратын оралмандар өздерінің тарихи отандарына сеніммен және үмітпен қайтып келуде. Олардың басым бөлігі қазірдің өзінде Қазақстан азаматы атанды және еліміздің әр аймағында, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысының түрлі экономикалық-әлеуметтік салаларында жемісті еңбек етуде. Қазақстан Республикасына қоныс аударуларына байланысты туындаған кейбір экономикалық қиындықтарға қарамастан оралмандар жергілікті жағдайға жылдам бейімделуде және тұрмыстарын түзеп, тіктей түсуде.

Оралмандарға нақтылы да жанды көмек көрсету жөніндегі Сіздің тапсырмаларыңызға сәйкес соңғы жылдары республикалық квотадан тыс оларға, тұрғын үй, мал-мүлік сатып алу үшін 100 млн. теңге қаржылай көмек бөлінді. Отбасы мүшелерінің біреуі жұмысқа орналастырылды. Балаларының мектепке барып білім алуларына, кәсіптік даярлықтан өтулеріне, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-тұрмыстық проблемалар өзінің оң шешімін табуда.

Аса құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Солтүстік Қазақстан оралмандарының екінші құрылтайы қатысушылары атынан Сізге бүгіндері Ата жұртқа қайтып келген, кезінде тағдыр тәлкегімен дүние жүзінің әр түкпірінде тарыдай шашылған бізге – отандастарыңызға жасап жатқан шынайы жанашырлық қамқорлығыңыз бен жанды көмегіңіз үшін зор алғыс айтып, құрмет білдіреміз.

Сіздің Тәуелсіз Қазақстанның беделін арттыру, оның күшін біріктіру жолындағы қосып келе жатқан зор үлесіңіз күллі ел халқы көңілінен шығуда және бұл еңбегіңізді болашақ ұрпақ та биік бағалары сөзсіз.

Ізгілікті көздеген асыл мұраттарыңызды іске асыруда Сізді бабалар рухы қолдай берсін!

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы  
20 тамыздағы № 928 «Қазақтардың  
II Дүниежүзілік құрылтайын дайындау және өткізу туралы» Қаулысы**

Астана қ.

2002 жыл 20 тамыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі № 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002–2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақтардың II Дүниежүзілік құрылтайы (бұдан әрі – Құрылтай) 2002 жылғы 17–19 қазанда Түркістан қаласында өткізілсін.\*
2. 1-қосымшаға сәйкес құрамда Құрылтайды дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.
3. 2-қосымшаға сәйкес Құрылтайды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.\*
4. Құрылтайды дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2002 жылға арналған бюджетте тиісті мемлекеттік мекемелерге – бағдарламалардың әкімшілеріне көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.\*\*

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
И. ТАСМАҒАМБЕТОВ**

210-қ. 1-т. 43-іс. 9-п.

---

\* Қосымшалары берілмейді.

\*\* «Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2002 ж., № 28. 310-құжат» жинағында толық шыққан



№ 121

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 945 «Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы  
туралы» Жарлығы**

*Астана қ.*

*2002 жыл 16 қыркүйек*

«Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген оралмандар отбасыларының қоныс аударуын және жайласуын ұйымдастыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы 2655 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

1) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілгендерді қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде қоныстандыруды жүзеге асырсын;

2) бір ай мерзім ішінде аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты оралмандарды орналастырудың схемасын жасасын;

3) Осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қолданын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2002 ж., № 29. 319-құжат.*

№ 122

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2002 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 945 Жарлығына  
қосымша

**Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы (отбасы)**

Облыстардың, қалалардың атаулары	Иран Ислам Республикасы	Пәкістан Ислам Республикасы	Ауғанстан	Қытай Халық Республикасы	Моңғолия	Түрік Республикасы	Ресей Федерациясы	Түркіменстан	Өзбекстан Республикасы	Қырғыз Республикасы	Тәжікстан	Барлығы
Ақмола							20		320			<b>340</b>
Ақтөбе							5	15	150			<b>170</b>
Алматы				15	20	10			35			<b>80</b>
Атырау									40			<b>40</b>
Шығыс Қазақстан				25					5			<b>30</b>
Жамбыл									100			<b>100</b>
Батыс Қазақстан							20		70			<b>90</b>
Қарағанды									300			<b>300</b>
Қызылорда									50			<b>50</b>
Қостанай							50		300			<b>350</b>
Маңғыстау	20							40	127			<b>187</b>
Павлодар							45		255			<b>300</b>
Солтүстік Қазақстан							40		330			<b>370</b>
Оңтүстік Қазақстан		10	30			5			100		5	<b>150</b>
Астана қаласы					5		10	5	25	5		<b>50</b>
Алматы қаласы				5	5	8	5	3	20	5		<b>48</b>
<b>Жиыны</b>	<b>20</b>	<b>10</b>	<b>30</b>	<b>45</b>	<b>30</b>	<b>20</b>	<b>195</b>	<b>63</b>	<b>2 227</b>	<b>10</b>	<b>5</b>	<b>2 655</b>

Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2002 ж., № 29. 319-құжат.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайында сөйлеген сөзінен***Алматы қ.**2002 жыл 23 қазан*

Бүгінгі күн – жұмыр жердің бетіндегі қазақ атаулыға айтулы күн екені күмәнсіз. Төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қандастарымыздың 400-ге жуық өкілдері әлем қазақтарының екінші құрылтайына жиналып отыр. Міне, көңілдері атажұрт деп алып ұшқан киелі Түркістан төрінде мәре-сәре күйге бөленген тамаша мерекенің куәсі болуда. Қуаныштарыңыз құтты болсын, бауырлар! [...]

Атқарылған басты мәселелерді атап өтсек:

Бірінші міндет – Кеңес билігінен кейін тұңғыш рет өз мемлекетімізді құру болды. Тарихымызға қанша үңілсек те қазақ елі өз тарихында да дәл бүгінгідей ауқымда, дәл бүгінгідей бүкіл дүниеге танымал мемлекет құра алған емес. Қазақтың осындай мемлекеттігі бүгін бар.

Екінші. Тәуелсіздікті жариялау бар. Бірақ сол тәуелсіздікті сақтап қалу, оны нығайту одан да қиын. Біз сақтап та қалдық, экономикасын тұрақтандырып, нығайтып, дүниежүзіне сыйлы мемлекет бола да білдік. Қауіпсіздігімізді нығайту үшін өз әскерімізді құрдық. Шекарамызды анықтадық.

Үшіншіден. Біз саясатты өзгертіп, өркениетті елдер қатарына қосылуға қадам бастық. Демократиялық жүйеге бет бұрдық. Тарихында соққы мен жаншу астында тұншыққан қазаққа бас бостандығын әперіп, азат еттік, сөз бостандығын, бас бостандығын алып бердік.

Төртіншіден. Қазақстан экономикасын осы аз жылдың ішінде нарықтық экономика ретінде бүкіл дүниеге таныттық, олар бізді мойындады.

Бесінші. Ғасырлар бойы шешілмеген ұлы Қытай мемлекетімен шекара мәселесін шешіп, Достық шарт жасастық. Жаңа Ресеймен мәңгілік достық шартқа қол қойдық. Орта Азиядағы ағайын көршілермен достықты нығайттық. АҚШ-пен стратегиялық әріптес бола білдік.

Алтыншы. Ең асылы – біз көп ұлтты ел бола отырып, халықтар арасындағы достықты, тыныштықты сақтай білдік. Қазақтың ауыз бірлігін де сақтап отырмыз.

Жетінші. Көне тарихымыздан бері тұңғыш рет өз Астанамызды, өз Елордамызды 4-5 жылда орнатып, бүкіл дүниені таң қалдырды.

Бұл жеті жетістік, тек қысқаша қорытынды. Осы жетеудің арасындағыларды ширатып айта беретін болсақ, өткен он жылда атқарылған іс ғасырға да, мыңжылдыққа да десек те, біздің маңдайымызға сыяды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш. [...]

Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық.

Сондықтан, сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері Қазақстандағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шекара болмауға тиіс.

Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қызынаны шашпай-төкпей

жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа. Тәуелсіздікке ие болған кезден бері қарай бұған назар аударыла бастады.

Қазақтар тығыз мекендеген Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Моңғолия тәрізді елдердің халық арасындағы, мұражайларындағы қазақтың тарихына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне қатысты қазына-байлық барша халқымыздың игілігіне қызмет етуі керек.

Бұл орайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қолға алып, жүзеге асырған істер кеңінен қолдауға тұрарлық.

Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің, олардың жергілікті басшылығының қазақ диаспорасына деген көзқарастары да көршілерге тән сыйластық рухына толы. Біз мұндай қарым-қатынас белгілерін қатты құрметтеп, мақтан етеміз...

Мен Елбасы ретінде Қазақстанның ішкі-сыртқы жағдайларына байланысты туындап жататын көптеген мұрат-мақсаттарды орындау мүддесіне сай Еуропа мен Азияның, Америка мен Африканың бізбен саясат пен экономиканың әр саласында ынтымақтастық орнатқан белді-белді елдеріне ресми сапарларға жиі-жиі шығып тұрамын.

Осындай сапарлар барысында қазақ диаспорасы бар елдерде өз ағайындарымызбен кездесу мүмкіндігін әркез пайдаланып жүрмін. Жүздесулер кезінде диаспора өкілдері өздерін толғандырып жүрген мәселелерін алға тартады.

Әсіресе, олардың соңынан ерген ұрпақтың атамекенде оқып, білім алуына, тіл мәселесіне қатты алаңдап жүргендерін қатты сезінемін. Бұл – өте-мөте зәру мәселе. Мұны ықтияттылықпен шешуіміз керек.

Сонымен бірге ата-бабаларымыздың бізге тастап кеткен ғажайып тарихи мұраларына жіті қарап, оны молайта түсу, әулие-әмбиелердің, ұлтымыздың зердесінде мәңгі ұмытылмас асыл перзенттерінің аруақтарына адалдығымызды сақтау қажет. Шығыстан батысына дейін, түстігінен терістігіне дейін батырлардың ізі қалған шексіз-шетсіз қазақ жерінің қасиетін ортайтпай, оның қазынаға толы қойнау мен сулы да нулы өңірлерінің байлығын келер ұрпаққа бұзылмаған күйінде қалдырып кету де біздің ұрпақтың парызы.

Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын отандастарға қамқорлық жасаудағы соңғы он жылда қол жеткен табыстарымыз аз емес. Алыстағы ағайынды ұшақпен көшіріп алатын ел Қазақстаннан басқа қайда бар! Әйтсе де бұл жетістіктеріміз бен табыстарымызға тоқмейілсіп, орта жолда іркіліп қалуымызға болмайды.

Біздің алдымызда жаңа міндет, биік мақсаттар тұр. Тәуелсіз Қазақстан мен шетелдегі қазақ диаспорасының арасындағы байланыс бұрынғыдан да тығыз, әрі барынша жемісті, нәтижелі болуға тиіс...

Дүниежүзінің түпкір-түпкірінен келіп, осы ділгер мәселені барынша жан-жақты талқылап, алға апарар адастырмас жолды бәріміз бірлесіп айқындап алуымыз керек. Бүгінгі кездесуді де соған арнағанымыз жөн.

Қазір Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын қазақтардың саны бес миллионнан асады. Міне, осыны ойлағанда 40-тан астам шетелдерде тұратын, бүкіл дүниежүзіндегі қазақтың үштен бірін құрайтын бауырларымызды ертең, яғни елу жылдан кейін, жүз жылдан кейін не күтіп тұр деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады. Бұл ретте күдік пен күмәннен гөрі ертеңгі күнге деген сеніміміз бен үмітіміз әлдеқайда басым.

Біз шетелдердегі ағайындарымыздың алдағы уақытта қазақ халқының құрамдас бір бөлігі ретінде өсіп-өркендей беретініне күмәнданбаймыз.

Қытайдағы бір жарым миллионнан астам бауырларымыздың бүгінгі таңдағы ұлттық өркендеу үрдісі жақсы. Ана тіліміздің бай, шұрайлы ортасы сонда қалыптасқан. Қазақтың ежелгі мәдениеті, сат-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмай сақталып отыр. Қазақ халқының баға жетпес асыл мұрасы – ауыз әдебиетінің де басты бір бөлігі – Қытайдағы бауырларымызда.

Бұрынғы кезде алыс шетел саналып келген Моңғолия қазақтарының да ұлттық рухани өсіп-өркендеуі белгілі бір дәрежеде жүріп жатыр. Моңғолияның негізінен, қазақтар тұратын Баян-Өлгий аймағының құрылғанына 60 жылдан асты. Бүгінгі таңда Баян-Өлгий аймағы – қазақ халқының ана тілі ең таза сақталған, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті өзінің ежелгі бояуын жоғалтпаған өңірлердің бірі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Баян-Өлгий аймағынан атажұртқа 60 мыңнан астам ағайындарымыздың қоныс аударуы жас мемлекетіміздің мәдени-рухани тыныс-тіршілігіне, ана тіліміздің, ұлттық салт-дәстүріміздің жаңа деңгейге көтерілуіне өз ықпалын тигізгені анық.

Тағдырымыз да, тарихымыз да ежелден тамырлас Өзбекстандағы бір жарым миллионнан астам қазақтардың өсіп-өркендеуі – өз алдына бір шежіре. Қазіргі кезде Өзбекстанда 500-ден астам қазақ мектептері бар. Жақында ғана Өзбекстан Президенті Ислам Каримов екеуміз екі ел арасындағы Мәңгілік достық жөніндегі келісім-шартқа қол қойдық. Шекарамыз біржолата нақтыланып, белгіленіп бітті.

Болашақта екі ел арасындағы экономикалық-мәдени байланыс бұрынғыдан да кеңейе беретіні анық. Бұл байланысқа Өзбекстанда тұратын бауырларымыз да өз үлестерін қосады деп сенемін.

Біз Өзбекстандағы қазақтардың зиялы қауым – ғалымдарының, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қарымды да қабілетті үлкен тобының қалыптасқанын жақсы білеміз.

Қазақстанның Ресеймен шекарасы ұлан-ғайыр жерді алып, еліміздің шығысынан батысына дейін ұзына сонар созылып жатыр. Аманшылық болса, таяуда Ресеймен де шекарамызды анықтап бітетін ойымыз бар. Осы шекараға басым жердің көпшілігінің негізгі тұрғындары – қазақтар. Олардың да сан ғасырлық тарихы, қалыптасу ерекшеліктері бар. Көршілес екі мемлекет өз тәуелсіздіктерін жариялағанымен, арадағы барыс-келісімізге шектеу жасалған жоқ. Бұл да біздің ең үлкен жеңісіміз, жетістігіміз.

Ресей қазақтарының мәдени-рухани өміріне ондағы қазақ мәдени орталықтары да үлкен ықпал жасап отыр.

Түркіменстан мен Қырғызстандағы, Түркиядағы, Еуропаның Германия, Швеция және басқа елдеріндегі қазақ мәдени орталықтары да өздерінің шама-шарқынша игілікті істер тындырып келеді. [...]

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы өзі құрылғаннан бергі он жылдың ішінде шетелдік ағайындармен өмірдің сан-салаларында қарым-қатынас орнату жөнінде көптеген игі шараларды іске асырды. Қауымдастықтың халықаралық байланыстарға ат салысуға, шетелдегі мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен тікелей жұмыс істеуге де мүмкіндіктері бар.

Қазақстан Республикасының Президенті ретінде шетелде тұрып жатқан қандас бауырларға екі нәрсе үшін өзімнің ризашылығымды білдіремін.

Біріншіден, атажұрттан алыс жүрсеңіздер де, қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ұмытпай, ұлттық сипатты жоғалтпай, бүгінгі рухани тірлігімізді төл қазына көріп, байытып, өздеріңіздің Отанға деген сағыныш сезімдеріңізбен ұлттық патриотизмге жаңа серпін беріп отырғандарыңыз үшін рахмет айтамын!

Екіншіден, қазақ халқының бойындағы ұлттық қасиеттердің бірі далалық кеңпейілділік, ақылға жүгінген шыдам мен сабыр болса, Сіздер сол қасиеттерді көтеру арқылы өздеріңіз қазір тұрып жатқан елдердің саяси тұрақтылығына, ұлтаралық келісіміне үлестеріңізді қосып жүрсеңіздер деп білемін және сол үшін Сіздерге өзімнің ақ алғысымды арнағым келеді.

Қай жерге барсам да, ешбір елден қазақ диаспорасы тыныштығымызды алды деген сөзді естіп көрген жоқпын. Бұл да ұлттық деңгейдегі естиярлықтың белгісі.

Қасиетті Түркістан жерінде өтіп отырған бүгінгі дүбірлі жиын – Қазақстан Республикасының, бүкіл қазақ халқының өміріндегі үлкен тарихи оқиға.

Бұл бас қосу – біздің еліміздің шын мәнінде тәуелсіздікке жеткенінің, өркениетті елге айналғанының бір көрінісі, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсап өткен арман-мақсаттарының жүзеге асуының айқын айғағы.

Бұл құрылтай – қазақ халқының жаңа мыңжылдықта біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі. Біздің бәріміз үшін бұдан артық бақыт, бұдан артық қуаныш болуы мүмкін емес.

*«Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы: 15 жыл». – Алматы, 2007. – 67–71, 76–78 б. кітабында толық басылып шықты*

## № 124

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы № 1188 «Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы» қаулысынан**

*Астана*

*2002 жыл 11 қараша*

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім ұйымдарына оқуға түсу кезінде бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысынан мынадай қабылдау квотасы белгіленсін:

[...] 2) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға – 2 пайыз.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
И. ТАСМАҒАМБЕТОВ**

*Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2002 ж., № 39. 404-құжат.*

**Из служебной записки Мухамеджанову Б.А.  
касательно миграции**

*г. Астана*

*11 декабря 2002 г.*

За годы суверенитета Республика Казахстан, как и другие страны СНГ, стала страной активных миграционных процессов. [...]

По последним данным Агентства по миграции и демографии, общее число лиц казахской национальности составляет около 13 млн. человек. [...]

Казахские диаспоры зарегистрированы почти в 40 странах мира. По экспертной оценке Агентства по статистике наибольшее число наших соотечественников проживает в Китае – 1,3 млн. человек, в Узбекистане – 1,2 млн., в России – около 750 тыс., в Монголии – 80 тыс., в Туркмении – 70 тыс. и в других регионах около 200 тыс. человек. Соответственно, наибольший приток репатриантов ожидается из этих стран. [...]

В последнее время экономический потенциал Казахстана, политическая стабильность предопределили рост миграционных настроений среди представителей казахской диаспоры.

За последние 10 лет, в республику прибыло более 250 000 оралманов, из них более 140 000 получили гражданство Республики Казахстан. [...]

Поток самостоятельно переселяющихся репатриантов отслеживается на этапе регистрации их по месту временного проживания, при приеме заявлений на получение статуса оралмана и при внесении заявлений на получение гражданства Республики Казахстан.

Всем репатриантам казахской национальности, получившим статус оралмана, независимо от их включения в квоту иммиграции, государство создает льготные условия для переселения в Республику Казахстан и обеспечивает им оказание помощи в трудоустройстве, предоставлении государственной адресной помощи, выплачиваются пенсии и пособия, в соответствии с законодательством Республики Казахстан, выделяется квота для поступления в ВУЗы, выделяются земельные участки.

Оралманы, не воспользовавшиеся льготами, предусмотренными в Законе «О миграции» в полном объеме, сохраняют право на них и после приобретения гражданства Республики Казахстан.

Анализ данных по прибывшим репатриантам за период с 1991 года по настоящее время показал, что основная масса переселенцев прибыла из Узбекистана – почти 120 000 человек, из Монголии – 67 000 человек, более 28 000 из Туркменистана, по 10 000 человек из России и Таджикистана. При этом, местом постоянного жительства оралманы выбирают в основном сельскую местность. Почти половина всех переселившихся самостоятельно оралманов, остановила свой выбор на Южно-Казахстанской и Мангистауской областях. Около 26 000 наших соотечественников выбрали Алматинскую область, 23 300 – Жамбылскую область. В Карагандинской и Акмолинской областях расселились соответственно 17000 и 16 300 человек. Меньше всего желающих переехать в Западно-Казахстанскую область – около 1000 человек.

Эти цифры можно объяснить предпочтительностью климатических условий южных регионов, невысокими ценами на жилье, местом проживания родственников, условиями для ведения личного и подсобного хозяйства и рядом других причин. [...]

С 1993 года в республику, согласно квоты, въехало 32780 семей (исходя из среднего коэффициента семейности – 5 человек, это около 160000 человек).

До 2000 года проект квоты иммиграции, разрабатываемый Агентством по миграции и демографии, составлялся с учетом предложений акимов областей, исходя из имеющихся резервов и возможностей в регионах. Однако такой опыт себя не оправдал. За период с 1993 года по 1999 включительно, фактическое исполнение квоты иммиграции составило в среднем 60%. В связи с этим был изменен подход к разработке схемы расселения оралманов по регионам и с 2000 года квота иммиграции составляется исходя из пожеланий о выборе будущего места постоянного проживания на своей исторической родине. Это позволило довести фактическое исполнение Указа Главы государства о квоте иммиграции на 2000 год на 92% , а в 2001 году – на 100%.

С начала текущего года в территориальные подразделения Агентства [...] поступило около 40 000 заявлений от семей, желающих переселиться в Казахстан. Более 10 000 семей уже переселились самостоятельно, не дожидаясь квоты иммиграции на 2002 год. Квота этого года предполагает государственную поддержку для переселения только 2655 семей.

По состоянию на 10 декабря 2002 года исполнение квоты в среднем по регионам составило около 60%. При этом в Акмолинской, Западно-Казахстанской, Карагандинской, Кустанайской, Мангистауской, Северо-Казахстанской, Павлодарской областях квота невыполнена более чем на 50%.

Агентством по миграции и демографии данный факт объясняется недостаточным финансированием из республиканского бюджета программы по закупу жилья оралманам. Сложившаяся ситуация, по всей вероятности, приведет к срыву Агентством [...] исполнения Указа Главы государства «О квоте иммиграции на 2002 год».

[...] На сегодняшний день нет ясности в процедуре отбора из числа подавших заявления на включение их в квоту. В этой связи необходимо отработать четкие и справедливые критерии отбора, включая приоритетность профессии, образования и др.

Кроме того, Агентству [...] необходимо провести структурный анализ внутри казахских диаспор на предмет социального положения, уровня образования, материальных возможностей для самостоятельного переезда.

Работа штаба при Агентстве [...] по расселению оралманов, самостоятельно прибывающих в республику сверх квоты, не должна сводиться только к оперативной работе, необходим глубокий и всесторонний анализ миграционных настроений и, исходя из этого, работа должна строиться на опережение и перспективу, что позволит контролировать и регулировать предполагаемые потоки иммигрантов, планировать их расселение, позволит максимально удовлетворить их запросы.

Считаем, что большой потенциал в решении вопросов приема, расселения и обеспечения рабочими местами прибывающих этнических казахов, имеется у акимов областей, т.к. органы местного государственного управления могут в соответствии с законодательством Республики Казахстан устанавливать льготы и компенсации оралманам, переселившимся [...] вне квоты иммиграции.

Агентство должно взять на себя функции координирующего органа. Для этого



необходимо усилить взаимодействие Агентства с Министерством внутренних дел по вопросам контроля и регистрации мигрантов, с Министерством труда и социальной защиты по проблемам трудовой миграции, трудоустройства и адресной социальной помощи, с Министерством иностранных дел по работе с представителями казахских диаспор, с Министерством культуры и общественного согласия в вопросах поддержки соотечественников, проживающих за рубежом.

В связи с изложенным, прошу Вас, дать соответствующее поручение заинтересованным министерствам и ведомствам.

**Б. ЖУМАГУЛОВ**

*Текущий архив МИД РК*

**№ 126**

**Указ Президента Республики Казахстан от 10 февраля  
2003 года № 1017 «О квоте иммиграции оралманов на 2003 год»**

*г. Астана*

*10 февраля 2003 г.*

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 13 декабря 1997 года «О миграции населения», в целях организации переселения и обустройства семей оралманов, изъявивших желание возвратиться на свою историческую родину, **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Установить представленную Правительством Республики Казахстан квоту иммиграции оралманов на 2003 год в количестве 5000 семей согласно приложению.

2. Правительству Республики Казахстан совместно с акимами областей, городов Астаны и Алматы:

1) обеспечить прием, обустройство включенных в квоту иммиграции оралманов и условия для их адаптации в местах расселения, а также осуществить организованное переселение лиц казахской национальности, которые не могут вернуться на свою историческую родину без финансовой поддержки государства;

2) в месячный срок разработать схему размещения оралманов с учетом социально-экономической ситуации в регионах;

3) принять иные меры по реализации настоящего Указа.

3. Настоящий Указ вступает в силу со дня подписания.

**Президент  
Республики Казахстан  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*Текущий архив МИД РК*

№ 127

Приложение  
к Указу Президента  
Республики Казахстан  
от 10 февраля 2003 года № 1017

**Квота иммиграции оралманов на 2003 год (семей)**

Наименование областей, городов	Исламская Республика Иран	Исламское Государство Пакистан	Афганистан	Китайская Народная Республика	Монголия	Турецкая Республика	Российская Федерация	Туркменистан	Узбекистан	Кыргызская Республика	Таджикистан	Всего
Акмолинская					14		38		556			<b>608</b>
Актюбинская							20	18	190			<b>228</b>
Алматинская				20	28	20	5		80			<b>153</b>
Атырауская									76			<b>76</b>
Вост.-Казахстанская				42					5			<b>47</b>
Жамбылская							5		165	15	5	<b>190</b>
Зап.-Казахстанская							110		59			<b>169</b>
Карагандинская									565			<b>565</b>
Кызылординская									94			<b>94</b>
Костанайская							94		564			<b>658</b>
Мангистауская	38						5	53	256			<b>352</b>
Павлодарская							85		480			<b>565</b>
Сев.-Казахстанская							100		540			<b>640</b>
Южно-Казахстанская		10	65			10		10	371		5	<b>471</b>
г. Астана				7	5		20	5	52	5		<b>94</b>
г. Алматы				7	5	10	10	5	43	10		<b>90</b>
<b>Итого</b>	<b>38</b>	<b>10</b>	<b>65</b>	<b>76</b>	<b>52</b>	<b>40</b>	<b>492</b>	<b>91</b>	<b>4096</b>	<b>30</b>	<b>10</b>	<b>5000</b>

Текущий архив МИД РК

**Из Протокола заседания Комиссии по правам человека  
при Президенте Республики Казахстан**

г. Астана

от 26 сентября 2003 г.

Председательствовал Абдильдин Ж.М.

Присутствовали:

члены Комиссии: Абишев Т.Д., Абусейтов К.Х., Дербисали А., Жумабеков О.И., Карагусова Г.Д., Мартынов Л.Н., Отто И.И., Сабикенов С., Тасмагамбетов С.Д., Шахламетов Г.М.;

[...]

руководители, заместители руководителей, иные должностные лица государственных органов: Бабакумаров Е.Ж., Вайсов М.К., Джаганова А.К., Пистаев М.К.

[...]

Повестка дня:

1. О деятельности Агентства Республики Казахстан по миграции и демографии и его территориальных служб по обеспечению прав оралманов, гарантированных действующим законодательством Казахстана (Джаганова А.К. – председатель Агентства Республики Казахстан по миграции и демографии).

[...]

В ходе обсуждения доклада Джагановой А.К. установлено, что Агентством РК по миграции и демографии осуществлен ряд мер организационно-правового характера по реализации Закона РК «О миграции населения», а также для решения задач по обеспечению прав оралманов.

Вместе с тем, выступавшие отметили существующие недостатки в работе территориальных подразделений Агентства по работе с оралманами.

Участники расширенного заседания отмечали необходимость установления и развития Агентства [...] и его территориальных служб с неправительственными организациями Казахстана в сфере защиты и поощрения прав человека.

Итоги обсуждения: Доклад Джагановой А.К. одобрить и принять к сведению.

Решение:

1. Агентству [...] усилить ведомственный контроль за соблюдением прав оралманов, гарантированных действующим законодательством Казахстана.

2. Генеральной прокуратуре РК усилить надзор за соблюдением законности в деятельности Агентства [...], его территориальных служб и других уполномоченных государственных органов по вопросам включения оралманов в квоту иммиграции, поселения их в центрах временного размещения, приобретения жилья, документирования, освобождения от консульских сборов за выдачу виз на въезд в РК.

3. Учитывая предполагаемое увеличение квоты оралманов на 2004–2005 годы, а также практику недостаточного бюджетного финансирования, утвержденных в 2002–2003 годах квот, рекомендовать Правительству РК рассмотреть возможность выработки экономически обусловленных подходов в вопросах квотирования, обеспечива-

ющих 100-процентное финансирование гарантированных законодательством льгот и компенсаций оралманам.

4. Рекомендовать Агентству [...] совершенствовать действующий механизм включения оралманов в квоту иммиграции, который должен быть максимально открытым, предельно простым и свободным от влияния узковедомственных интересов.

5. Агентству [...] и его территориальным службам установить и развивать сотрудничество с неправительственными организациями в сфере прав человека.

**Председатель Комиссии  
по правам человека при  
Президенте Республики Казахстан  
Ж. АБДИЛЬДИН**

*Текущий архив Администрации Президента РК*

**№ 129**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы  
№ 1216 «Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы  
туралы» Жарлығы**

*Астана қ.*

*2003 жыл 31 қазан*

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес және өзінің тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген оралмандар отбасыларының қоныс аударуы мен жайластырылуын ұйымдастыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы 10000 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

1) көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде көшіріп алуды жүзеге асырсын;

2) бір ай мерзімде аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып, оралмандарды орналастыру схемасын әзірлесін;

3) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

## № 130

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2003 жылғы 31 қазандағы  
№ 1216 Жарлығына  
қосымша

## Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы

(отбасы)

Облыстардың ағауы	Иран Ислам Республикасы	Пәкістан Ислам Республикасы	Ауғанстан	Қытай Халық Республикасы	Моңғолия	Түрік Республикасы	Ресей Федерациясы	Түркіменстан	Өзбекстан	Қырғыз Республикасы	ТМД-ның басқа елдері	Барлығы
Ақмола				65	100		105	5	528	5	2	<b>810</b>
Ақтөбе							25	75	580			<b>680</b>
Алматы				325	70	30	15	5	205	5		<b>655</b>
Атырау							20	20	340			<b>380</b>
Шығыс Қазақстан				200	80		15	2	165	5	3	<b>470</b>
Жамбыл				5			10	30	510	40	5	<b>600</b>
Батыс Қазақстан							300	5	390	5		<b>700</b>
Қарағанды				50	90		5		532	5		<b>682</b>
Қызылорда									400			<b>400</b>
Қостанай					90		300		300		10	<b>700</b>
Маңғыстау	40			1			5	609	395			<b>1050</b>
Павлодар					100		250		400			<b>750</b>
Солтүстік Қазақстан					80		380		287	3		<b>750</b>
Оңтүстік Қазақстан		20	50			10		20	1148		10	<b>1258</b>
Астана қаласы				10	5		10	5	23	5	2	<b>60</b>
Алматы қаласы				10	5	10	5	5	13	5	2	<b>55</b>
<b>Жиыны</b>	<b>40</b>	<b>20</b>	<b>50</b>	<b>666</b>	<b>620</b>	<b>50</b>	<b>1445</b>	<b>781</b>	<b>6216</b>	<b>78</b>	<b>34</b>	<b>10000</b>

ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты

**Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Мәртебелі Нұрсұлтан  
Әбішұлы Назарбаевқа Швециядағы Қазақ Қоғамының хатынан***Västeras, қ. \***2004 жыл 25 қазан***Аса құрметті Президент мырза!**

Сіздің ат басын Швеция еліне тіреп, мұндағы қазақтармен кездесіп отырғаныңызға дән ризамыз. Сізге мың бір рахмет айтамыз. Сіз қай елге барсаңыз да, сол жердегі қазақтардың өкілдерімен жүздесіп, әңгімелесіп қайтасыз. Мұның өзі біз шетел қазақтары үшін қандай үлкен ғанибет және бақыт екенін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Өйткені шетел қазақтары ұзақ жылдар бойы елінен, жерінен алыс жүріп, жетім баланың күйін кешкен. 1991 жылы Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан Республикасы тәуелсіздік туын көтергенде, біздер «өшкені жанып, өлгені тірілгендей» жүрек жарыла жаздайтын зор қуанышты бастан кешкен едік. Міне бүгін Өзіңіз – сол тарихи уақиғаның жетекшісі және халықаралық сахнада беделді де абыройлы елдердің алдыңғы қатарында орын алған Қазақстанымыздың Елбасы ретінде бізді қабылдап отырсыз. Бізге бұдан асқан бақыт және бұдан асқан қамқоршылық бола қоймас. Енді біздегі басты арман, Сіздің және Қазақстан халқының бізге деген осы жылы ілтипатына лайық бола білу.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Швециядағы қазақтар, Еуропалық қазақтардың шағын бір бөлегі. Жалпы алғанда 40 түтін, ашып айтқанда, 150 жанбыз. Еуропаның мәдениетті де ауқатты осы еліне қоныстанғанымызға да 40 жылдан асып кетіп отыр. Аллаға шүкір, «қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк» дегендей, бұл жерде материалдық тұрғыдан шат-шадыман өмір сүріп келе жатырмыз. Осы орайда швед еліне қарыздармыз.

Алыста жүргеннен кейін, әрине, кейбір қиыншылықтар болмай қоймайды. Бізді әсіресе ұрпақ қамы толғандырады. Жастарымыз, балаларымыздың болашағы не болады? Тілін, ділін және дінін сақтай ала ма? Қазақ екенін біліп, қазақ тілінде сөйлеп, мұсылманшылық сенімін жалғастырып, қазақы қалпын ұстап қала ала ма? деген сұрақтар бүкіл ата-аналарды мазалайды.

Бұл жерде, реті келгенде, бір парадоксты атап өткен де дұрыс шығар. Балаларымыз қазақтық қалпын сақтап қалса екен деп армандап жүрген біз – ата-аналардың өзі ұлттық тіл мен ділді толық бойымызға сіңіріп алған азаматтар емеспіз. Тіліміз келте, діліміз орта болып келе жатырмыз. Бірақ, құдайға шүкір, жүрегіміз әлі «қазақ, қазақ» деп соғып келеді. Оны бізге көптеген қиыншылықтармен өмір кешкен ата-аналарымыз дарытты. Енді біз ата-аналарымыздың сол аманатын олардың немерешөберелеріне дарытсақ деген ойдамыз.

Осы орайда, біздер өзіміздің ата-аналарымыздай қазақтың тілі мен діліне бай болмасақ та, ұрпақты ұлттық мәдениетте тәрбиелеуде олардан көбірек мүмкіншілікке иеміз деп ойлаймыз. Өйткені, әлем социалистік және капиталистік топ болып екіге бөлініп, қырғикабақ салқын соғыс болып тұрған және қазақ мә-

дениетінің кәусер бұлағы – елмен байланысуға мүмкіншілік болмаған шақта ата-аналарымыз бізді өсірді. Ал біз болсақ, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған қазіргі бейбіт заманда, туған елмен қоян-қолтық араласып тығыз байланысып жүрміз. Тіпті, Қазақстанның сіз қалыптастырып келе жатқан ұлт саясатында диаспораға айрықша мән беріліп келе жатқанын да көріп отырмыз. Міне, бұл біздің ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудегі басты таянышымыз болмақ. Онсыз Еуропалық диаспораның алға басуы мүмкін емес.

Құрметті Президент мырза,

Біздің сізден өтінішіміз ұрпақтарымыздың тәрбиесі жөнінде болмақ. Осы орайдағы шараларыңызда Швеция қазағын өзге Еуропа қазақтарынан бөліп қарауға болмайтын сияқты. Өйткені, Франция, Германия, Англия, Австрия, Голландия сияқты елдерде тұратын қазақтар бәріміз Түркиядан шыққан етене жақын жандармыз. Санымыз да саусақпен санарлықтай аз. Жалпы Еуропа елдерінде екі мыңдай қазақ бармыз. Дегенмен, береке-ынтымағымыз жарасып тұр. Қазір осы аталған елдердің бәрінде қазақ мәдениет қоғамдарымыз түтінін түтетіп отыр. Осы қоғамдар 1994 жылдан бастап жыл сайын бір қалада бас қосып, мереке-жиын өткізуді үрдіске айналдырды. Ондағы мақсатымыз – ұрпақтардың бір-бірімен танысуы және қазақтың салт-дәстүрін танып білуі. Осы мереке-жиынымыздың тұтқасы – спорт, әсіресе аяқдоп ойыны. Еуропаның Мюнхен, Кёльн, Париж, Амстердам, Вестерос, Вена, Лондон, тіпті кейде Стамбул жастарының футбол құрамалары алаңға шығып ойнайды. Кімнің жеңіп, кімнің жеңіліп жатқаны маңызды емес, ең маңыздысы – осындай берекеге қатысу.

«Еуропалық қазақтардың құрылтайы – мәдени-спорт мерекесін» биыл мамыр айында Берлин қаласында өткізген едік. Сол басқосуда келесі жылғы мереке Алматыда өткізілсе, жастар атамекенін тануға, сондағы құрбы-құрдастарымен танысуға көбірек мүмкіншілік алса деген өтініш білдірілген еді. Осы өтінішіміздің орындалуына жағдай жасауыңызды өтінеміз.

Құрметті Президент мырза,

Біздің ең басты өтінішіміз – балаларымыздың тіл жағдайын жақсартуға көмек берілсе. Ол үшін, мәселен, қазақ тілі, тарихы мен музыкасы туралы мұғалімдер жіберілсе. Оқулық, кітап, газеттер жеткізілсе. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетті бойға сіңіру әрқашанғыдан да зор маңызға ие болып отырғаны күмәнсіз.

Бүгінгі дамыған технологияның үздік жетістіктерін де шетел қазақтарының ұлттық мәдениетін қалпына келтіруде қолдануға болатын сияқты. Мәселен, қазіргі күнде біздер жасанды жер серігі арқылы эфирге шыққан «Caspionet» теледидар каналын көріп отырмыз. Осы сияқты, негізгі ұлттық канал «Хабар» да көрсетілсе екен, сөйтіп, елде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып, қазақша кинолар мен концерттерді тамашалап отырсақ құба-құп болар еді. Сонан соң, қазіргі интернет технологиясы да қазақ тілі мен тарихын үйренуде тиімді құрал бола біледі. Қазір бір ғана «Жас Алаш» газеті интернет бетінде. Өзге ірі ұлттық басылымдарды, атап айтқанда, «Егемен Қазақстан» мен «Қазақ әдебиеті» газеттері, «Жұлдыз» және «Жалын» журналдарын әлемдік торда көре алмай отырмыз. Сонымен қатар, Қазақстанда шетел қазақтарына арналған бір ұлттық сайт ашылса. Онда шетел қазақтарының ру-

хани сұранысын қанағаттандыратын қазақша тарихи, әдеби және мәдени материалдар латын таңбаларында орын алса.

Шетел қазақтарының ұлттық мәдениетін қалпына келтіру барысында тағы бір айтар өтініш, біздің елшіліктер мен консулдықтарда арнайы мәдениет қызметкерлері немесе мамандары болса екен. Олар қазақ мәдениетін шетелдерге таныстырумен қатар біз – шетел қазақтарының мәдени деңгейін көтеру барысында кеңес беріп жол көрсету қызметін атқарса. Дегені, қазақ балаларының ұлттық рухани мұраларды бойына сіңіруіне және жергілікті жерде немесе атамекенде оқып жақсы білім алуына көмектессе.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Швеция еліне басқан қадамыңызға гүл бітсін! Біз Сіздің шетел қазақтары, оның ішінде Еуропа қазақтары жөніндегі жылы көзқарасыңызға ризамыз. Еуропалық қай елге бармаңыз, қазағыңызды іздеп жағдайларын сұрап тұрасыз. Бұл біз үшін үлкен қамқоршылық. Осындай жағдайларда көңіліміз өсіп, төбеміз көкке жетіп जाताды. Осындағы жергілікті халықтар да, Сіздің бізге деген осы сүйіспеншілігіңіз бен қамқоршылығыңызға, қызыға да қызғана қарайды. Өзіңізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақыт тілейміз.

Өзіңізге деген терең ілтипатпен, Швециядағы қазақ қауымы атынан

**Швеция Қазақ Қоғамы Төрағасы  
Ибраһим ДІНЧТҮРК**

*210-қ. 1-т. 56-іс. 26–28-тп.*

---

\* Вестерос қ.

## № 132

### **Из записки Руководителю Администрации Президента Республики Казахстан Тасмагамбетову И.Н. «О состоянии иммиграции и проблемах оралманов»**

*г. Астана*

*18 ноября 2004 г.*

[...] За период с 1991 года по 01.10.2004 года всего прибыло **94890** семей оралманов в количестве **371223** человек, в том числе, по трудовому соглашению и по квоте иммиграции прибыло **38899** семей оралманов в количестве **170892** человек. По данным Министерства внутренних дел РК на 01.10.2004 года, **231312** оралманов получили гражданство Республики Казахстан.

С момента приобретения независимости в данном направлении проводится целенаправленная политика, несмотря на сложности определенных периодов социально-экономического развития страны.

В целях регулирования прибытия оралманов и их равномерного расселения еже-



годно утверждается квота иммиграции. Анализ ежегодной квоты иммиграции показал ее резкое уменьшение с 10 000 семей в 1993 году до 500 семей в 2000 году (1994 год – 7 000, 1995 год – 5 000, 1996 год – 4 000, 1997 год – 2 180, 1998 год – 3 000, 1999 год – 500).

С 2001 года наметилась тенденция роста миграционного настроения казахской диаспоры, проживающей за рубежом, особенно в Узбекистане, России, Туркменистане и Китае. Это непосредственно связано с улучшением социально-экономического положения и с возрастающим ростом авторитета страны на международной арене. Одной из главных причин увеличения количества оралманов, является желание сохранить свою национальную идентичность и возвращение на историческую родину. Доказательством этому является то, что число переселившихся в республику за последние три года оралманов намного превышает количество утверждаемой квоты иммиграции и данная тенденция продолжает сохраняться. К примеру, в 2001 году при квоте иммиграции **600** семей, фактически переселилось **9105** семей, в 2002 году при квоте **2655** семей, прибыло **10377** семей, а в 2003 году при квоте **5000** семей – **16026** семей.

За прошедший период государством накоплен определенный опыт работы в сфере миграционной политики. В 1997 году был принят Закон Республики Казахстан «О миграции населения», создано Агентство РК по миграции и демографии, а в 2000 году принята Концепция миграционной политики Республики Казахстан, и в 2001 году утверждена отраслевая Программа миграционной политики Республики Казахстан на 2001–2010 годы. Кроме этого, за этот период было принято множество постановлений Правительства РК, наделяющих и регулирующих льготы, компенсации и порядок финансирования. [...]

В то же время анализ информации, поступающей из регионов в вопросах приема и обустройства оралманов, раскрывают проблемы, которые приобретают системный характер:

- в последние годы идет рост прибытия оралманов вне квоты, превышая в среднем в два раза, и имеет тенденцию неуклонного роста. По состоянию на 01.10.04 г., в основном, прибывшие вне квоты оседают: Южно-Казахстанская область – при квоте на 5178 семей (31 068 человек) фактически 29 145 семей (106 113 человек), Мангистауская область – при квоте 6 860 семей (20 705 человек) фактически прибыло 16 444 семей (53 202 человека). Данные показывают, что из числа прибывших оралманов около 43% осели в двух областях и сегодня, это вносит определенную социальную напряженность в этих регионах;

- государственные органы, распределяющие квоты иммиграции оралманов по республике, не руководствовались какими-либо положениями. Зачастую устанавливались волевым методом, без учета реально сложившейся ситуации в регионах. Это еще раз доказывает, что распределение квот между областями было неравномерным;

- определенное количество оралманов, прибывших самостоятельно, годами не желают приобретать гражданство Республики Казахстан, так как после получения гражданства, они лишаются предусмотренных государством льгот и денежных компенсаций;

- выплата пенсий оралманам остается проблемным вопросом. Независимо от стажа работы и заслуг по прежнему месту жительства, всем оралманам-пенсионерам

по прибытии, в соответствии с действующим законодательством назначается минимальная пенсия, что сказывается на их материальном положении и вызывает недовольство среди оралманов;

– отсутствует взаимодействие в вопросах регулирования иммиграции между областными акиматами и соответствующими государственными органами. Не налажена совместная работа по включению оралманов в квоту иммиграции между Министерством иностранных дел и бывшим Агентством по миграции и демографии (ныне Комитет по миграции Министерства труда и социальной защиты населения РК).

Принятые решения Президентом страны в части увеличения квоты иммиграции оралманов до **10000** семей (**59000** человек) на 2004 год и до **15000** семей (**88500** человек) на 2005 год являются очень своевременными. Однако увеличение квоты иммиграции полностью не может снять проблемы возрастающего потока оралманов. [...]

**В последующие годы данная динамика будет возрастать, возможно в разовых порядках.**

В своем очередном Послании в апреле 2003 года народу Казахстана, Главой государства была поставлена задача, довести численность населения республики к 2015 году до **20 млн.** человек. Естественный прирост населения в 2000 году составил **70,6 тыс.**, а в 2003 году достиг уровня **100,5 тыс.** человек. Анализ показывает, что данную задачу практически невозможно выполнить без активного привлечения этнической иммиграции. [...]

**Исходя из анализа сложившейся ситуации иммиграционного потока прошлых лет, предлагаем на рассмотрение следующие подходы, направленные на улучшение миграционной политики:**

– необходимо привести в системный порядок работу в области иммиграционной политики на правительственном уровне;

– следует разработать положение, определяющее основания для включения в квоту иммиграции оралманов. Прекратить принятую практику по включению в квоту оралманов, проживающих на тот период в стране;

– предварительную работу по включению в квоту иммиграции оралманов нужно проводить в странах, где проживают казахские диаспоры, через дипломатические службы МИД РК. Данную работу необходимо наладить через посольства, при этом, конкретно определив ответственных лиц, вменив им это в обязанность. В таких странах, как Китай, Россия, Узбекистан;

– на государственном уровне нужно принять решение о создании во всех областях, особенно, приграничных регионах «Центр адаптации оралманов», рассчитанный на определенное количество человек, с основной функцией перевалочного пункта. Где будут решены проблемы с регистрацией и обеспечением временным жильем;

– оралманам, прибывающим вне квоты, предусмотреть льготы и компенсации, определить на республиканском уровне сумму разовой денежной выплаты;

– для самостоятельного решения проблем оралманов, прибывших вне квоты, непосредственно на местах, необходимо на законодательном уровне решить вопрос о включении дополнительной статьи в расходную часть бюджета областей;

– решить вопрос предоставления долгосрочных (10 лет) беспроцентных ссуд и кредитов для строительства жилья, с частичным списанием при рождении детей;

– в целях решения вопросов трудоустройства, установить квоту по приему на ра-

боту в крупные промышленные предприятия и организации, независимо от формы собственности. При этих предприятиях и организациях создать курсы по обучению оралманов, переквалификации, подготовке и переподготовке необходимым профессиям;

– необходимо ежегодно пересматривать размер квоты, установленной для оралманов при поступлении на учебу в организации образования, в связи с постоянным ростом прибывающих;

– вернуться к практике приобретения жилья оралманам, прибывающим по квоте иммиграции, и отказаться от выплаты денежных средств. Выбор региона для размещения и покупки жилья должен решаться исходя из государственных интересов и выработанной иммиграционной политики;

– нужно начать работу по компактному расселению оралманов в регионах по 200-300 семей, создавая среду для ускоренной адаптации и общения. Предусмотреть все социальные аспекты для нормального проживания, это наличие казахских школ, больниц и рабочих мест. [...]

Основной поток иммиграции ожидается из Республики Узбекистан, Китайской Народной Республики, Российской Федерации, Туркменистана и Монголии. Нам следует учесть среду проживания этнических казахов в вышеуказанных странах, их менталитет, обычаи, традиции и образ жизни. Немаловажным фактором для них является адаптация после прибытия в новую среду. [...]

Вносится для принятия решения.

**С. АХМЕТОВ**

Резолюция: **Согласиться.**

Необходимо принятие соответствующих мер на государственном уровне.

**Тлеубердину А.А.**

Прошу доложить Премьер-Министру.

**Тажину М.М.**

***И. Тасмагамбетов (подпись)***

19 ноября 2004 г.

*Текущий архив Администрации Президента РК*

№ 133

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1508 «Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп  
келу квотасы туралы» Жарлығы**

*Астана, Ақорда*

*2004 жыл 27 желтоқсан*

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес, оралмандар отбасыларының қоныс аударуы мен жайластырылуын ұйымдастыру, сондай-ақ оралмандар үшін жаңа орында қажетті өмір сүру жағдайларын жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы қосымшаларға сәйкес әрбір күнтізбелік жылға 15000 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және орналасқан жерлерінде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде көшіріп алуды жүзеге асырсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2004 ж., № 51. 674-құжат.*

## № 134

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1508 Жарлығына  
1-қосымша

## Оралмандардың 2005 жылға арналған көшіп келу квотасы

(отбасы)

Облыстардың атауы	Иран Ислам Республикасы	Қытай Халық Республикасы	Моңғолия	Түрік Республикасы	Ресей Федерациясы	Түркіменстан	Өзбекстан	Қырғыз Республикасы	ТМД-ның басқа елдері	Барлығы
Ақмола		60	50		200	40	600	10	5	<b>965</b>
Ақтөбе		5	5		30	40	740		5	<b>825</b>
Алматы		300	70	30	15	20	805	20		<b>1260</b>
Атырау					20		425		5	<b>450</b>
Шығыс Қазақстан		550	85		50	5	165	10	10	<b>875</b>
Жамбыл		15				50	845	50	20	<b>980</b>
Батыс Қазақстан		5			300	5	400	5	3	<b>718</b>
Қарағанды		50	100		30	10	800	15		<b>1005</b>
Қызылорда					10	20	550	20		<b>600</b>
Қостанай			30		150		675		20	<b>875</b>
Маңғыстау	20				10	395	1200			<b>1625</b>
Павлодар			150		250		550			<b>950</b>
Солтүстік Қазақстан			100		350		525			<b>975</b>
Оңтүстік Қазақстан				10		100	2550		50	<b>2710</b>
Астана қаласы		10	5		25	5	25	5	2	<b>77</b>
Алматы қаласы		20	10	10	10	5	30	10	15	<b>110</b>
<b>Жиыны</b>	<b>20</b>	<b>1015</b>	<b>605</b>	<b>50</b>	<b>1450</b>	<b>695</b>	<b>10885</b>	<b>145</b>	<b>135</b>	<b>15000</b>

Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2004 ж., № 51. 674-құжат.

№ 135

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2006 жылғы 4 қарашадағы  
№ 210 Жарлығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1508 Жарлығына  
2-қосымша<sup>1</sup>

**Оралмандардың 2006 жылға арналған көшіп келу КВОТАСЫ**

(отбасы)

Облыстардың атауы	Иран Ислам Республикасы	Қытай Халық Республикасы	Моңғолия	Түрік Республикасы	Ресей Федерациясы	Түркіменстан	Өзбекстан	Қырғыз Республикасы	ТМД-ның басқа елдері	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Ақмола		60	218		76	5	660	8		<b>1027</b>
Ақтөбе		5	5		30	45	777			<b>862</b>
Алматы		300	100	30	10	20	925	15		<b>1400</b>
Атырау					16		482		2	<b>500</b>
Шығыс Қазақстан		594	85		11	5	165	10	5	<b>875</b>
Жамбыл		15			8	57	835	63	5	<b>983</b>
Батыс Қазақстан					149	5	502			<b>656</b>
Қарағанды		50	104		22	5	604	20		<b>805</b>
Қызылорда					3	5	572	20		<b>600</b>
Қостанай			30		72		767		6	<b>875</b>
Маңғыстау	19				10	646	1503			<b>2178</b>
Павлодар			150		250		300			<b>700</b>
Солтүстік Қазақстан			130		80		360			<b>570</b>
Оңтүстік Қазақстан				10		100	2580		20	<b>2710</b>
Астана қаласы		11	10		30	5	46	5	2	<b>109</b>
Алматы қаласы		30	19	5	15	8	51	19	3	<b>150</b>
<b>Жиыны</b>	<b>19</b>	<b>1065</b>	<b>851</b>	<b>45</b>	<b>782</b>	<b>906</b>	<b>11129</b>	<b>160</b>	<b>43</b>	<b>15000</b>

Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2006 ж., № 42. 456-құжат.

## № 136

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1508 Жарлығына  
3-қосымша

## Оралмандардың 2007 жылға арналған көшіп келу квотасы

(отбасы)

Облыстардың және қалалардың атауы	Иран Ислам Республикасы	Ауғанстан, Пәкістан	Қытай Халық Республикасы	Моңғолия	Түрік Республикасы	Ресей Федерациясы	Түркіменстан	Өзбекстан	Қырғыз Республикасы	ТМД-ның басқа елдері	Жиыны
Ақмола			60	50		200	5	630	10	5	<b>965</b>
Ақтөбе			5	5		30	40	740		5	<b>825</b>
Алматы			300	70	30	15	20	805	20		<b>1260</b>
Атырау						20		425		5	<b>450</b>
Шығыс Қазақстан			550	85		50	5	165	10	10	<b>875</b>
Жамбыл			15				50	845	50	20	<b>980</b>
Батыс Қазақстан			5			300	5	400	5	3	<b>718</b>
Қарағанды			50	100		30	10	800	15		<b>1005</b>
Қызылорда						10	20	550	20		<b>600</b>
Костанай				30		150		675		20	<b>875</b>
Маңғыстау	20					10	590	1200			<b>1820</b>
Павлодар				150		250		550			<b>950</b>
Солтүстік Қазақстан				100		350		425			<b>875</b>
Оңтүстік Қазақстан		10			10		100	2445		50	<b>2615</b>
Астана қаласы			10	5		25	5	25	5	2	<b>77</b>
Алматы қаласы			20	10	10	10	5	30	10	15	<b>110</b>
<b>Барлығы</b>	<b>20</b>	<b>10</b>	<b>1015</b>	<b>605</b>	<b>50</b>	<b>1450</b>	<b>855</b>	<b>10715</b>	<b>145</b>	<b>135</b>	<b>15000</b>

Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2004 ж., № 51. 674-құжат.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа  
О. Әбдікәрімовтің «Шет елдегі отандастарды қолдау және Әлем  
қазақтарының үшінші құрылтайын өткізу мәселесі туралы» хаты**

*Астана қ.*

*2005 жыл 30 мамыр*

Әлемнің 30-ға жуық елінде қоныс тапқан 5 миллиондай қандастарымыздың ұлт ретінде сақталуына, мәдени-рухани жағынан дамуына, білім алуына, салт-дәстүрін ұстануына және тарихи атажұртына оралуына қолдау мен қамқорлық жасауда Өзіңіз Төраға болып табылатын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы бірталай жұмыстар атқарып келеді.

Бұл ретте, 1992 жылғы 23-ші қыркүйекте Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қабылдаған «Шет елдегі қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы» № 791 қаулы және 1996 жылғы 31-ші желтоқсандағы «Шет елдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік Бағдарламасы туралы» № 3308 Сіздің Жарлығыңыз көптеген проблемалардың шешілуіне жол ашты.

Дегенмен, отандастарымыздың мұң-мақтаждарын мүмкіндігінше жан-жақты ескеруді көздеген бұл Бағдарлама мен Үкімет қаулысы бүгінгі күні толық орындалып жатыр және шет елдердегі қазақ диаспорасының талап-тілектерін толық қанағаттандыруда деуге келмейді.

Бұған бірнеше себептер бар сияқты.

Біріншіден, жаһандану жағдайында әлемде болып жатқан күрделі өзгерістер мен құбылыстар шет елдердегі отандастарымыздың алдына жаңа проблемалар қоюда, кей уақыттарда қазақ ұлтының өкілі ретіндегі олардың азаматтық құқықтарының шектелуіне әкеліп соғуда.

Екіншіден, орталық және жергілікті атқарушы органдар жоғарыда аталған Бағдарламаны толық әрі уақытылы жүзеге асыруда сылбырлық танытып келеді.

Үшіншіден, еліміздің жыл өткен сайын дүние жүзіне кеңінен танымал бола түсіп, экономикасының қарқынды даму деңгейіне көтерілуі шетелдердегі қазақ диаспорасына Қазақстанның оларға көрсетер көмегі жүйелі, нақтылы, ауқымды бола түсер деген ой салып, үміттерін ұлғайтуда.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Сіздің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты халыққа Жолдауыңызды жүзеге асыру мақсатында, үстіміздегі жылдың қыркүйегінде әлем қазақтарының кезекті құрылтайын өткізу жөніндегі ұсынысы да әзірше Үкімет тарапынан нақтылы қолдау таба қойған жоқ.

Осыларды ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметіне келесі мазмұнда тапсырмалар берген орынды деп ойлаймыз:

1. Әлем қазақтарының кезекті үшінші құрылтайын өткізудің күні белгіленіп, оны дайындау мен өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия тағайындалса;

2. Құрылтайға дайындық шеңберінде бұған дейін қабылданған бағдарлама, қаулы,



т.б. құжаттардың, әсіресе, 2-ші құрылтайда көтерілген проблемалардың орындалуы терең сарапталса және тиісті қорытындылар жасалса;

3. Еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуы бұрынғыдан әлдеқайда жоғары деңгейге көтеріліп, соған сәйкес дүниежүзі мемлекеттері қауымдастығында алар орны да салмақтана түсуіне орай, шет елдердегі отандастарды қолдаудың көп жылдық жаңа бағдарламасы жасалса;

4. Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығының мәртебесі әлемде және елімізде қалыптасып отырған жағдайларға сәйкес нақтыланса және оның материалдық-қаржылық мұқтаждықтарын шешу жолдары ойластырылса.

Қарауыңызды сұраймын.

**О. ӘБДІКӘРІМОВ**

Қарар: **Д. Ахметовке**

Қарап, ұсыныс енгізуіңізді сұраймын.

**Ә. Жақсыбековке**

**Н.Ә. Назарбаев (қолы)**

1 маусым 2005 ж.

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**№ 138**

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа  
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д. Ахметовтің хатынан**

*Астана қ.*

*2005 жыл 1 шілде*

**Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!**

Қазақтардың III Дүниежүзілік құрылтайын Астана қаласында ауқымды түрде өткізу туралы Сіздің тапсырмаңызға сәйкес, 2005 жылғы 28 маусымда Үкіметте мәжіліс өткізілді. Мәжілісте, үстіміздегі жылғы қыркүйектің 28–30 күндеріне жоспарланып отырған Құрылтайды дайындауға және өткізуге қатысты мәселелер жан-жақты талқыланып, тиісті министрліктер мен облыс әкімдеріне нақты тапсырмалар берілді.

Қазіргі таңда әзірленіп жатқан «Қазақтардың III Дүниежүзілік құрылтайын дайындау және өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасында республикалық комиссия құру туралы, және оның іс-шаралар жоспарында салтанатты, пленарлық және секциялық мәжілістер өткізу, «Этно-Ауыл» кешенін, отандастардың «Атамекен» аллеясын жасау, шетелдердегі қазақ ақындарының мүшәйрасын, көрмесін, шетелдерде тұратын қазақ жастарының өнер және спорт фестивалін ұйымдастыру, «III Құрылтай» деректі фильмін түсіру сияқты бірқатар шаралар белгіленген. Құрылтайға шетелдерден 300 адам, республиканың облыстарынан 200 адам шақыру көзделіп отыр. [...]

Сондай-ақ, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі әзірлеп, тиісті министрліктермен келісуден өткен «Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» жобасына, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі тарапынан жасалған ұсыныстар мен түзетулер енгізілу үстінде. [...]

Ал, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қоғамдық ұйым болғандығынан мемлекет тарапынан қаржыландырылуына еліміздің заңнамалары мүмкіндік бермейді. [...]

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Д. АХМЕТОВ**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**№ 139**

**Из письма Руководителя Канцелярии Премьер-Министра Республики Казахстан А. Тлеубердина Руководителю Администрации Президента Республики Казахстан Джаксыбекову А.Р. о выполнении квоты иммиграции**

*г. Астана*

*6 июля 2005 г.*

**Уважаемый Адильбек Рыскельдинович!**

[...] По данным за первое полугодие, в квоту иммиграции оралманов включены 13739 семей.

Количество включенных в квоту, в разрезе государств, выглядит следующим образом:

Страна выбытия	Установленная квота (семей)	Выполнение	%
Китай	1015	1013	99,8
Кыргызстан	145	108	74,5
Монголия	605	589	97,3
Россия	1450	816	56,3
Туркменистан	695	621	89,3
Узбекистан	10885	10545	96,8
Турция	50	–	0
Иран	20	–	0
Др. страны СНГ	135	47	34,8
<b>ИТОГО:</b>	<b>15000</b>	<b>13739</b>	<b>91,6</b>

Необходимо отметить, что по семьям оралманов Турецкой Республики и Исламской Республики Иран, уже оформлены все необходимые документы в Министер-

стве иностранных дел и приезд их состоится в июле и августе месяцах текущего года соответственно.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О миграции населения» от 13 декабря 1997 года, включенным в квоту иммиграции оралманам, выплачиваются единовременные пособия и средства на приобретение жилья, а также возмещаются транспортные расходы.

На эти цели, в первом полугодии по плану финансирования предусмотрено более 1,2 млрд. тенге, фактически освоено 915 млн. тенге или 74,8%. На приобретение жилья оралманам по плану финансирования предусмотрено более 4,5 млрд. тенге, фактически освоено 4,2 млрд. тенге, что составляет 92%.

Местными исполнительными органами проводится работа по трудоустройству оралманов, выделению земельных участков для индивидуального жилищного строительства, оказанию государственной адресной социальной помощи.

[...] органами социальной защиты населения переоформляются пенсионные документы оралманам, достигшим пенсионного возраста, проводится работа по назначению специальных государственных пособий.

Органами миграционной полиции продолжается работа по регистрации оралманов по постоянному месту жительства и оформлению документов на принятие гражданства Республики Казахстан.

[...] Сообщается в порядке информации.

**А. ТЛЕУБЕРДИН**

*Текущий архив Администрации Президента РК*

**№ 140**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 тамыздағы № 797  
«Қазақтардың III Дүниежүзілік құрылтайын дайындау және өткізу туралы»  
Қаулысы**

*Астана қ.*

*2005 жыл 1 тамыз*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақтардың III Дүниежүзілік құрылтайы (бұдан әрі – Құрылтай) 2005 жылғы 28-30 қыркүйекте Астана қаласында өткізілсін.

2. Қосымшаға сәйкес құрамда Құрылтайды дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.\*

3. Қоса беріліп отырған Құрылтайды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Құрылтай делегаттарына қажетті келу-кету құжаттарын консулдық алымдарсыз белгіленген тәртіппен рәсімдесін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Құрылтайға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге жәрдем берсін.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, Құрылтайға қатысушылардың тұратын жерінде және осы іс-шараны өткізу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.\*\*

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Д. АХМЕТОВ**

---

\* Комиссияның құрамы берілмейді

\*\* «Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2005 ж., № 32. 428-құжат» жинағында толық шыққан

## № 141

### **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзі қазақтарының үшінші Құрылтайында сөйлеген сөзінен**

*Астана қ.*

*2005 жыл 29 қыркүйек*

[...] Қазақстан Республикасы шетелдегі қандастарымызды отанға оралтудың кешенді бағдарламасын жасап, жүзеге асырып келеді. Тәуелсіздік жылдарында, яғни 1991 жылдан биылғы шілдеге дейін елімізге барлығы 110 мың 591 оралмандар отбасы қоныс аударды. Сөйтіп, еліміздегі қазақтардың саны алты жүз мыңға жуық адамға көбейді. Соңғы кезде көші-қон квотасының жыл сайынғы мөлшерін 15 мың отбасына жеткізіп, оған қажетті қаржыны мемлекеттік бюджеттен толық бөліп отырмыз. Осы қаржының тиімді пайдалануын қадағалау қажет. Бұл туралы менің Жарлығымда бірінші кезекте қолдау атажұртқа қоныс аударуға жағдайлары келмейтін отбасыларға көрсетілуі керек делінген.

[...] Біз қолдан келгенше Қазақстанға өз күшімен қоныс аударатындардың қатарын қалыңдатуға күш салуымыз керек. Мұның бір жолы – еліміздің азаматтығын алуды жеңілдету. Өз бетімен, өз қаржысына келген азаматтарға заңдық-құқықтық жағынан қажетті жеңілдіктер жасау, қолдау көрсету мәселелерін тиісті орындар шешуі қажет. Бүкіл халық болып көшіп келіп жатқан ағайындарға көмектесу – әрбір қазақтың парызына айналуы тиіс. Оңтүстік Қазақстан облыс әкімінің шешімімен квотадан тыс келген оралмандарға жергілікті бюджет қаражатының есебінен жер учаскелері бөлінетінін немесе құрылысқа көмек көрсетілетінін білеміз. Бұл бастаманы әр жерлерде қолдаған жөн. Жалпы, әкімдер жұмысының бір өлшемі – өзі басқаратын өңірдегі адамдар санының өсуі, соның ішінде оралмандар есебінен де өсуі болуға тиіс. Израиль, Германия сияқты өз қандастарын тарихи отанына шақырып жатқан мемлекеттердің бұл орайдағы тәжірбиесіне зейін қою жөн.

Қандастарымызға қаратып айтар жайдың тағы бірі мынау. Тарихи отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маған не береді» деп емес, «Мен

Қазақстанға не беремін?» деп ойланғаны да дұрыс болар еді. Түркістанда өткен Құрылтайда шетелдегі іскер азаматтарымыздың Қазақстанға келіп, ортақ шаруаға араласып жатқандары аздау екенін айтқан болатынмын. Шүкіршілік, қазір бұл істе де ілгерілеушілік бар екен. Сондықтан барлық облыстардағы әкімдер оралман-кәсіпкерлерге барынша жағдай туғызып, көмек қолын созуға тиіс.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдердің ішінде қандастарын тарихи отанына оралтумен айналысып, қомақты мемлекет қаржысын жұмсап отырған ел – Қазақстан, ал дүние жүзінде – үш елдің біреуі. Отандастарын ұшақпен тасып жеткізуге мүмкіндік тауып жүрген әлемдегі жалғыз ел де Қазақстан болар, тегі. Мұның бәрінің қадір-қасиетін білген жөн. Қазақстан бұл қадамды, ең алдымен, алыстағы ағайынға қамқорлық ретінде жасайтынын ұмытпаған жөн. Тарихи отанына оралуын қазақ елінің қамқорлығындай көрмейтін, қайта осында келіп Қазақстанға жасаған жақсылығындай міндет ететін, тұла бойы тек талаптан тұратын, елім дегенде ет бауырын елжіретудің орнына өкпесін ала жүгіріп, қит етсе өкшесін көрсетуге дайын ағайындардың аз болса да арамызда бар екендігін де айта кеткен жөн. Сондай-ақ еліміздің тұрмысқа қолайлы саналатын оңтүстік өңірлерін айналшықтай берушілік, қалайда өз ағайындары тұратын ауылдан үй-жай берілмесе оралманның азаматтық құқы тапталып жатқандай санаушылық та бой көрсетіп қалып жүр. Мұндай ағайынға айтарым: Қазақстанға жетіп, орналасып, қатарға ілігіп алған соң, әркім-ақ елімен бірге өз күнін көріп кетуі керек.

Мемлекеттің міндеті – адамдардың еңбек етіп, өмір сүруінің тиісті заңдық тетіктерін жасау, конституциялық құқықтарына кепілдік беру.

Тағы бір ерекше назар аударатын мәселе: әлемдегі әрбір үшінші қазақ шетелдерде тұрады. Сондықтан олардың бәрін бір мезгілде туған Отанына көшіруге мүмкіндік жоқ екенін ашық айтуға тиіспін. Мен бір миллионнан астам қазақ тұратын Қытай Халық Республикасы, Ресей мен Өзбекстан басшыларымен мәңгілік достық туралы халықаралық келісімге қол қойдым және әрбір сапарымда осы елдердің басшыларына сіздердің мәселелеріңізді үнемі тапсырып, оның орындалуын міндетті түрде қадағалап отырамын. Сондықтан да Ресей, Қытай, Өзбекстан, Моңғолия басшыларының қазақ бауырларымызға көрсетіп отырған қамқорлықтары үшін ризашылығымды білдіремін. Және бұл екі ел арасындағы достастықтың белгісі деп білеміз. Бұл елдерде тұратын қазақтардың құқығы ешқашан бұзылған емес және тәуелсіз Қазақстан тұрғанда бұзылмайды да. Сондықтан шет елдерде жайлы қоныс, сыйлы кәсіп пен қадір-құрмет көріп отырған қандастарыма екі ел арасын жалғастыратын алтын көпір ретінде жылы орындарымызды суытпаймыз деген ағайынның да Қазақстанға тигізер пайдасы мол дер едім. Ал, сіздердің балаларыңыздың атамекенге келіп, білім алып, туған Қазақстанды бірге түлетуіне барлық жағдай жасалған.

Қазіргі кезде шетелдегі қазақтармен байланыс жасайтын еліміздегі ең басты ұйым – Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. Осы орайда Қауымдастық ұйымдастарған түрлі бас қосулар, конференциялар «дөңгелек үстел» мәжілістері, өнер ұжымдарының сапарлары, әр түрлі көрмелер, әсіресе, бірнеше елде өткізілген кіші құрылтайлар арқылы шеттегі ағайындар Қазақстанның қанатты қамқорлығын талай рет сезіне алады. Мысалы, Германияның Кельн, Берлин, Швецияның Вестерос, Түркияның Стамбул қалаларында, Ресейдің Алтай Республикасындағы Қосағаш ау-

данында өткізілген кіші құрылтайлардың бәрінен де үнемі хабардар болып, Елбасы ретінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы ретінде құттықтау жолдап отырдым. Алдағы кезде Қауымдастықтың мәртебесі, әсіресе, оның қаржыландыру тетіктері туралы да ойласатын жайлар жеткілікті. Үкіметке осы мәселені жан-жақты карап, нақты шешім қабылдау жөнінде ұсыныс дайындауды тапсырамын. Үкімет сондай-ақ, Көші-қон комитетінің мәртебесіне қатысты да мәселелерді ойластырғаны жөн. Бұл комитеттің қызмет аясын кеңейте түсу керек. [...]

Кейінгі жылдарда туған жерімізде қолға алынған тағы бір іргелі іс жайында сіздерге разылықпен айтқым келеді. Ол – мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы.

Мұндай бағдарлама әлемнің ең дамыған елдерінде де сирек кездеседі. Аса ауқымды бағдарлама шеңберінде Ресей, Қытай, Моңғолия, Иран, Түркия және араб елдері мұрағаттарындағы қазақ тарихына қатысты деректер жинастырылып, алды жариялана бастады. Енді осы елдерде тұратын қандастарымыздың аса бай әдеби, фольклорлық және музыкалық мұрасы да зерттеліп, жарық көруге тиіс.

[...] Бүкіл дүниеде біздің бір ғана отанымыз бар – ол тәуелсіз Қазақстан!

**Тәуелсіз Қазақстан жасасын!**

**Астананың абыройы, Ақорданың айбыны арта берсін!**

**Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық, ардақты ағайын!**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

## № 142

### **Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы № 1673 «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы**

*Астана, Ақорда*

*2005 жыл 21 қараша*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін\*.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

[...] 5. «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы № 3308 Жарлығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 53, 508-бет).

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

\* Бағдарлама толық шықты:

*Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 40, 557-құжат.*

**№ 143**

**Из Указа Президента Республики Казахстан от 21 ноября 2005 года  
№ 1673 «О Государственной программе поддержки соотечественников,  
проживающих за рубежом, на 2005-2007 годы»**

*Астана, Акорда*

*21 ноября 2005 г.*

В соответствии с подпунктом 8) статьи 44 Конституции Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Утвердить прилагаемую Государственную программу поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, на 2005-2007 годы (далее – Программа).\*

2. Правительству Республики Казахстан в месячный срок разработать и утвердить план мероприятий по реализации Программы.

3. Центральным и местным исполнительным органам, а также государственным органам, непосредственно подчиненным и подотчетным Президенту Республики Казахстан, принять меры по реализации Программы.

4. Министерству культуры, информации и спорта Республики Казахстан два раза в год [...] предоставлять в Администрацию Президента и Правительство Республики Казахстан информацию о ходе реализации Программы.

5. Признать утратившим силу Указ Президента Республики Казахстан от 31 декабря 1996 года № 3308 «О Государственной программе поддержки соотечественников, проживающих за рубежом» (САПП Республики Казахстан, 1996 г., № 53, ст. 508).

6. Контроль за исполнением настоящего Указа возложить на Администрацию Президента Республики Казахстан.

7. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

**Президент  
Республики Казахстан  
Н. НАЗАРБАЕВ**

\* Программа опубликована:

*САПП Республики Казахстан, 2005. № 40. Ст. 557.*

№ 144

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы № 15  
«Көшіп-келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрақты тұратын жеріне  
бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу,  
келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы  
жәрдемақылар төлеу ережесін бекіту туралы» қаулысынан**

*Астана, Үкімет Үйі*

*2006 жыл 6 қаңтар*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Көшіп-келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу ережесі бекітілсін.\*

[...] 3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Д. АХМЕТОВ**

---

\* Ереже толық шықты:

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2006 жс., № 2. 11-құжат.*



№ 145

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы  
№ 24 «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға  
арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар  
жоспарын бекіту туралы» қаулысы**

Астана, Үкімет Үйі

2006 жыл 6 қаңтар

«Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы № 1673 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін\*.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне жыл сайын, 15 маусымнан және 15 желтоқсаннан кешіктірмей Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі жыл сайын, 25 маусымнан және 25 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Д. АХМЕТОВ**

---

\*Жоспар толық шықты:

Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2006 ж., № 4. 25-құжат.

№ 146

**Постановление Правительства Республики Казахстан от 6 января 2006 года  
№ 24 «Об утверждении Плана мероприятий по реализации Государственной  
программы поддержки соотечественников, проживающих  
за рубежом, на 2005-2007 годы»**

*Астана, Үкімет Үйі*

*6 января 2006 г.*

В целях реализации Указа Президента Республики Казахстан от 21 ноября 2005 года № 1673 «О Государственной программе поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, на 2005-2007 годы» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Утвердить прилагаемый План мероприятий по реализации Государственной программы поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, на 2005-2007 годы» (далее – План).\*

2. Центральным исполнительным органам, иным государственным органам и организациям (по согласованию) обеспечить реализацию мероприятий, предусмотренных Планом, и представлять в Министерство культуры, информации и спорта Республики Казахстан ежегодно, не позднее 15 июня и 15 декабря, информацию о выполнении мероприятий Плана.

3. Министерству культуры, информации и спорта Республики Казахстан обеспечить представление в Правительство Республики Казахстан ежегодно, не позднее 25 июня и 25 декабря, сводной информации о выполнении мероприятий Плана.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан  
Д. АХМЕТОВ**

*Текущий архив МИД РК. Заверенный экз.*

---

\* План опубликован: САПП Республики Казахстан. 2006. № 4. Ст. 25.

## № 147

**Из письма И.о. Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан  
А. Есимова И.о. Руководителя Администрации Президента Республики  
Казахстан Джаксыбекову А.Р. по исполнению квоты иммиграции**

г. Астана

16 января 2006 г.

**Уважаемый Адильбек Рыскельдинович!**

[...] В целом за 2005 год в Казахстан из стран дальнего и ближнего зарубежья переселились 28239 семей (115146 человек) этнических казахов.

Анализ показывает, что квота иммиграции оралманов на 2005 год выполнена полностью по Жамбылской, Павлодарской, Атырауской, Карагандинской областям и городу Астане, в целом же, по республике исполнение составило 97%.

№ п/п	Наименование области, города	Установленная квота (семей)	Включены в квоту		% выполнения
			семей	человек	
1	Акмолинская	965	857	4720	88,8
2	Актюбинская	825	820	4674	99,3
3	Алматинская	1260	1257	9072	99,7
4	Атырауская	450	450	3193	100
5	В-Казахстанская	875	848	4687	96,9
6	Жамбылская	980	980	6923	100
7	З-Казахстанская	718	624	3052	86,9
8	Карагандинская	1005	1005	6217	100
9	Кызылординская	600	574	3711	95,6
10	Костанайская	875	850	3754	97,1
11	Мангистауская	1625	1622	8979	99,8
12	Павлодарская	950	950	4466	100
13	С-Казахстанская	975	818	5111	83,8
14	Ю-Казахстанская	2710	2685	15459	99,0
15	г. Астана	77	77	498	100
16	г. Алматы	110	96	527	87,2
	<b>Итого</b>	<b>15 000</b>	<b>14 513</b>	<b>85 043</b>	<b>97</b>

[...] полностью выплачены единовременные пособия и средства на приобретение жилья. При этом, по подпрограмме «Переселение и социальная защита оралманов», из средств, предусмотренных на выплату единовременных пособий и возмещение транспортных расходов (проезд и провоз имущества), фактически, использованы 1745891,1 тыс. тенге или 80,6%, что обусловлено отсутствием проездных документов у прибывших оралманов.

В целях обеспечения полного освоения финансовых средств постановлением

Правительства Республики Казахстан № 15 от 6 января 2006 года, утверждены новые Правила возмещения расходов по проезду к постоянному месту жительства и провозу имущества (в том числе скота), выделения средств для приобретения жилья по месту прибытия и выплаты единовременного пособия оралманам, прибывшим по квоте иммиграции, позволяющие производить указанные выплаты без предоставления подтверждающих документов.

Освоение средств республиканского бюджета, выделенных на обеспечение жильем оралманов, составило 99,7%, при исполнении квоты на 97%. Данное несоответствие обусловлено тем, что коэффициент семейности у переселенцев из Узбекистана, Туркменистана и Монголии при плановом расчете 5,49, фактически составил 5,9 человек, т.е. количество членов семьи, имеющих право на получение денежных средств для приобретения жилья в размере 100-кратного месячного расчетного показателя, превысило запланированное.

[...] В 2005 году трудоустроены 35030 оралманов, оформлены пособия по потере кормильца 147 и спецпособия 723 человекам, единовременные пособия 609 малообеспеченным семьям, определено пенсионное обеспечение 4190 оралманам.

[...] отмечено ежегодное увеличение претендентов на получение квоты иммиграции оралманов из Республики Узбекистан, Монголии и Китайской Народной Республики. Вместе с тем, наблюдается неполное выполнение квоты иммиграции оралманов за счет несвоевременного прибытия этнических казахов, проживающих в странах СНГ и Российской Федерации.

Страна выбытия	Установленная квота (семей)	Выполнение	% выполнения
Иран	20	17	85
Узбекистан	10885	10889	100
Россия	1450	1077	74
Китай	1015	1015	100
Монголия	605	605	100
Туркменистан	695	660	95
Киргизия	145	132	91
Турция	50	47	94
Др. страны СНГ	135	71	53
<b>ИТОГО:</b>	<b>15000</b>	<b>14513</b>	<b>97</b>

[...]

**И.о. заместителя Премьер-Министра  
Республики Казахстан  
А. ЕСИМОВ**

*Текущий архив Администрации Президента РК*

№ 148

**Из Протокола  
совещания с участием Государственного секретаря Республики Казахстан**

г. Астана

от 21 февраля 2006 г.

Председательствовал Абдыкаримов О.  
Присутствовали (по списку)

**Повестка дня:**

**О ходе выполнения плана мероприятий по исполнению поручений  
Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А., данных на III Всемирном курултае казахов в г. Астане 29 сентября 2005 года, и постановления Правительства Республики Казахстан от 6 января 2006 года № 24 «Об утверждении плана мероприятий по реализации Государственной программы поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, на 2005-2007 годы**

---

(Абдыкаримов, Ергысбаев, Карагусова, Утеулина, Абдиев, Мамашев)

1. Принять к сведению информацию первого заместителя председателя президиума Всемирной ассоциации казахов Мамашева Т. об итогах III Всемирного курултая казахов, прошедшего в г. Астане 29 сентября 2005 года, и предложения представителей казахской диаспоры, проживающих за рубежом.

2. Принять к сведению информацию руководителей министерств, ответственных за реализацию внесенных предложений, о выполнении плана мероприятий по исполнению поручений Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. [...]

[...] 4. Министерству экономики и бюджетного планирования в месячный срок внести предложение в Администрацию Президента Республики Казахстан по вопросу финансирования Всемирной ассоциации казахов.

5. Акиму города Астаны в месячный срок внести предложение в Администрацию Президента Республики Казахстан о выделении помещения для представительства Всемирной ассоциации казахов.

6. Министерству образования и науки провести встречу [...] с руководителями высших учебных заведений, в которых учатся представители молодежи из числа казахской диаспоры и оралманов.

[...] 8. Контроль за исполнением настоящего протокола возложить на Социально-политический отдел Администрации Президента Республики Казахстан.

**Государственный секретарь  
Республики Казахстан  
О. АБДЫКАРИМОВ**

*Текущий архив Администрации Президента РК*

## Еуропа қазақтарының Париждегі кіші Құрылтайы

2006 жылғы 4-7 маусымның күндерінде Парижде Еуропа қазақтарының кіші Құрылтайы өтті. Еуропаның түкпір-түкпірінен 1500 қандастарымыз жиналған еді. Бірер күн бұрын Еуропадағы қазақ мәдени орталықтары жетекшілері бас қосып, Еуропа қазақтары мәдени орталықтарын Үйлестіру кеңесінің төрағасы Әбдірахман Шетинді өз өтініші бойынша, денсаулығына байланысты, оны бұл міндетінен босатыпты, орнына іскер азамат Мехмет Зенгиннің сайланғанын хабарлады.

Еуропа қазақтарының кіші Құрылтайын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқа төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев ашты. Ол Елбасының жолдаған құттықтау хатын оқып берді. Онда былай делінген: «Әлемнің әсем қалаларының бірі – Парижде, Еуропада тұратын қандастарымыздың кезекті бас қосуына қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын. Туған топырақтан шалғайда жүрген бауырларымызды атажұртпен байланыстырудың дәнекері ретінде осындай кіші Құрылтайлар өткізу үрдісі соңғы жылдары әдемі дәстүрге айналып, әлемдегі барша қазақтар тарапынан кеңінен қолдау табауда».

«Бүгінгі Құрылтай – Франция елінде бірінші рет өткізіліп отыр. Ең әуелі біздің бауырларымыздың оқып, өмір сүрулеріне мүмкіншілік жасап отырған Француз Үкіметі мен оның халқына шын жүректен алғыс айтқым келеді. Осы орайда айта кететін жағдай – екі ел Президенттерінің арасындағы достық қарым-қатынас жоғары деңгейге жетіп, парламенттік ынтымақтастық нығаюда. Қазақстан Республикасының Президенті әрқашан шетелде тұратын отандастарымызға айрықша көңіл бөліп келеді», – деді өз сөзінде елші Аманжол Жанкүлиев мырза.

Бұл Құрылтайға Франциядағы Түрік елшілігінің өкілі де құттықтап сөз сөйледі.

Кіші Құрылтай аясында халықтық шығармашылық фестивалінің сурет және колөнер көрмесі ашылды. Оған 120-дан астам ұлттық колөнер туындылары қойылып, суретші Сейфолла Рыстан мен кестеші Сәулет Тұрсынханқызы онда қойылған экспонаттармен таныстырды.

Еуропа елдеріндегі мәдени орталықтардың басшыларымен дөңгелек үстел мәжілісі өтті. Мәжілісті Талғат Асылұлы Мамашев жүргізді. Сауытбек Әбдірахманов: «Тіл туралы үлкен қозғалыс бар. Алғаш рет Президенттің Жарлығы шықты. 2009 жылы Қазақстанда барлығы мемлекеттік тілге көшіп бітеді. Сіздер кириллицаны үйреніп алуларыңыз керек. 2 алфавитпен өмір сүретін ел жоқ. Латын алфавитіне бірте-бірте көшетін болуы мүмкін».

Ұлыбритания қазақ мәдени орталығының төрағасы Исмайл Кесижи былай деді: «әр сенбі күндері елшілікте балаларымызға қазақ тілінен дәріс беріп жатырмыз. Ұлыбританияға «Болашақ» бағдарламасымен келіп оқып жатқан жастарымыз қазақ тілін білмейді. Келешекте осы мәселені ескеру керек деп ойлаймыз. Біз 24 сағат түрік тілінде телебағдарлама көреміз. «Caspionet» орыс тіліндегі хабарды көп береді, енді қазақ тіліне сағат көбірек бөлінсе деп тілейміз. Соңғы кездері Еуропа жоғары білім алып жатқан қазақ жастарын Қазақстанда жұмыс орнын ашқан

шетелдік компанияларға жұмысқа тартса деген тілегім бар. Бұрын қазақ екенімізді анықтайтын «Куәлік» берілетін еді, ол жоқ болыпты. Соны қайта жаңғыртса. Көші-қон мәселесін де қолға алу керек», – деп түйді сөзін.

Париждің іргесіндегі Бобини қалашығының спорт паркінде өткен Еуропа қазақтарының футбол жарысына 10 команда қатынасты.

Бірінші орынды Ресеп Дағделен мен Абдулжалел Туркен бастаған Paris-1, екінші орынды Рамазан Өзтүрк пен Хусейн Гунеш бастаған Paris-2, ал 3-орынды Халил Гулен мен Зафер Алтай бастаған швециялықтар иеленді. Біздің жас жеткіншектеріміздің әлем спорты атанған аяқ добын ешкімнен кем ойнамайтындығының куәсі болдық. Ең үздік ойыншылар – Юнус Батган, Өзкан Ялшын және Зафер Сабаштар болды. Осы жеткіншектеріміз атамекенге келіп ұлттық командада ойнаса қандай жақсы болар еді деген ойға қалдық. Шетте жүрген қандастарымыздың рухани биікте жүргендеріне қуандық та. Сондай-ақ Францияда тұратын кішкентай бүлдіршіндердің би өнерін көріп тамашаладық.

Дүниенің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылған әлем қазақтары қай елде болмасын жылына бір мәрте бастары қосылып тұрса, олардың мерейі үстем, рухы басым болары сөзсіз.

*Толық шыққан: Туған тіл. № 1. 2006. 11–16 бб.*

## № 150

### **Қырғызстанның Ыстықкөл облысы қазақтарының Бірінші құрылтайына қатысушы делегаттардың Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа арнаған Ашық хаты**

*Қарақол қ.*

*2006 жыл 23 маусым\**

### **Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!**

Ыстықкөл облысы қазақтарының Бірінші құрылтайына қатысушылар Сізден Қазақстан Республикасы Конституциясының кепілі ретінде 500 отбасы этникалық қазақтардың тарихи отанға оралуына көмек көрсетуіңізді сұрайды.

Қырғызстандағы саяси және экономикалық тұрақсыздықтың салдарынан көптеген қазақ отбасылары қиындықтарға душар болуда. Қырғызстанның жоғары оқу орындарында білім алған біздің жастарымыз қоғамға қажетсіз болып қалды. Қырғызстандағы жұмыссыздықтың деңгейі ұдайы өсуде. ҚР Көші-қон және еңбек жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мәліметінше, Қырғызстандағы бір жұмыс орнына 20 адам үміткер болып отыр. Қалыптасып отырған жағдайда біздің жастарымызға өздерінің шығармашылық жасампаздығының әлеуетін іске асыру қиын болуда.

Біз өздеріміздің тарихи отанымызға қайта оралып, өздеріміздің отбасыларымыздың қажеттігі үшін ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның жалпы игілігі мен гүлденуі үшін қажырлы еңбек етуді қалаймыз.

Сізден Ыстықкөл облысының оралмандары жинақы тұруы үшін – Көкшетау

қаласының жанынан ауыл салуға арнап 2000 гектардай жер бөлуге жәрдем беруіңізді сұраймыз. Әрине, бізге бөлінетін жер ірі көлік-коммуникация жолдарына жақын болуын қалар едік.

Біздің мәселемізді оң шешеді деп үміттенеміз.

*ҚР Сыртқы істер министрлігінің ағымдағы мұрағаты*

---

\* құрылтай өткен күн

## № 151

### **Открытое письмо участников Первого Курултая казахов Иссык-Кульской области Кыргызстана Президенту Республики Казахстан Назарбаеву Н.А.**

*г. Каракол*

*[23 июня 2006 г.]\**

Уважаемый Нурсултан Абишевич!

Участники Первого Курултая казахов Иссык-Кульской области просят Вас как гаранта Конституции РК о содействии в переселении около 500 семей этнических казахов на историческую родину.

По причине политической и экономической нестабильности в Кыргызстане многие казахские семьи испытывают затруднения. Наша молодежь, получившая образование в вузах Кыргызстана, оказалась невостребованной. Уровень безработицы в Кыргызстане постоянно растет. По данным Государственного комитета по миграции и труду, на каждое рабочее место в Кыргызстане претендуют 20 человек. В сложившихся условиях, нашей молодежи трудно реализовать свой творческий созидательный потенциал.

Мы желаем обрести свою историческую родину и трудиться, не покладая рук, не только для удовлетворения нужд собственных семей, но и для общего блага и процветания Казахстана.

Просим Вас выделить землю, площадью около 2000 га, под городом Кокшетау для строительства городка, в котором могли бы компактно проживать переселенцы с Иссык-Куля<sup>1</sup>. Желательно, чтобы выделенная территория находилась вблизи к крупным транспортным коммуникациям.

Надеемся на положительное решение нашего вопроса.

*Текущий архив МИД РК*

---

\* по дате курултая



## № 152

**Из письма Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан  
К. Масимова Руководителю Администрации Президента Республики  
Казахстан Джаксыбекову А.Р. о выполнении квоты иммиграции**

г. Астана

7 июля 2006 г.

**Уважаемый Адильбек Рыскельдинович!**

[...] По данным за первое полугодие, в квоту иммиграции оралманов включены 12805 семей.

Количество включенных в квоту, в разрезе областей, выглядит следующим образом:

№ п/п	Наименование области, города	Установленная квота (семей)	Включены в квоту		Средний коэффициент семейности
			семей	человек	
1	Акмолинская	965	778	4566	5,8
2	Актюбинская	825	723	3978	5,5
3	Алматинская	1400	1350	7020	5,2
4	Атырауская	500	416	2130	5,1
5	В-Казахстанская	875	828	4876	5,8
6	Жамбылская	977	967	5800	5,9
7	З-Казахстанская	718	405	2468	6,0
8	Карагандинская	805	797	4732	5,9
9	Кызылординская	600	499	2966	5,9
10	Костанайская	875	621	2847	4,5
11	Мангистауская	1775	1746	9428	5,3
12	Павлодарская	700	538	2829	5,2
13	С-Казахстанская	1025	401	1827	4,5
14	Ю-Казахстанская	2710	2539	14620	5,7
15	г. Астана	100	87	442	5,0
16	г. Алматы	150	110	583	5,3
	<b>Итого</b>	<b>15 000</b>	<b>12 805</b>	<b>71 112</b>	<b>5,5</b>

[...] По плану финансирования первого полугодия 2006 года предусмотрено 1459740,0 тыс. тенге на выплату единовременных пособий, возмещения транспортных расходов (проезд и провоз имущества), фактически освоено 91,2 % или 1331534,0 тыс. тенге, на приобретение жилья оралманам предусмотрено 4490699,0 тыс. тенге, фактически освоено 98,6 % или 4428976,6 тыс. тенге. [...]

[...] полагали бы целесообразным, внести изменение в Указ Президента Республики Казахстан «О квоте иммиграции оралманов на 2005-2007 годы», в рамках утвержденной квоты (15000 семей), предусматривающее уменьшение квоты для иммигрантов из Российской Федерации и стран СНГ, и, соответственно, увеличения квоты для оралманов из Республики Узбекистан, Монголии и Китайской Народной Республики. [...]

**К. МАСИМОВ**

*Текущий архив Администрации Президента РК*

**Из записки Руководителю Администрации Президента Республики Казахстан Джаксыбекову А.Р. «О реализации пунктов 3, 4 и 9 Плана мероприятий по исполнению поручений Президента Республики Казахстан Назарбаева Н. А., данных на III Всемирном курултае казахов в г. Астане 29 сентября 2005 года»**

г. Астана

28 июля 2006 г.

пункт 3. *Рассмотреть вопрос об увеличении квоты для представителей казахской диаспоры, поступающих в высшие учебные заведения Республики Казахстан и на подготовительные отделения вузов.*

По информации Министерства образования и науки Республики Казахстан в 2006/2007 учебном году [...] объем государственного образовательного заказа для обучения представителей казахской диаспоры и оралманов на подготовительных отделениях вузов увеличен на 100 единиц.

В целом, за последние три года потребность в получении высшего образования по государственным образовательным грантам представителями казахской диаспоры удовлетворяется на 58%, тогда как потребность казахстанских граждан – лишь на 27%.

Кроме того, планируется увеличение общего объема государственного образовательного заказа на подготовку специалистов с высшим профессиональным образованием на 2007/2008 учебный год, что приведет к пропорциональному увеличению приема по соответствующей квоте.

Учитывая изложенное, а также принцип конкурсного отбора в вузы, Министерство считает нецелесообразным увеличение квоты приема для представителей казахской диаспоры, поступающих в вузы.

Принимая во внимание изложенное, полагаали бы возможным поддержать позицию Министерства образования и науки по данному вопросу [...].

пункт 4. *Внести предложения по организации в республике социально-экономических, информационных, образовательных, культурно-спортивных мероприятий в целях привлечения молодых представителей казахской диаспоры в Казахстан.*

Министерство иностранных дел предлагает:

организовать стажировку в казахстанских предприятиях и фирмах представителей казахской диаспоры, работающих в иностранных фирмах;

проведение ряда культурно-спортивных мероприятий с участием представителей казахской диаспоры, таких как, развитие Интернет-связи, применение инновационных подходов к изучению казахского языка, организация различных конкурсов для культурного обмена и т.д.

Полагаали бы возможным поддержать указанные предложения внешнеполитического ведомства и поручить ему принять меры по их реализации.

пункт 9. *Внести предложения о статусе Всемирной Ассоциации казахов [...]*

1. Министерство труда и социальной защиты населения [...] предлагает финансирование деятельности Ассоциации осуществлять через выполнение государственного социального заказа. [...]

Вносится в порядке обеспечения контроля за исполнением.

**Ю. ЧЕРКАСОВ**

Резолюция: *Согласиться.*

**Айтимовой Б.С.**

**Токаеву К.К.**

**Тлеубердину А.А.**

**А. Джаксыбеков (подпись)**

31 июля 2006 г.

№ 1463

*Текущий архив Администрации Президента РК*

**№ 154**

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевқа  
Германиядағы Қазақ мәдени қоғамының хаты**

*München\**

*2007 жыл 2 наурыз*

**Аса қадірлі Президент мырза!**

Бүгінгі күні Германия мемлекетінің Кельн, Мюнхен, Берлин және Гамбург қалаларында қазақ диаспорасының өкілдері өмір сүріп жатыр. Қазақ балалары неміс ортасында туып-өсіп, мектеп қабырғасында неміс тілінде білім алууда. Бізді толғандыратыны неміс мәдениетін бойына сіңіріп өсіп келе жатқан келер ұрпақтың қазақ тілін менгеру мәселесі.

Германиядағы Қазақстан Республикасының елшісі құрметті Қайрат Сарыбай, кеңесші Темірлан Шоқытбаев, Генералконсул Анарбек Қарашев мырзалар тарапынан мәдени іс-шаралар өткізіліп тұрады. Дегенмен де ел тарихын, Қазақстанға қатысты ақпараттарды жастардың өз бетімен оқып білуі үшін алфавиттың ерекшілігі мен ана тілін білмегендіктен бүгінде қазақ жастары санасының улануына әкелуде.

Қымбатты Нұрсұлтан Әбішұлы! Осыған байланысты, Сізге екі өтінішіміз бар. Бірінші, жас ұрпақтың ел тарихын, салт-дәстүрін және ана тілін үйреуіне мәдени орталықтың қажеттігі. Екіншіден, көптеген Бавариялық жастар Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуға тілек білдіруде. Бірақ, қазақ тілін білмегендіктен біраз қорқыныштары бар. Жоғары оқу орындарында бір жылдық дайындық курстары ашылса, тіл мәселесін шешуге болар еді.

Біздің негізгі мақсатымыз – қазақ мәдениетін көпшілік қауымға терең ұғындыру

мен халықтар арасындағы түсінушілікті тереңдету. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы экономикалық және саяси қатынастарды бұдан да ары нығайтуға осындай мерекелердің қосар үлесі мол. Екі ел арасындағы достыққа біздің қоғамда өзінің әсерін тигізуде.

2007 жылдың 26-28 мамыр аралығында Мюнхен мәдени қоғамы жыл сайын өткізілетін дәстүрлі дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайын өз қаласында өткізуді көздеп отыр. Шет жердегі қандастардың тағдыры Сізді бей-жай қалдырмайтындығына сенімдеміз.

**Ізгі ниетпен,  
Сүлейман ШАДҚАМ  
Қазақ мәдени  
қоғамының хатшысы**

Қарар: Е.Қ. Ертісбаевқа  
Ж.Қ.Түймебаевқа

Өтінішті Дүниежүзі қазақтарының  
Қауымдастығы басшылығымен  
бірлесе қарап, қойған мәселелерді  
шешу жолдарын қарауларыңызды сұраймын.

***О.Әбдікәрімов (қолы)***

5 наурыз 2007 ж.

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

---

\* Мюнхен қ.

№ 155

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы О. Әбдікәрімовке  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігінен хат**

Астана қ.

2007 жыл 28 наурыз

**Құрметті Оралбай Әбдікәрімұлы!**

Мәдениет және ақпарат министрлігі Германиядағы Қазақ мәдени қоғамының хатшысы Сүлейман Шадкамның\* Қазақстан Республикасы Президентінің атына жазған хатын қарап, мынаны хабарлайды.

Қазақ диаспорасын мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы № 1673 Жарлығымен бекітілген «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес жүргізіледі.

Бағдарлама аясында отандастарға байланысты өзекті мәселелерді шешу, білім беру, мәдениет, тіл дамыту мәселелері бойынша олармен тығыз байланыс орнату бағытында шаралар өткізу жоспарланған.

Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Бағдарламаның іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.5-тармағына сәйкес қазақ диаспорасы тығыз орналасқан елдерде Қазақстан Республикасы Елшіліктері жанынан ұлттық-мәдени орталықтарды құру жөнінде ұсыныс әзірлеу жұмысын жүргізуде.

Қазіргі кезде шет мемлекеттерде мәдени орталықтар ашу мәселесінің құқықтық сәйкестілігі анықталуда.

Мәселе оң шешімін тапқан жағдайда, аталған шара отандастарды қолдаудың 2008–2012 жылдарға арналған бағдарламасына енгізіледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» 1996 жылғы 31 желтоқсандағы № 3308 Жарлығын орындау мақсатында арнайы қазақ диаспорасы өкілдеріне бірқатар жоғары оқу орындарында дайындық бөлімдері ашылған.

2006-2007 оқу жылында 15 жоғары оқу орнында дайындық бөлімдері жұмыс істеуде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қазақ диаспорасы өкілдерін Республикамыздың жоғарғы оқу орындарына іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары туралы ереже бекітті.

Аталған ереже Сыртқы істер министрлігімен келісіліп, Әділет министрлігінде 2007 жылғы 7 маусымда 1873 нөмірімен тіркелген. Ережеге сәйкес қазақ диаспорасы өкілдері ішінен үміткерлерді іріктеу Қазақстан Республикасының шетелдегі Елшіліктеріне жүктеледі.

Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының дайындық бөлімдерінде қазақ диаспорасы өкілдерін оқыту үшін республикалық бюджеттен арнайы қаржы қарастырылған. Мысалы, 1999-2000 оқу жылында республикалық бюджеттен 198 орын бөлінсе, 2006-2007 оқу жылында оның саны 1500-ге жетті.

Қазақ диаспорасы өкілдерін дайындық бөлімдеріне қабылдау талапкерлердің жинаған көрсеткіштеріне (баллдарына) сәйкес конкурс арқылы өткізіледі. Оқу мерзімі 9 ай.

**Министр**  
**Е. ЕРТІСБАЕВ**

Қарар: Е.Қ. Ертисбаевқа  
Министрлік тарапынан атқарылып  
жатқан іс-шаралар туралы хат иесін  
тұрақты хабардар етіп отырған  
орынды болар.  
**О. Әбдікәрімов (қолы)**  
10 сәуір 2007 ж.

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

---

\* № 154-құжат.

## № 156

### **Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 399 «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы**

*Астана, Ақорда*

*2007 жыл 28 тамыз*

Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) мақұлдансын.\*

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі үш ай мерзімде Тұжырымдаманы 2008-2010 жылдарға арналған және одан әрі кезең-кезеңімен іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары тиісті шешімдер әзірлеу кезінде Тұжырымдаманың негізгі қағидаларын басшылыққа алсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**  
**Президенті**  
**Н. НАЗАРБАЕВ**

\* «Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2007 ж., № 31. 335-құжат» жинағында толық шыққан

№ 157

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 15 жылдық мерейтойына  
қатысушыларына Жолдауы**

*Астана, Ақорда*

*21.09.2007.*

**Қымбатты бауырлар! Құрметті қонақтар!**

Тарих теперішін көп көріп, әлемге тарыдай шашылған халықтардың бірі – біздің қазақ еді. Тарихи отанынан тыс жерде жүрген бауырларымыздың басын қосып, ұлттық мүдде, елдік бірлік төңірегінде табысу – үлкен арман болатын. Бұл мақсатқа тәуелсіздіктің арқасында ғана қол жеткіздік.

1992 жылғы қыркүйек айында Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Оған 33 елде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері қатысты. Азаттығымыздың айғағы болған сол ұлы жиын тарихымыздың жаңа кезеңінің басы еді. Атамекенді аңсап келген ағайын еркін елінің қуанышын көріп, мауқын басты. Сол құрылтайда атажұрт пен алыстағы ағайынның арасын жалғастыру мақсатында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды.

Содан бері 15 жыл өтті.

Заман өзгерді, ел жаңарды. Қатардан озып, іргелі елдердің санатына қосылдық. Бүгінде мәдениеті көркейіп, экономикасы қарқынды даму жолына түскен қазақ елі әлемнің барынша дамыған мемлекеттерімен бәсекеге түсуге бет алды.

Бұл жылдары Қауымдастық шет елдердегі қандастарымыздың ұлттық рухани қазынамыздан қол үзбеуі үшін оларға мәдени-рухани көмек көрсету, елге қоныс аударуға, Қазақстанда білім алуға ықпал жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен қамтамасыз ету, кезекті жиындарды өткізу секілді қомақты іс-шараларды атқарып келеді.

Қауымдастық алдағы уақытта да ұлтымыздың ұюына, береке-бірлігіміздің артуына себін тигізетін игі істерді жүзеге асыра береді деп сенемін.

15 жылдық мерейтой құтты болсын!

Баршаңызға амандық, баянды бақыт, игілікті ғұмыр тілеймін!

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

№ 158

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 858 «Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу ережесін  
бекіту туралы» қаулысы**

*Астана, Үкімет Үйі*

*2007 жыл 29 қыркүйек*

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. МӘСІМОВ**

*Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2007 ж., № 35. 400-құжат.*

№ 159

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қыркүйектегі № 858  
қаулысымен бекітілген «Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу ережесі»**

*Астана, Үкімет Үйі*

*2007 жыл 29 қыркүйек*

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді және оралмандар мен олардың отбасы мүшелерін оралмандардың көшіп келу квотасына енгізудің тәртібін көздейді.

**2. Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы  
өтініштерді беру және қарау тәртібі**

2. Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы өтінішті отбасының кәмелетке толған мүшелерінің біреуі уәкілетті органның аумақтық органына өзі әкеліп береді. Өзі өтініш беруге мүмкіндігі болмаған жағдайда өтініш беруші уәкілетті өкіліне оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы өтінішпен баруға нотариалды куәландырылған сенімхат береді.



3. Көшіп келу квотасына енгізу туралы өтініш беруші оралмандар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көшіп келу квотасына енгізу туралы өтініш;

2) өмірбаян;

3) өтініш берушінің және онымен бірге қоныс аударушылар оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесі (паспорттың немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінің, кәмелетке толмаған балалардың тууы туралы куәлігінің);

4) бар болса дипломның, еңбек кітапшасының, сондай-ақ қажет болған кезде неке немесе ажырасу туралы куәліктің көшірмелері;

5) бар болса біліктілігі туралы куәлікті және тиісті аумақтық бірліктегі жұмыс орнынан анықтама;

6) Қазақстан Республикасы аумағындағы тұрғылықты жерінен отбасының құрамы туралы анықтама;

7) тиісті аумақтық бірлікте тіркелгенін куәландыратын Халықты тіркеу кітабының көшірмесі.

4. Оралмандардың отбасыларын көшіп келу квотасына енгізу:

1) деректердің растығын тексеру (бағалау) мақсатында қолдаухат берілген құжаттарды зерделеуді;

2) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізуді көздейді.

5. Оралмандардың көшіп келу квотасына оралманның отбасын енгізу туралы өтінішті қарауды, сондай-ақ осы мәселе бойынша шешім қабылдауды уәкілетті органның аумақтық органында тіркелген күннен бастап екі ай ішінде уәкілетті органның аумақтық органы жүзеге асырады.

6. Уәкілетті органның аумақтық органы шешім қабылдаған күннен бастап бес күнгізбелік күн ішінде өтініш берушіні қабылданған шешім туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

7. Уәкілетті органның аумақтық органдарының шешімдеріне уәкілетті органға және (немесе) сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

### **3. Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу тәртібі**

8. Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу үшін отбасыларды іріктеу осы Ережеде айқындалған өлшемдерге сәйкес жүргізіледі.

9. Оралмандардың көшіп келу квотасына әрбір өлшем бойынша балдарды жинақтау арқылы осы Ережеде көзделген тәртіппен айқындалатын, шешім қабылданған күні ең жоғары балл жинаған отбасылар енгізіледі. Балдардың сомасы «Оралман» электронды деректер базасы бойынша әрбір отбасы деректерінің негізінде айқындалады.

10. Оралмандардың көшіп келу квотасына қабылданатын отбасылардың саны әрбір айға қоныс аудару іс-шараларына арналған қаржыландыру жоспарында көзделген қаражаттың көлеміне қарай айқындалады.

#### 4. Оралмандардың көшіп келу квотасына іріктеу өлшемдері

11. Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу кезінде мынадай өлшемдер ескеріледі:

- 1) мамандығы мен біліктілігінің болуы;
- 2) білім деңгейі;
- 3) кәметке толмаған балалардың саны.

12. Мамандығы мен біліктілігінің болуы жөніндегі балдардың ең жоғары саны отбасының әрбір мүшесі үшін 10 балды құрайды.

13. Білімі бойынша балдың ең жоғары саны отбасының әрбір мүшесі үшін 6 балды құрайды.

14. Білім деңгейі бойынша іріктеу өлшемдері бойынша орта техникалық, орта кәсіби, орта білімнен кейінгі білімінің және жоғары білімінің, сондай-ақ оралман және оралманның отбасы мүшелері бітірген жоғары оқу орындарының саны ескеріледі.

15. Орта техникалық, орта кәсіби және орта білімнен кейінгі білімі болған кезде, мұндай білімі бар әрбір отбасы мүшесіне 2 балл беріледі.

16. Оралманның не оның отбасы мүшелері бітірген жоғары оқу орындарының санына қарай мынадай балл беріледі:

- біреуден артық жоғары білімі болса – 5 балл;
- бір жоғары білімі болса – 3 балл.

Отбасының бірнеше мүшесінің бір немесе одан артық жоғары білімі болған кезде, тиісті балдар отбасының бір немесе одан артық жоғары білім бар әрбір мүшесіне беріледі.

17. Білімінің болуы білімі туралы құжаттардың түпнұсқасымен не нотариалды расталған көшірмелерімен расталады.

18. Оралманның отбасы мүшелерінің кәметке толмаған балаларының саны жөніндегі балдың ең жоғары саны әр отбасына 10 балды құрайды.

19. Оралманның отбасы мүшелерінің кәметке толмаған балаларының саны жөніндегі іріктеу өлшемі оралман отбасының жасы кәметке толмаған мүшелерінің саны ескеріледі.

20. Отбасы құрамындағы кәметке толмаған балалардың болуы мен олардың санына қарай мынадай балдар беріледі:

- бес және одан да көп бала – 10 балл;
- үш немесе төрт бала – 5 балл;
- бір немесе екі бала – 3 балл.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа**  
**Қ. Саудабаевтың «Дүние жүзі қазақтары Қауымдастығының құрылғанына**  
**15 жыл толуының атап өтілуі туралы» хаты**

*Астана қ.*

*2007 жыл 29 қазан*

Кезінде Өзіңіздің тікелей бастамаңыз және қамқорлығыңыздың арқасында құрылған Дүние жүзі қазақтары Қауымдастығы осы жылғы 18–20 қазан күндері аралығында Алматы қаласында өзінің 15 жылдық мерекесін кең түрде атап өтті.

Мерекелік бас қосуға Қытайдан, Ресейден, Моңғолиядан, Өзбекстаннан, Түркіменстаннан, Қырғызстаннан, Қарақалпақстаннан, Франциядан, Германиядан, Түркиядан, Норвегиядан, Ираннан, тағы басқа елдерден арнайы делегациялар келді.

19 қазан күні Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында осы шараға келген бір топ қазақ диаспорасы өкілдері басшыларын қабылдап, «дөңгелек үстел» өткіздік.

Онда Сіздің осы бағыттағы ұстанған тұрақты саясатыңыз, әлемнің әр шалғайында жүрген қандастарымызға деген шынайы ықыласыңыз бен қамқорлығыңыз, елдегі экономикалық, әлеуметтік және тарихи, саяси өзгерістер, ел дамуындағы елеулі кезеңдер мен баянды белестер туралы жан-жақты әңгіме болды. Сөйлегендер: «Біздер осындай елімізді, мәртебелі мемлекетімізді, әлем таныған, халықаралық қауымдастық мойындаған, сұңғыла саясаткер, кемеңгер Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты мақтан етеміз» деп ағынан жарылып, ақ тілектерін арнады.

Әуезов атындағы академиялық драма театрында өткен салтанатты жиында Өзіңіздің сәлеміңізді, Құттықтау хатыңызды жеткіздім. Кеште сөз сөйлегендер Қазақстанның әлемнің әр шалғайында жүрген бауырларымызға деген қамқорлығы мен осы бағыттағы жүйелі жұмыстарымыздың жылдан-жылға қанатын кең жайып келе жатқанын, Елбасымыздың бұл мәселені өзінің тұрақты назарына алып, тікелей бақылап отырғанын кеңінен айтты.

Кеште сөйлеген делегация басшылары да өз сөздерінде осындай елі, мәртебелі мемлекеті, оны әлемге танытып жүрген көреген де кемел басшысы бар жұрттың өкілдері екенін мақтан ететіндерін, өздері тұрып жатқан елдердің Қазақстанда болып жатқан өміршең өзгерістерді, оның дара басшысы Нұрсұлтан Назарбаев есімін жақсы біліп, құрметтейтінін, оның бәрі Елбасының арқасында болып жатқан абырой мен бедел екенін шын көңілдерімен айтып, Сізге деген риясыз алғыстарын жеткізді.

Мерекелік іс-шаралар аясында Әбілхан Қастеев<sup>1</sup> атындағы өнер мұражайында қазақ диаспорасы өкілдерінің қол өнер және сурет көрмесі, «Қауымдастық – қазақтың бір отауы» атты деректі фильмнің тұсаукесері болды, Қауымдастықтың 15 жылдығына арналған оралман ақындардың жыр-мүшәйрасы өтті, салтанатты кеште қазақ диаспорасы өкілдері мен оралмандардың және Қазақстан өнер шеберлерінің қатысуымен мерекелік концерт берілді.

Қауымдастықтың 15 жылдығына арналған бұл іс-шаралар барысы әлемнің әр шалғайында жүрген қандастарымыздың елге, Қазақстанға деген көзқарастарының бұрынғыдан бетер нығайғанын, Сіздің сындарлы саясатыңыздың жер-жерде ғұмыр

кешіп жатқан әр қазақтың жүрегінен терең орын алғанын, мемлекетіміздің мәртебесі мен мерейінің өсе түскенін жан-жақты көрсетті.

Қабылдауда, «дөңгелек үстел» басында, кездесулерде қандастарымыз тарапынан айтылған ойлар мен ұсыныстар, тілектер мен өтініштер тиісті орындарға тапсырылып, олардың ойдағыдай шешілуіне өз тарапымнан жан-жақты қолдау мен бақылау болатынын Сізге жеткізгім келеді.

Хабарлама ақпарат ретінде берілді.

**Қ. САУДАБАЕВ**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**№ 161**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 1198 «Оралмандардың 2007 жылға арналған көшіп келу квотасын бөлу  
туралы» Қаулысы**

*Астана, Үкімет Үйі*

*2007 жыл 7 желтоқсан*

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына және «Қазақстан Республикасы Президентінің Олармандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы» 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 1508 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қарашадағы № 435 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес оралмандардың 2007 жылға арналған көшіп келу квотасы облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. МӘСІМОВ**

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2007 ж., № 46. 553-құжат.*

## № 162

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 1198 қаулысына  
қосымша

**Оралмандардың 2007 жылға арналған көшіп келу  
КВОТАСЫ**

Облыстар мен қалалардың атауы	Отбасы саны
Ақмола	1020
Ақтөбе	880
Алматы	1260
Атырау	450
Шығыс Қазақстан	1095
Жамбыл	980
Батыс Қазақстан	485
Қарағанды	1005
Қызылорда	500
Қостанай	875
Манғыстау	1998
Павлодар	950
Солтүстік Қазақстан	500
Оңтүстік Қазақстан	2765
Астана қаласы	127
Алматы қаласы	110
<b>Жиыны</b>	<b>15000</b>

Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2007 ж., № 46. 553-құжат.

## № 163

**Указ Президента Республики Казахстан от 30 декабря 2007 года  
№ 506 «О квоте иммиграции оралманов на 2008 год»**

Астана, Акорда

30 декабря 2007 г.

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 13 декабря 1997 года «О миграции населения» ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Установить представленную Правительством Республики Казахстан квоту иммиграции оралманов на 2008 год в количестве 15000 семей.
2. Настоящий Указ вступает в силу со дня подписания.

**Президент  
Республики Казахстан  
Н. НАЗАРБАЕВ**

САПП Республики Казахстан. 2007. № 51. Ст. 642.

## № 164

**Из письма Министерства труда и социальной защиты населения  
Республики Казахстан в Администрацию Президента Республики Казахстан  
о выполнении квоты иммиграции оралманов**

г. Астана

21 января 2008 г.

[...] Предусмотрено переселение в республику в 2007 году 15000 семей этнических казахов. Количество включенных в квоту иммиграции оралманов, в разрезе областей, выглядит следующим образом:

№ п/п	Наименование области, города	Установленная квота (семей)	Включены в квоту		Средний коэффициент семейности
			семей	человек	
1	Акмолинская	1020	1020	5404	5,3
2	Актюбинская	880	880	4538	5,0
3	Алматинская	1260	1260	7301	5,8
4	Атырауская	450	450	2430	5,4
5	В-Казахстанская	1095	1095	5075	4,6
6	Жамбылская	980	980	5880	6,0
7	З-Казахстанская	485	485	2331	4,8
8	Карагандинская	1005	1005	5302	5,3
9	Кызылординская	875	500	2650	5,3
10	Костанайская	500	875	4596	5,2
11	Мангистауская	1998	1998	10777	5,4
12	Павлодарская	950	950	4735	5,0
13	С-Казахстанская	500	500	2627	5,2
14	Ю-Казахстанская	2765	2765	14906	5,4
15	г. Алматы	110	110	550	5,0
16	г. Астана	127	127	559	4,4
	<b>Итого</b>	<b>15 000</b>	<b>15 000</b>	<b>79 661</b>	<b>5,3</b>

[...] На 2007 год по плану финансирования предусмотрено 2711144,8 тыс. тенге на выплату единовременных пособий, возмещения транспортных расходов (проезд и провоз имущества), фактически выплачено 2705868,6 тыс. тенге, что в процентном отношении составило 99,8%.

На приобретение жилья оралманами, по плану финансирования, предусмотрено 8746582,0 тыс. тенге, фактически освоено 8746091,7 тыс. тенге, что составляет 100,0 %.

[...] При включении в квоту иммиграции оралманов претенденты проходят обязательную процедуру по принятию гражданства Республики Казахстан.

Сообщается в порядке информации.

**Министр  
Б. САПАРБАЕВ**

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы  
Қ.Н. Келімбетовке Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігінен хат**

Астана қ.

2008 жыл 29 қаңтар

**Құрметті Қайрат Нематұлы !**

Бүгінгі күнде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ең өзекті мәселелерінің бірі – шетелде тұрып жатқан қазақ диаспораларымен тығыз байланыста болып, өз тарихи отаны – Қазақстанға оралуларына және оралғаннан кейін жаңа ортаға қалыптасуларына, бейімделулеріне толық жағдай жасау.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген тұстағы атқарылған ауқымды шаралардың бірі – қазақ диаспоралары өкілдерінің тарихи отанына оралуына құқықтық тұрғыдан негіз қаланып, сыртқы көші-қон жұмыстарының қолға алынуы. 1991 жылы еңбек шарты негізінде басталған көші-қон үрдістері басқаша сипат алып, шет елдердегі қазақ ұлты өкілдерінің ата мекеніне оралуы саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы», «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңдары және «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы» қабылданды.

Аталған нормативтік құқықтық актілердің негізінде Қазақстанға шет елдерден қоныс аударған қазақтарды қабылдау жұмыстарында айтарлықтай істер атқарылды. 1991–2007 жылдар аралығында республика аумағына шетелдерден 165861 оралмандар отбасы (651299 адам) көшіп келіп орналасып еліміздің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлестерін қосуда. 2005 жылдан бері көші-қон саласында оң сальдоға қол жеткізілді. Оралмандардың көшіп келу квотасының саны да 500-ден 2005 жылдан бері әр жылға 15 мың отбасына дейін ұлғайтылды.

Дегенмен де, жыл сайын қоныс аударушылардың саны белгіленген квотадан артық болғандықтан, бүгінгі таңда 112645 оралман мемлекет тарапынан қаржылай көмек алу мүмкіншілігінен тыс қалып отыр.

Сонымен қоса, оралмандардың баспанамен, жұмыспен қамту мәселесінде де шешілмеген сұрақтар көп. Республика бойынша тұрғын үймен оралмандардың тек 50 пайызы, ал жұмыспен 60 пайызы қамтамасыз етілген.

Оралмандарға жер телімдерін беру мәселесі де айтарлықтай өз деңгейінде шешімін таппай келеді. Республика көлемінде жергілікті атқарушы органдар тек 13194 отбасына тұрғын үй салып алуға жер телімдерін берген.

Оралман отбасыларының әрбір мүшесіне үй сатып алу үшін берілетін төлемақы мөлшері де қазіргі күнгі баға нарқына сай келмейді.

Елімізге оралып жатқан оралмандардың айтуынша, соңғы кездері шет елдерде жергілікті саясат негізінде қазақ ұлты өкілдерінің тұрмыс жағдайларының нашарлауы байқалуда.

Осындай түйіні шешімін таппаған мәселелерді бір жүйеге келтіру мақсатында арнайы оралмандарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы қажет деп есептейміз.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – оралмандарды әлеуметтік-экономикалық, құқықтық қорғау жөнінде мемлекеттік жүйе құру, шетелде тұратын қазақтардың Қазақстанға ерікті қоныс аудару үрдісін ынталандыру және ұйымдастыру болып табылады.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін оң нәтижелер оралмандардың қазақстандық қоғамға тез бейімделуі мен кірігуі үшін, сондай-ақ елдің демографиялық дамуын жақсарту және еңбек әлеуетін арттыру үшін жағдай жасау.

Қарау үшін ұсынылды.

**Қазақстан Республикасы**  
**Еңбек және халықты**  
**әлеуметтік қорғау министрі**  
**Б. САПАРБАЕВ**

Қарар: **М. Әшімбаевқа**  
**В. Школьникке**  
Ұсыныс енгізіу үшін.  
**Қ. Келіметов (қолы)**  
30 қаңтар 2008 ж.

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**№ 166**

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің**  
**Басшысы Қ.Н. Келіметовке тапсырмасы жөнінде**  
**М. Әшімбаевтың жазбахаты**

*Астана қ.*

*2008 жыл 29 ақпан*

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б. Сапарбаевтың «2008-2015 жылдарға арналған оралмандарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын» қабылдау жөніндегі ұсынысы жан-жақты қаралып, тиісті сараптама жасалды.

Мемлекеттік бағдарлама қабылданған жағдайда еліміздің әлеуметтік-саяси өміріне және көші-қон процесіне игі ықпал ететін негізгі бағыттар мынадай болмақ:

– оралмандар қазақстандық қоғамға тез бейімделіп, кіріге алады, елдің демографиялық дамуы жақсарып, еңбек әлеуеті артады;

– оралмандарды әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағынан қорғау жөнінде мемлекеттік жүйе құрылып, шетелде тұратын қазақтардың Қазақстанға ерікті қоныс аудару үрдісін ынталандырады және ұйымдастыру шаралары кеңейеді;

– қазақ диаспоралары қалың қоныстанған бірқатар шетелдердегі Қазақстан Елшіліктерінде Көші-қон комитетінің өкілдерін штатқа енгізу арқылы көшіп келем деушілерге құқықтық консультациялар беру, виза, т[ағы] б[асқа] өзекті мәселелерді



уақытында шешуге қол жеткізіледі. Оралмандардың еліміздегі өзіне қолайлы қоныстану орындарын дұрыс таңдауына, керек құжаттарды дайындауға, ұйымдасқан көшуге көмек шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік беріледі;

– қоныс аударушылар құқықтарының сақталуына мемлекеттік және қоғамдық бақылау күшейтіліп, құжаттар дайындап, шешімдер қабылдауда сыбайлас жемқорлықтың жолы кесіледі;

– өңірлік бағдарламалар мониторингін реттеу арқылы ауылдық жерлерден қалаларға көшіп жатқан ауыл халқының орнын оралмандар арқылы толтырудың механизмдері іске асады;

– оралмандарға кәсіптік білім беру, оларды қайта даярлау шаралары ұйымдастырылып, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері реттеледі.

Мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы Елбасының биылғы Жолдауында атап көрсетілген, оралмандар квотасын 2009 жылдан бастап 20 мыңға көбейту жөніндегі тапсырмасын қолдау шараларының қатарына кірмек. Сондай-ақ, оралмандардың мемлекеттік органдарға ретсіз арыздануын тоқтатып, әлеуметтік шиеленістің тұрақтануына мүмкіндік береді. Бұл жобаны Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі қолдайтынын хабарлап, тиісті қаражат көлемін анықтау үшін Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісуге жіберуді ұсынып отыр.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттік бағдарламаны қабылдауға негіз бар деп есептейміз.

Қарауыңызды сұраймын.

**М. ӘШІМБАЕВ**

Қарар: Келісемін.

Б. Сапарбаевқа

Б. Сұлтановқа

М. Әшімбаевқа

Ә. Исекешевке

**Қ. Келімбетов (қолы)**

1 наурыз 2008 ж.

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

№ 167

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
Еуропа қазақтарының Осло қаласындағы кіші құрылтайына  
қатысушыларына Жолдауы**

*Астана, Ақорда*

*26. 04. 2008.*

**Қадірлі ағайын! Құрметті бауырлар!**

Қандастарымыздың басын қосқан дәстүрлі кіші құрылтайдың ашылуымен сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

Еуропаның жерінде жүріп сіздердің жыл сайын кіші құрылтайлар өткізулеріңізді мен әрдайым жақсы бастама, жағымды жаңалық ретінде қабылдаймын. Кельн, Вестерос, Берлин, Париж, Мюнхен қалаларында өткен құрылтайлар осының айқын дәлелі. Әсіресе жастарды бір-бірімен таныстырып, туыстастыруда, олардың ұлттық рухын оятуда сіздер өнегелі істер жасап келесіздер. Бүгін, мінеки Норвегияның астанасы – әсем Осло қаласында кезекті бас қосып отырсыздар.

Сіздер қазақтың елі мен жерінен алыста жүрсеңіздер де, ниеттеріңіз бізбен ортақ, жүректеріңіз Қазақстан деп соғатынын білемін. Қазақстанда болып жатқан жақсылық өзгерістерді, экономика мен мәдениетіміздегі, саясат пен әлеуметтік саладағы айтулы жетістіктерді естіп-біліп жүрсіздер. Біз бүгінгі таңда дүниежүзінің ең озық, өркениетті елдерінің қатарына қосылу бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Атажұрттарыңыз мақсат еткен осынау үлкен міндетті абыроймен жүзеге асыру әлемдегі барша қазақтың ортақ міндеті болуы тиіс.

Қазақстан 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Үнтымақтастық Ұйымына төрағалық ететін болады. Бұл – әлем алдындағы беделінің арқасында Қазақстанға көрсетіліп отырған зор сенім. Ұлт мерейін үстем ететін табыстарға Сіздер де отандастарыңызбен бірдей қуанатындарыңызды білемін.

Құрылтай ел бірлігіне қызмет етсін!

Баршаңызға денсаулық пен бақыт, істеріңізге сәттілік тілеймін!

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**Ослода өткен Еуропа қазақтарының дәстүрлі кіші құрылтайы**

Еуропа қазақтарының дәстүрлі кіші Құрылтайы 2008 жылы 8-14 мамыр алтыншы рет Норвегия елінің Осло қаласында өтті.

Осы елге ең алғаш 1970 жылы белгілі дін қайраткері, ғұлама ғалым, марқұм Халифа Алтай ағамыздың тұңғышы Абдулсаттар Алтан ағамыз жұмысқа келген екен. Қазір Осло қаласында 12 жанұя тұрады. Норвегия елінің жоғары оқу орындарында жеті студент білім алууда.

Құрылтайдың салтанатты ашылуында оған қатысушыларға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жолдаған кезекті құттықтауын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төралқа төрағасының бірінші орынбасары, делегация басшысы Талғат Мамашев оқып, Норвегиядағы қазақ мәдени қоғамының төрағасы Махмуд Башташқа табыс еткен соң, Норвегия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының Уақытша сенімді өкілі Марат Есенбаев және Норвегия Парламентінің мүшесі Мортон мырзалар құттықтау сөзін сөйледі.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы мен Мәдениет және ақпарат министрлігі бірлесіп өткізген «Еуропа елдерінде тұратын қазақ диаспорасы жастарының ассимиляцияға ұшырау мәселелері және оны шешу жолдары» атты халықаралық дөңгелек үстелді Мамашев Талғат Асылұлы мен Білім және ғылым вице-министрі Шамшидинова Күләш Ноғатайқызы жүргізіп отырды. Парламент Мәжілісінің депутаты Уәлихан Қалижанов: «2001 жылдан бастап оралмандарға бөлінетін квота саны 15 мыңға өсті. Парламент Мәжілісі жанындағы Көші-қон мәселелері және отандастармен байланыстар жөніндегі консультативтік кеңес құрылды. Бұл Құрылтай қуанышты кездесулер мен қимай қоштасулармен ғана есте қалмауы тиіс. Қазақ отбасыларымен балалар алмасып, тіл мен ұлттық рухқа бейімдейтін тәрбие беруге де болады» – деп ойлаймын десе, Білім және ғылым вице-министрі Күләш Ноғатайқызы: «Қазақ диаспорасын қолдау мақсатында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы 2004 жылдан бері «Қазақстан – ата жұртым, қасиетті ана тілім» атты халықаралық олимпиада өткізуді дәстүрге айналдырды. Сондай-ақ, қазақ диаспорасының балаларына Республикалық бюджет есебінен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға және жеткізуге қаражат бөлініп отыр. 2007-2008 оқу жылында жоғары оқу орындарына 950 студент қабылданды, оның ішінде 2 пайыздық квота бойынша оқуға түскендер – 598 адам. Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне оқыту үшін 1500 орын қарастырылғанмен толық келмейді», – деген уәж айтты.

Шетелде тұратын отандастардың халықтық шығармашылық фестивалі аясындағы қолөнер көрмесін Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің ішкі саясат бөлім меңгерушісінің орынбасары Әлібек Асқар ашып, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Алдан Смайыл және Мәдениет қайраткері, суретші Өмірзақ Рыстанға сөз кезегі берілді. Осы көрмеге Рыстан әулетінің кесте, тері, майлы бояумен жасалған 20-дан астам суреттері, қолөнер туындылары, ұлттық әшекей бұйымдары қойылған. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан 100-ге жуық кітап көрмесін ұйымдастырған Мәдениет және ақпарат министрлігінің басқарма бастығы Райхан Мәженқызы аталмыш кітаптар туралы әсерлі әңгімелеп берді.

Қазақстанның халық әртістері Мақпал Жүнісова, Мұрат Ахмадиев, Еңбек сіңірген әртіс Рамазан Стамғазиев, Республикалық және халықаралық конкурстардың иегері, әнші

Нұржан Жанпейісовтердің орындаған әндері мен институт қабырғасын биыл бітіруші, келешегінен зор үміт күттіретін биші Мақпал Садықовалардың өнеріне халық дән риза.

Әр екі жылда Еуропа қазақтары қазақ мәдени орталықтарының үйлестіру кеңесінің төрағасын сайлау дәстүрлі іс-шаралардың бірі. Осы жолы Қаюм Кесижи есімді жоғары білімді, ғалым азамат Үйлестіру кеңесінің төрағасы болып сайланды. Ол Германияның Мюнхен қаласында тұрады.

Құрылтайға Еуропаның оншақты елінен 8 футбол командасы, сондай-ақ 600-ге жуық адам келіп қатысты. Алғаш рет биылғы жылы Спорт және туризм министрлігінің футболдан бас жаттықтырушы Мұрат Адамбековтың Құрылтайға қатысуы болды. Оның мақсаты Еуропада жүрген жас жеткіншектер арасындағы мықты футболшыларды нысанаға алу, келешекте Елге шақыру болатын.

Екі күнге жалғасқан футбол сайысында «Нордан» командасы бірінші (өкілі Шермұхамед Аюби), «Париж» тобы екінші (тренері Абдулжалел Метехан), «Лондон» тобы үшінші (тренері Метин Шалышқан), «Кельн» тобы төртінші (тренері Селім Ялшын) орындарды иеленді. Осылардың ішінен ең үздік ойыншылар деп Франциядан келген Абдан Шабан, Берхет Пинрам, Ресейде тұратын Бағлан Ахметов, Қайрат Белубаев, Азамат Бейсенқұлов, Бекет Шынтеміровтарды атауға болады, – дейді Мұрат Адамбеков.

Талғат Асылұлы Мамашев құрылтайдың салтанатты жабылуында: «Мен, кешеден бері өткізіп жатқан Құрылтайдың іс-шарасына көңілім тояды. Шынын айту керек, бұл қалай болар екен деп алаңдағаным рас. Норвегия елінің Осло қаласында оншақты отбасы қазақтар ғана тұрады, оның үстіне Қазақстаннан өте шалғай алыс және қымбат. Еуропа елінің оншақты қаласынан бес жүзге жуық қандастарымыздың қатысқаны таң қалдырды. Ең негізгісі Еуропаның түкпір-түкпірінен келген отандастарымыздың жүрегіне «Сенің атамекен Отаның бар, елің бар, қорғаушың бар, әрқашан көмекке дайынбыз» дегенді жеткізе білдік. Олар да өз ризашылық сезімдерін жеткізді. Осы дөңгелек үстелде айтылған ойлар, ұсыныс пікірлерді хат арқылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы Н. Назарбаевқа жеткіземіз. Делегация құрамына 3 депутаттың енуі тегін емес. Сондай-ақ, түрлі министрліктің және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің де болғаны қазақ диаспорасының өзекті мәселелерін шешілуі Үкіметтік деңгейде шешіледі деп сенемін» – деді өз сөзін аяқтаған Талғат Асылұлы.

Осы орайда біздің Ослоға барып, қайтқан жолымызда Мәскеуде қарсы алып, қонақ-жайлылық танытқан Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінің бірінші хатшысы Серікқали Байменшеге «Мұрагер» қазақ мәдени орталығының төрағасы Жәнібек Елекбаевқа, «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Абу Ислам Тұрсынбаевқа, «Қазақ тілі» газетінің бас редакторы Орынбасар Қуандықовқа, қоғамның белсенді мүшелері Таңғатаров Опабекке және де Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ұйымдар және көп жақты ынтымақтастық департаментінің атташесі Үсенова Манарға, Норвегия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссиясының консулы Әмір Жексеков және Гүлзахира Қонысоваларға шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Швециядағы қазақ қоғамының төрағасы Ибраһим Қосшының шақыруымен Талғат Мамашев пен Сауытбек Әбдірахмановтар Вестеростағы ағайындармен кездесіп қайтты.

## № 169

**Из информации Министерства труда и социальной защиты населения  
Республики Казахстан в Администрацию Президента Республики Казахстан  
об исполнении квоты иммиграции за первую половину 2008 года**

г. Астана

22 июля 2008 г.

За 6 месяцев 2008 года в Республику Казахстан с целью постоянного проживания из стран дальнего и ближнего зарубежья переселились 8986 семей (35655 человек) этнических казахов. Из них, 11863 человека моложе трудоспособного возраста, 23192 – трудоспособного возраста, 600 – пенсионеры. Среди оралманов трудоспособного возраста 2668 имеют высшее образование, 6178 – средне-специальное, 8205 – общее среднее образование.

[...] По итогам первого полугодия, количество включенных в квоту иммиграции оралманов, с учетом прибывших в 2005-2007 годы, в разрезе областей (городов) выглядит следующим образом:

№ п/п	Наименование области, города	Установленная квота на 2008 год (семей)	Включены в квоту по состоянию на 01.07.2008 г.		Средний коэффициент семейности
			семей	человек	
1	Акмолинская	908	386	1961	5,08
2	Актюбинская	950	528	2572	4,87
3	Алматинская	1450	1245	6565	5,27
4	Атырауская	450	269	1484	5,51
5	В-Казахстанская	1100	480	2640	5,50
6	Жамбылская	1300	904	5011	5,54
7	З-Казахстанская	485	155	822	5,30
8	Карагандинская	1005	560	2778	4,96
9	Кызылординская	400	103	560	4,91
10	Костанайская	800	435	2450	5,63
11	Мангистауская	1740	1440	7263	5,04
12	Павлодарская	600	120	600	5,00
13	С-Казахстанская	410	185	1346	7,27
14	Ю-Казахстанская	3162	1247	6192	4,96
15	г. Алматы	145	77	364	4,72
16	г. Астана	95	55	250	4,60
	<b>Итого</b>	<b>15 000</b>	<b>8189</b>	<b>42804</b>	<b>5,22</b>

[...] По плану финансирования за 6 месяцев 2008 года предусмотрено на выплату единовременных пособий, возмещения транспортных расходов (проезд и провоз имущества) 1190 963,4 тыс. тенге, фактически выполнено 1170 856,2 тыс. тенге, в процентном отношении 98,3 %.

На приобретение жилья оралманами по плану финансирования за 6 месяцев 2008

года предусмотрено 3929 052,8 тыс. тенге, фактически выполнено 3834 427,0 тыс. тенге, в процентном отношении 97,6 %.

[...] Организованное переселение оралманов из Исламской Республики Иран, Турецкой Республики запланировано на август–сентябрь месяцы текущего года.

**Министр  
Б. САПАРБАЕВ**

*Текущий архив Администрации Президента РК*

**№ 170**

**Из информации Дипломатической миссии Республики Казахстан  
в Республике Болгария**

*г. София*

*6 ноября 2008 г.*

В 2005 году по инициативе Дипмиссии в Софии было создано общество (диаспора) этнических казахов, проживающих в Болгарии, под названием «Аруах», председателем которой является директор школы балетного искусства имени Г. Улановой Ш. Карсакпаева. [...]

**ВИД  
С. АБДЫКАРИМОВ**

*Текущий архив МИД РК*

**№ 171**

**Указ Президента Республики Казахстан от 17 ноября 2008 года № 690  
«О квоте иммиграции оралманов на 2009–2011 годы»**

*Астана, Ақорда*

*17 ноября 2008 г.*

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 13 декабря 1997 года «О миграции населения» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Установить представленную Правительством Республики Казахстан квоту иммиграции оралманов на 2009–2011 годы в количестве по 20000 семей на каждый календарный год.

2. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

**Президент  
Республики Казахстан  
Н. НАЗАРБАЕВ**

*Текущий архив Администрации Президента РК*

№ 172

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 25 қарашадағы  
№ 697 «Әдебиет пен өнер саласындағы 2008 жылғы Қазақстан  
Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» Жарлығынан**

*Астана, Ақорда*

*2008 жыл 25 қараша*

Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ұсыныстарын қарап, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік 2008 жылғы Мемлекеттік сыйлығы мыналарға берілсін:

1) Майра Мұхамедқызына, әнші – 2004-2007 жылдардағы концерттік бағдарламалары үшін;

[...]

2. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.\*

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ**

---

\* «Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 2008 ж., № 44. 493-құжат» жинағында толық шыққан

№ 173

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126  
«Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы қаулысы**

*Астана қ.*

*2008 жыл 2 желтоқсан*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.\*

2. Бағдарламаның орындалуына жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар:

1) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы ақпаратты жылына екі рет, жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 15 қаңтарға және 15 шілдеге Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жиынтық ақпаратты жыл сайын жылдың қорытындылары бойынша 30 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. МӘСІМОВ**

---

\* Бағдарлама толық жарияланған:

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы 2008. № 45. 514-құжат.*

## № 174

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 мамырдағы № 674 қаулысымен бекітілген «Нұрлы көш» бағдарламасының пилоттық жобаларына қатысушыларға тұрғын үй сату ЕРЕЖЕСІНЕН**

*Астана қ.*

*2009 жыл 8 мамыр*

**[...] 2. Тұрғын үй алуға үміткер Бағдарламаға қатысушылардың тізімін қалыптастыру тәртібі**

[...] 3. «Нұрлы көш» бағдарламасына қатысушыларға тұрғын үй сату үшін тұрғын үй комиссиясы құрылады.

Тұрғын үй комиссиясының құрамына мәслихат депутаттары, көші-қон жөніндегі және облыстың уәкілетті органдарының, өзге де мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. [...]

4. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Красный Яр ауылындағы және Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласындағы Бағдарламаға қатысушылар қаланың, ауданның уәкілетті органына осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішті және мынадай құжаттарды:

1) паспорттың немесе азаматтығы жоқ тұлға куәлігінің, неке туралы куәліктің, баланың туу туралы куәлігінің, білімі туралы дипломдардың және мамандығының болуын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

2) оралман куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) Халықты тіркеу кітабының нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе тиісті елді мекенде тіркелгенін растайтын анықтаманы ұсынады.

5. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының «Асар» шағын ауданындағы Бағдарламаға қатысушылар қаланың, ауданның уәкілетті органына осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішті және мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжаттардың, неке туралы куәліктің, баланың туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмелерін;



2) Халықты тіркеу кітабының нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе тиісті елді мекенде тіркелгенін растайтын анықтаманы;

3) Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының «Асар» шағын ауданындағы жер учаскелеріне мемлекеттік актілерді ұсынады.

6. Облыстың және көші-қон жөніндегі уәкілетті органдар әр елді мекен бойынша қажет мамандықтардың тізімін жасайды (бұдан әрі – қажет мамандықтардың тізімі) және оны үйге үміткерлердің тізімін қалыптастыру үшін тұрғын үй комиссиясына жібереді.

[...]

### **3. Бағдарламаға қатысушыларға тұрғын үй сату тәртібі**

8. Бағдарламаға қатысушыларға тұрғын үй сату Облыстың жергілікті атқарушы органдары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) арасындағы Ынтымақтастық туралы үш жақты келісімнің (бұдан әрі – Келісім) негізінде жүзеге асырылады, ол тараптардың құқықтары мен міндеттерін пилоттық жобаның іске асырылуы шеңберінде регламенттейді.

[...]

#### **Ақмола облысы Көкшетау қаласының Красный Яр ауылындағы және Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласындағы Бағдарламаға қатысушыларға тұрғын үй сату тәртібі**

10. Тұрғын үй комиссиясы ай сайын, келесі айдың 5-күнінен кешіктірмей Бағдарламаға қатысушылардың тізімін Банк пен ӘКК-ге бір мезгілде жібереді.

11. ӘКК Келісімге сәйкес тізімді алған күнінен бастап он жұмыс күнінің ішінде Бағдарламаға қатысушының әрқайсысымен міндеттеме-шарт жасасады, онда Бағдарламаға қатысушының мынадай міндеттемелері көзделеді:

1) Банкпен тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт жасасу: тұрғын үйді салу (қайта жаңарту) аяқталғаннан кейін тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың талаптарына сәйкес тұрғын үй құнының 5%-ы сомасында Банкке бастапқы жарнаны енгізу туралы;

тұрғын үй қарызын алу және тұрғын үйді кепіл ретінде беру мақсатында тұрғын үйді салу (қайта жаңарту) аяқталғаннан кейін тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың талаптарына сәйкес 5,5 жылдан асырмай Банктегі шотта жинақтауды жүзеге асыру туралы;

2) тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шартта көзделген жинақтау шарттарын ол бұзған жағдайда құқықтары мен міндеттемелерін Бағдарламаның басқа қатысушысына беру.

12. ӘКК тұрғын үйдің құны туралы ақпаратты және міндеттеме-шарттар жасасқан Бағдарламаға қатысушылардың тізімдерін олар жасалған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке жібереді.

13. Банк осы Ереженің 12-тармағында көзделген ақпаратты ӘКК алған сәттен ба-

стап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасады.

14. Банк тоқсан сайын, жинақтау басталған күнінен бастап есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ӘКК-ге және облыстың уәкілетті органына Бағдарламаға қатысушылардың Келісімге сәйкес Шарт бойынша жинақтау шарттарын орындауы туралы ақпарат жібереді.

15. Тұрғын үй комиссиясы облыстың уәкілетті органы берген қаражат жинақтаудың қатарынан екі немесе одан да көп бұзылуы туралы ақпараттың негізінде бір ай ішінде резервтік тізімге енгізілген адамдарға тұрғын үйді сату туралы шешім қабылдайды және жаңартылған тізімді Банк пен ӘКК-ге жібереді.

16. ӘКК жаңартылған тізімнің негізінде тізімнен алып тасталған Бағдарламаға қатысушылармен міндеттеме-шарттарды бұзуды жүзеге асырады, Бағдарламаға жаңадан қатысушылармен міндеттеме-шарттар жасасады және жаңартылған тізімді алған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей оны Банкке жібереді.

17. Банк жаңартылған тізімді алған сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде тізімнен алып тасталған Бағдарламаға қатысушылармен Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін жаңа қатысушыға беру не Банк шотындағы ақша қалдығына тең сомадағы соманы қайтара отырып, «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына сәйкес Шартты бұзу рәсімін жүргізеді.

18. Банк жинақтау мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей облыстың уәкілетті органы мен ӘКК-ге тұрғын үй қарызын алу үшін Шарттың талаптарын орындаған Бағдарламаға қатысушылар туралы ақпарат ұсынады.

19. ӘКК алынған ақпараттың негізінде Бағдарламаға қатысушымен салынған (қайта жаңартылған) тұрғын үйге сатып алу-сату шартын рәсімдейді.

20. Бағдарламаға қатысушы Банкке қарыз алу үшін қажетті құжаттарды ұсынады.

21. Банк банктік қарыз шарты жасалған және кепілдікті қамтамасыз ету рәсімделген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарыз сомасын ӘКК шотына аударады.

22. Егер тұрғын үйді салуды (қайта жаңартуды) аяқтау мерзімі Шарт бойынша жинақтау мерзімі аяқталған күннен бұрын басталған жағдайда ӘКК тұрғызылған (қайта жаңартылған) тұрғын үйді кейіннен жинақтау мерзімінің аяқталуына қарай Банктің кредит қаражаты есебінен сатып алу құқығымен жалға беру шартымен Бағдарламаға қатысушыларға береді. [...]

### **Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының «Асар» шағын ауданындағы Бағдарламаға қатысушыларға тұрғын үй сату тәртібі**

23. ӘКК Бағдарламаға қатысушы үшін қарыз беру жөніндегі және Бағдарламаға қатысушыға берілген қарыз қаражатының нысаналы пайдаланылуын және құрылысты бақылау міндеттерін оған жүктей отырып, оператор компанияны айқындайды, сондай-ақ қарыздар беру үшін оператор компанияға ақшалай қаражат бөледі.

24. ӘКК оператор компания мен Бағдарламаға қатысушылар арасында тұрғын үй мен жылыжай құрылысына ақшалай қаражат беру туралы қарыз шарттарының жасалуын қамтамасыз етеді.

Тұрғын үйдің белгіленген алаңынан тыс құрылысы Бағдарламаға қатысушының меншікті қаражаты есебінен қаржыландырылады.

25. Облыстың уәкілетті органы берген тізімнің негізінде оператор-компания он жұмыс күні ішінде әрбір Бағдарламаға қатысушымен тұрғын үй және жылыжай құрылысына қарыз шартын жасасады, онда Бағдарламаға қатысушының Банкпен:

тұрғын үйді салу аяқталғаннан кейін тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың талаптарына сәйкес тұрғын үй мен жылыжай құнының 5%-ы сомасында Банкке бастапқы жарнаны енгізу туралы;

тұрғын үй қарызын алу және тұрғын үй мен жылыжайды кепіл ретінде беру мақсатында тұрғын үй мен жылыжай салу аяқталғаннан кейін тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың талаптарына сәйкес 5,5 жылдан асырмай Банктегі шотта жинақтауды жүзеге асыру туралы шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерін көздейді.

26. Бағдарламаға қатысушы оператор компаниямен қарыз шартын жасасады және жер учаскесіне кепілді қамтамасыз етуді рәсімдейді.

27. Бағдарламаға қатысушы оператор компаниямен және құрылыс салушымен тұрғын үй мен жылыжай құрылысына шарт жасасады.

28. Оператор компания тұрғын үй мен жылыжай құрылысын салу шартының негізінде Бағдарламаға қатысушыға берілген қарыз сомасын құрылыс салушының шотына аударуды қамтамасыз етеді.

29. Бағдарламаға қатысушы құрылыс аяқталғаннан кейін тұрғын үйге және жылыжайға меншік құқығын тіркейді, қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй мен жылыжайды оператор-компанияға кепілге береді.

30. ӘКК тұрғын үй мен жылыжай құрылысы аяқталғаннан кейін тұрғын үй мен жылыжайдың сметалық құны туралы ақпаратты, Бағдарламаға қатысушылардың тізімін он жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке жібереді.

31. Банк ӘКК-ден осы Ереженің 30-тармағында көзделген ақпаратты алған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт жасасады.

32. Банк тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ӘКК мен облыстың уәкілетті органына Келісімге сәйкес Бағдарламаға қатысушылардың шарт бойынша жинақ талаптарын орындағаны туралы ақпарат жібереді.

33. Қаражат жинақтау жөніндегі талаптар бұзылған жағдайда оператор компания қарыз шартын бұзу және тұрғын үй комиссиясы ұсынатын резервтік тізімдегі Бағдарламаға қатысушылармен жаңа қарыз шартын жасау жөнінде шаралар қабылдайды.

34. Банк жаңартылған тізімді алған сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде тізімнен алып тасталған Бағдарламаға қатысушылармен Банк шотындағы ақша қалдығына тең сомадағы соманы қайтара отырып, «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына сәйкес Шартты бұзу рәсімін жүргізеді.

35. Банк жинақтау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде облыстың уәкілетті органы мен ӘКК-ге тұрғын үй қарызын алуға арналған шарт талаптарын орындаған Бағдарламаға қатысушылар туралы ақпарат ұсынады.

36. Бағдарламаға қатысушы Банкке тұрғын үй қарызын алу үшін қажетті құжаттарды ұсынады.

37. ӘКК оператор-компания мен Банк арасында Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне сәйкес талап етуді беру шартының жасалуын қамтамасыз етеді.

Банк талап етуді беру шарты жасалғаннан кейін қарыз сомасын оператор компанияның шотына аударады.

*Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 24-25, 213-құжат.*

## № 175

### **Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуропа қазақтарының Лондон қаласындағы Кіші құрылтайына қатысушыларға Жолдауы**

*Астана, Ақорда*

*22. 05. 2009.*

#### **Құрметті ағайын! Қадірлі бауырлар!**

Сіздерді Лондонда өтіп жатқан Еуропа қазақтарының дәстүрлі Кіші құрылтайының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Осыдан он жыл бұрын атажұрттарыңыз – Қазақстан Республикасының қолдауымен Германияның Кёльн қаласында бастау алған кіші құрылтайлар бүгінде Еуропада тұратын қандастарымыздың басын қосып, топтастыратын ауқымды іс-шараға айналды.

Ел тәуелсіздігінің арқасында Қазақстанда үш рет дүниежүзі қазақтарының басын қостық.

Алыс және жақын шет елдерде тұратын бауырларымызға ұдайы мәдени-рухани қамқорлық жасалып келеді.

Өткен жылы қабылданған «Нұрлы көш» бағдарламасы арқылы алыста жүрген ағайынның ат басын атажұртқа бұруына жағдай жасалуда.

Қазіргі әлемдік дағдарыс Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Еліміз сынақты кезеңнен сүрінбей өтудің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруда. Дағдарысқа қарамастан шетте жүрген бауырларымызбен арадағы байланыс нығая беретін болады.

Жан-жақты қарым-қатынастың одан әрі өрістей беруіне сіздер де елеулі үлес қосасыздар деп сенеміз.

Баршаңыздың отбастарыңызға ырыс-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Дүниежүзі қазақтары  
қауымдастығының Төрағасы**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

№ 176

**Қазақстан Республикасы Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың Моңғолия қазақтарының  
II құрылтайына қатысушыларын құттықтауы**

*Астана, Ақорда*

*23.06.2009.*

**Құрметті ағайындар!  
Қадірлі бауырлар!**

Сіздерді кең-байтақ Моңғолия елінің астанасы Улан-Батор қаласында өтетін II құрылтайдың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Атажұрттарыңыз – Қазақстанның халқы атынан ыстық ықыласты сәлемімді жолдаймын!

Моңғолия қазақтарының мұндай басқосуы алғаш рет 1997 жылы Баян-Өлгий қаласында табысты өтіп еді. Бүгінгі жиын сол кезде бастау алған игі істерді одан әрі жалғастыруға жана серпін береді деп сенемін.

Моңғол халқы өз елінде тұратын қазақтарға әрдайым шынайы жанашырлық танытып, ерекше қамқорлық жасап келеді. Моңғолия қазақтарының ана тілінде білім алып, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлерін ұстанып, дамытуына барлық жағдайлардың жасалып отыруы – осының айқын дәлелі. Біз мұндай шынайы бауырластық қамқорлықты ұмытпаймыз. Ол үшін моңғол халқына әрқашан ризамыз.

Қазіргі кезде Қазақстан мен Моңғолия мемлекеттері арасындағы түрлі байланыстар барынша дамып, жоғары деңгейге көтеріліп келеді. Моңғолия қазақтарының бүгінгі құрылтайы осы достық және бауырластық байланыстардың одан әрі дамып, нығая түсуіне өз ықпалын тигізері сөзсіз.

Қазақстанның құшағы сіздерге қашанда ашық! Екі ел арасындағы барыс-келісіміз ұлғайып, дами берсін! Барлықтарыңыздың отбасыларыңызға бақыт пен жақсылықтар тілеймін!

Құрылтайдың жұмысы мазмұнды да табысты болсын!

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**«Туған жерін аңсамайтын жан бар ма?» атты мерекелік концерт**

*Алматы қ.*

*2010 жыл 18 ақпан*

Биыл қазақтар мекен ететін Баян-Өлгий аймағының құрылуының 70 жылдық мерейтойын атап өтеді. Осыған орай, Алматы қаласында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының ұйымдастыруымен «Туған жерін аңсамайтын жан бар ма?» атты концерттік кеш өтті.

Салтанатты жиында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төралқа Төрағасының бірінші орынбасары Мамашев Талғат Асылұлы жиналған қауымды құттықтады.

Келесі сөз кезегін Моңғолия елінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Хараавчийн Аюурзана алды: Ең алдымен құрметті Президент Н. Назарбаев басқаратын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы осы іс шараны бірлесіп ұйымдастыруға бізге мүмкіндік туғызып, біздерді ағайындарымыз Сіздермен, қазақ халқымен жүздестіріп жатқанына шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Моңғолиядағы қазақтардың тарихы, мәдениеті, тілі мен дінінің сақталуына Моңғолия Өкіметі тарапынан әрқашан ұдайы көңіл бөлініп келді. Қазақстанға көшіп келіп, осында тұрып жатқан біздің бұрынғы азаматтарға Қазақстан Өкіметі үнемі назарында ұстап, оларға қамқорлық танытылып келе жатқанына шексіз ризашылық білдіремін.

Биылғы жыл Баян-Өлгий аймағының құрылуына 70 жыл.

Осы орайды пайдалана отырып, туған аймақтарыңыздың 70 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Келе жатқан ақберен барыс жылында отбастарыңызға бақыт, әлемнің барлық жақсылығын тілеймін. Сіздерге көп-көп рахмет, – деп сөзін қазақша аяқтады.

Сөз кезегі, кезінде Моңғолия Премьер-министрінің орынбасары, Моңғолия Парламенті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған, бүгінде Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зардыхан Қинаятқа берілді.

«Туған жерін аңсамайтын жан бар ма?» атты мерекелік концертке алыстан ат арылтып, Моңғолияның еңбек сіңірген әртісі Дүгэрийн Түвшинбаяр, Е.Хасанғалиев атындағы республикалық конкурстың лауреаты, әнші Алтынгүл Дәлел, ҚХР Іле-Қазақ автономиялы облыстық филармонияның әншісі Елеусіз Сүлейбек пен ҚХР еңбек сіңірген әншісі Ораш Тұрсынбекұлы келіп қатысты.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Моңғолияның халық әртісі Хавлаш Әбікейұлы М. Айтхожаның сөзіне жазылған, Бержан Файзолланың әні «Туған жерін аңсамайтын жан бар ма?» әнімен бастады. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Майра Илиясова, Республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары Өмірқұл Айниязов пен Жандәулет Батайұлы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті, күйші Мешіт Сережат, Қытай Халық Республикасының еңбек сіңірген әртістері Құрманбек пен Риза өз өнерлерімен жиылған халықты тәнті етті.

**В Алматы обсуждена подготовка к IV Всемирному курултаю казахов**

АЛМАТЫ. 16 апреля. КАЗИНФОРМ /Айгуль Турысбекова/ – Руководители казахских общественных организаций ряда зарубежных стран приняли участие в международном «круглом столе» в Алматы, посвященном подготовке к IV Всемирному курултаю казахов.

Так, казахскую диаспору десяти государств Европы представлял председатель Федерации казахов этих стран Абдукаюм Кесижи. Президент Федерально-национально-культурной автономии казахов России Токтарбай Дусенбаев прибыл из Самары. Из Турции прилетел Мустафа Зенгин. От соотечественников Монголии присутствовал член президиума Всемирной Ассоциации казахов Хабсагтар Омар и другие.

На заседании обсудили проект программы будущего курултая, разъяснен порядок формирования зарубежных делегаций и их документов. Даны исчерпывающие ответы на многочисленные вопросы о ходе реализации программы «Нұрлы көш». Было заслушано мнение каждого участника.

В частности, А. Кесижи подчеркнул, что председательство Казахстана в ОБСЕ стало мощным фактором единения европейских казахов, всколыхнуло чувство гордости за свою историческую родину и Первого Президента. По его словам, благодаря телевидению, 15-тысячная казахская диаспора внимательно следит за событиями в Казахстане. Кроме того, регулярно проводит Малые курултай в целях консолидации и решения вопросов возрождения духовной культуры и казахского языка.

Было отмечено, что одной из особенностей IV курултая станет участие казахской молодежи в возрасте до 21 года, широкий диалог старшего и молодого поколения по судьбоносным для народа проблемам. Многие участники курултая впервые придут на историческую родину.

<http://inform.kz./rus/article/2259075>

16.04.2010 / 16:17

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хаты**

*Астана қ.*

*2010 жыл 14 мамыр*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Маңғыстау облысы Ақтау қаласында «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеп, мемлекеттік органдардың қарауына келісу үшін жолдаған болатын.

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі аталған жобаға байланысты Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-ші бабының 4-ші тармағына сәйкес облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың шығыстары, мемлекеттік қызметтер көрсетудің заттай нормалары мен стандарттары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиттері негізінде жоспарланатынын ескертіп отыр.

Осыған байланысты, Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығының штат санының лимитіне 15 маманды енгізу жөнінде республикалық бюджеттен қаржы бөлініп отыр.

Бұл ретте, «Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 427 Жарлығына сәйкес министрліктердің штат саны лимиттерін ұлғайту тек қана Мемлекет басшысының не оның уәкілеттік беруімен Республика Президенті Әкімшілігінің келісімімен жүргізіледі.

Жоғарыдағылар негізінде, Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығының штат саны лимитіне 15 маманды алуға келісім берулеріңізді сұраймыз.

**Министр  
Г. ӘБДІХАЛЫҚОВА**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*



№ 180

Қазақстан Республикасы Президенті  
Әкімшілігі басшысының орынбасары  
Қ. Байбекке жазбахат

Астана қ.

2010 жыл 25 мамыр

Сіздің 2010 жылғы 17 мамырдағы № 2708 тапсырмаңызға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г. Әбдіқалықованың министрліктің штат санын 15 бірлікке ұлғайту мәселесі бойынша 2010 жылғы 14 мамырдағы хатына\* мынаны хабарлаймыз.

Өтініш Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы жаңадан салынған оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында оралмандарға қызмет көрсету және бейімдеу қызметтерін көрсету қажеттілігіне негізделеді.

Қазіргі уақытта орталыққа Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 10 бірлік штат саны бар күшімен қызмет көрсетілуде.

Облыстағы және тұтастай алғанда республика бойынша оралмандарды бейімдеу және кіріктіру мәселесінің әлеуметтік маңызын ескере отырып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің ұсынысын қолдауға болады деп пайымдаймыз.

Сіздің қарауыңызға енгізіледі.

**С.З. ҚАНАЕВ**

Қарар: Келісемін.

**Г.Р. Әбдірахымовқа**

**Г.Н. Әбдіқалықоваға**

**Ж.С. Айтжановаға**

**Б. Байбек (қолы)**

2010 ж. 25 мамыр

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

\* № 179-құжат

№ 181

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 503  
«Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі Көші-қон комитетінің «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру  
орталығы» мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысынан**

*Астана, Үкімет Үйі*

*2010 жыл 2 маусым*

Мемлекет басшысының «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы Ақтау қаласының аумағында «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру» орталығы мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейімдеу қызметтерін көрсету мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі мәні болып белгіленсін.

3. Мемлекеттік мекемені қаржыландыру Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне республикалық бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

[...] 6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
К. МӘСІМОВ**

*Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 2010 ж., № 36. 292-құжат.*

**Из информации Посольства Республики Казахстан в Австрийской  
Республике «О малом Курултае европейских казахов»***г. Астана**16 июня 2010 года*

В период с 21 по 23 мая с [его] г [ода] впервые в Вене состоялся очередной ежегодный малый Курултай европейских казахов [...].

В мероприятии приняли участие представители казахской диаспоры из Австрии, Германии, Великобритании, Швейцарии, Швеции, Дании, Франции, Финляндии, Норвегии, Нидерландов, Турции и Монголии. Наряду с официальными делегатами Всемирной ассоциации казахов и деятелей искусств из Алматы и Астаны во главе с Т. Мамашевым, присутствовали преподаватели ЕНУ им. Л. Гумилева и КазНУ им. аль-Фараби, съемочные группы и журналисты телекомпаний «Caspionet» и «Қазақстан», «Қазақ радиосы», «КазИнформ», «Казахстанская правда» и австрийской газеты «Ди прессе». В целом, в работе малого Курултая приняло участие 900–950 человек.

За «круглым столом» с участием руководителей казахских общин стран Европы обсуждались актуальные проблемы казахских сообществ в Европе [...], взаимодействие с диппредставительствами РК в странах ЕС, визовая политика Казахстана в отношении граждан стран Евросоюза.

Глава Ассоциации европейских казахов Каюм Кессижид заявил, что проведение съездов европейских соотечественников в последние десять лет стало уже доброй традицией, главная цель которых – напомнить молодому поколению о наследии и культуре своего народа. По его мнению, подобные «встречи имеют огромное значение для казахов, живущих вдали от исторической Родины, курултай являются той площадкой, где соотечественники имеют возможность поднять и обсудить самые злободневные проблемы». Представители казахских общин выразили общее желание рассмотреть возможность периодического направления литературы, газет и журналов на казахском языке, получения бесплатных, долгосрочных и многократных виз в Казахстан, а также возможной выдачи им казахстанскими консульствами т [ак] н [азываемого] «қазақ куәлігі».

Первый заместитель председателя Всемирной ассоциации казахов Т. Мамашев отметил высокую политическую и международную значимость председательства Казахстана в ОБСЕ, ознакомил собравшихся с основными положениями ежегодного Послания Президента народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности», сделав особый акцент на вопросах сохранения казахских национальных традиций, а также изучения молодежью казахского языка. Для этого была подчеркнута целесообразность широкого применения интернет – ресурсов и интерактивного обучения. Глава казахстанской делегации проинформировал о проведении с участием Главы государства [...] в Астане IV Всемирного курултая казахов. Он особо обратил внимание участников совещания на необходимость делегирования на Съезд в Астане молодых и перспективных европейских казахов.

[...] В целях дальнейшего укрепления позитивного имиджа нашей страны в евро-

пейском пространстве руководству Ассоциации европейских казахов было предложено активно участвовать в общественно-политической и деловой жизни в странах проживания, а также рассмотреть возможность организации ежегодного конкурса среди европейских казахов на лучшую публикацию в западных СМИ авторских статей и материалов об экономическом развитии, туризме, традиции и культуре Казахстана. [...]

23 мая состоялась официальная и заключительная часть Курултая с участием всех делегатов, членов семей европейских казахов, представителей общественно-политических деятелей и СМИ Австрии, дипломатического корпуса, на которой выступили Посол РК в Австрии Е. Казыханов, депутат венского ландтага В. Халванег, Первый заместитель председателя Всемирной ассоциации казахов, руководитель Ассоциации европейских казахов и глава казахской общины Австрии К. [Қызырхан] Шолпан.

Послом Казахстана была подчеркнута историческая значимость данного мероприятия в Вене в год председательства РК в ОБСЕ, политика Президента РК по укреплению государственного устройства Казахстана и связей европейских казахов с исторической Родиной, сохранению национальных духовных и культурных ценностей. Также участникам встречи продемонстрирован видеоролик о современном Казахстане, розданы имиджевые публикации, журналы и календари, казахско-австрийским культурным обществом «Абай» была организована выставка национальных картин. По окончании состоялся торжественный концерт мастеров искусств Казахстана и творческих групп из Вены и Страсбурга. [...]

В рамках Курултая с участием 12 футбольных команд был организован футбольный турнир. Кубок чемпиона малого Курултая казахов в Вене вручен венской казахской футбольной команде. [...]

Курултай казахов в Вене в очередной раз подчеркнул высокий авторитет Главы государства среди европейских казахов, сплоченность и единство представителей казахской нации за рубежом, и их стремление к поддержанию устойчивых этнокультурных связей с исторической родиной. Казахская диаспора в Европе в год председательства Казахстана в ОБСЕ продемонстрировала свою поддержку казахстанским внешнеполитическим инициативам и всецело одобрила выбранный вектор казахстанско-европейского стратегического партнерства. [...]

**МИД РК\***

*Текущий архив Администрации Президента РК*

---

\* Док. перенаправлен в Администрацию Президента РК

### Представители Всемирной ассоциации казахов посетили районы компактного проживания этнических казахов в России

АЛМАТЫ. 18 июня. КАЗИНФОРМ /Сара Мустафина/ – В рамках подготовки к IV Всемирному курултаю казахов первый заместитель председателя Всемирной ассоциации казахов Талгат Мамашев посетил районы компактного проживания этнических казахов Сибирского и Уральского федеральных округов России.

Первая встреча прошла в Омске, где проживает более 30 тыс. казахов. В фойе Дома учителя Сибирский центр казахской культуры «Мөлдір» развернул выставку народного творчества казахов Омского Прииртышья. Особый интерес вызвала выставка «Н.А. Назарбаев – Лидер Нации», на которой были представлены книги Первого Президента РК, изданные на разных языках в разных странах. Была организована продажа учебников, дисков с компьютерной программой уроков казахского языка, разработанной специально для зарубежных соотечественников Всемирной ассоциацией казахов. Бесплатно распространялись издания Ассоциации: «Памятка об условиях переселения и участия этнических казахов в программе «Нұрлы көш» на 2009–2011 гг.», книги, журналы «Туған тіл» и «Алтын Бесік» на трех алфавитах казахского языка.

Молодежь интересовалась возможностью получения высшего образования в Казахстане за счет программы поддержки соотечественников за рубежом, конвертируемости казахстанских и российских дипломов, перечнем документов для переезда в Казахстан, льготами для репатриантов, их правами и обязанностями в свете программы «Нұрлы көш».

Т. Мамашев посетил также консульство Казахстана<sup>1</sup> в Омске, побывал в кадетском корпусе, в котором учился Чокан Валиханов<sup>2</sup>, ознакомился с состоянием изучения казахского языка в ауле Домбай Марьяновского района.

Т. Мамашев также побывал в Курганской области. Вместе с губернатором Олегом Богомоловым он посетил подворья общественных национальных организаций, где были продемонстрированы кухня народов, народное творчество, обряды, традиции. Среди подворий азербайджанцев, армян, евреев, немцев, башкир, чеченцев, ингушей, украинцев и татар выделялись казахские юрты и предметы традиционного быта казахов. Губернатор особо подчеркнул: «Исполнительные и законодательные органы государственной власти поддерживают усилия национальных общественных объединений, направленные на сохранение и развитие традиционных ценностей, праздников и языков всех этносов края».

На территории Курганской области проживает 14,8 тысячи казахов и действует несколько национальных общественных организаций казахов. С 2002 года издается областная газета на казахском и русском языках «Бірлік». Казахский язык преподается факультативно в общеобразовательной школе Петуховского района и в воскресной школе при национально-культурной автономии казахов в Кургане.

Кроме того, Т. Мамашев совершил поездку в Тюменскую область, где проживает более 18 600 казахов. Первым городом встречи с этническими казахами стал Ялуторовск, известный в истории как место ссылки декабристов. К казахской националь-

но-культурной автономии Ялуторовска, Ишима, Сургута присоединились и другие национально-культурные центры.

После Ялуторовска его путь лежал в Тюмень. Здесь представителя Всемирной ассоциации казахов встретили вице-губернатор Тюменской области Сергей Сарычев и председатель областного Комитета по делам национальностей Евгений Воробьев. По их словам, лидеры местных казахов вхожи в кабинеты власти, имеют авторитет, экономически состоятельны, хорошо осведомлены о Казахстане. Выяснилось, что многие казахи с высшим техническим образованием работают в нефтегазовой отрасли Тюменской области, но готовы переехать из Сургута на историческую родину. Вопросы вызова и трудоустройства по специальности названы в числе первоочередных задач.

На всех встречах были затронуты вопросы подготовки к IV Всемирному курултаяу казахов. И везде преобладала молодежь. Это не случайно: особенность очередного Курултая казахов связана с представительством молодежного крыла для разговора по судьбоносным для этноса проблемам в условиях глобализации.

<http://inform.kz./rus/article/2279444>

18.06.2010 / 13:41

## № 184

### **Всемирная ассоциация казахов приняла участие в праздновании 70-летия Баян-Ульгийского аймака Монголии**

Делегация Всемирной ассоциации казахов вернулась из Монголии, где приняла участие в праздновании 70-летия создания Баян-Ульгийского аймака\*. Об этом корреспонденту Казинформа рассказала директор аналитического центра Всемирной ассоциации казахов, кандидат исторических наук Кулгазира Балтабаева.

«Этот аймак (регион) имеет уникальные геополитические координаты, в которых сфокусированы интересы четырех соседних стран – Монголии, России, Китая и Казахстана. Дело в том, что аймак граничит с Кош-Агачским районом Республики Алтай Российской Федерации, где большинство населения составляют этнические казахи. Такая же ситуация и в китайском регионе Алтай СУАР КНР. Поэтому на юге Алтайской горной системы – Большого Алтая до сегодняшнего дня сохраняется ситуация этнического доминирования казахов, несмотря на их репатриацию в Казахстан», – рассказывает К. Балтабаева.

По ее словам, на праздник, кроме многочисленных гостей из разных регионов Казахстана, прибыли чиновники высшего ранга из Республики Алтай, Монголии и региона Алтай СУАР КНР. «Народу на торжественном собрании в Драматическом театре было – яблоку негде упасть. Около 80 граждан Монголии, среди них большинство казахи, были награждены медалями за вклад в развитие Баян-Ульгийского аймака», – отметила она.

В рамках праздника прошла выставка прикладного искусства члена Союза ху-

дожников Казахстана и Монголии, деятеля культуры Казахстана, доцента Академии искусств имени Т. Жургенова Омирзака Рыстан.

«По заявке монгольской стороны, Всемирной ассоциацией казахов был организован гала-концерт мастеров искусств. Всех гостей удивило яркое красочное театрализованное представление о кочевом образе жизни, занятиях казахов и истории освоения аймака с 1860 года по настоящее время. Стадион, рассчитанный более чем на 10 тысяч человек, фактически принял вдвое больше. Милиции чудом удалось удержать зрителей при появлении на сцене народной артистки Казахстана, лауреата Госпремии Макпал Жунусовой. Восторженно встречали и деятеля культуры Казахстана Мерует Башай, уроженки Монголии, а также лауреата международных конкурсов Омиркул Айниязова», – поделилась впечатлениями К. Балтабаева.

По ее словам, даже в праздник не обошлось без рабочих поездок. Так, первый заместитель председателя президиума Всемирной ассоциации казахов Талгат Мамашев посетил филиал Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова в Баян-Ульгийском аймаке.

Наконец-то, отмечает К. Балтабаева, существование столь востребованного филиала узаконено двумя сторонами на уровне министерств. Отремонтированы двухэтажный корпус и спортивный зал, заменены окна, двери, парты, закуплены компьютеры и даже постельные принадлежности для студентов.

Ректор университета выделил 25 грантов. В филиале сейчас работают 15 преподавателей, выпускники казахских школ обучаются на родном языке сначала дома, а затем продолжают образование на курсах в Усть-Каменогорске. На следующий год запланировано строительство отдельного общежития и стадиона.

«У казахской молодежи есть возможность получить высшее образование в Монголии только на монгольском языке, поэтому сохраняется высокая востребованность казахстанского образования, в том числе по государственным грантам на родном языке», – считает она.

Также Т. Мамашев провел встречи с казахским активом, разговор шел о ходе выполнения программы «Нурлы кош». Участники встречи поделились своими проблемами, обсудили возможные пути их решения. Как известно, казахи традиционно занимаются скотоводством в Монголии, а также представлены в металлургической и горнодобывающей отраслях. По информации акима аймака, из-за джута казахи потеряли около 180 тысяч голов скота.

В Монголии нет рынка для сбыта скота, отсутствует местная переработка молока, не производится масло, поэтому на прилавках преобладает российская продукция. На экспорт в Китай идет козий пух, скот – в Россию. К сожалению, до сих пор не построена дорога Казахстан – Монголия. Все эти проблемы были озвучены на встрече.

Т. Мамашев считает, что на базе филиала Восточно-Казахстанского университета целесообразно открыть курсовую подготовку молодежи по рабочим специальностям – маляры, строители, мастера по ремонту оргтехники, телевизоров, холодильников. Тогда при переезде на историческую родину молодые люди могли бы претендовать на работу с казахстанским сертификатом и отвечать требованиям программы «Нурлы кош».

В ходе рабочей поездки были подтверждены сводки о желающих переехать в Казахстан, списки переданы казахстанской стороне. «По мнению Т. Мамашева, особое

внимание надо уделять тем казахам, которые живут во внутренних районах Монголии в инонациональной среде, где есть языковые проблемы и угроза ассимиляции. Так, около 20 тысяч казахов живут в Улан-Баторе и его округе, 20 тысяч – в аймаке Хобд, около 3 тысяч казахов – в междуречье Селенги и Орхона, во втором по величине городе Монголии – Эрденете», – сказала К. Балтабаева.

В рабочем порядке с активом были обсуждены также программные установки IV Всемирного курултая казахов. «Активисты назвали среди потенциальных делегатов ярких представителей казахского народа, и, несомненно, в Астану прибудут истинные его патриоты», – подытожила она.

<http://www.inform.kz/rus/article/2290062>

27 Июля 2010, 18:38

---

\* 20-23 июля 2010 г.

## № 185

### Продолжаются поездки по России – Всемирная ассоциация казахов

АЛМАТЫ. 12 августа. КАЗИНФОРМ /Сара Мустафина/ – В рамках подготовки к IV Всемирному курултаю казахов первый заместитель председателя Всемирной ассоциации казахов Талгат Мамашев 4–8 августа т.г. посетил Саратовскую, Самарскую и Оренбургскую области России, где проживает более 220 тысяч наших соотечественников.

Так, 4 августа в городе Маркс состоялась первая встреча с участием более 400 казахов из шести районов Саратовской области. Достижения Казахстана в реализации политики Президента страны, председательство в ОБСЕ, новые инициативы Главы государства на международной арене, гуманитарное сотрудничество с Россией, социально-экономическое и культурное развитие казахской диаспоры за рубежом, особенности региональных программ «Нурлы кош» по репатриации на историческую родину, обучение молодежи в Казахстане, подготовка к очередному Курултаю казахов – эти и другие вопросы были обсуждены на встрече.

В Саратовской области, где проживает 80 тыс. казахов, общественные организации проводят при поддержке местной власти разностороннюю работу по сохранению национальной культуры. Местный общественный фонд «Духовное возрождение» возглавляет крупный фермер Бисимбай Шарлапаев. Месяц назад в селе Кировское Марковского района при поддержке фонда появилась новая мечеть с медресе, где будет проводиться обучение казахскому и арабскому языкам.

Вторым регионом посещения стала Самарская область. Затем на машине были пройдены 700 км до Оренбургской области, где сосредоточена вторая по численности казахская община в более чем 130 тыс. человек.

В первой столице советского Казахстана<sup>1</sup> Т. Мамашев посетил казахское подворье, открытое в августе 2007 года в великолепном этнокультурном комплексе «Национальная деревня» в составе библиотеки, музея казахской культуры, быта и этно-



графии, а также редакции газеты «Жана Айкап» («Новый взгляд»). Газета выходит с 1991 года дважды в месяц тиражом 1 100 экземпляров при поддержке местных властей.

Основная встреча с казахским активом Оренбургской области прошла в городе Орске, который удобно стыкует семь районов компактного проживания казахов. На встрече присутствовали мэр города, представители местной администрации. Следующее собрание состоялось в 70 км от Орска в мечети села Кусем. Эту мечеть в память о своем деде построил известный фермер и общественный деятель Азамат Байдаулетов.

Традиции национального образования возрождены в дошкольных и школьных учреждениях Оренбургской области. В Домах культуры работают 69 казахских фольклорных творческих коллективов. Учителей для казахских начальных классов готовят педагогический колледж № 3 Орска и Энгельское педагогическое училище Саратовской области.

Тем не менее, есть проблемы, требующие решения на государственном уровне: преодоление культурно-языковой уязвимости в сфере родного языка и поддержка национального образования, получение высшего образования молодежью, ее трудоустройство, отсутствие телепередач и прессы из Казахстана, деятельность таможи.

<http://inform.kz/rus/article/2293976>

12.08.2010 / 10:55

## № 186

### **Казахская молодежь России примет участие в спортивной программе Всемирного Курултая казахов**

В преддверии IV Всемирного Курултая казахов 13–14 августа 2010 года состоялись отборочные состязания по футболу с целью формирования членов сборной команды от российских казахов для участия в спортивной программе Курултая в Астане.

Казахи из Москвы, Новосибирска, Омска, Самары съехались в город Маркс, что в Саратовской области. Все тренеры выдержали требования Оргкомитета Курултая: спортсмены должны быть 1990–1993 годов рождения.

В товарищеских встречах в Марксе участвовали 4 команды, так как из молодежи Москвы и Новосибирска была сформирована одна команда. В составе 19 футболистов прибыли омичи под руководством Заслуженного деятеля Казахстана Алтынай Жунусовой, бессменного руководителя Сибирского центра казахской культуры «Мөлдір». Им пришлось в невыносимую жару преодолеть долгий путь на автобусе в течение 36 часов. Но именно сибиряки оказались на высшей ступеньке пьедестала победителя! Заслуженно омичам вручен кубок за первое место.

Второе место досталось хозяевам – сборной команде Саратовской области. Третье – сборной Москвы и Новосибирска и четвертое место – футболистам Самарской области. Медали, грамоты в номинациях «Лучший защитник», «Лучший нападающий» были вручены футболистам в торжественной обстановке.

Такое мероприятие в российском масштабе проведено впервые. Остались доволь-

ны и молодежь и ее наставники. Они подружились на гостеприимной саратовской земле и уверены, что здесь положено начало новой спортивной традиции. У них есть еще время оттачивать свое мастерство. Соперниками российских казахов станут шесть команд: по одной из Узбекистана, Монголии, Китая, Турции и две молодежные команды представляют казахи Европы.

Всю организационную, финансовую поддержку взял на себя фонд «Духовное возрождение», который возглавляет известный бизнесмен, фермер и общественный деятель Саратовской области Бисимбай Шарлапаев.

*http://www.kazakh-tili/?show=news&id=1551*  
18/08/2010

## № 187

### **Всемирная ассоциация казахов инициирует проведение IV Всемирного курултая в год 20-летия Независимости РК**

АЛМАТЫ. 14 сентября. КАЗИНФОРМ /Сара Мустафина/ – Всемирная ассоциация казахов инициирует проведение IV Всемирного курултая казахов в год 20-летия независимости РК. Основная подготовительная работа к мероприятию вступила в стадию завершения.

По мнению представителей Ассоциации, присутствие казахской диаспоры на главном празднике нашего молодого государства вполне закономерно. Именно обретение Казахстаном своего суверенитета положило начало восстановлению исторической справедливости в диалоге и сотрудничестве с зарубежной казахской диаспорой, репатриации казахов на историческую родину. Как известно эта работа велась и идет в соответствии с миграционной политикой, провозглашенной Президентом страны Нурсултаном Назарбаевым на I Всемирном курултае казахов в Алматы.

Как отметила директор Аналитического центра Всемирной Ассоциации казахов, кандидат исторических наук Кулгазира Балтабаева, изменение сроков проведения курултая имеет и объективные причины. Дело в том, что в текущем году в столице Казахстана запланированы различные мероприятия международного масштаба с участием руководителей государства, министерств и ведомств многих стран мира.

Большая ответственность на нашу страну возлагается как на председателя ОБСЕ. Так, впервые в истории стран Центральной Азии саммит ОБСЕ пройдет в Астане 1–2 декабря т.г. В прошлом даже могущественный СССР ни разу не был удостоен чести провести в Москве подобное совещание. Поэтому для Казахстана саммит крупнейшей международной организации становится по праву самым главным событием уходящего года, экзаменом как для всего государства, так и для каждого его гражданина, подчеркнула К. Балтабаева.

Ходатайство Всемирной ассоциации казахов об утверждении новой даты проведения IV Всемирного курултая казахов направлено в Администрацию Президента РК. О принятом решении будет сообщено дополнительно. Ранее мероприятие планировалось провести в Астане осенью этого года.

*http://inform.kz./rus/article/2303412*  
14.09.2010 / 18:03

### Тәжікстандағы қазақтар

Тәжікстанда тұратын қазақ диаспорасының бүгінгі күнгі тіршілігімен танысу мақсатында 2010 жылғы 20–27 қыркүйегінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қызметкерлері осы елде іс-сапармен болды. ДҚҚ-ның өкілдері К.Н. Балтабаева мен Б.Уатқанды Тәжікстан Республикасындағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі Ахметов Әбутәліп Ібіжанұлы қабылдады.

Тәжікстанда жеті жыл азаматтық соғысы болған. Соның салдарынан Тәжікстандағы қазақтардың көбі Қазақстанға оралды. Қазір Тәжікстанда 936 қазақ ғана қалған. Олар Душанбеде 185 қазақ, Соғды облысында 350 қазақ (37,39%), Хатлон облысында 311 (33,55%), республикалық дәрежедегі 9 ауданда 87 қазақ (9,30%), ал Таулы Бадақшан облысында небәрі 3 қазақ ғана өмір кешуде. Осында қалған қазақтардың көбі биік таулы жерлерде мал өсірумен айналысады.

Осыдан үш жыл бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Тәжікстанға ресми сапармен келген кезінде осы елде қазақ мәдени қоғамдық бірлестіктің ашылуын құптап, «Байтерек» деген ат беруді ұсыныс еткен.

Тәжікстан қазақтарының «Байтерек» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Зәуре Саминова ханым өз кезегінде былай деді: «Біздің қандай мұңымыз барын, не істеп жатқанымызды білу үшін Қазақстаннан бізді іздеп келіп отырған Қауымдастық өкілдеріне рахмет. Тәжікстандағы қазақтар Қауымдастық және Елшілікпен бірлесіп, осы ғимаратты жалға алу үшін ай сайын 1000 АҚШ долларын төлейміз. Бұл өте қиынға түсіп отыр. Тәжікстандағы қазақ диаспорасының басқа елдердегіден ерекшелігі сол, негізінен 70 пайызы әйелдерден құралған. Себебі айтпаса да түсінікті болар, жесірлеріміз баршылық. Тәжікстанда қалған ат төбеліндей аз қазақтың біраз қиындықтарға душар болып жатқаны жасырын емес. Сондай-ақ, мемлекеттік және жергілікті әкімшілік жұмыстарында ешкім жоқ, көбісі қарапайым шаруада. Бұған дейін мемлекеттік қызметте жұмыс істеп жүргендерінің барлығы дерлік қысқартуға бірден іліккен. Қазір жоғары немесе орта лауазымды бірде бір қазақ жоқ. Ең бер жағы халықаралық спорт мастери, ауыр атлетика шебері, Азия ойындарының қола медалінің иегері Марат Ыдырысов бір жылда 28 медалист, 9 алтын алған балаларды тәрбиелеген. Осы азамат өзінен 6000 АҚШ долларын жұмсап, спорт кешенін күрделі жөндеуден өткізсе де оның еңбегі ескерусіз қалдырылып, жуықта осы жұмысынан қысқартуға енді. Осындай мысалдар көп. Бүгін осы кездесуге қоғамның негізгі белсенді мүшелері қатысуда, ауыл жақпен байланысу қиынға түсті. Мақта жинау ісі басталды дегендей. Бұл жақта саяси жағдай да оңып тұрған жоқ. Сондықтан бір-бірімізбен телефон арқылы ғана хабарласудамыз. Осындағы ағайындар қоғамымызға шама-шарқынша көмек беріп отырады».

Тәжікстан қазақтары үшін ең өзекті мәселелердің бірі – көші-қон мәселесі болып отыр. Елшіліктің көмегімен Жамбыл облысы Байзақ ауданы және Ақмола облысының Көкшетау қаласына барған ағайындар жақсы орналасыпты. Тәжікстанда аралас отбасы өте көп. Бұлардың балаларының кейбірі Қазақстанға десе, кейбірі Тәжікстанда қалуды қалайды, осылай отбасылар бөлінуде. Олардың көп сұрақтарының бірі – ара-

лас отбасы мүшелері мемлекеттік квотаға ене ала ма, олар Қазақстан азаматтығын алу мүмкін бе дейді. Кезінде басқа ұлт болып жазылып кеткен қазақтар мұрағаттан іздетіп өз ұлтын қайта жаңғыртып алып жатыр. Азаматтық соғыс уақытында Хатлон облысындағы мұрағат өртке жанып кеткен себепті, бұл мәселенің күрделі болып жатқан жайы бар. Ал, Қазақстан мұрағатынан мәлімет алу үшін көптеген ақша төлеу керек. Осының дәлелі ретінде бүгінгі кездесуге келген Теңізбаев Романды атауға болады. Ол – қазақ бола тұра құжатында украин болып жазылғанын қайта жөндетіп, дұрыстап жасатып алыпты. Бірақ оның тұңғышы украин, ал Америкада оқитын кенжесі орыс болып жазылған. Енді осы құжаттарын қайта қалпына келтіруге көптеген қаражаттың керектігін, қаншама уақытының бекерге кететінін ойлап, сары уайымға салынууда... Шетелдегі этникалық қазақтар үшін әлі де болса «Нұрлы көш» бағдарламасында өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ары-қарай жалғасын тапса деген ұсынысымызды айта кетуді жөн санаймыз.

Елге көшкісі келетіндердің түрлі себептері баршылық, кейбірінің қалтасы көтермейді, кейбірінің ұлты басқаша болып жазылып кеткен. Биылғы жылы Көкшетау маңындағы «Қызыл жар» қалашығына қоныстанғанына ағайындар дән риза. Олар келе сала 2 айдың ішінде азаматтық та, үй де алған. Бұл жақтан кеткенде тәжіктің ұлттық киімдерін киіп, жұпыны барған кейбір ағайындар Қазақстанда жаңа ортаға тез бейімделгені байқалған. Олардың көңіл күйлері жақсарып, киім киіс, жүріс тұрыстары еуропаша болғанын Тәжікстанда қалған қазақтар айтады. Отан – оттан да ыстық демекші, көңіл күйдің өзі адамдарға күш-қуат бергені түсінікті. Демек, Елшілік арқылы жүзеге асып отырған осы істі оңға қарай жалғастыра беру түсінікті де! Бірақта бұлардың атажұртқа көшіп келу мәселесінде машақат өте көп. Қазақстанмен арада тікелей шекара жоқ, Өзбекстан арқылы не поезд, не автобус жүрмейді, ал тікелей ұшақпен көшіп келуге мүмкіншіліктері шектеулі. Өзбекстан шекарасында көретін азаптарын айтып, зар илейді. Олар елге оралуды мақсат етіп отыр. Балаларының болашағына алаңдайтындықтарын білдірді. Осындай мысалдар көп. Сондықтан да «Нұрлы көш» бағдарламасы әлі де болса пысықтауды қажет етеді.

*Толық шықты: Туған тіл. № 2. 2010. 64–72 бб.*

## № 189

### **Представители Всемирной Ассоциации казахов в течение недели\* работали среди казахской диаспоры Республики Таджикистан**

Накануне распада СССР казахи здесь были девятой национальностью по численности. Массовый исход казахов был спровоцирован гражданской войной 90-х годов прошлого века, политической и экономической нестабильностью Таджикистана. Казахстан, не имеющий общей границы с ним, смог в кратчайший срок организованно переселить и обустроить на исторической родине 2752 казахских семей в составе 11657 человек. 95% репатриантов отдали предпочтение Южному региону Казахстана.

Итоги первой переписи населения независимого Таджикистана 2000 года свидетельствуют о серьезных изменениях в демографической ситуации. Так, число многочисленных этнических групп уменьшилось до девяти, но в их число уже не входят казахи.

Представители Всемирной Ассоциации казахов были приняты Чрезвычайным и Полномочным Послом Казахстана в Таджикистане Абуталипом Ахметовым. Посол проинформировал о координационной деятельности с казахской диаспорой, высоко отозвался о кропотливой работе на общественных началах руководителя и актива объединения казахов Таджикистана «Байтерек»<sup>1</sup> и общества дружбы «Таджикистан-Казахстан»<sup>2</sup>.

На встречу с представителями Всемирной Ассоциации казахов\* прибыли казахи не только из Душанбе, но и Хатлонской и Согдийской областей. С большим вниманием они прослушали информацию о Казахстане, о Послании Президента «Новое десятилетие – новый экономический подъем-новые возможности Казахстана», о новых международных инициативах Главы нашего государства, о будущем Саммите ОБСЕ в декабре текущего года в Астане и IV Всемирном Курултае казахов в 2011 году, о ходе выполнения программы этнической репатриации, в частности, новой программы «Нұрлы көш» на 2009–2011 годы.

Вопросам не было конца, очевидно, и потому, что на медиа-рынке Таджикистана отсутствует пресса из Казахстана. Без преувеличения можно сказать, что всех обрадовал и личный подарок Мурата Ауэзова – Президента общественного Фонда имени Мухтара Омархановича Ауэзова. Так, по запросу «Байтерек», в Душанбе были доставлены фильм «Трагедия Триумфатора» Александра Головинского (Казахфильм, 2009 г.) и роман-эпопея «Путь Абая» в переводе Анатолия Кима.

Директор научной библиотеки Кульжихан Абугалиева также передала из Алматы книжную посылку для студентов. Это книги по фольклору, изобразительному искусству казахов, воспоминания о первом Президенте республиканской Академии наук академике К.И. Сатпаеве<sup>3</sup>. В последующие дни мы стали свидетелями, как статьи о Каныше Имантаевиче, читали и копировали геологи – члены общества дружбы «Таджикистан – Казахстан».

По предложению взрослых решено было провести отдельную встречу с учащимися старших классов и студентов из числа этнических казахов, ибо всех затронула информация о правилах поступления и получения образования зарубежной казахской молодежи в Казахстане.

И такая встреча состоялась. Она показала, что некоторые старшеклассники хотят поступить в колледжи Казахстана, чтобы затем получить высшее образование, не теряя учебный год на подготовительных курсах. По их информации, приезжающие студенты из Казахстана, отмечали незнание ими методики тестирования и проблемы по многим предметам (математика, казахский и английский языки) из-за низкого уровня обучения на русском языке в Таджикистане. Пройдя социализацию в вузе, свое будущее они связывают с получением гражданства Казахстана.

«Байтерек» не финансируется ни Казахстаном, ни Таджикистаном. Здесь объединены патриоты, энтузиасты, бывшие педагоги, инженеры, тренеры, психологи, врачи, научные сотрудники со страстным стремлением приобщиться к процессам, происходящим в Казахстане. Казахи, навсегда покидающие Таджикистан, как правило, сбор и оформление документов репатриантов по программе «Нұрлы көш» готовят при поддержке и консультации «Байтерек». В последнее время с ним плотно стали работать департаменты по миграции Западно-Казахстанской и Акмолинской областей РК. Здесь многие получают помощь и в розыске родственников в Казахстане,

да и в самом Таджикистане, пережившем военные конфликты. Даже по вопросам изменения национальности в документах многие метисы, записавшиеся по разным причинам русскими, узбеками, таджиками, сначала обращаются в «Байтерек», куда приносят свои документы, в том числе архивные, доказывающие их казахские корни в дореволюционное или в советское время. Многих интересовал вопрос: как перебраться членам таких смешанных семей по государственной квоте и возможно ли получение ими гражданства Казахстана?

Опросы показали, что тенденция к исходу казахов на историческую Родину возобновлена. Многие имеют достоверную информацию об успешной адаптации с уст первых переселенцев. Но, оставшиеся в сельской местности, уповают на программу «Нұрлы көш», ибо не располагают финансовыми средствами самостоятельно осуществить переезд. Список потенциальных репатриантов передан в Комитет по миграции.

<http://www.kazakh-tili.ru/?show=news&id=1597>

\* 20-27 сентября 2010 г.

\*\* К.Н. Балтабаева, Б. Уаткан

## № 190

### **Ассоциация казахстанцев во Франции принята во Всемирную Ассоциацию казахов**

АЛМАТЫ. 12 октября. КАЗИНФОРМ /Сара Мустафина/ – Удовлетворено ходатайство Ассоциации казахстанцев во Франции о ее приеме в ряды Всемирной ассоциации казахов.

Ассоциация казахстанцев во Франции создана и зарегистрирована в Париже 17 июля 2010 года. Ее основателями выступили ученые, инженеры, экономисты, юристы, философы, артисты, предприниматели, эксперты международных организаций, которые живут и работают во Франции. На общем собрании членов Ассоциации (их сейчас более 50 представителей различных национальностей) временно исполняющим обязанности председателя избран доктор экономических наук, профессор, известный дипломат и бизнесмен Берлин Иришев.

<http://www.inform.kz/rus/article/2311912>

12.10.2010 / 15:11

**Приветствие Всемирной Ассоциации казахов участникам Международного научно-практического семинара «Казахстан и Россия: научное и культурное взаимодействие и сотрудничество»**

г. Алматы

3 декабря 2010 г.

**Уважаемые участники Международного научно-практического семинара!**

По сложившейся доброй традиции семинар<sup>1</sup> продолжает развивать диалог между учеными России и Казахстана, между властью и обществом по вопросам, волнующим каждого неравнодушного человека, обладающего чувством гражданской ответственности.

Отрадно отметить, что именно на омской земле появились первые казахские общественные организации в области сохранения и развития национальной культуры и родного языка в России. Сегодня они – активные члены Всемирной Ассоциации казахов, деятельностью которой руководит Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев.

Неоценим вклад ученых-историков и этнографов Омского государственного университета имени Ф.М. Достоевского, Омского филиала Института археологии и этнографии Сибирского отделения Российской Академии наук в проведении научных экспедиций в районы компактного проживания казахов Западной Сибири, архивных и исторических исследований.

Всемирная Ассоциация казахов заинтересована в поступательном развитии казахских национально-культурных автономий как институтов гражданского общества, в организации научных исследований по истории и современному социально-экономическому и политическому положению казахской диаспоры, в том числе и в России, где проживает четвертая по численности казахская община после Казахстана, Китая и Узбекистана.

Опыт взаимодействия казахстанцев и россиян как культурно-политических общностей представляет практический интерес. Нарботанный опыт становится хорошим подспорьем в повседневной практике, которая требует осмысления на каждом новом этапе развития. Поэтому организация и проведение подобных семинаров дает толчок развитию научного и международного сотрудничества, а также способствует воспитанию в обществе уважения к национальным обычаям, особенностям и складу характера народов, проживающих в наших государствах и, тем более, в приграничных регионах.

Хотелось бы пожелать всем участникам семинара плодотворной работы и приятного общения!

**Т.А. МАМАШЕВ**

**Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Ресей қазақтары қоғамдық ұйымдарының Самара облысында өткен жиналысы туралы ақпараты***Алматы қ.**2011 жыл 29 наурыз*

Қазақ даласымен жиектесе орналасқан көршілес елдер ішінде Ресей ерекше маңызға ие. Қазақтар санының көптігі жөнінен бұл ел Қазақстан, Қытай мен Өзбекстаннан кейінгі төртінші орын алады. Көпұлтты Ресейдің өз ішінде де қазақтар адам саны жөнінен он бірінші орында тұр. Ұлттық автономиялар саналатын удмурт, мариликтер, кабардин, осетин, бурят, якут, еврей, қалмықтар да ресейлік қазақтардан аз. Ресейдегі түркі халықтары ішінде біздің қандастарымыз татар, башқұрт, чуваш халқынан кейінгі төртінші ірі этнос саналады. Қазақтар Орынбор, Омбы, Астрахань, Саратов, Челябин, Қорған, Волгоград облыстарында, Алтай өлкесі мен Алтай Республикасында жиі қоныстанған. Алайда, Қосағаш ауданынан басқа жердің бәрінде де олар этникалық көпшілік саналмайды.

Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайы қарсаңында Самара облысының Красный Яр ауданы орталығында Ресей қазақтары қоғамдық ұйымдарының жиналысы өтті. Жиналысқа Ресейдің түрлі өңірлерінен келген 70-тен астам адам қатысты. Мәскеуден Ресей Федерациясының аймақтық даму министрлігінің өкілі арнайы келді. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы талдау орталығының жетекшісі Күлғазира Балтабаева қатысты.

Ресей қазақтарының Федералдық ұлттық-мәдени автономиясы ұйымдастырған бұл басқосуда диаспора қоғамдық ұйымдарының бірігіп қызмет ету проблемалары сөз болды, автономия президенті Токтарбай Дүсенбаевтің есебі бекітілді, автономия қызметінің 5 жылдық мерейтойын мерекелеуді ұйымдастыру комитетінің мүшелерін белгіледі. Әсіресе, үстіміздегі жылдың 25-27 мамырында Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті және Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығы Төралқасының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен өтетін әлем қазақтарының IV Құрылтайына әзірлік барысына ерекше мән берілді.

Жастардың ана тілін игеру мәселелері әрбір ұлттық-мәдени автономия мен мәдени орталықтар назарынан тыс қалған емес. Олардың бәрінде жастармен жұмыс істейтін арнаулы секторлар бар. Самара аймақтық «Ақ жол» ұлттық-мәдени автономиясы осы реттегі іс-тәжірибелерін ортаға салды. Автономияның «Қайрат» жастар тобы өз құрамына 600-ден астам қазақ жастарын біріктіреді. Жиналыс делегаттары «қайраттықтарға» үлкен сенім білдіріп, топтың 20 адамын ұйымдастыру комитетінің мүшелігіне өткізді.

Красный Ярдағы жастар қозғалысына Орынбор, Омбы, Новосибирск, Вологда, Саратов, Мурманск, Челябин, Түмен, Магнитогорск аймақтары өкілдері де қатысты. Үш күнге созылған танысып-білісу түрлі іс-шаралар арқылы тереңдей түсті. Самар жеріндегі басқосуда «Golden Жастар–2011» кешенді бағдарламасы жүзеге асырылды. Бағдарлама аясында автожарыс, «Қазақ аруы» конкурсы өткізіліп, «Киіз үй» лагері ұйымдастырылды. Мұның бәрі жастардың творчестволық белсенділігін арттыруға, көпұлтты Ресей қоғамында қазақ жастарының жақсы бейнесін қалыптастыруға оң әсер етпек.



Жиналысқа қатысушылар алаңдаушылық білдірген жайттар да аз болған жоқ. Оқу-ағарту саласында, күнделікті тұрмыста қазақ тілінің қолданылу аясы кеміп бара жатқандығына реніш жиі естілді. Саратов облысындағы «Зоринск» жабық акционерлік қоғамының Бас директоры, ауылшаруашылығы ғылымының докторы, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ауылшаруашылығы қызметкері Бейсенбай Насырұлы Шарлапаев «Golden Жастар–2011» кешенді бағдарламасын жастардың ана тілін игеруіне түгелдей арнауды ұсынды. Тіпті, автожарыстың өзін Алтай өлкесінде өткізген жөн екендігін айтты. Себебі, миллионнан астам қазақ ұлтының өкілі тұратын Ресейдегі небәрі екі қазақ мектебі де осы өңірде. Жиналысқа қатысқан Алтай өлкесінің Құлынды ауданындағы «Қарақол» қазақ мектебінің директоры, жергілікті ұлттық-мәдени автономия жетекшісі Нұрғайша Ғайсақызы Баринаова да жоғарыдағы пікірді құптап, жастарды Керей ауылына шақырды. Қазақ жастарының ұлттық мәдениетті, тілді игеруіне қолдау көрсететін іс-шараларды қаржыландыру көздерінің тапшылығы тежеуші факторға айналуда. Жастар қозғалысының кең қанат жаюына қала мен ауылда бірдей қол жеткізу қиын болып отыр. Ресей қазақтарының 67 пайызы ауылдық жерлерде тұрады.

Жиналысқа қатысушылар, оның ішінде, Самара, Магнитогорск, Саратов, Түмен, Орынбор өңірлерінің іскер азаматтары жастар жобаларына қаржылай көмек беруге әзірліктерін білдірді. Мәскеу қаласындағы Ұлтаралық футбол лигасы кубогінің бірнеше рет жеңімпазы – «Мұрагер» командасы негізінде жасақталатын «Ресей қазақтары» командасына көмектесу де қарастырылды. Әлем қазақтарының IV Құрылтайы аясында кездесетін командалар арасында «Ресей қазақтары» жеңімпаз атанатынына самаралықтардың сенімі мол.

Красный Яр ауданы орталығындағы Наурыз мейрамын мерекелеуге Самара облысындағы 12 аудан жетекшілерінің түгел келіп атсалысуы Алматыдан, Қазақстаннан барған біздер үшін өзгеше әсер етті. «Жеті қазына» композициясы, Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арналған алты қанатты Музей үйі, Абай, Сырым<sup>1</sup>, Құрманғазы, Әбілқайыр хан<sup>2</sup>, Жәңгір хан<sup>3</sup> есімдерімен аталған ақбоз үйлі ауылдар, «Айгүл», «Ақбұлақ» ансамбльдері, «Маржан» халықтық сән театры мүшелерінің өнерлері жиналған жұртшылықты разы етті. Басқа да іс-шаралар көпшілік көңілінен шықты. Қазақтардың басты мерекесі саналатын Наурыз тойы Ресей мен Қазақстандағы халықтар достығын нығайтуға, өзара сыйластық пен төзімділікті арттыруға үлес қосты.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ағымдағы мұрағаты*

### В Кургане прошел III съезд казахов Зауралья

АЛМАТЫ. 31 марта. КАЗИНФОРМ /Сара Мустафина/ – В российском городе Курган прошел III съезд казахов Зауралья. Съезд посвящен предстоящему IV Всемирному курултаю казахов. Были подведены итоги деятельности национально-культурной автономии казахов Курганской области, созданной в 2005 году. Ее цель – пропаганда казахской культуры, здорового образа жизни, толерантности, повышения духовного и нравственного потенциала казахов, укрепление связей с исторической Родиной – Казахстаном.

С 2005 года выходит газета «Бірлік». В общеобразовательных и воскресных школах изучается казахский язык. При поддержке Костанайской и Северо-Казахстанской областей РК шестой год подряд бесплатно распространяются два казахстанских издания на казахском и русском языках.

«Пример дружбы, взаимовыгодного сотрудничества подают руководители России и Казахстана. Их регулярные встречи – очередные инициативы в укреплении единства между нашими народами», – заявил председатель правления автономии Асет Биисов. Относительно предстоящих выборов президента РК он отметил, что четыре делегата съезда примут участие в составе миссии наблюдателей от стран СНГ.

Съезд наметил меры по вовлечению молодежи в системное занятие физической культурой, в частности, национальными видами спорта, а также по борьбе с наркоманией и алкоголизмом. В планах – подбор редактора газеты со знанием казахского языка, организация благотворительного фонда «Развитие казахской нации в Зауралье», сбор пожертвований для завершения строительства мечети в Кургане, возрождение традиционных народных ремесел. «От нашей инициативы и целеустремленности зависит будущее нашего народа, его тысячелетней культуры, мир и благополучие в семьях. Пусть каждый из нас способствует росту авторитета казахского народа, показывает пример в учебе, научной и творческой деятельности, сохраняет родной язык, культуру, традиции», – подчеркнуто в обращении съезда к казахам и всем жителям Курганской области.

Участвовавший в работе съезда губернатор Курганской области Олег Богомолов с благодарностью принял благодарственное письмо Всемирной Ассоциации казахов и в подарок – книгу о Нурсултане Назарбаеве.

<http://www.inform.kz/rus/article/2365218>

31.03.2011 / 18:27

**Председателю Челябинской областной общественной организации Казахский общественный центр «АЗАМАТ» Хасанову Б.Г.***г. Алматы**5 апреля 2011 г.***Уважаемый Булат Галимжанович!**

От имени Всемирной Ассоциации казахов приветствую участников и организаторов первого в Российской Федерации конкурса «Учитель казахского языка – 2011»!

Инициированная Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым новая государственная программа функционирования и развития языков на 2011-2020 годы, находит свое воплощение в конкретных делах не только в Казахстане, но и среди зарубежной казахской диаспоры.

Современное состояние и будущее родного языка казахской диаспоры является предметом пристального внимания казахских общественных организаций России. Яркий тому пример – выстраивание системы преподавания казахского языка как родного языка детям казахской национальности в Челябинской области, конкурс «Учитель казахского языка – 2011», различные мероприятия по демонстрации богатства национальной культуры, расширение употребление казахского языка вне семьи, воспитание патриотизма. Особая роль в сохранении родного языка принадлежит нашей молодежи, определяющей будущее развитие единой казахской нации, разделенной государственными границами.

Всемирная Ассоциация казахов и впредь будет оказывать помощь этническим казахам за рубежом во всестороннем и свободном развитии, в создание возможностей в изучении казахского языка.

Желаю всем участникам конкурса успехов в работе и учебе!

**Первый заместитель  
Председателя Президиума  
Всемирной Ассоциации казахов  
Т.А. МАМАШЕВ**

*Текущий архив Всемирной Ассоциации казахов*

**Проблемы этнической репатриации и адаптации переселенцев будут внесены в повестку IV Всемирного курултая казахов в Астане**

АЛМАТЫ. 26 апреля. КАЗИНФОРМ /Айгуль Турысбекова/ – Государству и отечественным бизнесменам необходимо вкладывать инвестиции в районы компактного проживания казахов за рубежом.

Такое мнение высказали сегодня в Алматы участники «круглого стола», организованного Всемирной ассоциацией казахов (ВАК) и общественным советом по этнической репатриации при Комитете миграционной полиции МВД РК.

В частности, в сельскохозяйственный Баян-Ульгейский аймак Монголии, где не развита переработка продукции животноводства, в то время, как в Казахстане мясо, шерсть, молоко реализуются по достаточно высокой цене. «Монгольские казахи, сидящие на чемоданах, не имеют финансовой возможности осуществить самостоятельный переезд на историческую родину через границы трех стран. Большие расстояния на машинах со скарбом невозможно преодолеть за пять суток, в течение которых надо еще успеть пройти регистрацию в пункте назначения. Это влечет штрафы миграционной полиции, разочарование и обиды переселенцев», – отмечали участники заседания.

Репатрианты несут большие финансовые затраты при переводе документов с иностранных языков, оформлении пенсий, гражданства, в нотариате. Не выдерживаются установленные законом сроки рассмотрения документов переселенцев на получение квоты, прописки. Многие выступающие отмечали бюрократизм чиновников. «По существу, общественные организации взвалили на свои плечи задачи, которые призваны решать министерства», – подчеркнул первый заместитель председателя президиума ВАК Талгат Мамашев.

Многие участники «круглого стола» так и не смогли получить четкого ответа на вопрос: «Какое теперь министерство отвечает за реализацию программы «Нурлы кош»?» Кроме того, было отмечено, что в СМИ недостаточно освещается положительный опыт по адаптации оралманов в Казахстане.

По итогам заседания приняты рекомендации. Участники выразили надежду, что эти проблемы будут решаться сотрудниками министерств образования и науки, труда и социальной защиты населения, культуры, связи и информации, МВД и МИД РК. Именно на эти ведомства Президент Казахстана возложил актуальные вопросы поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, а также проблемы этнической репатриации и скорейшей адаптации переселенцев на исторической родине. Эти вопросы будут внесены в повестку дня очередного IV Всемирного курултая казахов, который состоится в Астане 25–27 мая текущего года.

<http://www.inform.kz/rus/article/2374753>  
26.04.2011 /17:39

№ 196

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 6 мамырдағы  
№ 66-ө «Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны  
өткізу мәселелері» Өкімі**

*Астана, Үкімет Үйі*

*2011 жыл 6 мамыр*

Астана қаласында 2011 жылғы 25-27 мамыр кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайын тиімді ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;\*

2) Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.\*

2. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақытылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне жүктелсін.

**Премьер-Министр  
К. МӘСІМОВ**

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ағымдағы мұрағаты. Көшірме расталған.*

---

\* қосымшалары берілмейді

**Қазақстан Республикасы Мәдениет министрі, Дүниежүзі қазақтарының  
IV құрылтайы ұйымдастыру комитетінің төрағасы М. Құл-Мұхаммедтің  
бекіткен «Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы деңгейінде 2011 жылғы  
26 мамырда өтетін «дөңгелек үстелдер» Кестесі**

Астана қ.

2011 жыл 6 мамыр

Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы деңгейінде 2011 жылғы 26 мамырда  
өтетін «дөңгелек үстелдер» КЕСТЕСІ

р/с	Өткізуге жауапты мекеме	Дөңгелек үстелдің тақырыбы	ДҚҚ тарапынан жауапты тұлға
1	ҚР Білім және ғылым министрлігі	Шетелдегі отандастарымызға арналған білім беру қызметтерін көрсетудегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің алатын орны мен кезекті міндеттері	Мамашев Талғат Асылұлы ж.т.*
2	ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитеті (Сыртқы істер министрлігімен бірге)	Заманауи кезеңдегі этникалық репатриация жағдайы	Балғабаев Сұлтанәлі Базарбайұлы ж.т.*
3	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	Репатрианттарды әлеуметтік тұрғыда қолдау: тәжірибе, сабақтар, мәселелер	Балтабаева Күлғазира Нұранқызы ж.т.* ұ.т.**
4	ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі	Шетелдегі қазақтарға арналған бұқаралық ақпарат құралдары	Уатқан Ботагөз ж.т.* ұ.т.**
5	ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі	Шетелдегі этникалық қазақтар қатарынан репатрианттардың Қазақстанда бейімделуі: тәжірибе, сабақтар, мәселелер	Жананиянова Жанар Қалибекқызы ж.т.* ұ.т.**
6	ҚР Туризм және спорт министрлігі	Туризм және спорт түрлі елдердің қазақ жастарын біріктіру жолы	Омарова Гүлсім Әбжалелқызы ж.т.* ұ.т.**
7	ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі	Қазақстанның қазақ диаспорасымен бизнес серіктестігі	Рәсілов Серік Мырзақасымұлы ж.т.* ұ.т.**

*ҚР Сыртқы істер министрілігінің ағымдағы мұрағаты*

\* жұмыс тел. номері көрсетілмейді

\*\* ұялы тел. номері көрсетілмейді

**Мемлекет басшысы, Қауымдастық Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың  
Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінен***Астана қ.**2011 жыл 25 мамыр***Ардақты әлеумет!**

[...] Еуразия төріндегі ұлан-ғайыр атажұртқа сіздер әлемнің 35 елінен келіп отырсыздар. Туған топыраққа сағыныштарыңызды арқалап жеткендеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

Естеріңізде болса, 1992 жылғы тұңғыш құрылтайда: «Құрылтайға қатысқан қонақтар Қазақстанның гүлденіп-көркейгеніне таяу жылдарда куә болар», – деп айтып едім. Сондағы тілегім Жаратқанға жеткендей, айтқаным келіп, Қазақстан аз уақытта әлемге танылған айдынды ел болды. Экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, жері дәулетті, елі сәулетті мемлекет ретінде ірге орнықтырды. Бүгінде бізді бүкіл әлем сыйлайды, бүгін дүние санасады. Біз мемлекетіміздің іргесін орнықтырып, еліміздің шекарасын шегендедік. Қазақ жері татулықтың туын тігіп, ұлтаралық, дінаралық келісімнің әлем үлгі тұтатын айшықты мысалына айналып отыр. Қазақ халқы ұлысты ұйыстырушы ұлт ретінде өзге этностарды бауырына басып, даналығы мен дарқандығын көрсете білді.

Биыл тәуелсіздікпен бірге атамекенге атбасын бұрған Ұлы көшке де 20 жыл толды. Бүгінгі құрылтай осындай мерейлі белеспен тұспа-тұс келіп отыр. Азаттықтың елең-алаңындағы күрделі кезеңге қарамастан, көшіміз көлікті болды. Содан бері ұлы көш бір сәтке толастаған емес. Ат қазығын байлар атамекенге 20 жыл ішінде 300 мыңға жуық отбасы көшіп келді. Осылайша ел халқының саны 1 миллионнан астам қандасымызбен толықты.

Біз дүние жүзінде өз қандастарын еліне шақырып, қаражат бөлген үш-ақ мемлекеттің біреуіміз. Өздеріңіз білесіздер, ол – Израиль, Германия және Қазақстан. Үкіметтің тарапынан келген ағайындарға біраз көмек көрсетіліп жатқанын білесіздер. Менің Жарлығыммен 2008 жылдан бастап қандастардың жыл сайынғы көшіп келу квотасын 20 мың отбасыға көтердік. Елге ағылған ағайынның көшін жүйелеу мақсатында «Нұрлы көш» бағдарламасын қабылдадық. Оны ойдағыдай іске асыруға мемлекет қазынасынан қомақты қаражат бөлінді.

«Нұрлы көш» бағдарламасы аясында іргелі істер атқарылды.

Бірқатар облыс әкімдері көшіп келген қандастарға арнайы ауылдар салып, игілікті іс тындыруда. Жұмысқа бейімдеу үшін орталықтар құрдық. Шеттен келгендерге тіл үйрету шараларын қолға алып жатырмыз. Мен Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облысындағы осындай елді мекендерді өзім барып көрдім. Келіп жатқан, қоныстанып жатқан ағайынның қуанышында шек жоқ.

Бүгінгі алқалы жиында қандастарымызға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың нақты жолдарын айқындап алуымыз керек. Сондықтан, алдағы мақсат-міндеттерді бірлесіп белгілеп алғанымыз жөн.

Біріншіден, Парламентте «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа заң жобасы қаралуда<sup>1</sup>. Кеңінен талқыланып, қабылданатын жаңа заң қандастарымыздың

жағдайын жақсартуға септігін тигізеді деп есептеймін. Ол қандастарымыздың құжат тапсыруда, тіркеуге тұруда, азаматтық алуда кездесетін түрлі кедергілерді жоюы тиіс. Бұл орайда бір нәрсені қаперде ұстаған жөн. Соңғы кездері белгіленген квота толмауда. Туған елге табан тіреймін, көшіп келемін деушілерге қашанда есігіміз ашық екенін мен тағы да қайталап айтамын. Бұл орайда, қандастарымызды Отанға оралту жұмысын жүйелей түсу керек. Дүниеде жағдайдың әртүрлі екенін білесіздер. Біз дүниежүзілік дағдарыстан өзге елдермен бірге шығып келеміз. Сондықтан «келемін дегеннің бәріне қаражат, үй, жұмыс беріліп, толықтай жағдай жасалады» деп ойламаңыздар. Біздің 20 мың отбасы деп отырғанымыз сондықтан.

Ал бірақ өз бетімен көшіп келіп, ағайын болып, отбасымен қосылып, басқа жағдайлармен келсе, әсіресе, жастар оқуға келемін десе, оларға да ешқандай кедергі болмайды. Осыған байланысты біз «Нұрлы көш» бағдарламасының 2-ші кезеңінің жобасын қолға алуды жоспарлап отырмыз. Бұл кезеңде қандастарды жаңа өндірісті өңірлер мен ауыл шаруашылығына кеңінен тартудың жолдары сараланағын болады. Ол үшін келген мамандарды қажеттілікке байланысты қайта даярлап, қысқа мерзімде оқытумен қамтамасыз етеміз.

Мемлекет қандастарымызға қатысты қамқорлығын жалғастыра береді.

Бағдарламаның еліміздің индустриялық дамуымен байланысты екенін қаперден шығармағандарыңыз абзал.

Екіншіден, шетелден келген құрылтай қонақтарының басым көпшілігі – 60 пайызы жастар екен. Жастар – біздің болашағымыз. Біздің әлемдегі барша қазақ жастарының сапалы білім алуына тиісті жағдай жасауымыз қажет. Қазақстанда біз оны жүзеге асырамыз. Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігіне қандастарымызға бөлінетін гранттық квотаны нақтылап, жастармен жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырамын.

Қазір білектінің емес, біліктінің озатын заманы. Астанада әлемдік деңгейдегі Халықаралық университет ашылғанын білесіздер. Кіріп-шығып, көріп те қайтарсыздар. Бұл жоғары оқу орнында дүниежүзінің ең білікті мамандары мен ғалымдары дәріс оқиды. Сондықтан, мен әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға және Қазақ еліне қызмет етуге шақырамын.

Қазір жаңа дәуірге қадам басқан Қазақстанға отаншыл, білімді жас мамандар аса қажет. Жас қыздар мен жігіттер келіп оқитын болса, осында оқу бітіріп, мамандық алып, кейін ата-аналарын шақырып алатын шығар. Ол да қажет. Сондықтан, шетелдерде техникалық білім алған қазақ жастарын индустриялық өндіріске жұмысқа тарту керек. Қажет болса, оларға әлеуметтік қолдау көрсетуді енгіземіз.

Үшіншіден, біз шеттегі қандастардың Қазақстаннан жан-жақты хабар алып тұруына көмектесеміз. Байланыс және ақпарат министрлігі «Каспионет» арнасының қазақтар тұратын елдерге таралуын қамтамасыз етуі керек. Сонымен бірге, ұлттық дәстүріміз бен тарихымыз туралы хабарларды арттыру жолдарын қарастыруды тапсырамын. Бұған қоса, министрлік дүниежүзіндегі қазақ жастарының байланысын нығайту үшін арнайы веб-портал ашқаны жөн.

Төртіншіден, қандастар тұрып жатқан елдерде ұлттық өнердің кеңінен таралуына жағдай жасауымыз керек. Біз қазақтың қаймағы бұзылмаған көрші елдерде ұлтымыздың аса құнды рухани мұралары сақталғанын жақсы білеміз. Білім және ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігіне экспедициялар ұйымдастырып, осындай құнды мұраларды жинақтауды тапсырамын.

Бесіншіден, біз шет елдерде кіші құрылтайлардың тұрақты өткізілуін құптаймыз.



Осыған байланысты, бұл құрылтайларға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры қолдау көрсететін болады.

Қадірлі қауым!

Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы!

Қазақстан – әлемдегі барша қазақтың құтты қарашаңырағы!

Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де тұтас қазақ халқының бір бөлшегі екенін біз еш уақытта ұмытпауымыз керек. Қазақтың абыройын асырып, мерейін тасытқан – ел тәуелсіздігі!

Сондықтан, біздің басымызға бақ болып қонған тәуелсіздіктен асқан ешқандай құндылық жоқ. Ендеше, тәуелсіздіктің 20 жылдығына тұстас келіп, ақ түйенің қарны жарылған бұл той – біздің ұланасыр ұлы тойымыз.

Тойымыз тарқамасын, ардақты ағайын!

Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын!

Алаштың айбыны, бар қазақтың ортақ Отаны – Тәуелсіз Қазақ елі мәңгі жасасын!

*Егемен Қазақстан. 2011 ж., 26 мамыр.*

## № 199

### **Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының «Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 мамырда өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында берген тапсырмаларының іске асырылуын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» бұйрығы**

*Астана, Ақорда*

*№ 01-38.72*

*2011 жыл 21 маусым*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 мамырда өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында берген тапсырмаларының іске асырылуын бақылау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 мамырда өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында берген тапсырмаларының іске асырылуын бақылау жөніндегі қоса беріліп отырған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.\*

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Жоспарда көзделген іс-шаралардың мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Жоспардың іске асырылуын бақылау жөніндегі жұмысты үйлестіру Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөліміне жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары М.С. Әшімбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**А. МУСИН**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

\* жоспарды құрастырушы көрсетпейді

**Информация Всемирной Ассоциации казахов о проведении юбилея  
Хаджимукана Мунайтпасова в г. Омске**

г. Алматы

27 июня 2011 г.

Во исполнение рекомендации круглого стола «Туризм и спорт объединяют казахскую молодежь» IV Всемирного Курултая казахов, 26 июня 2011 в г. Омске (Россия) состоялся казахский праздник «Той–думан», посвященный 140-летию со дня рождения Хаджимукана Мунайтпасова<sup>1</sup>.

Содействие развитию национальных традиций, воспитание патриотизма среди казахской молодежи, формирование активной жизненной позиции – таковы цели праздника, связанного с именем батыра казахского народа.

С казахстанской стороны приняли участие руководитель Северо-Казахстанского филиала Ассоциации, представители Министерства туризма и спорта РК.

*Текущий архив Всемирной Ассоциации казахов*

**Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Иранға іс-сапары**

2011 жылдың қазан айының 13–19 аралығында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Т. Мамашев бастаған бір топ делегация Иран Ислам Республикасына іс-сапармен барып қайтты.

Қазақтар ең көп тұратын Мазандаран және Гүлістан провинциялары, Горган, Бендер-Түрікмен, Сари және Күмбет қалаларында тұратын қазақ диаспорасының өкілдерімен жүздестік.

Иранда сегіз мыңға жуық қазақ өмір кешуде. Олар: Бендер-Түркіменде 500 отбасы, Горганда 400 отбасы, Күмбетте 250 отбасы, Тегеранда 20 отбасы, Аракта 3 отбасы, Ассалуиде 12 отбасы, Мешхедте 18 отбасы, Сариде 2 отбасы, Шабахарда 4 отбасы т.б. Олар 1931-1933 жылдары Қазақстанда Сталин<sup>1</sup> мен Голощекиннің<sup>2</sup> қолымен жасалған «кіші қазан төңкерісі» салдарынан орын алған ашаршылық кезінде қазіргі Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстары өңірінен Түрікменстанға, кейін Иранға өткен.

Ондағы қазақтардың жағдайлары жақсы болғанымен кейбір жастары қазақ тілін білмейді. Жоғары білімі барлар көп емес. Үкіметтік қызметтегі қандастарымыз – Күмбет қаласының жылу басқармасының бөлім бастығы Әбдірахман Қазақ, эпидемиолог Мехрдет Чалақ пен Мәскеуде П. Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінің түлегі, қалалық электрмен қамту бөлімінің инженері Задсар Ескелдіні атауға болады. Бехруз Чалақ Ирандағы кәсібін Ақтауда жалғастырып, жылыжай орнатып, көптеген ағайынды жұмыспен қамтып жүрген ұлтжанды азамат. Ал, Абдулла Жеменей ядролық физика маманы, ұстазы Махмуд Жеменей, Пирамун Шахпур белгілі кәсіпкер, Зәкәрия мен Зиба Шадқамдар Иранның телеарнасында тілші қызметтерін істеген. Қыз-келіншектері үйде кілем тоқумен айналысады.

Абдулвахит Бәли Горгандағы консулдықта көмекші қызметкер. Ол күрестен Иран универсиядасының чемпионы.

Қазақтардың біразы ұстаздық, дәрігерлік, бухгалтерлік, салықшы, банкир, тоқымашы, телеграф қызметтерін атқарып зейнеткерлік демалысқа шығыпты (30 жыл еңбек өтілі болса, жасқа қарамайды). Сари қаласындағы колледжде оқыған, сәулетші Ғафур Қазақ домбыра тартып, ән айтады.

Маңғыстау облысының Жарыққазған ауылында дүниеге келген Жаңбыр Аманияз (94 жаста) атаның алты ұл мен екі қызы бар. Олардың екеуі Жаңаөзенге көшіп келіпті. Осы Жаңбыр атамиз жыршы әрі домбырада ортекені жақсы ойнатқан екен. Жалғас Табынай (93 жаста), Шегленбай Олжас (86 жаста), Назым апа (83 жаста) ашаршылық жылдарында Маңғыстаудан Иран жеріне шарасыз өткен. «Түрікмендердей емес, парсылар бізге тиіспеді. Түрікмендер болса, малымызды және жас қыздарымызды тартып алып, бізге зорлық-зомбылық көп жасады», – дей келіп, бүгінгі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне шексіз қуанышын, оның баянды болуын тілейді, қариялар.

Басында Иран үкіметі: «бұл не қылған адамдар, мүмкін келген іздерімен қайта кетіп қалар деп біраз жыл бізді сынап көрді, ақыры ешкімде қақымыз жоқ, өзімізбен өзіміз өмір сүріп жүрген бейкүнә бір адамдар екенімізді білген соң, бізді жайымызға қалдырды. Бірақ сол жылдары күн көріс қиындығынан және ауру, сырқау салдарынан көп адамымыз, бала-шағаларымыз қырылып кетті. Әреңдеп Иран азаматтығын қабылдаған соң жағдайымыз оңала бастады», – дейді алғашқы Иранға келген уақытын еске алған Назым апа.

Иран заңы бойынша жас жеткіншектер кәмелеттік жасқа толып, әскери борышын өтемесе оларға шетелге шығу төлқұжаты берілмейтін көрінеді.

Қазіргі жастардың аттары парсы тілінде. Иранда жаңа туған нәрестелерге қойылатын аттар тізімі бойынша ғана есім беріледі деп түсіндік. Қазақ жастары бір-бірімен танысып, келіскен соң ата-аналарының батасын алады. Құда түседі. Барлық салт-дәстүр сақталған.

Қазақ диаспорасы өкілдерінің сұрақтары бойынша Қауымдастық тарапынан Қазақстанның бүгінгі саяси жағдайы мен көші-қон мәселесі жөнінде түсінік берілді. Олар Қазақстанға көшіп келген кезінде бұрынғыша үй берілсе деген тілектерін білдірді.

Қазақстан Тәуелсіздік алған 20 жылда Ираннан 500-ден астам отбасы атамекенге ат басын тіреген, солардың ішінде алғашқы рет Иран қазақтары арасында жоғары білім алған, заңгер Мұхаммед Ескелді, ғалым Ислам Жеменей, ағылшын тілінің маманы Маржан Адай, кәсіпкерлер Нуриддин Ишан, Ақәли Чалақ, Ғафур Қазақ, Алматыда оқыған Юсуп Пілтан, Маниже және Зүбайда Шатқам т.б. бар. Осылардың жолын қуып, атажұртқа келуге «Нұрлы көш» бағдарламасының екінші кезеңін күтіп отырған ағайындар да баршылық.

*Толық шықты: Алтын бесік. № 6. 2011. 14-17 бб.*

**Өзбекстандағы қазақ құрылтайы**

2011 жылы 11 қарашада Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикалық Қазақ Ұлттық мәдени орталығының VII құрылтайы өтті. Құрылтайға Науаи, Сырдария, Бұхара, Ташкент облыстары мен Қарақалпақстаннан сайланған делегаттар мен қонақтар қатысты.

Құрылтайды Республикалық қазақ ұлттық мәдени орталығы төрағасының орынбасары Шералы Садықов ашты. Орталықтың төрағасы Марат Үкібаев 2008 – 2011 жылдары атқарған жұмыстары туралы есепті баяндама жасады.

Баяндамашы: «Әсіресе, ел Тәуелсіздігінің арқасында өшкеніміз жанып, салт-дәстүрлеріміз қайта жандана түсті. Тәуелсіздік туының желбіреуі ата-бабаларымыз арман еткен ұлы істерді жалғастыруға мүмкіндік берді. Бұл дәуірде қазақ, өзбек халықтары арасындағы достық, әдеби-мәдени байланыстар жаңа деңгейге көтерілді. Республикалық «Нұрлы жол» газеті қазақ тілінде шыға бастады. Өзбекстан телерадиокомпаниясының «Дидар» бағдарламасы, қазақ радио бөлімі қазіргі күнге дейін халқымыз үшін сүбелі қызмет атқарып келеді. Ташкент, Гүлістан, Науаи және Нөкіс қалаларындағы мемлекеттік университеттерде қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы жұмыс істеп, республикамыздағы 500-ге жуық қазақ мектептеріне ұстаздар дайындауда. Республикамыздың түрлі салаларында 300-ден астам қазақтан шыққан ғылым докторлары мен кандидаттары жұмыс істеп жүр.

Баяндамашы алдағы атқарылатын жұмыстарға да тоқталды. Бұл ретте, «Қазақстан-Достық университетін» аяқтаған өзбекстандық студенттердің дипломдарын нострификациялау, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филиалын астанамыз Ташкент қаласында ашу, Өзбекстандағы қандастарымыз үшін Ұлттық театр ашу, қазақ тілінде жарық көретін Республикалық «Нұрлы жол» газетіне жазылымды жандандыру жайлы да әңгіме өрбітті.

Келесі сөз кезегі Өзбекстан Республикасының Қаһарманы Ағытай Адыловқа берілді. Ол өз сөзінде орталықтың жасаған мәдени іс-шараларын жоғары бағалай келіп: «Тереңірек алып қарайтын болсақ, бұл ұйымның жұмысы едәуір ауыр. Өйткені, ол – мемлекеттік емес, қоғамдық ұйым. Оның ешқандай қаржы көздері жоқ. Ал әрбір іс-шараны қаржысыз өткізіп болмайды. Соған байланысты әркімнен қаржылық көмек сұрай беру де ыңғайсыз. Сондықтан, менде бір ұсыныс бар. Өзбекстан Қазақ Ұлттық мәдени орталығының жанынан арнайы бір қор ашылса деймін. Бұл қорға әуелі еліміздегі қалталы азаматтар, қала берді жүрегінде оты бар, өз тілімізді, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, тарихи құндылықтарымызды сақтап, насихаттауға ықылас білдіргендер қолдарынан келгенше қаржылай көмектерін беріп отырса нұр үстіне нұр болар еді. Мен де қазақ ұлтының бір перзенті, орталықтың жанашыры ретінде өз жиған-тергендерімнен бірінші болып орталықтың қорына бір миллион сум аударамын. Басқаларды да осы қорға шамалары келгенше өз үлестерін қосуға шақырамын» – деп үндеу тастады.

Сырдария облысы Гүлстан педагогика университетінің қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Нұрлан Тотановтың сөзі ерекше әсерлі шықты. Ол өзінің атқарылған істен гөрі болашақта орындалуы қажет болатын зәру шараларға тоқталуды

мақұл көргенін айта келіп төрағалыққа үміткер болып отырған азаматтарға бірнеше нақты ұсыныс жасады. Ол ұсыныстардың ең маңыздыларының бірі – облыстардағы қазақ мектептері мен қазақ сыныптарындағы оқушылардың оқулықтармен қандай дәрежеде қамтамасыз етіліп отырғандығын үнемі назарда ұстау. Сондай-ақ, қазақ мектептеріндегі оқушыларды Қазақстанда жарық көрген газет-журналдармен тұрақты түрде қамтамасыз етіп тұру да есте болғаны жөн. Гүлстан Мемлекеттік Университетінің құрамындағы қазақ бөлімінде білім алып жатқан жастарымыз үшін арнайы кітапхана ашып, оларға әдеби кітаптар және оқулықтар жеткізіп тұру да жүзеге асуға тиіс. Гүлстан облысындағы мәдени шараларға университеттің жастары мен Сейхунабад ауданына қарасты № 18 және № 24 мектептің оқушылары белсене ат салысып келеді. Бірақ оларды ұлттық киіммен, домбыра сияқты ұлттық аспаптармен қамтамасыз ету қиынға соғып тұр.

«Нұрлы жол» газетінің таралымын көбейтуге жұртшылық көмек қолын созуы тиіс. Республикалық Қазақ Мәдени орталығы тарапынан қолға алынатын және бір маңызды шаруа – жылына кем дегенде екі рет жазба ақындар мен жалпы поэзия, проза жанрында қалам тартып жүрген жастар арасында мүшәйралар мен конкурстар өткізіп, олардың қаламдарының ұшталуына игі ықпал жасау. Қазақтар көп шоғырланған өңірлердегі лицей, коллеждер құрамынан қазақ бөлімдерін ашу мәселесі өз шешімін табуға тиіс.

Өзбекстан Ұлтаралық мәдениет орталығының төрағасы Насриддин Мухамаддиев Республикалық Қазақ Мәдени орталығының атқарған қызметтері жөнінде жақсы пікір айтты.

Құрылтай қорытындысында Өзбекстан Республикалық Қазақ Ұлттық мәдени орталығының төрағасы болып Марат Үкібаев бір ауыздан қайта сайланды.

*Толық шықты: Алтын бесік. № 1–2. 2012. – 22–25 бб.*

**Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Еуропа қазақ диаспорасы жастарының идентификация және интеграция проблемалары» атты конференциясына қатысушылар мен ұйымдастырушыларына сәлемі**

*Алматы қ.*

*2011 жыл 22 желтоқсан*

**Құрметті конференцияға қатысушылары!  
Құрметті қонақтар!**

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқасының және менің атымнан жер бетіндегі барлық қазақтар мен қазақстандықтардың бәріне ортақ мереке – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен шын ниеттен құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Мыңдаған жылдық бай тарихы бар біртұтас қазақ халқы мемлекеттік шекаралар арқылы бөлшектеніп қалып, тек XX және XXI ғасырлардың тоғысар тұсында ғана өзінің этникалық өзгешелікке ие халық екендігін танытып, ұлттық сана-сезімді қайта ояту, бірігу нәтижесінде егеменді мемлекет құрып, ана тілін, ұлттық мәдениетті, әдет-ғұрпын дамыту арқылы тарихи аренада өз орнын табуға мүмкіндік алды. Қазақ диаспорасы да халық тарихына өз үлестерін қосуда және ол Қазақстанның шетелдіктер алдындағы келбетін қалыптастыруға айтарлықтай жәрдем етуде.

Еуропадағы қазақ диаспорасы XX ғасырдың 60-ыншы жылдарында Түркиядан ағылған еңбек миграциясына байланысты қалыптасты. Бүгінгі күні диаспораның негізгі бөлігін жастар мен балалар құрайды. Бұл жастардың дені жоғары оқу орындарында, магистратуралар мен доктарантураларда оқитындығын қуанышпен атап өтуіміз керек. Олардың алған бәсекеге қабілетті білімі, жеке еңбектері беделді компанияларда, айтулы менеджмент саласында жұмыс істеулеріне мүмкіндік жасайды. Қазақ жастарының дәл осы бөлігі біздің ұлт өкілдерінің Еуропа қоғамындағы орта тап қатарына енуіне жол ашпақ.

Еуропадағы қазақ жастарының көпшілігі өз тарихи Отандарына баруды, біздің диаспора өкілдеріміз тұратын басқа елдердегі құрдастарымен тіл табысуды көздеп, Қазақстанның мемлекеттік тілін саналы түрде оқып-үйренуге талпыныс жасауы қуантады. Бұл ғажайып мүмкіндікке тек Қазақстанның Тәуелсіздік алуының нәтижесінде ғана қол жетіп отыр.

Еуропа қазақтары қауымдастығының федерациясы мен «Қазақстан – Франция – Түркия» мәдени ынтымақтастық қауымдастығы Парижде ұйымдастырылып отырған конференцияның өзгеұлттық ортада өмір сүретін, этникалық-тілдік бұрмалаушылыққа ұшыраған жастардың идентификация және интеграция проблемаларына арналып отыруы кездейсоқтық емес. Жастар – біздің халқымыздың болашағы, ақыл-ой және адами капиталымыздың келешегі. Жастар – әрбір қазақ жанұясының айнасы, мұнда олар туған тілге үйренеді, аға буын тәжірибесін жинақтайды, ислам дінін ұстануға және ұлттық мәдениетті сіңіруге, өзге ұлттарды сыйлауға, өз ұлты үшін мақтана білуге, даңқты Алаш рухын асқақтата білуге тәрбиеленеді.

Қоғамдық маңызы жоғары форумды өткізу ісінде табысты да жемісті нәтижелерге жетулеріңізге шын жүректен тілектеспіз. Сіздерге денсаулық, бақыт, еңбекте және оқуда табыс тілейміз!

Құрметпен,

**Дүниежүзі қазақтары  
қауымдастығы  
Төрағасының бірінші орынбасары  
Т.А. МАМАШЕВ**

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ағымдағы мұрағаты*

**№ 204**

### **Елбасының жолдауы және Түркиядағы қазақтар**

2012 жылдың 9–10 наурызында Ыстамбұл қаласында Қазақ–түрік қоры мен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы бірлесіп Қауымдастықтың құрылғанына және Қазақстанның Түркия елімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанына 20 жыл толуына орай салтанатты бас қосу өткізді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сонау 1991 жылы Түркияға жасаған алғашқы ресми сапары кезінде осындағы қазақ диаспорасы өкілдерімен кездескенін де айта кеткен жөн. Осы кездесу кезінде Елбасы дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын өткізу туралы шешім қабылдаған болатын. Осының нәтижесінде 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Міне, содан бері Қауымдастықтың Төралқа төрағасы – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Бұл жылдарда Қауымдастық, әсіресе, Түркиядағы қазақтармен байланыс жасауға айрықша көңіл бөліп келеді.

Басқосуды Ыстамбұл университеті журналистика факультетінің докторанты, қазақстандық Ержан Қалымбай жүргізіп отырды.

Жиналғандардың алдында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев баяндама жасап, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ халқына дәстүрлі Жолдауының мәні мен маңызын жан-жақты талдап көрсетті.

Мимар Синан Көркем Өнер университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Әбдуқап Қара Елбасының Жолдауымен 28 ақпан күні Ыстамбұлдан Астанаға сапарлап бара жатқанында, ұшақта таратылған қазақ тіліндегі газеттер арқылы танысқанын айтты. Ол 1997 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи<sup>1</sup> университетінде сабақ беріп жүрген кезінде Елбасының тұңғыш Жолдауымен танысқанын, содан бері бүкіл Жолдауларды қадағалап оқып отыратынын айтты. Сонымен бірге, ол Қазақстан үшін өте маңызды он түрлі көкейкесті мәселелерді ортаға салып, жаңа бағыт-бағдар ұсынған Елбасының соңғы Жолдауы да шетел қазақтары үшін аса маңызды екенін айтып, оның жекелеген тармақтарын көпшілікке түсіндіріп өтті.

Бұдан кейін Мимар Синан Көркем Өнер университеті тарих факультетінің докторанты Айнұр Ержібаева Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі туралы

Елбасының Жолдауындағы жетінші тармақтың өте маңызды екенін тартымды түрде айта келіп, өз ойларын ортаға салды.

Басқосуда Ыстамбұл университетінің халықаралық қатынастар магистранты Бауыржан Сарқытұлы да сөйледі. Ол Түркиядағы студенттердің Жолдаудан үлкен әсер алғандарын, соған орай өздерінің де Қазақстанның дамуына қалай үлес қоса алатындары туралы пікір алмасып, ой бөліскендерін жан-жақты айтып өтті.

Жиналыс соңында көпшілік атынан түркиялық ақсақал Омар Жігіт сөз алды. Ол кісі Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қызметкерлерінің Түркияға арнайы келіп, Елбасының Жолдауы туралы жиналыс өткізгеніне қуанышты екендігін айта келіп былай деді: «Өткен ғасырдың басынан бері көптеген қиыншылық пен тауқыметтерді басынан өткізіп келе жатқан Түркия қазақтарының өмірде екі үлкен қуанышы болды. Оның бірі – 1952 жылы Түркия үкіметінің қазақтарды құшақ жайып қабылдап, бауырына басуы. Ал екінші қуаныш – Қазақстанның 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялауы. Еліміз тәуелсіздік алғанда өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай адам айтқысыз қуанышқа бөлендік. Осы қуанышымыздың бекер емес екені 1992 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен тұңғыш қазақ құрылтайының өтіп, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шаңырақ көтеруі барысында айқын көрінді. Бұл ретте Қауымдастық төрағасы Елбасының өзі болуы біз үшін ерекше маңызды әрі абырой. Енді сол Қауымдастықтың 20 жылдық мерейтойының біздің Түркиядан басталуы да өте орынды деп есептейміз. Осыған орай біз Елбасының биылғы Жолдауында айтылған мәселелердің барлығының толықтай жүзеге асарына кәміл сенеміз.»

Бұл бас қосу кезінде Қазақстан Республикасының Түркиядағы Төтенше және Өкілетті елшісі Жансейіт Түймебаев осы елдегі этникалық қазақтардың бірнеше белсенді мүшелеріне қазақ мәдениеті мен туған тілін сақтау және дамытуға қосқан үлестері үшін алғыс хат табыс етті. Осы шараға қатысқан Ыстамбұл қаласынан, Маниса қаласына қарасты Салихлиден, Нигде қаласына қарасты Алтай ауылынан, сондай-ақ, Швеция, Германия мен Франциядан келген әрбір қонақ Анкарадағы Қазақстан елшілігі дайындаған Қазақстан Президенті Жолдауының түрік тіліндегі кітапшасын өздерімен бірге сый ретінде алды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашевпен барлық жиналысқа қатысушылардың атына Қазақстанның Түркиямен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуының 20 жылдығына орай Түркияның Премьер-Министрі Режеп Тайып Эрдоган, Премьер-министрдің орынбасары Бакир Бозтау, Еуропалық Одақ мәселелері министрі Эгемен Бағымш, Мемлекеттік министр Эртуған Байрақ, Ұлттық Мәжілісінің депутаттары Мұстафа Жұртғас бен Халық Жібек, Ыстамбұл қаласы Әйүп ауданы әкімі Исмаил Қауыншы, Бағшылар ауданы әкімі Локман Шағрышы атынан құттықтау жеделхаттары келіп түсті. Бұл құттықтауда Түркияның Премьер-министрі былай деп жазған: «Сіздерді Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдық мерейтойына орай құттықтай отырып, Түркия мен Қазақстан достастығының арнайы салтанатты жиынына шақырғандарыңызға рахметімді айтамын. Бұл шара екі туыс елдің достығын одан әрі нығайтады деп кәміл сенемін. Сіздерге және құрметті қонақтарға жалынды сәлемімді жолдаймын!»

Салтанатты басқосудың соңы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдығына арналған үлкен концертпен жалғасты. Концертке Қазақстан



Республикасының еңбек сіңірген әртісі Майра Илиясова, белгілі әншілер Меруерт Түсіпбаева, Өмірқұл Айниязов, Уатқан Заханқызы, күйші Еркін Ерген қатысты.

Концерт соңында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев іскер азамат және қоғам қайраткері Дербіш Қылышқа «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерекелік медалін салтанатты түрде табыс етті.

Түркия қазақтарының тәжірибесінен көргеніміздей, Қазақстанның үкіметі этникалық көші-қон саясатымен қатар диаспоралық саясатты қазақ диаспорасының сақталуына, тек мәдени-ағарту және экономикалық байланыстарды орнатудан басқа, өзге ұлттық ортада туған тілі мен ұлттық мәдениетінің мәселесіне қатысты қолдау жасауға бағыттауы қажет секілді.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы шетелге жасаған әр сапары кезінде этникалық қазақтардың арасынан жоғары кәсіби мамандарды анықтап, оларды тарихи отандарына қоныс аударуына байланысты жұмыстар жүргізеді.

*Толық шықты: Алтын бесік. № 1–2. 2012. 12–15 бб.*

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
«Еуропа қазақтарының Данияда өтетін кіші құрылтайына  
қатысушыларына» Жолдауы**

*Астана, Ақорда*

*17.05. 2012.*

**Ардақты ағайын, қадірлі бауырлар!**

Қазақ халқының басынан алыстағы ағайын араласудан, бауырлар барыс-келістен қол үзіп қалған небір нәубет замандар өтті. Еліміз егемендік алған соң ғана жоғымызды іздеп, барымызды түгендеуге қолымыз жетіп, Қазақстан төрткүл дүниеге тарыдай шашылған халқын іздеген бірден бір елге айналды.

Ата-баба арманына адал Сіздер қанша ұрпақ ауысса да, ұлттың ұлы рухын уыстарыңызда ұстап, атажұртқа деген ықыласты ыстық сезімдеріңізді жоғалтқан жоқсыздар. Бүгін, міне, ағайынмен араласып, жұрағатпен жүздесу үшін Дания мемлекетінің Аархус қаласында бас қосып, арқа-жарқа қауышып жатырсыздар.

«Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деп ұлы Абай айтқандай, бұл құрылтайдың қандастарымыз үшін маңызы зор.

Елден жеткен жаңалыққа елеңдеп отыратындарыңызды білемін. Күні кеше тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өткен Қазақстан бүгінде саяси кемелденген, экономикалық күш-қуаты мол, қоғамдық тұрақтылықты тұғыр еткен мемлекет. Астанамыз қазіргі кезде әлем елдерінің басшылары жиналып, жаратылысқа ортақ мәселе талқылайтын ордалы орталықтың бірі. Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету арқылы Қазақстан Батыс пен Шығыс арасын жалғастырушы шынайы көпірге айналды. Еліміздің әлемдік қауымдастықтағы орыны жыл өткен сайын айқындалып, абыройы аспандай түсуде.

Құрметті бауырлар! Сіздерді қай уақытта да құшақ жайып қарсы алатын елдеріңіз барын, сүйенгенге тірек, іздегенге пана болар жерлеріңіз барын әрдайым естен шығармаңыздар.

Құрылтайда халқымыздың болашағына қатысты маңызды мәселелер талқыланатынына сенемін.

Жиын жұмысына табыс, жиналған ағайынға аман-саулық тілеймін.

Атажұрттан жеткен жүрекжарды ыстық сәлемімді қабыл алыңыздар!

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**Даниядағы дүбірлі жиын**

Биылғы жылдың мамыр айында\* Дания елінің Аархус қаласында Еуропа қазақтарының кіші құрылтайы өтті. Осы орайда Еуропадағы кіші құрылтайдың өз деңгейінде сәтті өтуіне Президент Н.Ә. Назарбаевтың тікелей тапсырысы бойынша «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры арнайы қолдау көрсеткенін де айта кеткеніміз жөн.

Құрылтайға аттанған қазақстандық делегацияны Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Т. Мамашев бастап барды. Еуропа қазақ мәдени орталықтары федерациясының басшысы Абдулқаюм Кесижи (Мюнхен), сондай-ақ, Махмуд Башташ (Осло), Шыңғыс Шағатай, Ибрагим Қосшы (Вестерос), Жүнісбай Тораман, Исмайыл Кесижи (Лондон), Ибрахим Ақтеңіз, Әубәкір Зенгин, Уәли Шерифлі (Голландия) және Түркиядағы А. Яссауи қорының төрағасы Иса Қалқа мен Беларусьідағы қазақ мәдени қоғамының бастығы Ғалия Есенбаева және басқа да еуропалық бауырлар құрылтай қонағы болды.

Қазақстаннан барған делегацияны 25 мамыр күні Даниядағы қазақ мәдени қоғамының басшысы Нұрарман Аюбидің ұйымдастыруымен Аархус қаласының әкімі Жакоб Бундсгаард пен қалалық мәслихаттың депутаты Хусейн Араш қабылдады. Отыз төрт жастағы жас әкімнің атқарып жатқан істеріне риза болдық. Ол негізінен жастарға ерекше көңіл бөлетінін былай деп жеткізді: «Біздің қала – жастардың қаласы. Қазір мұнда 350 мыңнан астам халық тұрады, оның 50 мыңы – студенттер. Біз олардың бәрін оқу бітірген соң өзімізде алып қалуға тырысамыз. Яғни, қаламыздың, еліміздің болашағын жастармен тығыз байланыста қараймыз. Экономикалық дағдарыс бізге де әсер етті, бірақ та оларды жұмыспен қамтуға бар күшімізді бөліп, жаңа жұмыс орындарын ашып жатырмыз. Қазір қаламыздың жағдайы жақсы», – дей келіп, шақыруын қабыл алған делегацияға ризашылығын білдірді.

Құрылтайға жан-жақтан төрт жүзден астам адам жиналды. Данияда 11 қазақ отбасы тұрады. Олар негізінен Аюбилер әулеті. Бұл отбасындағы ең жасы үлкен қариясы – Амангүл апа. Оның кіндігінен тараған бала-шағасы, немере шөберелері Ауғанстаннан 1985 жылы осында қоныстаныпты.

Құрылтайдың шымылдығы футбол жарысымен ашылды. Футбол алаңында Қазақстанның және Данияның тулары ілінген, қазақтың күйі күмбірлеп, әндері шырқалып тұрды.

Жарыс басталар алдында Ұлыбритания елінен атажұртқа келіп, Назарбаев университетінде ұстаздық етіп жүріп кенеттен қайтыс болған белгілі ғалым Қахан Отыншыны еске алуға арналып, бір минут үнсіздік жарияланды, одан кейін бабалар аруағына бағыштап құран оқылды.

Бұл жолы футбол жарысына алты команда қатысып, бірінші орынды Мюнхен командасы иеленсе, екінші орын Данияға, үшінші орын Парижге бұйырды. Ең бастысы жалындаған қазақ жастары спорт додасында танысып-табысып қандас бауырларын тауып қайтты. Осы таныстық олардың алдағы аралас-құраластығына жол ашып жатса – біздің мақсаттың орындалғаны.

Бұл құрылтайдың бұрынғы құрылтайлардан бір өзгешелігі – Елшіліктің

ұйымдастырған тұңғыш рет «Қазақ тілін білесің бе?» атты сайыстың өткізілуі болды. Сайысқа Еуропа елдерінен 40-тан астам бала қатысты. Бұл сайыс балалардың арасында өте үлкен қызығушылық тудырды.

Кіші Құрылтай кезінде жұртшылықтың есінде қалған ерекше іс-шаралардың бірі «Қазақстан және шетелдегі қазақтар» атты кітап көрмесі болды. Көрменің ашылуында сөз сөйлеген профессор Шерубай Құрманбайұлы Тіл комитеті тарапынан өткен жылы балаларға арналған «Әлем халықтарының таңдамалы ертегілері» атты сериямен 60 том, «Әлем балалар әдебиетінің інжу-маржандары» деген сериямен 15 том кітап жарық көргенін, сондай-ақ, 25 томдық танымдық энциклопедиялар (табиғат, аң-құс, жануарлар, өсімдіктер т.б.) шығарылғанын атап өтті.

Кіші құрылтайдың бағдарламасы аясында өткен «Қауымдастыққа 20 жыл: Ана тілім – парызым» атты дөңгелек үстелде де қазақ тілі мәселесі талқыланды. Голландияда тұратын Әубәкір Зенгин Қазақстанның шетелдердегі елшіліктерінен жан-жақты көмек күтетінін тілге тиек етті. Мысалы, елшіліктер «Наурыз», «Қазақстан Тәуелсіздік күні» сияқты мерекелерде осы елдердегі қазақтардың басын қосып тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Ал Абдулқаюм Кесижи дөңгелек үстелде сөйлеген сөзінде «ағылшынша, французша өлең-жырлар жазатын жастарымыз шығып келеді; ол шығармалардың тілі басқаша демесеңіз, жаныққазақша – соларды аудартып, Қазақстанда бастыру қолға алынса», – деп өтініш айтты.

Сол күні кешкілік Еуропа қазақтарының кіші құрылтайының салтанатты ашылуы болды. Бұл салтанат Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталды. Бұдан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуропа қазақтарының кіші құрылтайына арнаған құттықтауын Қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев жұрт алдында оқып, оны Даниядағы қазақ қоғамының жетекшісі Нұрарман Аюбиге табыс етті. Бұл құттықтауды жұртшылық қауым ыстық ықыласпен қабыл алды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Дания Корольдігінің құрметті консулы Лайф Мидтгаард Педерсен Құрылтайдың ашылуымен құттықтап, өз ризашылықтарын білдірді.

Қазақстан делегация Германия Федеративтік Республикасы Төтенше және Өкілетті елші Нұрлан Баймолданұлы Онжановтың қабылдауында болды. Елші өз кезегінде: «Сексенінші жылдардың басында Берлиндегі Гумбольдт университетінде оқып жүргенімде, алғаш рет шетелдік қазақ диаспорасының өкілдерімен танысқан едім. Бүгінгі мерекеге солардың кейбірінің балалары қатысып отыр. Сонау ауыр жылдарда да қазақтар бірін-бірі ұмытпады, жерлестік, туыстық байланыстарын үзбеді, Еуропадағы басқа ірі ұлттарға жұтылып кетпей, ұрпақтарының жүрегіне Орталық Азиядағы қазақ деген ұлттың өкілі екендерін, Қазақстан деген атажұрты барын мықтап құя білді. Тәуелсіздіктің арқасында дүниенің әр тарапына тарыдай шашыраған қазақ жиналып, ауылдан ат арылтып арнайы үкімет делегациясы келіп, Дания жерінде ұлан-асыр той жасалып жатыр» - деп жүрекжарды ықыласын ортаға салып, Еуропадағы қазақ бауырларымыздың тіршілік-тынысына ризашылығын білдірді.

*Толық шықты: Алтын бесік. № 1–2. 2012. –16–20 бб.*

---

\* 2012 жыл 25–27 мамыр

**Справка о конференции в г. Павлодаре  
к 20-летию Всемирной Ассоциации казахов***г. Алматы**16 июня 2012 года*

8 июня 2012 года Всемирная Ассоциация казахов совместно с акиматом Павлодарской области провела республиканскую конференцию на тему «Вклад соотечественников в развитие казахстанского общества».

Мероприятие прошло с участием государственных служащих, ученых и педагогов Астаны, Алматы и Павлодара, руководителей филиалов Ассоциации из Астаны и Петропавловска, а также оралманов, организованно прибывших из всех десяти районов области.

Вначале был продемонстрирован документальный фильм «Құтты қоныс» Павлодарского филиала Ассоциации, который успешно возглавляет Болат Заут, репатриант из Монголии.

Конференцию с докладом «Қазақстан қоғамының дамуына қандастарымыздың қосқан үлесі» открыл Аким области Ерлан Арын. Из общего числа оралманов прибывших в Павлодарскую область, 48% составляют лица трудоспособного возраста, столько же дети до 16 лет, а на долю пенсионеров приходится 4%. Из числа трудоспособных 1785 человек (12%) – с высшим образованием, 1933 чел. (13%) со средне-специальным образованием, 6991 чел. (47%) со средним образованием, в том числе специалисты в сфере образования – 898 человек, медицины – 424, культуры – 122, сельского хозяйства – 3670, по иным специальностям – 9384 человек.

Аким особо отметил в своем выступлении, что невозможно поименно назвать всех репатриантов, кто вносит вклад в развитие Прииртышья. В своем ярком и эмоциональном выступлении «Шет елдегі қазақтармен қарым-қатынас, атқарылған жұмыстар және алдағы міндеттер туралы» Первый заместитель Председателя Ассоциации Талгат Мамашев подчеркнул: «Мен қысқаша ғана «оралман» деген кім?» деп айтатын болсам, біріншіден, сырттағы ағайын біздің Қазақстанның генофонды, алтын қоры. Егемендік алғаннан кейін бір миллионға жуық қазақ келді. Қазақстан қоғамына олардың бергенін ауыз толтырып айта аламыз. Олар алдымен, қазақтың санын көбейтті. Егемендік жариялаған кезде осындағы қазақтың саны 40 пайызға жетпейтін болса, бүгінде 65 пайыздан асып отыр. Қазақстанның экономикасының дамуына өз үлесін қосып жүрген ағайындар мыңдап саналады. Өнерге, ғылымға, әдебиетке қаншама тың күштер келіп қосылды. Оралмандар – қазақтың бай салт-дәстүрін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын сақтап әкелгендер, сонымен қатар еліміздің ұлттық өнеріне де өздерінің зор үлестерін қосты».

Е.М. Арын и Т.А. Мамашев вручили Благодарности госслужащим и активистам из числа репатриантов, которые на деле способствовали профессиональному исполнению политики этнической репатриации и содействовали адресному переселению казахов и их обустройству в области.

Конференция была завершена великолепным Гала-концертом молодежи. Победители конкурса молодых талантов прочитали свои стихи.

*Текущий архив Всемирной Ассоциации казахов*

**Ертіс жағалауындағы оралмандар: жаңа тағдырлары халықпен бірге**

2012 жылдың 9-15 маусымы аралығында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Павлодар облысына қарасты Парамоновка, Пограничник, Үш терек, М. Омаров атындағы ауылдарында оралмандар отбасында сауалнама жүргізіп, зерттеулер жасады.

Еңбек шарты бойынша Моңғолиядан келген алғашқы қоныс аударушыларды Павлодар облысы 1991 жылдың 28 наурызында қабылдады. 2012 жылдың 20 мамырында бұл өңірде Моңғолия, Өзбекстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Түркіменстан және ТМД-ның басқа елдерінен қоныс аударған оралмандардың, барлығы 31200 адамы бар 7000 отбасы тұрады. Оралмандардың көпшілігі – 30712 адам ҚР азаматтығын алған, ал олар үшін оралман дәрежесі ресми тоқтатылған.

Парамоновка ауылы Павлодардан 65 шақырым жерде орналасқан. Онда оралмандардың құрамында 1157 адамы бар 170 отбасы тұрып жатыр. Әкімдер жылға жетпей ауысып жатады, біз осы ауылға келгенде, бәрі де қараусыз қалып, бар үміт тек мешітке сыңайлы көрінді. Мешіттің қызмет еткеніне үш жыл уақыт болыпты және оған бөлінген ғимарат әкімшіліктің есебінде тұрған көрінеді. Мешітке ересектермен қатар балалар да келеді екен. Оралмандар «әкімшіліктің ғимаратын мешітке беру қажет, өйткені мешіт біздің жастардың рухани тәрбиесіне жағымды ықпал етеді, төсеніш, парталар сатып алу керек» деген тілектерін билік басындағыларға жеткізуді өтінді.

Әкімшілікте бізді жетекші маман 1992 жылы Моңғолиядан қоныс аударған – Нұрсәуле Ахайқызы күтіп алды. Біз оның көп балалы аналармен әңгімелесіп жатқанының үстіне түстік. Балаларға жәрдемақы алуға барлығы 43 адам есепте тұр екен. Ауылдағы 400 адам мемлекеттен зейнетақы алады.

Ауылдағылардың негізгі кәсібі – үй шаруашылығы. Ауылдағы жұмыс орындары саусақпен санарлықтай ғана: әкімшілік, аурухана, мектеп, сегіз шаруа қожалықтары. Сауалнама жүргізгенде ауыл тұрғындары, «Ауылға өндіріс орны қажет» деген әділ ойларын айтты.

Ақсу ауылдық Шекаралық (Пограничный) аймағының әкімі Виктор Штрауб оралмандардың 60 отбасының әлеуметтік төлқұжатын көрсетті. Бүгінде оның 57 отбасы үй-жаймен қамтамасыз етіліп бақша телімдері, малдары бар. Ескере кететін жайт, кейбір оралмандар басқа облыстан квота алғанмен кейіннен осы жерге қоныс аударған.

Шекаралық ауылдық аймақтың жері құнарсыздығына байланысты ет пен сүт өндірісіне мамандандырылған. Күнделікті алты тонна сүт қалаға жіберіледі.

Осы ауыл әкімі Виктор Владимирович, «ақырындап бейімделіп келе жатқан» жерлестері туралы жылы лебізін білдірді. Олардың әсіресе төзімділігі, бір-біріне деген шынайы ықыластары, орыс, украин, белорус, неміс пен шешендер арасындағы ауызбіршілікті атады, сондай-ақ үй шаруашылығында ғана емес, 80 пайызы оралманнан құралған 100 адам еңбек ететін темір жол бойындағы жұмыста да үлкен еңбекқорлықтары жайлы айтып кетті. «Олардың еңбекқұмарлығын басқаларға жиналыстарда үлгі етіп отырамын. Ал балаларына білім беруге деген ұмтылыстары тек оларға деген қызығушылық пен құрметті тудырады», – деді әкім.

Осы сапарымызда Қытайдан көшіп келген екі отбасының үйінде болдық, оның бірі – Байшанбай Құрметтің отбасы. Отағасы жасы 40-қа қарағанда өз бетінше Алтай аймағынан қоныс аударған. Алдын-ала, 2002 жылы ол «барлау» жасап, Астана, Алматы, Өскемен, Павлодар және Қарағандыны аралап қайтқан. Өз таңдауын балаларына білім беру қажеттілігімен: «Ұлы көштің мақсаты ұрпақ тағдыры еді» және Павлодар облысының көлік коммуникациясының дамығандығымен айқындайды.

«Баркөлде 220 ірі қара мал және ұсақ малым болды, сондықтан отбасыммен ұдайы көшіп-қонып жүрдім. Ұлым 10-шы сыныпты Қытайда қазақ тілінің төте жазуымен бітірді, оның үстіне мектеп бағдарламасында үлкен айырмашылық бар, сондықтан оған ауыр тиді. Ал бүгінде жоғары оқу орнында білім алып жатыр». Құрметке, әлі де болса ағайындарының 60-тай отбасы шекараның аржағында қалып қойғаны ауыр тиеді. Әкесінің ағасы Ақсуға көшіп келген, бірақ отбасының 9 мүшесі квоталарын ала алмай отыр. Құрметтің өзі квота үшін алдымен Шығыс Қазақстан облысында тіркеуге тұрған.

Оның пікірі бойынша, «Қытайдан қоныс аудару өте қиын. Шақыру қажет, делдал іздестіру керек. Көптеген құжаттар талап етеді, оларды қазақ тіліне аударту және нотариалды растау қажет». Өзі қытай тілін білмейді, өйткені өзі мектеп қабырғасында жүргенде ол пәнді оқытпаған. «Ал қазір ондағы жағдай басқа» – дейді отағасы. Құрмет жеке қожалықпен айналысады, оның сиырлары, қойлары, ешкілері бар. Қытайдан өзімен трактор алып келген екен.

Ауылдағы кездесу кезінде 76 жастағы қария Дөрбетхан Әмірұлы Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнаған «Ата-жұрт» – алтын тұғырым» атты өлеңдер жинағын сыйлады. Авторы – сегіз ұл мен үш қыздың әкесі, 22 немеренің атасы, олардың тағдырын 1992 жылдан бері Атамекенімен байланыстырып келе жатқан жан. Ақсақал 300-ге тарта өлеңін Қазақстанға, оның көрнекті ұлдарына арнаған, табиғат туралы лирикалық өлеңдері республиканың кең сайын даласы мен заңғар тауларының сұлулығын жырлайды.

Баян-Өлгийден 1993 жылы квота бойынша көшіп келген Ахан Шодыр, былай деп еске алады: «Қазақстан Моңғолиядағы қазақтарды көшіріп алу үшін арнайы тегін ұшақ бөлді, дүние-мүліктерді КАМАЗ-бен тасымалдады, Павлодардан келген автобус біздерді ауыл-ауылға жеткізді». 1999 жылы ол екінші рет Май ауданынан М. Омаров атындағы ауылға, қалаға жақынырақ жерге қоныс аударды. Оның жеті баласының төртеуі жоғары білім алған, үшеуі – арнайы орта білімді. Зейнеткер баласының кәсіпкер екендігін, өткізілген конференция демеушісі болғанын, ал бір ұлының – «Сарыарқа самалы» газетінің журналисі екендігін мақтанышпен атап кетті.

«Отбасындағы бірде-біреуі тарихи Отандарына көшіп келгендеріне өкінген емес» – деп, біздің әңгімемізді «Күміс алқа» иегері Ханапия Күлзағия қостап қойды. Оның әділ пікірі бойынша, көшу кезінде қиындықтардың болатындығы заңдылық, алайда көп нәрсе, еңбекқорлықтары, өз өмірлерін өзгертуге дайындықтары мен оларды қабылдауға дайын ортаға сіңіп кету оралмандардың өзіне де байланысты.

*Толық шықты: Алтын бесік. № 1–2. 2012. – 54–60 бб.*

**Репатрианты в Прииртышье: вместе с народом в его новой судьбе**

С 9 по 15 июня 2012 г. Всемирная Ассоциация казахов провела глубинное интервью и выборочное обследование семей репатриантов в селах Парамоновка, Пограничник, аулах им. М. Омарова, Үш терек Павлодарской области.

Первых переселенцев по трудовой миграции из Монголии область приняла 28 марта 1991 г. На 20 мая 2012 г. здесь проживают 7000 семей репатриантов в составе 31200 человек из Монголии, Узбекистана, России, Китая, Кыргызстана, Туркменистана и других стран СНГ. Большинство оралманов – 30712 человек получили гражданство РК и статус оралмана для них официально прекращен.

Село Парамоновка находится в 65 километрах от Павлодара. В нем живут 170 семей оралманов в составе 1157 человек. Акимы удерживаются в среднем меньше года, и в наш приезд село, по словам переселенцев, «осталось без присмотра и одна надежда на мечеть». В акимате нас встретила ведущий специалист Нурсауле Ахайкызы – репатриантка из Монголии. Она как раз вела беседу с многодетными матерями. Всего на учете состоят 43 человека для получения пособий для детей. 400 человек в селе имеют пенсию от государства.

Основное занятие сельчан – домашнее хозяйство. Из-за неплодородной земли Пограничный сельский округ специализируется на производстве мяса и молока. Ежедневно шесть тонн молока направляется в город. Рабочие места в селе можно по пальцам одной руки пересчитать: акимат, больница, школа, восемь крестьянских хозяйств. «Нужно производство для села», – справедливо подчеркивали опрошенные жители.

Аким Пограничного округа Аксуской сельской зоны Виктор Штрауб предоставил социальный паспорт по 60-ти семьям оралманов, в котором подробно отражены 36 показателей. Все семьи в трех населенных пунктах имеют приусадебные участки, скот, 57 семей обеспечены жильем. Необходимо учитывать, что некоторые оралманы, получив квоту в других областях, затем переехали в Прииртышье.

Аким тепло отзывался о земляках, отмечал их доброжелательность, уживчивый характер среди русских, украинцев, белорусов, немцев и чеченцев, исключительное трудолюбие как в домашнем хозяйстве, так и на железной дороге, где работают 100 человек, из них 80 процентов – оралманы. «Очень трудолюбивые, я их ставлю в пример на собраниях. А стремление дать детям образование вызывает уважение и восхищение», – подчеркнул Виктор Владимирович.

В эту поездку мы посетили две семьи казахов из Китая в разных аулах, одна из них – семья Байшанбай Курмета. Глава семьи самостоятельно переехал из Алтайского округа. Предварительно, в 2002 г. он сделал «разведку» и объехал Астану, Алматы, Усть-Каменогорск, Павлодар и Караганду. Свой выбор аргументирует необходимостью дать образование детям: «Ұлы көштің максаты ұрпақ тағдыры еді» и развитой транспортной коммуникации Павлодарской области.

«В Барколе имел 220 голов крупного и мелкого скота, поэтому постоянно кочевал с семьей. Сын 10 классов окончил в Китае на другой графике казахской письменности, к тому же школьная программа сильно отличается и ему было трудно. А сегодня



учится в вузе». Курмета, конечно же, огорчает, что около 60 семей родственников еще остались за границей. Брат его отца переехал в Аксу, но девять членов семьи не получили квоту. Сам Курмет только из-за квоты сначала прописался в Восточно-Казахстанской области.

По его мнению, «Переезд из Китая очень трудный. Нужно приглашение, пришлось искать посредника. Запрашивают много документов, которые нужно еще перевести на казахский язык и нотариально заверить». Сам он китайского языка не знает, ибо в школе в годы его учебы не преподавали этот язык. «А сейчас ситуация там другая», – заключал наш собеседник. Курмет занимается личным хозяйством, в котором есть коровы, овцы, козы. Из Китая он смог перевезти трактор.

При встрече в ауле 76-летний аксакал Дәрбетхан Әмірұлы передал в библиотеку нашей Ассоциации сборник стихов «Ата-жұрт» – алтын тұғырым», посвященный 20-летию Независимости. Автор – отец восьми сыновей и трех дочерей, дед 22 внуков, судьбу которых он в 1992 г. связал с Атамекен. Около 300 стихов посвятил аксакал Казахстану, выдающимся сынам народа, а его лирические стихи о природе воспевают красоту степей и гор республики.

Ахан Шодыр, переехавший по квоте 1993 г. из Баян-Ульгея, вспоминает: «Казахстан бесплатно выделил самолеты для переселения казахов из Монголии, имущество было перевезено КАМАЗами, автобусы из Павлодара доставили нас до аулов». В 1999 г. он с семьей вторично переехал из Майского района в аул им. М. Омарова, то есть поближе к городу. Из семи его детей четверо получили высшее образование, трое – среднее специальное. Пенсионер с гордостью подчеркивает, что его сын – предприниматель выступил спонсором конференции, другой сын – журналист газеты «Сарыарқа самалы».

«Никто из членов семьи не разочарован переездом на историческую родину», – поддерживает наш разговор Ханания Күлзағия, обладательница подвески «Күміс алқа». По ее справедливому мнению, трудности неизбежны при переезде, но многое зависит от самих репатриантов, от их трудолюбия, готовности изменить свою жизнь и влиться в принимающее общество.

*Алтын бесік. № 1–2. 2012. – 61–65 с.*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Қазақстан  
Республикасы Мәдениет министрлігінің «Дүниежүзі қазақтарының  
IV құрылтайы туралы» ақпаратынан**

*Астана қ.*

*2012 жыл 11 шілде*

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 6 мамырдағы № 66-ө өкіміне сәйкес 2011 жылғы 25-27 мамыр аралығында Астана қаласында Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы өткізілгендігін хабарлайды.

Қазақстанның елордасы – Астана қаласында өткізілген бұл Құрылтайға 35 шет мемлекеттен 360 адам, облыстардан, Астана мен Алматы қалаларынан 500-ден астам делегаттар мен зиялы қауым, сондай-ақ Мемлекеттік хатшы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты және Мәжілісі депутаттары, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің өкілдері, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Мәдениет министрлігі Құрылтайға дайындық және өткізу жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастырды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі шетелдерден келетін делегаттардың құрамы жөніндегі ақпаратты жинау, шақыру қағаздарын жіберу, виза ашу мәселелерін, сондай-ақ Қытайдан келетін ресми делегацияның уақытында келуін қамтамасыз етті. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті шетелдерден келуші Құрылтайға қатысушыларға тиісті кедендік рәсімдер бойынша көмек көрсетті. Сондай-ақ Құрылтай делегаттарының бірқатарының Алматы қаласында жиналуына байланысты оларды Астанаға жеткізу үшін «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ арнайы Алматы–Астана–Алматы пойызын жасақтап, қонақтардың уақытында келіп-кетуін қамтамасыз етті.

Құрылтайға келген әр елдің делегаттарын қарсы алып, орналастыру, тамақтандыру, оларды алып жүру, шығарып салу бірқатар министрліктер мен Астана қаласының әкімдігіне бекітіліп берілді және олар өз міндеттерін ойдағыдай атқарды.

Құрылтай өткізілетін орындарда медициналық көмек, сондай-ақ қатысушылардың қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтау жұмыстары тиісті министрліктер тарапынан ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік сарайында Елбасының қатысуымен Құрылтайдың салтанатты жиыны өткізілді. Жиында шет елдердегі қандастырымызды атамекенге көшіру, оралмандарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету, Қазақстанда білім алып жатқан шетел қазақ жастарының, отандастарымыздың шет елдегі жағдайы туралы мәселелер көтерілді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төралқа төрағасы Н.Ә. Назарбаев «Нұрлы көш» бағдарламасының 2-ші кезеңін жүзеге асыру, қандастарымызға бөлінетін гранттық квотаны нақтылау, шетел қазақтарымен байланысты жетілдіру, ұлттық өнер мен рухани мұраларды сақтау, шет елдерде тұрақты түрде кіші Құрылтай өткізіп отыруды тапсырды. Жиын соңында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төралқа төрағасы болып Н.Ә. Назарбаев, ал орынбасары болып Т.А. Мамашев бірауыздан қайта сайланды.

Құрылтайдың бағдарламасына сәйкес қонақтарға қаланы аралату, «Атамекен» аллеясына экскурсия жасау, Этноауыл кешеніндегі мәдени іс-шаралар, қала әкімінің қабылдауы ұйымдастырылды. Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасының Президенттік Мәдениет орталығымен бірлесіп шетел жастарының өнер көрмесі мен ақындарының мүшәйрасын өткізді.

Құрылтай кезінде шетелдегі қазақ диаспорасымен байланысты одан әрі нығайту мақсатында бірқатар министрліктерде басшыларының қатысуымен арнайы дөңгелек үстел өткізілді. [...] «Дөңгелек үстел» жұмысы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрініс тапты.

Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен шетелден келген қазақ жастарының футбол турнирі, ұлттық спорт ойындарынан жарыстар, сондай-ақ Астананың спорт кешендеріне экскурсия ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Құрылтай қонақтарына арналып Салтанат сарайында Мемлекет басшысының атынан қабылдау рәсімі өткізілді. Қабылдау рәсімі кезінде қонақтарға Мәдениет министрлігінің ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұсынылды.

Ақпарат ретінде және тапсырманы бақылаудан алу үшін ұсынылып отыр.

**Министр**  
**М. ҚҰЛ-МҰХАММЕД**

*ҚР Президенті Әкімшілігінің ағымдағы мұрағаты*

**№ 211**

**«Өңірдің туристік тартымдылығын күшейту және туризмды дамыту»  
жобасын жүзеге асыруға арналған Форум**

*Петропавл қ.*

*2012 жыл 27 шілде*

«Өңірдің туристік тартымдылығын күшейту және туризмды дамытуға, «Этноауыл» жобасын жүзеге асыруға қатысуға қазақ диаспорасының іскер элитасын тарту» тақырыбымен форум-сұқбат Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Имантау курорт аймағында өтті.

Оған Ресейден Омбы, Түмен, Қорған және Астана, Алматы, Павлодар, Петропавл өңірлерінен әріптес, бизнесмендер қатысты. Қонақтар қазақ халқының этномәдениетімен танысып, спорт ойындарын тамашалады.

Форумды Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләловтың қолдауымен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы өткізді.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ағымдағы мұрағаты*

№ 212

**Қазақстан және шетелдегі қазақтар**

Алматы қ.

2012 жыл 5 қазан

2012 жылы қазанының 12 күні Алматы қаласында 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.

Конференцияның мақсаты – Қазақстанның қазақ диаспорасымен және шетелдегі отандастарымызбен мәдени-ағарту және экономикалық өзара ықпалдастықтан жинақтаған тәжірибе мен тиімді қолданыстарды ой елегінен өткізу. Қазақстанның тәуелсіздік жылдардағы көші-қон үдерісінің нәтижесі, қоныс аударушылардың (оралмандардың) қазақстандық қоғамда бейімделуі мен қалыптасуы, қазіргі қазақ диаспорасының көші-қон әлеуеті тек теориялық тұрғыда ғана емес, сондай-ақ тәжірибелік жағынан да мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар үшін қызығушылық тудыратыны ақиқат.

Конференцияның ұйымдастырушылары: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ш. Уәлиханов<sup>1</sup> атындағы тарих және этнология, Р. Сүлейменов<sup>2</sup> атындағы шығыстану, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер, Философия, саясаттану және дінтану институттары.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ағымдағы мұрағаты*

№ 213

**Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы**

Алматы қ.

2012 жыл 5 қазан

Отандық ғылым тарихында тұңғыш рет қазақ диаспорасы мен этникалық көші-қон жағдайы туралы 1991-2012 жылдар аралығындағы «Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы» деректер жинағы Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығында даярланды.

Қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыстың өркендеуі, шетелдердегі этникалық қазақтардың тарихи отанына көшуі және халықтың бірігуі жолындағы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атқарған рөлі Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты қорындағы құжаттар көмегімен ашып көрсетілді.

Кітаптың жарық көруі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты, Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер, Білім және ғылым министрліктерінің сонымен қатар Мәдениет және Ақпарат министрлігі Тіл комитетінің қолдауы арқасында іске асты.

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ағымдағы мұрағаты*

## ҚҰЖАТТАРҒА ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

### КОММЕНТАРИИ К ДОКУМЕНТАМ

#### № 1

<sup>1</sup> Слом аппарата социалистического государства в Казахстане завершился в конце 1993 г. с самороспуском Верховного Совета Республики Казахстан и с ликвидацией системы Советов народных депутатов.

#### № 7

<sup>1</sup> Абылай хан, Әбілмансұр (1711 [Ресей деректерінде 1713] – 1781, Оңт. Қазақстан) – ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат.

<sup>2</sup> Қабанбай Қожақұлұлы, Қаракерей Қабанбай, Дарабоз (1692–1770), қазіргі Шығыс Қазақстан обл. туған. Батыр.

<sup>3</sup> Бөгембай Ақшаұлы, Қанжығалы Бөгембай кейбір әдебиеттерде Бөгенбай (1680. Қаратау бөктеріндегі Бөген өз. бойы – 1775, кейбір деректерде 1776, 1778 Ақмола обл.), қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі тарихында ерекше рөл атқарған батыр, қолбасшы.

<sup>4</sup> Төле би Әлібекұлы (1663–1756) Жамбыл обл. туған. Аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Ойшыл, дана, Ұлы жүздің бас биі.

<sup>5</sup> Исатай Тайманұлы (1791–1838). Орал обл. Бөкей Ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған азаттық көтерілісінің (1736–1737) басшысы.

<sup>6</sup> Махамбет Өтемісов (1803–1846) Орал обл. туған. Ақын. Ұлт-азаттық көтерілісінің жалынды жыршысы.

<sup>7</sup> Сыпатай Әлібекұлы (1781–1768) Жамбыл обл. туған. Батыр.

<sup>8</sup> Момышұлы Бауыржан (1910–1982) Жамбыл обл. туған. Әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры (12.1990), Қазақстанның Халық қаһарманы (1995).

#### № 8

<sup>1</sup> Әл-Фараби (870–950). Сырдария бойында Отырар қ. туған. Аристотельден кейін дүние жүзінде білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист ғалым.

<sup>2</sup> Шетелдегі қазақтармен мәдени байланыс жасайтын «Қазақстан» қоғамы 1976 ж. құрылып, 1993 ж. дейін жұмыс істеді.

#### № 9

<sup>1</sup> По данным Всесоюзной переписи населения 1989 года, за пределами Казахской ССР проживало 1601202 казахов, или 19,7% от общей численности казахов союзного государства.

<sup>2</sup> «Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалисти-

ческой Республики» принята 25 октября 1990 г. В связи с переименованием КазССР в Республику Казахстан Законом от 10 декабря 1991 года она называется «Декларация о государственном суверенитете Республики Казахстан».

<sup>3</sup> Аблай хан (1711 [Росс. источники 1713] – 1781 Южно-Казахстанская обл.) – выдающийся государственный деятель, полководец, дипломат.

<sup>4</sup> Кабанбай (1692–1770) род. в современной Восточно-Казахстанской обл. Батыр.

<sup>5</sup> Толе би Алибекұлы (1663–1756). Род. в Жамбылской обл. Государственный и общественный деятель. Главный бий Старшего жуза, оратор и мыслитель.

<sup>6</sup> Суйынбай (Суюнбай) Аронулы (1815–1898). Род. в Алматинской обл. Акын.

<sup>7</sup> Баян-Ульгийский аймак в Монголии был создан в 1940 г.

<sup>8</sup> Аль-Фараби (870–950). Род. в местности Фараб (современный Отрар, Южно-Каз. обл) на Сырдарье. Крупнейший представитель восточной философии, автор комментариев к сочинениям Аристотеля и Платона.

<sup>9</sup> Или-Казахская область в Китае создана в 27 ноября 1954 г. Синьцзян-Уйгурский автономный район КНР создан в 1 октября 1955 г.

<sup>10</sup> Закон «О гражданстве Республики Казахстан» № 1017–ХІІ был принят 20 декабря 1991 г.

## № 10

<sup>1</sup> Ельцин Борис Николаевич (1931–2007). Ресей, Урал обл. туған, Ресей Федерациясының Бірінші Президенті (10 шілде 1991–31 желтоқсан 1999).

## № 12

<sup>1</sup> «Азаттық» радиосы 1953 жылы 18 наурыз күні қазақ тілінде алғашқы хабарын таратты. «Түркістан» редакциясында бұрынғы кеңестер одағының азаматтары Қарыс Қанатбай, Мәулікеш Қайбалды, Дәулет Тағыберлі (қазақ бөлімінің алғашқы директоры), Жәкебай (Жантемір) Бапыш, Махмет Құлмағамбетовтер жұмыс істеді. 1988–1995 жылдары қазақ бөлімін Хасен Оралтай басқарды. Ол кісі Қытайда 1933 жылы туған, Түркия арқылы Германияға қоныс аударды. 2010 жылы Мюнхен қаласында қайтыс болды.

«Азаттық» радиосы қазақ бөлімінің Алматыдағы бюросы 1993 жылы 22 шілде күні ашылды.

## № 13

<sup>1</sup> Х. Чойбалсанның тікелей қолдауымен 1940 жылы Баян-Өлгий қазақ аймағы құрылды.

